әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 316.363(574-25) Қолжазба құқығында

ЕЛАМАНОВА АЙНУР СУЛТАНОВНА

Жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау (Алматы қаласы мысалында)

8D11401 - Әлеуметтік жұмыс

Философия ғылымдарының докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін диссертация

Ғылыми жетекші:
әлеумет.ғ.к., ассистент-профессор
Авсыдыкова К.А.
әл-Фараби ат. ҚазҰУ

Шетелдік ғылыми жетекші:
әлеумет.ғ.д., профессор
Ростовская Т.К.
Демографиялық зерттеулер институты - Ресей Ғылым академиясының Федералдық ғылыми-зерттеу әлеуметтік орталығы (ДЗИ РҒА ФҒЗӘО) директорының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары, РФ, Мәскеу

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР.....3
АНЫҚТАМАЛАР.....4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....6
КІРІСПЕ.....7
1 ЖАЛҒЫЗБАСТЫ АНАЛАРДЫ СОЦИОРЕАДАПТАЦИЯЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....19
1.1 Қоғамдағы жалғызбасты аналардың әлеуметтік-мәдени детерминанттары.....19
1.2 Жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау: әдіснамалық аспектілер.....36
2 ЖАЛҒЫЗБАСТЫ АНАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ШЕШІМДЕР МЕН ТӘЖІРИБЕЛЕР.....49
2.1 Қазақстандағы жалғызбасты аналарды қолдаудағы нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау.....49
2.2 Әлеуметтік көмек жүйесін ұйымдастырудағы халықаралық тәжірибелерді салыстырмалы талдау.....62
3 ЖАС ЖАЛҒЫЗБАСТЫ АНАЛАРДЫ СОЦИОРЕАДАПТАЦИЯЛАУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ: ӘДІСНАМАСЫ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯСЫ.....77
3.1 Алматыдағы жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қолдау қызметтері, қоғамдық ұйымдардың жұмысына талдау.....77
3.2 Өмірлік қиын жағдайға тап болған жас жалғызбасты аналардың социореадаптациялану процесі.....85
ҚОРЫТЫНДЫ.....131
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....136
ҚОСЫМША А – Жергілікті этика комитетінің қорытындысы.....148
ҚОСЫМША Ә - Жас жалғызбасты аналардың жалпы портреті.....149
ҚОСЫМША Б – Отбасылық өмір құндылықтарын анықтау.....153
ҚОСЫМША В - Жеке күйзеліс деңгейінің экспресс-диагностикасы.....155
ҚОСЫМША Г - Жас жалғызбасты аналардан сұхбат алу үшін сұрақтар...156
ҚОСЫМША Ғ - Сарапшылармен сұхбаттасуға арналған сұрақтар.....159

НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертацияда келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылады:

1. Қазақстан Республикасында 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №384 Жарлығы.
2. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі (11.01.2020 ж.өзгертулер мен толықтырулармен).
3. «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» ҚР Заңы.
4. «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Кодексі

АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертацияда тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

Социореадаптация – латынның adapto – «бейімдеу», re – «қайта» дегенді білдіретін сөз алды қосымшасы және socialis – «қоғамдық» сөздерінен тұрады. Әлеуметтік қайта бейімделу - жеке адамды әлеуметтік контекстке қайта қосу және бұрынғы әлеуметтік байланыстар бұзылған ауыр аурудан кейін оның компенсаторлық әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру процесі.

Некесіз туылған бала – бала дүниеге келмеген кезде бір-бірімен некеге тіркелмеген ата-анадан туылған бала.

Жалғызбасты ана – баланың туу туралы куәлігінде әке туралы деректер болмаған немесе ол «әке» ретінде танылмаған, не әкесінің кім екені белгісіз жағдайда анасы ғана баланы тәрбиелеп отырған әйел.

Алимент – бұл бір адам оны алуға құқығы бар басқа адамға міндетті ақшалай немесе материалдық қаражат

Жүктілік (лат. graviditas) **–** ұрықтанудан бастап босануға дейінгі әйел ағзасындағы физиологиялық жағдай.

Түсік (аборт) – құрсақтағы ұрықтың 28 апталық мерзімге жетпей тіршілігі үзілуі немесе түсік түсуі. Аборт өздігінен түсік тастау және жасанды түсік жасату болып бөлінеді.

Толық емес отбасы – ерлі-зайыптылардың ажырасуы не біреуінің қаза болуы салдарынан неке бұзылып, бір адам бала тәрбиелеп отырған отбасы.

Азаматтық неке – ерлер мен әйелдердің, сондай-ақ жыныстық қатынаста болатын бір жынысты адамдардың бірлескен шаруашылығын жүргізуі, сондай-ақ ортақ балалары болуы мүмкін, бірақ бұл ретте ресми неке жасалмайды.

Құндылықтар – адамның материалдық және рухани игіліктері мен арман - мұраттарының жиынтығына қатысты тұрақты, таңдамалы қатынасы.

Депрессия – үнемі жабырқаңқы көңіл-күйде болу, бұрын ләззат сыйлатын және қуаныш әкелетін әрекеттерге қызығушылықтың болмауы немесе олардан рахат алу қабілетінің жоғалуы.

Ажырасу процесі – заңды түрде некені бұзу рәсімі. Яғни, ерлі-зайыптылардың некесін ресми түрде тоқтату үшін жүргізілетін құқықтық және әкімшілік шаралардың жиынтығы.

Дағдарыс орталығы – бұл өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға, әсіресе отбасылық зорлық-зомбылық көрген әйелдер мен балаларға, психологиялық, құқықтық, әлеуметтік және уақытша баспана түрінде көмек көрсететін арнайы мекеме немесе ұйым.

Айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – Қазақстан Республикасындағы заңдарға сәйкес жәрдемақы және өзгедей әлеуметтік төлемдер, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салық төлемдері мен басқа да төлемдерді қолдану және есептеу үшін мемлекет жыл сайын белгілейтін есептік көрсеткіш.

Әлеуметтік қолдау – әлеуметтік қорғау органдарының әлеуметтік саясат шеңберінде жүргізетін заңдарға және құқықтық актілерге сәйкес азаматтардың

жеке санаттарына ұсынуға бағытталған іс-шаралары.

Репродуктивтік денсаулық – адамның толымды ұрпақ туғызуға қабілетін көрсететін денсаулығы.

Childfree (ағылшын тілінде childfree «баладан еркін») – көбінесе өзінің еркі бойынша баласы жоқ адамды белгілеу немесе сипаттама беру.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР		- Қазақстан Республикасы
ТМД		- Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
КСРО		- Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ТЖК		- туудың жалпы коэффициенті
ҚР СЖРА	ҰСБ	- Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика Бюросы
ҚҚДИ		- «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ
АЕК		- Айлық есептік көрсеткіш
АӘК		- Атаулы әлеуметтік көмек
АҚШ		- Америка Құрама Штаттары
ЖИТС		- жұқтырылған иммунтапшылығы синдромы
АИТВ		- адамдағы иммунтапшылығы вирусы
TANF		- АҚШ-тағы балалары бар аз қамтылған отбасыларға қаржылық көмек көрсетуге арналған федералды бағдарлама.
DCA		- қарызды өндіріп алу агенттігі
WIC		- жүкті әйелдерге, жаңа туған аналарға және бес жасқа дейінгі балаларға тегін дұрыс тамақтануды қамтамасыз ететін федералды қаржыландырылатын тамақтану бағдарламасы

КІРІСПЕ

Жалпы сипаттама. Қоғамның үздіксіз даму үстінде болатыны заңдылық. Ғасырлар қойнауына еніп, ежелгі тарихқа шолу жасамағанның өзінде төңкерістер, дүниежүзілік соғыстармен қатар техникалық жаңалықтарға толы болған XX ғасыр мен жаһандық өзгерістер алаңына айналған XXI ғасырдың басы әлемнің бір орнында тұрмайтынын дәлелдеуде. Қоғамдағы саяси-әлеуметтік қарама-қайшылықтар қалыпты тіршілік мазмұнына өзгеріс енгізіп, адамдар арасындағы қатынастарға, оның ішінде отбасы институтының құндылықтарына өз әсерін тигізіп жатқаны белгілі.

Өміріміздің барлық саласына етене кірген жаһанданудың ықпалы, Интернет жаңалықтары, ақпараттардың тоқтаусыз ағыны, әлеуметтік желілер, шетелдік фильмдер мен телебағдарламалардағы насихатталатын өмір сүру қалпы біздің санамызға сіңіп, рухани құндылықтардың өзгеруіне әкелді. Ажырасулар, некеге бірнеше рет отыру, толық емес отбасы болуды дәріптеу, ер адамдың отбасындағы рөлінің төмендеуі, тіркелмеген некеде тұрудың таралуы, кәмелетке толмай жыныстық қатынаста болу, некесіз бала туу немесе кемел жасқа келгенше балалы болуға асықпау және тағы басқалар – біздің ұлттық санамызға жат шетелдік ағымның нәтижесі. Тамыры тереңде жатқан ұлттық дәстүрлеріміздің трансформацияға ұшырап, әлемдік жаһануға жұтылудың аз алдында тұрғанымыз дабыл қаққызатын жайт. Бұл өз ретінде қоғамда жалғызбасты аналар санының көбеюіне әкеп соқтырды.

Жалғызбасты жас аналар көп жағдайда өте тәжірибесіз келеді, олардың басына түскен ауыртпалыққа материалдық және психологиялық тұрғыдан дайын болмауы, жан-жағынан қолдау көрмеуі, әсіресе үлкен қалада сүйеніштің жоқтығы - бұл факторлардың барлығы оларды тығырыққа тірейді. Дер уақытында социореадаптация шараларының жеткіліксіздігі жас аналардың жаңа туған баласынан бас тартуына, балалар үйіне өткізуіне немесе көшеге, қоқыс жәшіктеріне нәрестені тастап кету оқиғаларының жиі қайталануына, аналар мен балалар арасындағы суицидтер мен өлім-жітімдерге әкеліп жатқаны жасырын емес.

Біздің республикада жас жалғызбасты аналарды қоғамға бейімдеу барысы аз зерттелген, кейбір ғалымдардың осы мәселеге ішінара тоқталғаны болмаса, іргелі жұмыстар жоқтың қасы. Жас жалғызбасты аналардың мәселесі мемлекет және қоғамдық ұйымдар тарапынан назар аударуды және социореадаптацияны қажет ететін нысан ретінде арнайы қарастырылмады. Бұның себептерінің бірі, отбасы құндылықтары, ата-ана тәрбиесі, ұрпақ жалғастығының маңызы зор болған дәстүрлі қазақ қоғамында некесіз бала тапқандар жайында, оның ішінде жас жалғызбасты аналар туралы айтудың өзі ұят болды. Бұл мәселені қоғамда ашық жариялау соңғы жылдарда ғана мүмкін бола бастады.

Тақырыптың өзектілігі.

Қолда бар материалдарға жасалған талдау статистикалық ақпараттың және осы проблеманың деңгейін сипаттайтын басқа да арнайы деректердің жетіспеушілігін көрсетті, яғни, бұл ғылыми кеңістікте толыққанды айналымға

түспеген мәселе болғандықтан, қазіргі уақытқа дейін қоғам мен мемлекеттің назарынан тыс қалып отыр.

Әрине, бұл мәселе ешқашан айтылмады деуден аулақпыз, бірақ көбіне жастарды ерте жыныстық қатынасқа түсуден сақтаудың, ерте жүктіліктің, жасанды түсік жасатудың, баладан бас тартудың алдын алу шаралары көбірек қарастырылғанымен, осы жағдайға душар болған аналардың, әсіресе шалғай өңірлердегі жас жалғызбасты аналардың проблемасы біздің елімізде жеткілікті дәрежеде көтерілмегенін мойындауымыз керек. Әлеуметтік жұмыстың бір нысаны ретінде жас жалғызбасты аналармен жұмыс мазмұнының да ғылыми тұрғыдан анықталмағаны бұл мәселенің өзектілігін көрсетеді. Сонымен бірге толық емес отбасылардағы әйелдердің жағдайына әсер ететін себептер, олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту факторларының ғалымдардың зерттеулерінде, әсіресе әлеуметтік жұмыс туралы әдебиеттерде жеткілікті кең талданбағаны, олардың өмірлік стратегияларын қалыптастыру мәселелерін зерттеу қажеттілігі ғылыми жұмыстың өзектілігін анықтайды.

Жарық көрген ғылыми еңбектердің бірқатарында ерте ана болудың феномені талданса (Hirst et al., 2006) [1], кейбір ғалымдар жасөспірім аналармен жүргізілетін жұмыс тәжірибесін сапалық зерттеулерге жүйелі түрде шолу жасайды (McDermott et al., 2004) [2], американдық ғалымдар жас аналарды қорғау, оларға қалыпты өмір сүруге мүмкіндік беру шараларын зерделеді (Andrews & Moore, 2011) [3]. Бұл еңбектер аталған мәселенің әлем бойынша өзектілігін көрсетіп отыр. Бұл құбылысқа мемлекеттің отбасы саясатының бір бөлігі ретінде назар аударылуы керектігі де қарастырылды (Круглова, 2013) [4].

Соңғы онжылдықта жалғызбасты ананың, толық емес отбасылардың өмірінің әртүрлі аспектілеріне қатысты мәселелер белгілі бір елдің, аймақтың, этникалық қауымдастықтың мәдени, әлеуметтік және экономикалық ерекшеліктеріне байланысты зерделеніп жүр. Мысалы, американдық әлеуметтанудағы жалғызбасты анасы бар отбасылар туралы зерттеулердің көпшілігі нәсіл мен кедейліктің байланысы; толық емес отбасының балалар мен ананың өмір сүру мүмкіндігіне теріс әсері; әлеуметтік қамсыздандыру саясатының оларға ықпалы сияқты дискурстарға негізделген (Banerjee et al., 2020) [5].

Жыл сайын жалғызбасты аналар санының артуы олардың қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық мәселелеріне жаһандық тұрғыдан назар аударуды күшейтіп отыр. Тек некесіз бала туу ғана емес, жесір қалу, ажырасу немесе баланың әкесінен бөлек тұру, күйеуге шықпай бала туу, асырап алу жағдайлары да (Colins, 2015) [6] әлемде көбейіп келеді. Бірақ өз қалауымен жалғызбасты ана атанғандар баланы дүниеге әкелу және тәрбиелеу туралы шешімді өздері саналы түрде қабылдағандықтан, бұл жағдай олар үшін кездейсоқтық емес. Сондықтан қаржылық қиындықтар, ата-аналар, туыстарының көзқарасы, депрессия және әлеуметтік қолдауға мәжбүрлік өз таңдауы бойынша жалғызбасты ана болғандарда сирек ұшырасады (Golombok et al., 2020) [7]. Ғалымдар жалғызбасты аналардың ішінде көбірек қиындыққа ұшырайтындар: жесір қалған және ажырасқан әйелдер екенін атап өтеді (Ralte & Zehol., 2021) [8].

Ғалымдардың пікірлерінше, депрессия кірісі аз, білім деңгейі төмен, жұмысы жоқ отбасыларда кеңінен таралған (Brand & Simon Thomas, 2014; Abd Hamid & Salleh, 2013) [9,10]. Жалғызбасты аналар дискриминация, шамадан тыс еңбек ету, әлеуметтік оқшаулану, қорғансыздық және қоғамда қалыптасқан жағымсыз қарым-қатынастар сияқты әлеуметтік кедергілерге жиі ұшырайды (Karunanayake et al., 2021) [11]. Осындай жағдайда оларды әлеуметтік қолдау, қайта бейімдеу - отбасылардың күнделікті өмір сүруге қажетті ресурстарды иеленуіне, түрлі қиыншылықтарды еңсеруіне мүмкіндік беретін негізгі тетіктердің бірі болып табылады. Жалғызбасты аналар қоғам тарапынан осындай қолдау күткенімен, шынайы өмірде олар көбіне тек ата-анасы мен туыстарының көмегіне жүгінуге мәжбүр болған (Oren, 2020) [12].

Жалғызбасты аналар тап болатын кедергілерді тиімді жою үшін саясатты қайта қарау, қауымдастықтың қолдауын күшейту және қоғамның эволюциясын қамтитын кешенді көзқарасты енгізу аса маңызды (Dharani &Balamurugan, 2024) [13]. Аналық жауапкершіліктің психологиялық және физикалық ауыртпалығы әлеуметтік қолдау болмаған кезде тереңдей түседі. Жалғызбасты аналар күйеуі бар әйелдерге қарағанда мазасыздық, депрессия және күйзелістің жоғары деңгейіне жиі ұшырайды (Theodoritsi et al., 2018**)** [14]. Бұған қоса жиі кездесетін экономикалық қиындықтар: табыстың төмендігі, жұмысқа орналасу мүмкіндігінің шектеулігі және сапалы білім алу немесе кәсіби біліктілікті арттырудағы кедергілер де жалғызбасты ананың әлеуметтену деңгейін төмендетеді. Бұл жағдай мемлекет тарапынан да, жақын ортасынан (туыстар, достар, қауымдастық) да әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігімен одан әрі күрделене түседі.

Зерттеулер көрсеткендей, жоспарланбаған жүктілік жағдайында әйелдердің қабылдайтын шешімдеріне олардың серіктесімен қарым-қатынасы, сондай-ақ сол қарым-қатынастың сапасы айтарлықтай әсер етеді (Spirling & Shreffler, 2018) [15]. Мұндай жағдайлардың себептері әртүрлі болғанымен, олардың қатарында зорлық-зомбылық, алкоголизм, қылмыстық әрекеттер, эмоционалдық және қаржылық тұрақсыздық, өмірлік мақсаттардың сәйкес келмеуі және серіктес тарапынан қолдаудың болмауы жиі кездеседі.

Жалғызбасты аналар тәрбиелеп отырған төмен табысты отбасылардағы балалардың эмоционалдық әл-ауқатына ерекше назар аударуды қажет ететін мәселенің бірі. COVID-19 пандемиясының салдарлары жағдайды одан әрі күрделендіріп, жалғызбасты аналардан тұратын отбасылардың психологиялық және қаржылық жүктемесін арттырды (Yob et al., 2022) [16]. Төмен табысты отбасылардан шыққан балалардың денсаулығы нашар, ал олардың когнитивтік, әлеуметтік және мінез-құлықтық даму деңгейі орташа деңгейден төмен (Washbrook et al., 2014; Bradbury et al., 2015) [17,18]. Осы мәселенің барлығы жалғызбасты аналарды қайта бейімдеудің маңыздылығын көрсетеді.

Шетелдік зерттеулердің біраз бөлігі отбасы құрылымының кедейлікпен байланысын анықтауға бағытталған, әйелдердің еңбек нарқында жұмыспен қамтылуының артуына қарамастан, толық емес отбасылар табыс теңсіздігін күшейтетін шарт ретінде қарастырылады (Kollmeyer, 2012) [19]. Ресейлік

зерттеушілер жалғызбасты аналардың әлеуметтік мәселелері; отбасы құрылымының жеке тұлғаның дамуына және балалардың әл-ауқатына әсері; әйелдердің толық емес отбасылардың бас көтерер тұлғасы ретінде өзін-өзі анықтау стратегиялары; жалғызбасты аналардың күнделікті өмір тәжірибесінің ерекшеліктері; жалғызбасты аналардың пайда болу себептері; жалғызбасты аналардың әлеуметтік эксклюзивтілігі және осалдығын зерделейді. Бір қатар ресейлік ғалымдар әлеуметтанулық зерттеулер негізінде жалғызбасты аналардың әлеуметтік портретін дәйектеді (Ростовская и др., 2023) [20]. Олар жалғызбасты аналардың әлеуметтік портретінің негізгі методологиялық тәсілдерін анықтауға назар аударып, экономикалық жағдай, дүниетанымдық көзқарастар, өмірлік стратегиялар, жалғызбасты аналардың әлеуметтік жағдайы, балаларын портреттің басты интегралды аспектісін қарастырады (Ростовская и др., 2022) [21]. Ресейдегі толық емес отбасылардың әлеуметтік-экономикалық мәселелері, олардың кедейлігін төмендетудегі әлеуметтік қолдаудың рөлі де зерттеу нысаны болды (Смирнов и др., 2023) [22]. Бала туған кезде, оның ішінде толық емес отбасыларды мемлекеттің әлеуметтік қолдауының микроэкономикасы мәселелері ішінара қарастырылды (Андреева и др., 2018) [23]. Әртүрлі типтегі толық және толық емес отбасылардың кедейлігін төмендетудегі жәрдемақылардың тиімділігі атап өтілді (Гришина и Цацура, 2023) [24]. Орта Азияның посткеңестік мемлекеттеріндегі нарықтық экономика мен халықаралық көші-қонның өсуі жағдайындағы неке мен отбасы саласындағы өзгерістер қарастырылып, осы аймақтардағы, оның ішінде Қазақстанда бір ата-анасы бар отбасылар мен некесіз бірге тұратын отбасылар санының өсу үрдісі зерделенді (Cleuzio & McBrien, 2020) [25]. Посткеңестік Орта Азия мемлекеттерінде некеден тыс одақтардың өсу тенденциясы байқалғанымен, батыс елдеріне қарағанда Қазақстан және Қырғызстанда азаматтық некеде бірге тұру соншалықты кең таралмаған (Agadjanian et al., 2013) [26].

Осылайша, көптеген ғалымдардың жұмыстары толық емес отбасының әртүрлі мәселелерін зерттеуге арналған, дегенмен жалғызбасты ана ретінде әйелдің қоғамдық ортаға қайта бейімделуі зерттеушілердің назарынан көбіне тыс қалады. Бейімделудің әлеуметтік-мәдени аспектісі үлкен қызығушылық тудырады, бұл толық емес отбасындағы жалғызбасты аналардың құндылығына, мақсатты және мотивациялық салаларына назар аударады, сонымен бірге оның бейімделу мінез-құлқын таңдауды анықтайды.

Соңғы жылдары отандық ғалымдар жалғызбасты аналар мәселесінің өзектілігін терең түсініп, зерттеу нысаны ретінде қарастыруда. Қазақстан Республикасында ана институтын құқықтық реттеу (Тұрысбекова, 2016) [27]; отбасы құндылықтары, мәселелері, оның даму перспективалары (Шаукенова және т.б., 2014, Жаназарова, 2018) [28, 29]; моноата-анасы бар отбасының әлеуметтік-экономикалық мәртебесі (Шабденова, 2020) [30] туралы зерттеулерде және тағы басқаларында жалғызбасты аналардың экономикалық, құқықтық, әлеуметтік мәселелері көрініс тапқан.

Мәселенің даму дәрежесі. Байқап отырғанымыздай, соңғы жылдары

ғылымның барлық салаларында отбасы институтын зерттеуге деген қызығушылық артып келеді. Қазіргі экономикалық күйзелістер, әртүрлі ішкі және сыртқы қауіптердің өсуі, моральдық және мәдени құндылықтардың дағдарысы, жаһандық сын-қатерлер Қазақстандағы отбасы институтына да ықпал етті. Аталған дағдарыстар нәтижесінде біздің елімізде ажырасқандар саны және «тіркелмеген некедегілердің» саны күннен күнге артып келеді, бұл өкінішке қарай, отбасы мен неке қатынастарына немқұрайлы қараудың көрінісі. «Ажырасу коэффициенті бойынша Қазақстан 24-орында. Елде жарты миллионнан астам толық емес отбасы бар. Балалары бар жалғызбасты аналар шамамен 87%-ды құрайды» [31, 6].

Егер елімізде жылына орта есеппен 140 мың отбасы құрылса, оның 50 мыңы бұзылады екен. Оның себептері әртүрлі: қаржылық-материалдық проблемадан бастап, моральдық-жеке проблемаларға дейін. «2023 жылы некеде тұрғанына 5 жылдан аз ерлі-зайыптылар арасындағы жалпыреспубликалық ажырасу көрсеткіші 42,1%-ды құраса, қалалар мен ауылдарда бұл көрсеткіш шамамен бірдей – сәйкесінше 42,6% және 41,9%-ды құрады» [32, 54].

Ажырасулар ішінде ерте жаста некелескендердің де үлесі бар екендігін атап өткен абзал. Қазақстандық қоғамда заңнамалық тұрғыда ерте жаста некеге тұруға рұқсат етілмесе де, жалпы некелесу көрсеткішінде олар 1%-ды құрайды. Ерте жаста некелесу әрдайым сәтті бола бермейтіні белгілі, ол көп жағдайда проблемалардың тууына әкеп соғады.

Қазақстан Республикасында отбасы институтын дамыту мен нығайту, ата-аналардың мәртебесін арттыру мен нығайту, балалар мүдделерін қамтамасыз ету үшін нақты қадамдар жасалып келеді. Мемлекет басшысы Қ.Ж.Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында берілген тапсырмасына сәйкес [33] 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап отбасының цифрлық картасы іске қосылды. Бұл цифрлық картада шамамен 6 миллион отбасы және олардың 19 миллион мүшесі туралы мәліметтер бар және «отбасы портреті» деп аталатын мәліметтер қалыптасқан. Карта деректері отбасы мен оның мүшелерінің мәртебесі өзгерген сайын жаңартылады. Бұл отбасы саясатын кешенді жүргізу және отбасы институтын қолдауға арналған мемлекеттік бастамалардың бірі болып табылады. Сонымен қатар Мемлекет басшысы 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында отбасыларға әлеуметтік қолдау тетіктерін жетілдіру мәселелеріне аса мән берді [34]. Ұлттық Құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде «Біз дәстүрлі отбасы құндылықтарын табанды түрде орнықтыра беруіміз қажет» деп атап көрсетуі де отбасы институтының мемлекеттік маңызды басымдықтардың қатарында тұрғанын байқатады [35]. Соңғы жылдары «Қазақстандық отбасылар» (2019-2024); «Қазақстан жастары» (2021-2023) Ұлттық баяндамаларында, «Қазақстан жастары» әлеуметтанулық зерттеуі. 2017-2021 (статистикалық жинақ); Әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша «Қазақстандағы жалғызбасты отбасылар» тақырыбындағы талдау баяндамасында (2023) отбасы

саясаты, мемлекеттік институттардың қызметі, әлеуметтік қолдау, некеге тұру және ажырасу, репродуктивтік денсаулық, отбасы құндылықтырының өзгеруі және т.б. мәселелер кеңінен талданып келеді.

Өкінішке қарай, жалғызбасты аналар саны жыл сайын артып келеді: әлемде 101,3 млн. жалғызбасты ана бар. Ол жалпы әлемдегі отбасының 8 %-ын құрайды. Ал жалғыз ата-анасы бар отбасының 84 % -ы – тек жалғызбасты аналар [36]. Ал Қазақстанда 500 мыңға жуық жалғызбасты ана бар екені ресми анықталған [37]. Жалғызбасты аналардың басындағы экономикалық қиындықтар (тұрақты табыстың, тұратын жердің жоқтығы); қоғамдық және әлеуметтік қысымдар; жас баласының болуына байланысты уақыттың жетіспеушілігі; эмоционалдық және психологиялық стресс; балалардың тәрбиесі мен денсаулығына байланысты мәселелер; құқықтық және әкімшілік қиындықтар және т.б. оларды қоғамдағы әлеуметтік осал топқа айналуына ықпал етуде. Бұл мәселелердің тереңдеуі жалғызбасты аналардың өмір сүру сапасын едеуір төмендетіп отыр. Сондықтан оларды әлеуметтік қайта бейімдеу - аса маңызды мәселе

Зерттеушілер тарапынан жалғызбасты отбасылардың экономикалық, материалдық қиындықтары, қалыптасу, пайда болу факторлары зерделенгенімен, жас жалғызбасты аналарды қайта бейімдеу мәселелері өз алдына қарастырылмаған. Бұл жағдайлар диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігін және оны кешенді талдаудың қажеттілігін дәйектейді.

Зерттеудің мақсаты:

- Қазақстандағы 18-35 жас аралығындағы жалғызбасты аналарды әлеуметтік реадаптациялаудың әдіснамалық аспектілерін айқындау, дағдарыс орталықтарының тәжірибесін зерделеу, тиімділігін бағалау және халықаралық және отандық тәжірибелер негізінде әлеуметтік қайта бейімдеудің цифрлық платформасын дайындап, ұсыну.

Қойылған мақсаттарды іске асыру мынадай **теориялық және эмпирикалық міндеттерді** шешуді көздейді:

- «жалғызбасты аналарды социореадаптациялау» түсінігін мазмұндық және әлеуметтік-психологиялық мәнін анықтау; жалғызбасты ананың отбасын ерекше әлеуметтік-психологиялық топ ретінде айқындау;
- Қазақстандағы жас жалғызбасты аналар феноменін талдау;
- Қазақстандағы 18-35 жас аралығындағы жалғызбасты аналарды әлеуметтік қолдау мәселелері мен тәжірибелерінің барлық аспектілері мен параметрлерін анықтау;
- заманауи жағдайда жалғызбасты аналарды социореадаптациялаудың халықаралық тәжірибесін зерделеу, оның әдіснамалық тетіктерін пайымдау;
- республикадағы жалғызбасты аналарды әлеуметтік қолдауға бағытталған үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдардың қызметін саралау;
- жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау нысаны ретінде дағдарыс орталықтарының қызметін бағалау;
- жалғызбасты аналарды социореадаптациялау процесін анықтайтын факторларды зерделеу;

- 18-35 жас аралығындағы жалғызбасты аналардың социореадаптациялау процесіндегі қиындықтар кешенін анықтау;

- қазіргі заманғы қоғамда 18-35 жас аралығындағы жалғызбасты аналарды социореадаптациялау, оның тиімді жолдарын ұсыну;

- жалғызбасты аналарды социореадаптациялаудың цифрлық платформасын дайындап, ұсыну.

Зерттеу гипотезасы:

- Қазақстанда жалғызбасты аналар санының көбеюіне экономикалық дағдарыстар, отбасылық құндылықтардың күйреуі, жаһандық сын-қатерлер (интернет, әртүрлі ақпараттық ағымдар т.б.), ажырасулардың жиілеуі, жастай жыныстық қатынаста болу, тіркелмеген неке тәжірибесінің белең алуы, ер адам мәртебесінің төмендеуі, әйелдердің қазіргі заманда мансап жолында жүруі, отбасы құруға асықпауы сияқты факторлар айтарлықтай ықпал етеді.

- Жас жалғызбасты ана отбасылық функцияларды жүзеге асыруды дербес қамтамасыз етуі және отбасылық рөлдердің көпшілігін жалғыз өзі орындауы керек. Бұл физикалық және рухани күштерді жұмсауды, өз мүмкіндіктерін белсенді етуді және қосымша ресурстарды іздеуді талап етеді.

- Жас жалғызбасты ананы социореадаптациялау процесі оның өмірлік стратегиясына байланысты, ол құндылық бағдарлары, көзқарастар мен әйелдің жеке талаптары негізінде анықталады және өмір сүруін ұйымдастырудың, қиындықтарды жеңудің тәсілі болып табылады.

- Дағдарыс үйлері мен «Ана үйі» қолдау орталықтарында жүргізілетін әлеуметтік реадаптация жұмыстары көбіне жеке кездесулер мен топтық іс-шараларға негізделген, алайда қазіргі технологиялық даму кезеңінде цифрлық коммуникацияның рөлі артуда. Сондықтан онлайн платформа арқылы әлеуметтік бейімдеу жұмыстарының нәтижелілігін арттыруға болады.

Зерттеу нысаны – заманауи қоғамда 18-35 жас аралығындағы жалғызбасты аналарды әлеуметтік социореадаптациялау жұмыстары.

Зерттеу пәні - 18-35 жас аралығындағы жалғызбасты әйелдердің әлеуметтік көріністері мен оларды тиімді социореадаптациялауға қатысты қазір бар әдіс-тәсілдерді, бағдарламаларды талдау, халықаралық тәжірибелерді зерделеу. Әлеуметтік қолдау қызметтері мен дағдарыс орталықтарының жұмысын талдау.

Зерттеудің теориялық негіздері ретінде субъектінің әлеуметтік позициясын қалыптастыру шарттары ретінде жеке тұлғаның қызметі мен белсенділігінің маңызы туралы ұғымдар (А.Маслоу, К.Роджерс, Э.Фромм және т. б.); әлеуметтік нормаларды қалыптастырудағы жеке тұлғаның жетекші рөлі туралы әлеуметтік іс-қимыл теориялары (М. Вебер, Т.Парсонс және т. б.) алынды.

Зерттеу әдістері. Қойылған міндеттерді шешу және гипотезаны тексеру үшін келесі зерттеу әдістері кешені қолданылады:

Теориялық:

- Ғылыми әдебиеттерге, халықаралық стандарттарға, ұлттық баяндамаларға, әлеуметанулық талдау, зерттеу жинақтарына талдау;

- Scopus базасындағы мақалаларға ғылымиметрикалық шолу**;**

- Дағдарыс орталықтары мен «Ана үйі» орталықтарындағы социореадаптациялау бағдарламаларын талдау;

- статистиканы және нормативтік құжаттарды талдау.

***Эмпирикалық*:**

- 13 сарапшымен (дағдарыс орталығы, отбасын қолдау орталықтары, «Ана үйі», емханалардың медициналық қызметкерлері, психологтар) терең сұқбат жүргізу;

- кейс-стади – 8 жалғызбасты ананың социореадаптациялану деңгейін талдау;

- сұрау әдісі (Алматы қаласындағы дағдарыс орталықтарында және «Ана үйлерінде» уақытша тұратын жалғызбасты аналар арасында face-to-face әдісімен сауалнама, топтық сауалнама жүргізу): В.В.Бойко тесті («Жеке тұлғаның фрустрация деңгейін экспресс-диагностикалау») және т.б.

Нәтижесінде 18-35 жас аралығындағы жалғызбасты аналармен жүргізілетін социореадаптациялау жұмысының цифрлық технологиясы (бағдарламасы) әзірленді.

Зерттеу кезеңдері.

Зерттеу 2019-2025 жылдар аралығында үш кезең бойынша жүргізілді. Бірінші кезең (2019-2020 жж.) – теориялық талдау және әдеби шолу кезеңі. Бұл кезеңде халықаралық және қазақстандық әдебиеттер зерттеліп, зерттеу тұжырымдамасы анықталды. Екінші кезең (2021-2023 жж.) – эмпирикалық зерттеу кезеңі, оның ішінде статистикалық талдау, эксперттік сұхбаттар мен кейстік зерттеулер жүргізілді. Үшінші кезең (2024-2025 жж.) – нәтижелерді қорытындылау және ұсыныстарды әзірлеу кезеңі. Диссертация рәсімдеу.

Зерттеудің эмпирикалық базасы.

Зерттеу барысындағы тереңдетілген эксперттік сұхбатқа дағдарыс орталығы, отбасын қолдау орталықтары, «Ана үйінің» әлеуметтік қызметкерлері, емханалардың медициналық қызметкерлері, психологтар қатысты. Кейс-стади әдісімен 8 жалғызбасты ананың социореадаптациялану деңгейіне талдау жасалынды (Қосымша Г). Алматы қаласындағы дағдарыс орталықтарында және «Ана үйлерінде» уақытша тұратын жалғызбасты аналар арасында face-to-face әдісімен сауалнама жүргізу, топтық сауалнама жүргізілді. В.В.Бойко тесті («Жеке тұлғаның фрустрация деңгейін экспресс-диагностикалау») және т.б.

Ғылымиметрикалық талдау мақсатында Scopus базасындағы жарияланған мақалалар қарастырылды.

Зерттеу жүргізуге әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Жергілікті Этика комитетінің рұқсаты бар (Қосымша А).

Диссертацияның ғылыми жаңалығы. Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы зерттеудің өзектілігімен, мақсаты және міндеттерімен айқындалды. Біздің зерттеуіміз аясында келесі ғылыми нәтижелер алынды:

- қала және ауыл халқы санына жасалған талдаулар қалалықтар арасында жалғызбасты аналардың саны көптігін көрсетті. Қалалық жерлерде жастар

санының артуы – демографиялық құрылымға, отбасылық институтқа және репродуктивтік мінез-құлыққа тікелей ықпал етеді. Урбанизация мен тіркелмеген қатынастардың жастар арасында артуы жалғызбасты аналар санының көбеюіне әсер ететіні дәлелденді;

- Қазақстандағы «жас жалғызбасты аналарды социоредаптациялау» түсінігі нақтыланып, мәселенің өзектілігі айқындалды;

- әйелдің толық емес отбасында болуына байланысты қиындықтар кешені анықталды және олардың иерархиясы ұсынылды;

- заманауи жағдайда жалғызбасты аналарды социореадаптациялаудың халықаралық тәжірибесі салыстырып, оларды Қазақстан жағдайына бейімдеудің тиімді жолдары ұсынылды;

- жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау нысаны ретінде дағдарыс орталықтарының әлеуметтік маңыздылығы, оның ішінде «Ана үйі» үлгісі жүйелі түрде талданды Дағдарыс орталықтары аналар үшін: эмоционалды қалпына келу алаңы - әлеуметтік ортаға қайта қосылу мүмкіндігі - еңбекке қабілеттілікті дамыту мектебі - аналық жауапкершілікті қабылдау процесіндегі маңызды буын және өмірге жаңа көзқараспен қарауға себеп болатын бірегей бастама болып табылады;

- жалғызбасты аналарды социореадаптациялау процесін анықтайтын факторлар зерделенді, оны жетілдіру бағытында ұсыныстар берілді;

- Жалғызбасты аналарды әлеуметтік бейімдеудің инновациялық моделі – цифрлық платформа әзірленді.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. Жас жалғызбасты ананы әлеуметтік реадаптациялау бір-бірімен өзара байланысты және өзара кіріктірілген құндылық компоненттерінен тұрады. Қоғамда қабылданған жалпыға ортақ мәдени құндылықтар, нормалар мен дәстүрлер, екінші жағынан, жас ананың өзінің құндылық бағдарлары, өмірлік идеялары мен көзқарастары түйіскен жағдайда ғана әлеуметтік бейімдеу жұмыстарының нәтижелі болатыны сөзсіз. Сондықтан жлғызбасты аналардың әлеуметтік бейімделуі олардың құндылық бағдарлары мен қоғамдағы қабылданған нормалар арасындағы өзара әрекетке негізделуі тиіс;

2. Жалғызбасты жас аналарды әлеуметтік бейімдеуде мына жайларға басымдық берілуі тиіс: психологиялық көмек көрсету қызметінің санын арттыру (босанғаннан кейінгі депрессияның салдарын жеңу, баланы тастап кетуге, өзіне-өзі қол жұмсауға бейім, зиянды әдеттерге құмар аналармен психологиялық жұмыс); балалы әйелдерге арналған инфрақұрылымдар санын көбейту; жас жалғызбасты аналардың мамандық игергеннен кейін жұмысқа орналасуына көмектесетін ресурстық орталықтар қызметін жолға қою.

3. «Ана үйлері» мен дағдарыс орталықтарының қызметі нәтижесінде Қазақстанда жетім балалар саны айтарлықтай төмендеді. Бұл мекемелердің жұмысы әлеуметтік жетімдіктің алдын алу және балаларды отбасылық ортада тәрбиелеу бағытында маңызды рөл атқарады. Бұл орталықтарда болған жалғызбасты аналардың әлеуметтену дәрежесі жоғары, сарапшылардың пікірінше, 80-85% - ды құрайды.

4. Жас аналарды әлеуметтік қайта бейімдеуде мына мәселелерді шешу аса маңызды: яслилер санын көбейту, балабақшалардағы орынға басымдық беру; алимент төлеуден жалтарған әкелерге қатысты заңды қатаңдату; тегін құқықтық кеңестер беру, арнайы оқыту бағдарламаларын әзірлеу; психолог, психотерапевт және әлеуметтік қызметкерлерден тегін кеңес алуын қамтамасыз ету; қауымдастықтар мен клубтар құру; жалғызбасты аналарға арналған өзара қолдау топтарын ұйымдастыру; онлайн форматтағы психологиялық көмек қызметтерін дамыту (чаттар, форумдар, Zoom арқылы консультациялар); кәсіптік қайта даярлау бағдарламаларын жалғызбасты аналардың мүмкіндіктеріне бейімдеу (икемді кесте, онлайн); жартылай жұмыс күні, қашықтан жұмыс істеу мүмкіндіктерін заңмен кеңейту; әлеуметтік жұмыс орындарын ашу: мемлекеттің қолдауымен жалғызбасты аналарға арналған жұмыс орындарын ұсыну.

5. Жалғызбасты аналарды социореадаптациялау – тек әлеуметтік мәселе емес, бұл ұлттың демографиясына, әлеуметтік әділеттілікке және әйелдердің құқықтарын қорғауға тікелей әсер ететін маңызды мемлекеттік міндет. Кешенді, көп деңгейлі тәсіл ғана шынайы әрі тиімді нәтижеге жеткізе алады.

6. Зерттеу жұмысы нәтижесінде дайындалған цифрлық форматтағы әлеуметтік қолдау платформасы – әлеуметтік қызметкерлер үшін жаңа, тиімді құрал болып саналады. Бұл әрине, жалғызбасты анамен тікелей жүргізілетін жекелеген жұмыстардың орнын ауыстырмайды, оған қосымша ретінде қолданылады. Цифрлық платформа моделі психоэмоционалды күйзелістегі және тікелей, көзбе-көз байланысқа дайын емес, әрі қазіргі заманға сәйкес онлайн қарым-қатынасқа икемделген жалғызбасты аналармен жұмыс істеудің заманауи ыңғайлы тәсілі болып табылады. Бұл модель олардың әлеуметтік ортаға бейімделу процесін жеңілдетіп, жүйелі қолдауға жол ашады. Цифрлық платформа - аналар мен мамандар арасындағы үздіксіз байланысты қамтамасыз ететін заманауи құрал.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы. Диссертация материалдары отбасы әлеуметтануы мен гендерлік әлеуметтану, әлеуметтік жұмыс пен отбасылық саясат бойынша арнайы курстар дайындауға теориялық негіз бола алады. Сонымен бірге зерттеудің нәтижелері мен құралдары жас жалғызбасты аналардың проблемалары бойынша мониторингтік және басқа да зерттеулер жүргізу және социореадаптация жұмысын оңтайлы жүргізу үшін ақпараттық-технологиялық тұғыр болуы мүмкін. Диссертацияда ұсынылған ережелер мен тұжырымдарды қолдану отбасылық және гендерлік қатынастар ортасында, әлеуметтік жұмыс пен отбасылық кеңес беру практикасында социореадаптациялау процестерін әлеуметтік тұрғыдан басқару тетіктерін жақсартуға ықпал ете алады.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы 18-35 жас аралығындағы жалғызбасты аналардың негізгі проблемаларын социореадаптациялаудың дербес субъектісі ретінде зерттеу; толық емес отбасының негізгі субъектісі ретінде жас жалғызбасты ананың социореадаптациялау факторларының жиынтығын анықтау болып табылады.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы. Диссертациялық жұмыс Әл-Фараби

атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультеті әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының кеңейтілген мәжілісінде, ғылыми семинарда талқыланды. Диссертациялық зерттеудің негізгі идеялары мен қағидалары автордың халықаралық ғылыми-теориялық конференцияларда жасаған баяндамаларында апробациядан өтті, соның ішінде: зерттеу тақырыбы бойынша 11 мақала, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 4 мақала, 1 мақала РФ БҒМ Жоғары аттестаттау комиссиясы ұсынған ғылыми журналда, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында 5 мақала, Scopus ғылыми журналдарының халықаралық деректер базасына енгізілген шетелдік басылымда 1 мақала жарияланды.

Зерттеу нәтижелерінің жариялануы.

Диссертация тақырыбы бойынша 11 ғылыми жұмыс жарық көрді:

Scopus ғылыми журналдарының халықаралық деректер базасына енгізілген шетелдік басылымда жарық көрген мақала:

(1) Неполные семьи в Туве и Казахстане: статистико-демографический взгляд на проблему. Новые исследования Тувы, №2, 2024. 243-262 с.

ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған басылымдардағы мақалалар тізімі:

(2) Қазіргі Қазақстандық қоғам және жалғызбасты аналар мәселесі. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ХАБАРШЫСЫ, «Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы, №2(70). Алматы: «ҰЛАҒАТ» баспасы, 2020. 183-190 бб.

(3) Жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау мәселелері әлеуметтік аспект ретінде. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ХАБАРШЫСЫ, «Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы, №1(73). Алматы: «ҰЛАҒАТ» баспасы, 2021. 189-196 бб.

(4) Жас жалғызбасты аналарды дағдарыс орталықтары жағдайында социореадаптациялау (Алматы қаласының мысалында). ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және социология сериясы. №3 (78). 2021. 124-134 бб.

(5) Жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қолдау саласындағы отандық және халықаралық тәжірибелерді талдау. ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және социология сериясы. №1 (80). 2022. 78-90 бб.

Ресей Федерациясы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестаттау комиссиясы ұсынған басылымдағы мақала:

(6) Структурные особенности и социальные проблемы неполных семей в России и Республике Казахстан. Вестник СПбГУ. Социология. 2024. Т. 17. Вып. 3. 317-331.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында жарияланған мақалалар тізімі:

(7) Жалғызбасты аналар: қоғамдық көзқарас және әлеуметтік факторлар. «ФАРАБИ ӘЛЕМІ» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференция материалдары, Алматы, Қазақстан, 6-9 сәуір 2020 жыл, 2-том, Алматы «Қазақ университеті» 2020. 424-428 бб.

(8) Жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялаудағы дағдарыс орталықтарының маңызы. «ФАРАБИ ӘЛЕМІ» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференция материалдары, Алматы, Қазақстан, 6-8 сәуір 2021 жыл, 2-том, Алматы «Қазақ университеті» 2021. 95-96 бб.

(9) Институт семьи и причины появления одинокого материнства. III Всероссийский демографический форум с международным участием, материалы форума, г. Москва, 3-4 декабря 2021 г. 44-48с.

(10) Қазіргі Қазақстандағы жалғызбасты жас аналар: әлеуметтік жағдайы мен өзекті мәселелері. Әлеуметтік-саяси жаңғырудың посткеңестік модельдері: 30 жылдық тәжірибе. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияның материалдары бойынша мақалалар жинағы, 11 желтоқсан, Қарағанды 2021ж. 59-63 бб.

(11) Жас жалғызбасты аналар әлеуметтік бейімдеудің нысаны ретінде. «ФАРАБИ ӘЛЕМІ» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференция материалдары, Алматы, Қазақстан, 6-8 сәуір 2022 жыл, Алматы «Қазақ университеті» 2022. 906-910 бб.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы зерттеу мақсатына, міндеттеріне және логикасына сәйкес құрылған. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі – 161 бет.

1 ЖАЛҒЫЗБАСТЫ АНАЛАРДЫ СОЦИОРЕАДАПТАЦИЯЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Қоғамдағы жалғызбасты аналардың әлеуметтік-мәдени детерминанттары

Тарихи тұрғыдан алғанда, отбасы ірі қауымдастықтың негізін қалаған бірден-бір генетикалық әлеуметтік алғашқы шағын топ болып табылады. Сондықтан қоғамның саяси-әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан қарқынды дамуының адамгершілік қарым-қатынастарға, отбасылық құндылықтарға тигізген ықпалы зерттеушілердің назарын аудартып отырды. Бұл заңды да, себебі отбасы әлеуметтік қауымдастықтың шағын тобы ретінде қоғамның маңызды институтарының бірі болып табылады. Отбасында адам тұлға ретінде қалыптасып дамиды, алғашқы қарым-қатынас тәжірибесін де осы ұяда үйренеді.

Отбасы институтынсыз қоғамның барынша жүйелі дамуын елестету мүмкін емес. Отбасында ғасырлар бойы атадан балаға мұра болып келе жатқан ұлттық құндылықтар, салт-дәстүрлер, тәрбие негіздері өз жалғасын табады. Баланың қоршаған ортаға деген алғашқы көзқарасы отбасында қалыптасады. Әрине, отбасында берілетін тәрбиенің мазмұны әулеттің өзіндік сипатына, қалыптасу деңгейіне, отбасыішілік қарым-қатынасқа, үлгі-өнегеге байланыстылығын жоққа шығармаймыз.

Заманауи қазақстандық қоғамда отбасы институтының маңызы ерекше. Біздің мемлекетіміз тарапынан бұған аса зор мән беріліп, Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №384 Жарлығымен «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы» бекітіліп, онда отбасылық институтты дамытудың басты қағидаттары баяндалды [38].

Отбасы адамзат қоғамында түрлі тарихи өзгерістерді басынан кешірді. Бұл өзгерістер кенеттен болған құбылыстардың жетегінде емес, нарықтық қарым-қатынастардың дамуымен бірге өмірімізге етене кірген түрлі жағдаяттардың ықпалымен жүріп отырды. Сондықтан соңғы жылдары отбасында өмір сүру маңызының төмендеуі, бала сүю, тәрбиелеу, әулеттің біртұтастығы сияқты ғасырлар бойғы басымдыққа ие болған құндылықтардың әлсіреуі орын алуда.

Отбасы институтын зерттеуші қазақстандық ғалымдар отбасы мәселесін «қазіргі замандағы жаһандық мәселелердің қатарында» деп санай отырып, оған адамзат өркениетіндегі болып жатқан қарама-қайшы үдерістер себеп болып отырғандығын атап көрсетеді. «Дәл осы себептен отбасы дамуындағы үрдістер мен бағыттарды талдау мәселесі адамзат өмір сүруінің тұлғалық және әлеуметтік болмысы формасының негізі ретінде» алдыңғы орында болуы қажеттігін жазады [28, 5].

Егер дәстүрлі отбасын некені заңды тіркеу, балалардың болғанын қалау немесе баланың болуы, отбасылық қарым-қатынастың тұрақтылығы, ер адамның отбасындағы рөлінің басымдығы, ерлі-зайыптылардың бір-біріне адалдығы,

әйел адамның шаңырақтың ұйытқысы болып, берекесін кіргізіп отыруы секілді негізгі басымдықтармен сипаттайтын болсақ, отбасы институтының трансформациясы барысында осы белгілер өзгеріске ұшырап, өз мәнін жоғалта бастайды.

Отандық зерттеушілер «Қазақстандағы отбасы институты күрделі ауысудан өтуде, оған экономикалық, саяси, психологиялық, тарихи, мәдени факторлар, ішкі жағдайлар және сыртқы жағдайлар әсер етуде» [39, 74] дей келе, отбасы институтына екі басты трендтің: дәстүрлену және жаһанданудың әсер ететінін бөліп қарастырады. «Бірінші – патриархалды-тарихи қалыптасқан рухани-мәдени, этностық, діни құндылықтар негізінде отбасылық қарым-қатынастарды сақтау, ұрпақ жалғастырумен байланысты. Екінші тренд – жаһандану – отбасының эгалитарлық типін қалыптастыруға бағытталған дәстүрлі отбасы құндылықтарын жаңасына ауыстыруға әкеледі» [39, 60].

Бұл өз кезегінде некеге тұрмай тұрып, бір шаңырақ астында бірге өмір сүру немесе тіркелмеген неке, бір жыныстық неке, жалғыздық күй кешу, яғни отбасы құруды мүлде қаламау, саналы түрде балалы болудан бас тарту, ерлі-зайыптылардың басқа ерлі-зайыптылармен интимдік достығы, топтық неке, туыстық неке және тағы басқа дәстүрлі емес отбасы түрлерінің пайда болуына ықпал етті.

Отбасының функционалды-рөлдік құрылымының өзгеруінде әйелдің үлкен әсері бар. Қазіргі замандағы әйел бұрынғыдай «отбасы, ошақ қасында» болуды мәсе тұтпайды, ол әлеуметтік тұрғыдан қоршаған ортаға танылуды қалайды, соған ұмтылады. Ол кәсіптік мансап үшін бәрін тәрк етуге, кейде сол үшін өз отбасынан бас тартуға әзір болып та тұрады. Бұл әсіресе жастар арасында жиі байқалады. «Әйелдердің қоғамдық және кәсіби мансаптық белсенділігінің қарқынды өсуі «XXI ғасырдың үнсіз революциясына айналды» [40, 44]. Некелік-отбасылық қатынастардың осындай өзгерісі жалғызбасты аналардың санының көбеюіне әкелді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы экономикалық дағдарыс отбасының рухани жағынан тоздыртып, некенің бұзылуына, ажырасуға, баланы тастап кету, балалар үйіне өткізу, ата-ана құқығынан айыру оқиғаларының көбеюіне әкеп соқты. Бірқатар ғалымдар А.И.Антонов, В.Н.Архангельский, В.И.Бестужев-Лада, А.Кузьмин, В.М.Медков, Е.М.Римашевская, Ю.А.Гаспарян және басқалары отбасында болатын дағдарыстарды анықтайтын әртүрлі белгілерді атайды. Бірақ бұл көзқарастар әр алуан болғанымен, оның салдарлары көп ретте жалғызбасты аналардың санының артуына әкеп соғады.

«Отбасының қалыптасқан дәстүрлерінің бұзылуы заманауи қоғамның рухани-адамгершілік тұрғыдан дағдарысының маңызды себептерінің біріне айналды» [29, 216]. Ғалымдар неке қатынастарының шайқалуында материалдық жағдайдың төмендігі мен кедейшілік негізгі түйткілді мәселе екендігін алға тартады.

Материалдық жағдайларды айқындауда еңбектік қатынастарға тоқталған жөн. Бүгінгі қоғамда жұмыстағы қызметтік міндеттерді белгілеу және оны орындау барысында әйелдер ерлермен бірдей қарастырылады, екеуі де осы

міндеттерді бірдей атқарады. Бірақ еңбек нарығында қашанда ерлер сұранысқа ие, жұмыс берушілер тарапынан оларға басымдық берілетіні белгілі. Жоғары білімі бар әйелдерге қарағанда жоғары білімді ер адамдар кәсіптік мансапта жақсы көрсеткіштерге жетеді. Білім беру мен медицина саласында, айлығы аз басқа салаларда әйелдердің үлес салмағы басым. Кішкене баласы бар әйелдердің жұмысқа орналасуы тіпті оңай емес. Міне, осы айтылған факторлар жалғызбасты аналардың экономикалық тұрғыдан төмен позицияда болуының бірден-бір дәлелі болып саналады.

Қазіргі жаһандық заманның технологиялық жетістігі қуантарлық болғанымен, рухани құндылықтар жағынан кемшін түсіп жатқан тұстары өте көп. Оның бірі - некенің баянсыздығы немесе тіркелмеген некенің әдетке айналуы, жастай жыныстық қатынастарға түсу, соның салдарынан баланы жалғыз тәрбиелеп отырған жас аналар проблемасының өршуі. Мұның себебін анықтау барысында республикамыздағы жас адамдар саны, ерлер мен қыздар санының ара қатынасы, ауылдағы жастар, олардың негізгі проблемалары, қала жастарының өзіндік көзқарасы, жас адамдардың неке құруда жауапкершілікті толыққанды сезінбеуі, соның салдарынан ажырасудың көптігі, ерте жүкті болып қалу, жас аналардың негізгі мәселелеріне тоқталу міндетті болмақ.

Қоғамда отбасылық қарым-қатынастың бір түрі болып қабылданған жалғызбасты аналар отбасының шығу факторлары әртүрлі. Қазіргі таңда оның жеке тұлғалық қарым-қатынастағы дағдарыстық жағдайдың кесірінен, яғни жасөспірім уақытта некесіз жүкті болып қалуы себебінен де пайда болатынын жоққа шығармаймыз, бірақ саналы түрде «өзі үшін» дүниеге бала әкелетін аналар саны да көбейіп келеді [41]. Сондықтан екеуіне бірдей баға беру дұрыс емес.

XX ғасырдың ортасынан бастап әйелдердің қоғамдық-саяси қызметке белсене араласуы, эмансипациялық күрестің нәтижелері, экономикалық және мансаптың тұрғыдан белгілі бір жетістіктерге қол жеткізуі әйелдердің отбасылық байланысқа деген көзқарасының өзгеруіне ықпалын тигізді. Осы кезеңде әйелдің қоғамдағы белсенді рөлі, қызметтегі бағындырған белестері дәріптеліп, әулеттің отанасы ретіндегі орны екінші орынға ығыстырылды. Бұл тек қазақстандық қоғамның мәселесі ғана емес, әлемде жиі байқалатын құбылысқа айналуда. Сол себепті жасы отыздан кейін ғана отбасы құруды ойланып, өзінің барлық талаптарына сай келетін жар тапппаған жағдайда өзі үшін бала туып алуды мақсат еткен қыздар жалғызбасты аналар санын көбейтіп отыр.

Қазіргі статистикалық мәліметтер ажырасу мен некесіз бала табудың көбейгенін алға тартады. Қазақстанда әрбір үшінші неке сәтсіздікке ұшырап, ерлі-зайыптылардың жолы екіге айрылуда.

Ажырасу процесі – бұл ерлі-зайыптылардың өзара өтініші бойынша неке қатынастарын тоқтату процесі. Некені бұзу процесі жеке ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік сипатта болады, осыған байланысты оны құқықтық, психологиялық, әлеуметтік тұрғыдан зерттеу қажет.

«Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметі бойынша, 2024 жылы әлемде ажырасу деңгейі ең жоғары 5 елдің бірі – Қазақстан болды. Деректерге сүйенсек, ажырасу көрсеткіші 1000 адамға шаққанда 2,3 адамды құрайды» [42]. 2024 жылы 61 080 ажырасу тіркелген, ал сол кезеңде 124 774 неке қиылған. Яғни, ажырасу көрсеткіші некелер санының жартысына жуық» [43]. Ал 2025 жылдың алты (қаңтар - маусым) айында Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, елімізде 51,4 мың неке, 21,5 мың ажырасу тіркелді[44].

Төмендегі кестеде соңғы 5 жылда орын алған некелесулер коээфициенті көрсетілген (кесте 1).

Кесте 1 - Қазақстан Республикасында ажырасудың соңғы 5 жылдағы 1000 адамға шаққанда жалпы коэффициенті.

Жылдар	2020	2021	2022	2023	2024
Қазақстан Республикасы	2,56	2,54	2,27	2,02	2,01
Ақмола облысы	2,53	2,59	2,34	2,49	2,64
Ақтөбе облысы	3,13	2,76	2,29	1,80	2,14
Алматы облысы	2,28	2,68	2,16	1,99	2,22
Атырау облысы	2,38	2,30	2,09	1,93	1,36
Шығыс Қазақстан облысы	2,05	2,11	1,95	1,57	1,61
Жамбыл облысы	2,91	2,68	2,17	2,14	2,26
Батыс Қазақстан облысы	1,98	2,28	1,78	1,61	1,65
Қарағанды облысы	2,82	2,70	2,25	1,89	1,83
Қостанай облысы	3,34	3,51	3,21	3,06	3,11
Қызылорда облысы	3,07	2,80	2,89	2,80	2,80
Маңғыстау облысы	2,02	2,08	1,71	1,75	2,04
Павлодар облысы	1,96	1,83	1,77	1,72	1,66
Солтүстік Қазақстан облысы	3,61	3,51	2,82	2,82	3,09
Түркістан облысы	3,55	3,28	3,02	2,77	2,84
Абай облысы	1,31	1,20	0,98	0,89	0,90
Жетісу облысы	3,31	3,05	2,48	2,27	2,42
Ұлытау облысы	3,23	3,49	3,09	3,14	3,12
Астана қаласы	3,59	3,53	3,24	2,43	2,44
Алматы қаласы	2,71	2,63	2,67	2,17	1,75
Шымкент қаласы	1,87	1,98	1,86	1,33	1,67

[Дереккөз: ҚР СЖжРА Ұлттық статистика бюросы]

Соңғы бес жыл ішінде некелесудің төмен көрсеткіші 2020 жылы (128 839) байқалған, бұл бүкіл әлемді шарпыған COVID-19 пандемиясының қоғамдық өмірге, соның ішінде халықтың некеге тұруына әсер етуіне байланысты түсіндіруге болады. «Бұл жағдайда халықтың некеге тұру көрсеткішінің 7,6%-ға төмендеуі локдаун, мемлекеттік қызметтерді көрсетудің баяулауы және үйлену тойларын өткізуге шектеулер сияқты факторлар себебіне байланысты» [45, 9].

Қазақстандықтар арасында жүргізілген сауалнама барысында респонденттердің көпшілігі (43,2%-і) ажырасудың негізгі себептерінің бірі ретінде отбасылық зорлық-зомбылықты көрсеткен [46, 27]. Ажырасу фактілерін талдаудағы маңызды сәттердің бірі - ата-анасының ажырасуына қатысатын

кәмелеттік жасқа толмаған балалар. Ажырасу саны өсуде және сәйкесінше кәмелеттік жасқа толмаған балалары бар бұзылған неке санының өсуі, яғни жас отбасыларының ажырасуы көбірек байқалады.

Осындай ажырасу салдарынан толық емес отбасының саны артып отыр. Тіпті кейде діни радикалды көзқарастың нәтижесінде дін жолымен неке қидырып, артынан көзқарастардың кереғарлығынан толық емес отбасы қатарын көбейтіп жатқандар да аз емес. Бұл мәліметтер өз алдына дербес талдауды қажет ететін құбылыс болып табылады.

Некенің бұзылуы себептерінің арасында мінез-құлықтың сәйкессіздігі, материалдық жетіспеушіліктер алға тартылады. Сонымен қатар ер адамның ішімдікке құмарлығы, тұрғылықты үйдің болмауы, ата-аналардың жас отбасының өміріне ретсіз араласуы, балалы бола алмау, жұбайлардың адал болмауы, сексуалдық сәйкессіздік, ер адамның құмар ойындарына, нашақорлыққа, алкогольды ішімдіктерге әуес болуы және тағы басқа себептер некенің бұзылуына себепші болып жатады. Қыз баланың жоспарсыз жүкті болып қалуы себебінен тіркелген неке де кейін ажырасудың бір себебі болуы мүмкін. «Некені бұзу үшін себептер мен уәждердің тізімі кеңейеді, айта кететініміз: материалдықтан (қаржының жетіспеуі, тұрғын үйдің болмауы) психологиялыққа (туыстардың араласуы, неке адалдығын бұзу, құндылықтарды қабылдамау (өзімшілдік, индивидуализм) жылжиды, адамгершілікке жат қылық, отбасы зорлығы және қатігездік басым. Жаңа тренд - отбасылық-некелік қарым-қатынастар дағдарысына әлеуметтік желілер мен Ғаламтордың әсері қосылды» деп жазды зерттеушілер [39, 30-31].

Әрине, мемлекет тарапынан ажырасудың алдын-алу, бітімге шақыру, ойлануға уақыт беру сияқты әдістері қолданылып жүр, бұл кей жағдайда өз жемісін беріп, оң рөл атқаруда. Қазақстан Республикасының Жоғары Соты отбасылық жұптарды сақтау мақсатында «Отбасылық сот» пилоттық жобасын енгізді. Пилоттық жоба психолог мамандардың, медиаторлардың, жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен жүргізіледі, оның міндеті - отбасыны сақтап қалу, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, балалар туралы дауларды қамқоршылық және қорғаншылық органдарында алдын ала сотқа дейін реттеу. Сонымен бірге дағдарыс орталықтарының қызметшілерін, психологтарды, наркологтарды тарта отырып, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша тұрақты негізде профилактикалық жұмыстар жүргізіп келеді. Осылайша дағдарыс жағдайына тап болған отбасыларына қиындықты жеңуге көмектесіп, ата-аналарға құқықтық және психологиялық қолдау көрсетіледі.


Жастайынан некеге тұру әрқашан сәтті бола бермейтіні, кей жағдайда ажырасуға әкеп соғатыны белгілі. Неке туралы Кодекстің 10-бабында әйелдер мен ерлерге белгіленген некелік жас - он сегіз жас. Алайда Кодекстің 10-бабының 2-тармағы «қалыңдық жүктілігі және ортақ бала болған кезде екі жылдан аспайтын мерзімге неке жасын төмендету мүмкіндігін көздейді» [47].

Мәселені зерттеу барысында соңғы жылдары отбасылық қарым-қатынастың дәстүрлі түрінен өзге жағымсыз үрдістің қоғамда белең алғанын да байқауға болады. «Қазақстанның тең құқықтары мен тең мүмкіндіктері институты»

Қоғамдық Қоры, Қазақстандағы Фридрих Эберт атындағы Қордың өкілдігі жүргізген «Қазақстандағы әйелдер мен ерлерге қатысты саясат» гендерлік зерттеу нәтижелеріне тоқталсақ, «некеге дейінгі жыныстық қатынастарға жол беруге бола ма» деген сұраққа «жоқ» деген жауаптың ең жоғарғы көрсеткіші Шымкент қаласына тиесілі болса (73,2%), Қарағанды тұрғындарының 64,5% және Павлодар тұрғындарының 28,9% осы пікірде. Некеге дейінгі жыныстық қатынасты қолдағандардың көбісі жастар, яғни 31-45 жас аралығындағылар (31,1%). «Иә» деген жауапты таңдағандардың арасында қалалық тұрғындардың үлесі басым (26,6%). Сауалнамаға қатысушылардың 10%-і тіркелмеген некеге қарсы еместігін білдірген. «Жағдайы нашар, тұрмыс құрмаған әйел жоспарсыз жүкті болып қалса, баланы тууы керек пе, әлде түсік жасатқаны жөн бе» деген сауалға баланың өмірге келуін қолдағандар үлесі - 85,1%, қарсы болғандар - 7,2% [48, 21, 27].

Қазақстанда некеге тіркелмей бірге тұрып, ортақ үй шаруашылығын жүргізіп, өмір сүретіндер туралы ресми дерек жоқ. Бұл тек некесіз дүниеге келген балаларды тіркеу кезінде ғана анықталады. Ал бірге тұрғанымен, баласы жоқ тұлғалар туралы статистика жүргізілмейді. «Бірге тұру, тіркелмеген неке, ауызекі тілде азаматтық неке деп аталатын неке – ерлер мен әйелдердің, сондай-ақ жыныстық қатынаста болатын бір жынысты адамдардың бірлескен шаруашылығын жүргізу, сондай-ақ ортақ балалары болуы мүмкін, бірақ бұл ретте ресми неке жасалмайды» деген анықтама беріледі [49]. Қазақстан Республикасының заңнамаларында «бірге тұру» немесе «азаматтық неке» ұғымдары қарастырылмаған, тек «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексіне сәйкес еркек пен әйелдің, сондай-ақ бір жыныстағы адамдардың шын мәнінде бірге тұруы, сонымен бірге діни жоралар мен рәсімдер бойынша қиылған неке мойындалмайды. Бұл өз кезегінде тіркелмеген некедегі адамдардың, дүниеге келген балалардың құқықтарын реттеуде белгілі бір қиындықтар туғызып, олардың құқықтық, экономикалық және әлеуметтік қорғалмауына әкеп соғады. «Осыған байланысты факторларды, азаматтық некеге тұру себептерін және олардың салдарларын анықтау, бірге өмір сүрудің осал тұстары дәрежесін айқындау және отбасы институтын нығайтуға жәрдемдесу мен қазақстандық отбасылардың жағдайын жақсарту бойынша ұсынымдар әзірлеу отбасы институтын жаңғырту мен түрлендірудің осы кезеңінде өзекті болып табылады» [50].

«Соңғы жылдары тіркелмеген немесе «азаматтық» деп аталатын некенің таралу үрдісі байқалуда [45,12]. «Қазақстандық қоғамдық даму институты» жүргізген зерттеу барысында қазақстандықтардың «тіркелмеген неке» («азаматтық неке») құбылысына деген көзқарастары зерделенді: «оң» қарайтындар 28,3% -ды құраса, «қолдамайтындар, яғни «теріс» - 32,8%, бейтарап ұстанымдағылар -33,1%-ды көрсетті (сурет 1).



Сурет 1 - Қазақстандықтардың тіркелмеген некеге көзқарастары, %
[Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі]

Сауалнама деректері талдауы соңғы бірнеше жыл ішінде тіркелмеген неке үлесінің өсуін көрсетеді. Егер 2019 жылы бұл көрсеткіш 2,9 % болса, 2022 жылы ол 5,8%-ға жеткен (сурет 2).



Сурет 2 - Тіркелмеген некеде тұратындар үлесі, %
[Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі]

Бұл біздің қоғамдағы отбасы құндылықтарының әлсірегендігіне дәлел бола алады. Егер бұрын некесіз бала туған ана деген өте сирек кездесетін болса, тіпті кездескен жағдайда оның тәрбиесінде кеткен кемшін тұстарды қоршаған орта айыптап, қоғамнан аластатса, қазіргі заманда адамдар оларды күнделікті өмір сүрудің бір қалпындай қабылдайды. Қазіргі қоғам керісінше, жалғызбасты аналардың әлеуметтік жағдайын норма ретінде қабылдауға бейім болып,

олардың статусын қорғауға дайын тұрады. Жалғызбасты аналар да өзінің осы жағдайын көп жерде бетке ұстап, қымсынбай, кейде міндет қылып, еркін айта беретін дәрежеге жеткен. Тіркелмеген некеде тұру некесіз сәбилердің дүниеге келуіне ықпал етіп, бұл жалғызбасты аналар санының көбеюіне негіз болады.


Енді жалғызбасты аналар санының үлкен қалаларда көп болуы мәселесіне тоқталайық. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігінің Ұлттық статистика бюросының 2025 жылғы 1 шілдедегі мәліметі бойынша, еліміздегі халық саны 20 387 811 адамды құрады (сурет 3).



Сурет 3 - Республикадағы халық саны туралы мәлімет
[Дереккөз: ҚР СЖжРА Ұлттық статистика бюросы]

Қала халқының ең көп үлесін Қарағанды (82,2%), Ұлытау (79,5%) және Ақтөбе (75,9%), ал ең аз үлесін Алматы (19,4%), Түркістан (25,3%) және Жамбыл (44%) облыстары құрады [51].

2009-2024 жылдар аралығындағы қала мен ауыл халқының санын салыстыратын болсақ, жыл сайын қала тұрғындар санының өсіп келе жатқанын байқауға болады (сурет 4).



Сурет 4 - Қала халқы және ауыл халқының саны
[Дереккөз: ҚР СЖжРА Ұлттық статистика бюросы]

Қалалықтар мен ауылдағылардың ұлттық дәстүрлер, отбасы құндылықтары, өмір сүру салты туралы көзқарастары әртүрлі екенін ұмытпағанымыз жөн. Ауылда берік те үлгілі отбасы болуды дәріптейтін қазақтың дәстүрлі мәдениеті сақталған, үлкендерді сыйлау, олардың ақылын тыңдау әлі де болса өз күшінде. Ауылдың қалыптасқан тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі отбасылық-туыстық қатынастарды реттеп отырады. Ал қалалық тұрғындардың отбасылық құндылықтары ауыл тіршілігінен бөлек, ауылда әрбір отбасының өмірі елдің көз алдында өтсе, қалалықтар оқшау өмір сүреді, олар ата-анасынан өзге ешкімнің сөзіне тәуелді бола бермейді.

Ауыл мен қаланың өмір ағысы да әртүрлі, ауыл бірқалыпты тіршілік етсе, қалалықтар өмірі зуылдап, жылдам өтіп жатады. Бұл өз кезегінде отбасылық қарым-қатынастарда өз ізін қалдырып отырады. Қалада ажырасу процесі жылдамырақ жүруі мүмкін. Ауылда ажырасу белгілі бір кезеңдерден, көбіне ақсақалдар немесе үлкендер алдынан өтеді.

Біздің республика халқының төрттен бірі, яғни елдің әрбір төртінші тұрғыны – жастар. Жастар – қоғамдағы адам капиталының стратегиялық маңызды бөлігі болып табылады, сондықтан олардың өмір сүру дағдысы, білім алуы, жұмыспен қамтылуы, отбасын құруы, бала өсіруі біздің қоғамның басты мәселесі болып қала бермек.

Елде репродуктивті жас кезеңінде қанша адам бар дегенді анықтау үшін ресми статистикалық мәліметтерге кезек берейік. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметі бойынша, 2014 жылы 14-29 жас аралығындағы жас адамдар саны 4 293 353 болған екен [52]. Келесі онжылдықта жастар саны азайып, 2021 жылы 3,74 млн адамды құрап, жалпы халық саны құрылымындағы үлесі 19,6% құрады, оның арасындағы жас ер адамдар үлесі 51%, әйелдер – 49%.

Деректерді талдасақ, 28 жасқа дейінгі жастар саны 2022 жылғы 1 қаңтарда 61,2 мың адам болған, бұл ауылдағыдан 1,7 есе көп. 2025 жылдың басына қарай жастар саны 5 817 339 адам болды, өңірлерге қарай бөлгенде жас қазақстандықтардың саны бойынша: Түркістан облысы (11,5% немесе 671 452 адам), Алматы облысы (7,4% немесе 436 134 адам), Жамбыл облысы (6,1% немесе 357 175 адам), Астана қаласы (8,3% немесе 481 630 адам), Алматы қаласы (12,2% немесе 712 368 адам), Шымкент қаласы (6,8% немесе 397 076 адам) көш бастап тұр.

Жастардың ең аз үлесі елдің солтүстігіне, әсіресе, Солтүстік Қазақстан облысына (2,2% немесе 128 098 адам), Абай облысына (2,6% немесе 150 217 адам), Ұлытау облысына (1,03% немесе 60 364 адам) тән. Алматыдағы жастар саны тек бала туу ғана емес, сондай-ақ өзге өңірлерден ішкі көші-қон есебінен де өсуде [53, 17].

«Жастар саясаты туралы» ҚР Заңына 2022 жылдың желтоқсан айында енгізілген өзгерістерге сәйкес жастардың жастық шегі 35 жасқа дейін ұлғайтылды [54]. Сондықтан жаңа дефинация бойынша жастардың жалпы саны өткен жылдарға қарағанда едәуір өсті. Жастардың жалпы халық саны құрылымындағы үлесі төмендегідей: 2009 жылы 27,8% болса, 2021 жылы –

19,6%, 2022 жылдың басында 3 741 083 болды немесе жалпы тұрғындардың 30,8%-ын құрады, 2024 жылы олардың саны 5,7 млн адамнан (35%) асты, ал 2025 жылы жастар жалпы халықтың 28,5%-ын құрады (сурет 5).



Сурет 5 - Елдегі жастар саны туралы мәлімет
[Дереккөз: ҚР СЖжРА Ұлттық статистика бюросы]

2025 жылдың басындағы есеп бойынша ел жастарының 63%-ы (3 66 998 адам) қалада тұрса, 36,9 %-ы (2 150 341 адам) ауылдық жерде тұрады. Жастардың астанасы 712 368 жас тұрғыны бар Алматы қаласы болып табылады.

Алдағы бірнеше жылда ересек жастар тобындағы, яғни мансап бастау кезеңіндегі жастар саны аз болмақ. Қазақстанда жастар санының азаю тренді – 90-жылдардағы демографиялық жағдайдың салдары [39]. Яғни 1980 жылдары дүниеге келгендер қазіргі таңда 40 жасты еңсергендіктен жастар санатында емес, жастар қатарын 1990 жылдан әрі қарай дүниеге келгендер толықтырып отыр. Бәрімізге белгілі, 90-жылдары қиын саяси-әлеуметтік және экономикалық жағдайға байланысты туу күрт азайды. 2021 жылғы мәліметте жастар санының аз болуын осылайша түсіндіруге болады.

Тағы бір назар аударатын жайт, қалалықтардың басым бөлігі жастар екендігін байқадық. Қалалық жастар саны оқуға немесе жұмыс істеуге келген ауыл жастарымен толығуда. Ал жастардың басым көпшілігінің қалада тұрақталып, бейімделіп кетуі барлық жағдайда сәтті бола бермейтіні анық, кейде бұл жағымсыз мәселелердің белең алуына алып келетіні сөзсіз. Кейбір жас адамдардың қалада тұрақты жұмыс таба алмауы, жауапкершіліксіз еркін өмір сүруі, ата-ана тарапынан бақылаудың жоқтығы, зиянды әдеттерге үйір бола бастауы, жыныстық қатынасқа ерте баруы, міне осының бәрі өз кезегінде жалғызбасты аналар санының күрт көбеюіне әсер етеді [41]. «Қазақстан жастары-2014», «Қазақстан жастары-2019» Ұлттық баяндамаларында «мемлекет

тарапынан бала тууына байланысты біржолғы жәрдемақы төлеу, 18 жасқа дейінгі жас балаларға жәрдемақы төлеу, ата-ананың қамқорынсыз қалған балаларды, мүмкіндігі шектеулі жастарды қолдауға» мән берілгенімен, қаладағы жастардың белгілі бір бөлігін құрайтын 18-35 жас аралығындағы жалғызбасты аналардың құқықтары, оларға көрсетілетін әлеуметтік көмек түрлері қарастырылмаған. Тек соңғы жылдардағы осындай «Қазақстан жастары - 2021», «Қазақстан жастары - 2022», «Қазақстан жастары - 2023» Ұлттық баяндамаларында жастар арасындағы некеге тұру, ажырасу, туу, репродукциялық саулық барысының өз алдына бөлек қарастырылуы бұл мәселенің өзектілігі күннен-күнге артып келе жатқандығын байқатса керек.

Қалалық өмір салты мен әлеуметтік нормалардың өзгеруі нәтижесінде: жастардың жыныстық өмірге ерте араласуы; тіркелмеген қарым-қатынастар; жүктілікті жоспарлау мәдениетінің жетілмеуі жиі кездеседі. Сонымен қатар қалада дәстүрлі отбасылық модельден алшақтау; жеке еркіндік пен өзін-өзі жүзеге асыруға басымдық беру; дәстүрлі әлеуметтік бақылаудың әлсіреуі, репродуктивтік жауапкершіліктің төмендеуі жастардың құндылықтары мен репродуктивтік мінез-құлқының өзгеруіне әкеледі. Қалалық жерлерде жастар санының артуы – демографиялық құрылымға, отбасылық институтқа және репродуктивтік мінез-құлыққа тікелей ықпал етеді. Жастардың урбанизациялануы және әлеуметтік нормалардың өзгеруі нәтижесінде тіркелмеген қатынастар мен жоспарланбаған жүктіліктің жиілеуі жалғызбасты аналар санының өсуіне себепші болады.

Енді жастардың құндылық бағдарларына зер салайық. Республикадағы жастар мәселесін зерделейтін бірден-бір ұйым - «Жастар» ғылыми зерттеу орталығы жүргізген «Қазақстан Республикасындағы жастардың құндылықтары» әлеуметтік зерттеу талдаулары назар аударуды қажет етеді. *«Сіз үшін өмірдегі ең басты құндылық?»* сұрағына респонденттердің басым көпшілігі (82, 4%) *«Отбасы»* деп жауап берген [55]. Бірақ осыған қарамастан, елімізде отбасын құруға ниетті жастар қатары азайып барады, «шаңырақ көтеруге» ниеті болмаудың көп жағдайда төрт себебі бар. Біріншіден, жауапкершілікті мойнына алғысы келмеу, екіншіден, отбасындағы тәрбиенің кемшілігі, үшіншіден, жастар отбасылық өмірге дайын емес, төртіншіден, нәпсінің құлы, сонымен өмір сүре береді, соны жоғалтып алмауға тырысады. Әртүрлі жағдай әсер етеді: отбасының әлеуметтік жағдайы, қоғамдағы қалыптасқан түсінік. Ең алдымен жақсы қызмет, мансап, үй, көлік сатып алу, сосын барып үйлену деген түсінікпен жүргендер жетерлік» [56].

Отбасы институтының түрлі мәселелерін зерттеуші қазақстандық ғалымдардың бірқатары отбасы құруға деген ынтаның төмендеуіне жаһандану заманында белең алған қарама-қайшы үдерістер себеп болып отырғандығын атап көрсетеді. «Дәл осы себептен отбасы дамуындағы үрдістер мен бағыттарды талдау мәселесі адамзат өмір сүруінің тұлғалық және әлеуметтік болмысы формасының негізі ретінде» алдыңғы орында болуы тиіс деп жазады [28,5].

Қоғам мемлекеттің негізін және оның құрылымының тұтастығын құрайтын әртүрлі негізгі әлеуметтік институттардан тұрады, ол-отбасы, жұмыс, кәсіп және

т.б. дәстүрлі құндылықтар. Қоғамның әлеуметтік-тарихи эволюциясы барысында дәстүрлі құндылықтар қоғамның генетикалық сәйкестігін сақтауға жауап береді. Дәстүрлі құндылықтар микро және макро деңгейлерде жұмыс істейді. Микролокальды деңгей - бұл отбасы, балаларды тәрбиелеу және әлеуметтендіру процесі. Макродеңгей - бұл ұлтпен, мемлекетпен және ұлтты қалыптастыратын белгілі бір саяси, мәдени және тарихи рәміздермен бірлестік деңгейі [57, 42]. Құндылықтарды қабылдау олардың өмір сүру уақытына және олар қалыптасқан әлеуметтік-технологиялық жағдайларға байланысты.

Жастардың құндылық бағдарларын зерттеуге республикадағы «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы да қомақты үлес қосуда. Аталған орталық 2015 жылдан бастап жыл сайын ересектер (18 жастан жоғары) мен жастар (14 жастан 29 жасқа дейін) арасындағы құндылықтарды зерттеу жұмысын жүргізеді. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысы бойынша Мемлекеттік органдардың өзекті ресми статистикалық деректерін талдау, әлеуметтік, ғылыми зерттеулердің нәтижелері жыл сайынғы «Қазақстан жастары. Молодежь Казахстана» Ұлттық баяндамасында жарияланып тұрады. Жыл сайынғы баяндама қызығушылық танытқан тұлғаларға жастардың құндылық бағдарларының динамикасын бақылауға, негізгі трендтер мен оның қажеттіліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Соңғы төрт жылда (2017-2020 жж.) жастар құндылықтарының динамикасында түбегейлі өзгерістер байқалмағаны атап өтілді. 2020 жылы жастардың негізгі құндылықтары отбасы (85,2 %), денсаулық (51,8 %) және достық (28,3%) екені анықталса, 2021-2023 жылдар аралығында жастар арасында отбасы құндылығы аз да болса төмендей бастағаны көрінеді [58] (сурет 6).

Жауап нұсқалары	2021	2022	2023
Отбасы	82,3	83,3	72,6
Достық	23,1	40,7	32,3
Денсаулық	45,6	64,2	26,9
Наным, дін	16,2	18,1	18,7
Жан тыныштығы	8,8	15,3	17,5
Махаббат	12	22,8	9,9
Адамдарға көмек	3,3	10,3	7,5
Материалды қамтамасыз етілген өмір	20,7	39,3	7,2
Мансап, қоғамдағы жоғары жағдай	5,2	11	7,2
Білім, оқу	11,1	19,5	5,7
Шығармашылық	1,5	3,3	5,1
Өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі бағалау	7,8	17,7	4,8
Көңіл көтеру, рақат алу мүмкіндігі	5,1	11,5	4,5
Биліктің болуы	2,8	5,1	4
Қоғамдық танылу, белгілі болу, репутация	1,4	3,1	3,4
Қызық жұмыс, кәсіп	9,1	19,6	2,9

Сурет 6 - 2021-2023 жылдар аралығында жастардың құндылықтары бойынша өзгерістер [58]

«Отбасы – қоғамның негізгі әлеуметтік институты, адам өмірінің ошағы. Бүгінгі күннің өмір салты мен талаптарына сәйкес отбасы институты өзінің дәстүрлі формасынан жаңа модельге біртіндеп өзгеріп келе жатыр» [59]. Егер 2020 жылы жастардың негізгі құндылықтары: отбасы (85,2 %), денсаулық (51,8 %), достық (28,3%) болса, 2021-2023 жылдар аралығында жастар арасында отбасы құндылығы (72,6%), денсаулық (26,9%) төмендеп, керісінше мансап (7,2%), репутация (3,4%) құндылығына ұмтылу байқалды. Бұдан шығатын қорытынды, қазіргі жастардың отбасы құндылығына көзқарасы жыл сайын өзгеріп, төмендеу тенденциясы байқалады. Бұл өзгерістің себептері заманауи өмірдің талаптары мен өмір салтының өзгеруі, мансап пен әлеуметтік мәртебенің маңыздылығының артуы сияқты факторлармен түсіндіріледі. Соның салдарынан отбасының дәстүрлі рөлі мен маңыздылығы азайып, жастар арасында жеке басының жетістігі мен қоғамдық беделге мән беру көбейіп келеді. Жастардың отбасы құндылығына деген көзқарасының әлсіреуі және мансап пен жеке жетістіктерге басымдық беруі жалғызбасты аналардың санының артуына әсер етуі мүмкін. Себебі, отбасыға деген тұрақты ұмтылыс пен жауапкершіліктің төмендеуі неке мен отбасы құруға деген ықтималдықты азайтып, некесіз балалы болу жағдайлары көбейеді. Сонымен қатар, қоғамдағы отбасылық құндылықтардың әлсіреуі және әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі де бұл мәселені күшейте түседі. Сондықтан отбасы институтын нығайтып, жастарды отбасы құндылығына қайта тарту - маңызды әлеуметтік міндеттердің бірі болып табылады.

Ата-ананың біреуінің болмауы, нақтылап айтқанда, біздің зерттеу нысанымызға айналып отырған 18-35 жас аралығындағы ананың жалғыз өзі баласын асырауы отбасының дәстүрлі тәрбиелік мүмкіндіктерін және отбасылық-некелік мінез-құлықтың әлеуметтік-мәдени үлгілерін трансформацияға ұшыратуда. Жас жалғызбасты аналардың басына түскен қиындықтар мен кедергілер олардың өмірлік мақсаттарына ықпал етіп, құндылық бағдарларының өзгеруіне әкеледі. Сол себепті толық емес отбасындағы жас ананы қоршаған ортадағы шынайы өмірге әлеуметтік бейімдеу, оны қоғамның толыққанды мүшесі етіп дамыту мәселесі назар аудартатын жайт [60].

Толық емес отбасындағы ананың жалғыз өзінің отбасылық функцияларды жүзеге асыруы, отбасылық рөлдерді жалғыз орындауы оның көп мөлшерде физикалық, моральдық және рухани күш жұмсауын, өз мүмкіндіктерін барынша жетілдіруді, тіпті кейде қосымша ресурстарды іздеуін талап етеді. Бұған, өкінішке қарай, әрбір жас жалғызбасты ана барлық тұрғыдан дайын деп айта алмаймыз. «Толық емес отбасындағы әйелдің әлеуметтік-мәдени бейімделуі көп жағдайда оның өмірлік мұраттарына, құндылық бағдарларына және жеке моральдық қасиеттеріне, қиындықтарды жеңе білу ерекшелігіне көп байланысты» [61, 8].

Жалғызбасты ананы қоғамдық өмірге нәтижелі тұрғыда әлеуметтік бейімдеу бұл ананың өзіне ғана емес, оның асырауындағы баланың тағдырына да жағымды әсер етеді. Жас жалғызбасты аналардың басына түскен түрлі

қиындықтарды еңсере алмауы салдарынан балаларын тірі жетім қып тастап кететін немесе балалар үйіне өткізетін фактілер аз емес. Олардың басындағы әлеуметтік, материалдық-экономикалық, кәсіби-еңбек, моральдық, эмоционалды-психологиялық, медициналық, құқықтық және бала тәрбиесіне қатысты қиындықтары, мемлекет пен туыстар тарапынан жеткілікті дәрежеде қолдаудың болмауы оның әлеуметтік жағдайын тұралатып, күйзеліске алып келуі әбден мүмкін. Бұл әсіресе, жас аналардың көбісінде кездеседі, себебі олар психологиялық және материалдық тұрғыдан баланың өмірі, денсаулығы және тәрбиесі үшін жауапкершілік алуға дайын емес. Кейін осындай балалар қоғамның маргиналды тобының қатарын толықтырып жатады [62, 62].

Қазіргі қоғамдағы жалғызбасты аналардың әлеуметтік бейімделу процесі мен нәтижесі объективті және субъективті әлеуметтік-мәдени факторлар кешенімен анықталады. Жалғызбасты ананың әлеуметтік жағдайына жанама әсер ететін мәдени, әлеуметтік және экономикалық факторлар объективті болып табылады. Ал оның бейімделу санасы (құндылық бағдарлары, өмірлік мұраттары), бейімделу қарым-қатынасы, бейімделу мінез-құлқы және қызметі субъективті факторларды құрайды.

Сондықтан әлеуметтік бейімдеу психологиялық, экономикалық, әлеуметтік-мәдени, гендерлік және басқа аспектілердің бірлігінде көрінетін көпжақты процесс екенін атап өтуіміз керек.

Жалғызбасты аналар бүгінде әлеуметтік құрылымда белгілі бір статусқа ие болып, қоғам оны мойындайтын дәрежеге жеткенімен, толық отбасына қарағанда күйзеліс пен қиындықтарға көбірек ұшырайтыны анық. Қазақстандық ғалымдар жалғызбасты аналардың моральдық дайындығының жоқтығы және материалдық-экономикалық жетіспеушілік пен тұрақсыздық, тұрмыстық жетіспеушілік салдарынан балаларының девиантты мінез-құлыққа бейім екенін жазып жүр. Осы аталған проблемаларды жою жолдарын ресейлік ғалымдар да белсенді түрде қарастырып келеді [63].

Жас қыздың жалғызбасты анаға айналуы себебінен әлеуметтік мәртебесі мен гендерлік рөлінің өзгеруі өзіне деген сенімділігін жойып, көңіл-күйі мен ынтасына теріс әсер ететін және әлеуметтік-мәдени бейімделуді қиындататын көптеген проблемалар мен қиындықтарға апарады. Ол қиындықтардың ең бастысы материалдық-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық жағдайға байланысты. Оның сыртында қоғамның теріс көзқарасы да моралдық соққы береді [60].

Жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік және психологиялық тұрғыдан бейімдеу кезінде олардың отбасындағы гендерлік рөлдердің деформациясын мұқият ескеру қажет. Қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени жағдайларда толық емес отбасының өмір сүру ерекшеліктері, олардың эмоционалды-психологиялық жағдайы, тәрбиелік және әлеуметтік-экономикалық ресурстардың тапшылығы, сондай-ақ олардың өмір салтының өзгешеліктері осы аналардың әлеуметтік интеграциясына айтарлықтай әсер етеді. Бұл жағдайлар олардың отбасы институтына деген қатынасын өзгертіп қана қоймай, отбасын құру және сақтау мәселелерінде де күрделі қиындықтарға тап болуына әкеледі. Сонымен қатар,

жастар арасында отбасылық құндылықтардың өзгеруі мен отбасы құрудағы кешігулер қазіргі демографиялық және әлеуметтік проблемалардың ушығуына себепкер болып отыр. Мысалы, 2012 жылы қыздардың некеге тұру жасы орта есеппен 24,4 жас болса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 27,7 жасқа дейін өсті. Бұл үрдісті қазіргі қоғамдағы бірнеше тенденциямен байланыстыруға болады. Қыздар әуелі жоғары білім алып, экономикалық тәуелсіздікке жетуді мақсат тұтады, кейіннен қызметтік мансапты дамытып, отбасы құруды кейінге қалдырады. Кейбір зерттеушілер бұл жағдайды қазіргі жастардың отбасын құру мәселесіне жауапкершілікпен қарап, оны саналы түрде жоспарлайтынымен түсіндіреді. Дегенмен, отбасы құру жасының ұлғаюы бала туу мүмкіндігін төмендететіндігі қоғам үшін маңызды демографиялық қауіп болып табылады. Біздің халықтың саны аз болғандықтан, демографиялық саясаттың тиімділігі халықтың санын көбейту және генетикалық қорды сақтау мәселелеріне тікелей байланысты. Ұзақ уақыт жүргізілген әлеуметтанулық зерттеулер нәтижелері жастар отбасылық құндылықтарды құрметтейтінін көрсетті, бірақ ажырасу саны азаймай келеді.. Бұл әсіресе жас отбасылар арасында байқалады және сол себептен жас жалғызбасты аналардың саны артып келеді. Бұл мәселе қоғамдағы отбасылық институттың тұрақтылығын сақтау үшін кешенді шешімдер қажет екенін көрсетеді.

Сонымен бірге қазіргі таңда дәрігер мамандар жастай жүктіліктің қауіптілігін айтып, дабыл қағуда. Жыныстық дамуы толық жетілмеген ағзаның бала көтеруі көп жағдайда орны толмас қасіретке алып келіп жатады. Босану кезінде кездесетін жас аналар өлімі, баланың іште шетінеуі, баланың толыққанды дамымауы, дәрігерге уақытылы қаралмауы салдарынан бала денсаулығында кінәрат болуы және тағы басқа толып жатқан жағдайлар - осының нәтижесі. Ал тым ерте ана болудың моральдық, әлеуметтік, психологиялық, материалдық проблемалары өз алдына зерттеуді қажет етеді.

«Жалғызбасты аналар» түсінігі әр елдерде әртүрлі қарастырылады, айталық, көрші Ресейде ешқашан тұрмыс құрмаған, жалғыз өзі бала тәрбиелеп отырған әйелді атайды. Кейбір елдерде біз жоғарыда атап көрсеткендей, жесір қалған, ажырасқан немесе баласының биологиялық әкесінен бөлек тұратындарды да осы санатқа қосады.

Қазақстанда мәселе басқаша. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде қыз баланың өз үйінде, оң жақта отырып жүкті болуы сүйекке таңба салатындай масқара болып саналатын, осындай қызы болған әулет көпке дейін ұяттан жерге кіріп, ешкімге қарсы пікір айта алмайтындай дәрежеде болатын. Бұндай оқиға тым аз кездесетін, содан болар, «жалғызбасты ана» түсінігі сөздік қорымызда болмаған. «Қыз өссе-елдің көркі», «қыз-қонақ», «қыз- жатжұрттық» деп ерекше қадір тұтқан қызының абыройсыз қалуы қазақ халқы үшін өте ауыр болған. Дәстүрлі ислам дінінде де аса күнәлі істердің бірі - некесіз бала тапқызу және табу. Қазақ халқы мұны қолдамаған, әулетті «дүйім жұрттың алдында жер етті» деп намыстанып, сол қызды, оның ата-анасын елден көшіріп те жіберген оқиғалар болған. Некесіз бала туу мәселесіне барынша қатал қараған, қыз баласының тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген біздің халқымыздың ішінде осы бір

келеңсіз жайттың белең алып бара жатқаны жұртшылықты алаңдатуда. Қазіргі таңда қоғам баланың некесіз өмірге келуінің себебін іздеп жатпай, сондай жағдаймен дүниеге бала әкелген жалғызбасты аналардың құқықтары туралы көбірек айтатын болды. Әрине, гуманды қоғамның басты қағидаты - әлсізге көмек қолын созу, оны қолдау екенін түсінеміз, бірақ біз осындай жағдайға қалай жеттік, некесіз балалар, оны өсіріп отырған жалғызбасты аналар неліктен көбейіп жатыр, рухани жұтаңдануымыздың астарында не жатыр деп алаңдамауымыздың арты қиынға айналып келе жатқанын өмір көрсетуде [64, 188].

Қазақта некесіз туған баланы «көрдемше» деп атаған [65, 417]. Соңғы он жылда осындай баланың саны 68 мыңнан асып жығылады. Бір жетімін көзден таса қылмаған қазақ үшін бұл тым көп сан. «Көр» сөзінің мағынасын түсінетін әрбір қазаққа осымен түбірлес «көрдемше» сөзін түсіндіріп жату артық. Тегін білмейтін, білсе де оны еркін айтып жүруге құқығы жоқ некесіз дүниеге келетін балалардың санының көбейіп бара жатқанына кім кінәлі, оның алдын алу бағытында қандай шаралар атқарылуы керек деген мәселелер бүгінгі күні өте өзекті болып отыр. Бұл - тек шарасыздықпен налып айтылып қоятын мәселе емес, мемлекеттік, ұлттық дәрежеде қолға алынатын әлеуметтік құбылыс. Себебі түсінікті, жалғызбасты аналар тәрбиесінде өскен кейбір балалардың әлеуметтік қиындықтарға тап болатыны жасырын емес.

Жалғызбасты аналар мәселесінің шығу төркінін зерделеу барысында біз тарихқа шолу жасадық. Кеңес үкіметі құрылған алғашқы жылдары отбасын қоғамның, қоршаған тәрбиелеуі басты орында болды, жеке тұлға өзінің отбасылық қарым-қатынасы үшін жұртшылықтың алдында жауапты болды, ажырасулар айыпталып отырды. Заң бойынша неке тіркелмеген жағдайда баланы асырау, тәрбиелеудегі бар ауыртпалық әйелге түсті. Бұның өзі «некесіз бала дүниеге келуіне еркек емес, әйел кінәлі» дегенді білдіретін. Кейінірек бұндай көзқарас аздап әлсірей бастады. 60-жылдары жалғызбасты аналарды баласы 14-ке келгенше жұмыстан шығаруға тыйым салынып, кейбір мекемелерге оларды тұратын орынмен қамтамасыз ету міндеттелді, санаторий мен балалар лагеріне жолдамалар бірінші кезекте жалғызбасты аналарға ұсынылды. Жалғызбасты аналар аз қамтылған отбасы санатына жатқызылып, оларға тегін оқу, тегін түскі тағам сияқты жеңілдіктер берілді. Бала - болашақтағы жұмыс күші, сондықтан оны асырап отырған әйелдерге жеңілдік жасау қажеттігі осы тұрғыдан дәлелденді. Осы кезеңде жалғызбасты аналардың пайда болуы, біріншіден, олардың еркектерге қоятын талаптарының тым көптігінде, екіншіден, әйелдер өздерінің қиын мінезінің кесірінен жар таба алмайды деген пікір қалыптасты. Бірақ қалай болғанда да қоғамның жалғызбасты аналарға қарым-қатынасы жағымды болмады. Жұртшылықтың басым көпшілігі «әйелдер өздерінің ойсыз, жеңіл өмір сүру дағдысымен осындай жағдайға жетті», «бұған өзі кінәлі, ол мемлекет тарапынан жеңілдіктерге ие болуға ешқандай құқығы жоқ» деген есептеді. Осындай жағымсыз көзқарас ажырасқан әйелдерге де қатысты еді.

Бұрынғы КСРО елдерінде некесіз бала туу кеңес әйеліне жат қылық деп саналып, құпталмады. Ал компартия мүшесі болған ер адамдар үшін ажырасу, екінші неке құру моральдық азғындаудың белгісі саналып, мансаптық дәрежесіне нұқсан келтірілді. Сондықтан ажырасудың саны өте аз болды.

Қайта құру жылдардағы өзгерістер некелік қатынастарға өз ықпалын тигізді, кеңестің идеология жойылып, оның орнына батыстың саясаты үстемдік ала бастады. Адамдар некесіз бір шаңырақ астында өмір сүріп, бір-бірінің алдында жауапкершілік алмауға үйренді, ажырасулар, жалғызбасты аналар көбейе бастады.

Осылайша отбасы институты түбегейлі трансформацияны бастан кешірді. Тіпті толық отбасы ішінде ғасырлар бойғы адамның қалыптасқан әйел мен ер адамның рөлдері ауысып, өзгеріске түсті. Бұрын отбасыны материалдық жағынан қамтамасыз ету міндеті, яғни асырау ер адамның мойнында болса, қазір бұл рөл әйел мен еркек арасында теңдестіріле бастады. Кей жағдайда қаражат табу жағынан ер адамнан артық түсіп жататын іскер әйелдер аз емес. Әйел экономикалық тұрғыдан еркекке тәуелсіз болып, некеге тұруды қажетсінбей жатады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келсек, жалғызбасты аналардың пайда болуына ықпал ететін әлеуметтік-мәдени детерминанттарды былай жіктеуге болады:

- некеге дейінгі жыныстық қатынастың кеңінен таралуы;
- отбасындағы гендерлік рөлдердің өзгеруі;
- эмансипация;
- некелік градиент;
- қазіргі жастардың некеге дайын болмауы;
- отбасы құндылықтарының құлдырауы және т.б.

Жалғызбасты аналардың ішінде кейбір жағдайда «алып қашу» салтымен некеге отырып, кейін өз үйіне қайта келу немесе өз еркінен тыс жыныстық қатынасқа түсіру (зорлау) жағдайына ұшырағандар да бар екенін жоққа шығармаған жөн. Аталмыш фактілер бұқаралық ақпарат беттерінде, әлеуметтік желілерде, қылмыстық хроникаларда ішінара айтылғанымен, өз алдына зерттеу нысаны бола қойған жоқ.

Осындай әртүрлі жағдайлар ықпалымен жалғызбасты аналар қатарын көбейткендердің тіршілік ету дағдысы, бала тәрбиесіне қарым-қатынасы, өз басындағы жағдайды қабылдауы, туындаған мәселелерді шешуі, тіпті жалпы өмір сүруге деген көзқарасы бөлек. Әдетте толық отбасында орындалатын бірқатар функцияларды, атап айтқанда, репродуктивтік, тәрбиелік, шаруашылықтық-экономикалық, қоршаған ортамен қарым-қатынас орнату және т.б. ерлі-зайыптылар кезектесіп атқаратын болса, жалғызбасты аналар осының бәрін өз мойнына алады. Аталған функцияларға жас жалғызбасты аналардың әдетте дайын бола бермеуі заңды құбылыс. Әсіресе бала дүниеге келген алғашқы айларда жалғызбасты аналардың психологиялық, материалдық дағдарысы өте жиі кездеседі. Сондықтан жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау мен

әлеуметтік қорғаудың түйткіл мәселелерін шешуді ұсыну ғылыми негіздеуді талап етеді.

1.2 Жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау: әдіснамалық аспектілер

Толық емес отбасында бала тәрбиелеу көптеген қиындықтармен тұспа-тұс келеді, әсіресе бұл қоғамдық-әлеуметтік, материалдық жағдайларға, аналардың тәрбиесіне, адамгершілік қасиеттеріне де байланысты. Көптеген жалғызбасты аналардың күн көріс деңгейі өте төмен, бұл өмірдің жаңа белесіне - аналық өмірге бейімделуде қиындық туғызады. Жалғызбасты аналар өздерін асырау үшін күні-түні жұмыс істеуге мәжбүр, олардың әдетте бала тәрбиесіне уақыты жоқ, ер адаммен болған сәтсіз қарым-қатынас кесірінен өмірден түңіліп, әлеуметтік ортаға бейімделе алмайды. Жалғызбасты аналардың басты бөлігін некеге тұрмай жүкті болған немесе жігітінен алданып қалған, нақты білімі мен тұрақты жұмысы жоқ, ана болудың әлеуметтік маңызын жете сезінбеген, бала тәрбиелеуде тәжірибесі мен дағдысы жоқ жас аналар құрайды. Бұл олармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыста әжептеуір қиындық туғызады. Сонымен бірге қоғамның жалғызбасты аналарға деген жағымсыз көзқарасын жоққа шығара алмаймыз. Көп жағдайда некесіз дүниеге келген баланың әкесінің жауапкершіліктен қашуы немесе баладан мүлде бас тартуы, қыздың өз ата-анасының, туған-туыстарының ренішінен қорқуы, тіпті жас ананы қоршаған адамдардың: құрбы-құрдас, көршілер, таныстар, сыныптастар және т.б. ұнамсыз көзқарастары, осының бәрі жас ананы депрессияға ұшыратып, тіпті кейде өзіне-өзі қол жұмсауына дейін апарады. Баланы перзентханаға тастап кету, бас тарту және тағы басқа жағдайлар да орын алады. Анасы баладан бас тартпай, жалғыз тәрбиелегеннің өзінде де толық емес отбасында тәрбиеленген бала әкесінің болмауы себебінен әлеуметтік дискриминацияны ерте сезінетіндігі рас.

Біздің қоғамда жалғызбасты аналарға деген пікірді шартты түрде үшке бөлуге болады: жалғызбасты аналарды түсінуге мүлде тырыспайтындар, олардың тағдырын қабылдай алмайтындар, басқаша айтқанда ұнатпайтындар, олар көбіне «болған іске, бәріне қыздың өзі кінәлі» ұстанымын қолдайды, екінші топ - жақтырмаудан көрі аяныш сезімі басым адамдар, яғни «обал болды» деген көзқарасты жақтайтындар, үшінші топ – жалғызбасты аналардың тағдырына немқұрайлылық танытатындар, яғни оларды «жалғызбасты аналар тағдыры мүлде қызықтырмайды». Осылардың ішінде «қыздың (жас ананың) өзі кінәлі» дегенді ұстанатындар қоғамымызда өте көп. Олар ерте жастан қыз баланың тәрбиесіне көп көңіл бөлу қажеттілігін айтады. Бұл өте дұрыс. Бірақ өмірде бәрі сәтті бола бермейтіні белгілі, тағдыр тезінде қыз бала осы жағдайға ұрынған уақытта, басына іс түскенде қоғам қандай қадам жасауы керектігі көбіне шешімін таппай жатады. Бұл жалғызбасты жас аналар мәселесін тереңдете түседі [65].

Жалғызбасты жас аналардың әлеуметтік, тұлғалық қарама-қайшылығы оларға көмек көрсететін әлеуметтік ұйымдарының мазмұны арасындағы

алшақтықты арттыра түседі. Сондықтан жалғызбасты аналардың әлеуметтік және тұлғалық мүмкіндіктерін зерттеу, оларды қоғамға бейімдеудің өзектілігі барынша арта түседі.

Толық емес отбасы мәселелеріне арналған еңбектерде олардың жалпы проблемалары, өмірлік қиындықтары сөз болғанымен, жалғызбасты аналардың әлеуметтік, түлғалық, рухани қиындықтары жеткілікті зерделенбеген. Көптеген зерттеу еңбектері негізінен, қаржылық қиындықтарды көбірек қарастырады. Ал жалғызбасты аналардың жүктілік кезіндегі жан-жағынан қолдау таппай қиналуы, тәжірибесіздігі, барлық сәтсіздіктері мен қиналыстарының себебі ретінде некесіз туатын баласына деген жеккөрінішті көзқарасы, қоршаған ортаның жазғыруы, кінәлауы, депрессия жағдайында өзіне-өзі қол жұмсау арасындағы байланыс мәселесі қарастырылмай келеді.

Шығармашылық бастамашыл әйелдердің Лигасы «Сорос Қазақстан» Қорының қолдауымен 2010 жылы «Қазақстандағы ерте ана болудың проблемаларын талдау» жобасын жүзеге асырған болатын [66]. Бұл зерттеу нәтижесі жүктіліктен сақтану мәдениетінің төмендігі, арнайы медициналық, консультациялық, психологиялық қызметтердің тым аздығы, болғанның өзінде оған жас қыздардың жүгінбеуі, жасөспірімдерге арналған жыныстық мәселелер бойынша бағдарламаның жоқтығы ерте жыныстық қатынастың басталуына әкеп соғатынын көрсетті. Одан бері он бес жыл уақыт өтсе де, аталған проблемалар әлі күнге дейін тереңдеп отыр [65]. Себебі сол жасөспірім кезінде ақпараттарды толық игермеуі, жыныстық сауаттылықтың төмендігі т.б. кейін кәмелет жасынан асқан жалғызбасты аналар санының көбеюіне әкеледі. Ең өкініштісі сол, әлеуметтік, материалдық және моралдық жағынан бала тәрбиелеуге дайындығы жоқ жалғызбасты аналардың балаларының көбісі кейін әлеуметтік жетімдердің санын көбейтіп, балалар үйінің тәрбиеленушілеріне айналуда.

Жалғызбасты жас аналардың балалы болған кездегі жасы, білімдік, кәсіби деңгейі, отбасылық жағдайы туралы мәселелер зерттеулерде түпкілікті қарастырылмаған. Бала тәрбиелеу барысында жалғызбасты жас аналар әртүрлі әлеуметтік қиыншылықтарға ұшырайды. Толыққанды отбасы үшін қалыпты болатын қарапайым жағдайлар жалғызбасты аналар үшін аса маңызды, шешілместей болып көрінуі мүмкін. Айта кететін жағдай, жоғары білімді аналарға қарағанда арнайы білімі жоқ аналардың табыс көзі шектеулі, тұрақты жұмыс орны жоқтығы да өмір сүруді қиындататыны анық.

Сонымен бірге алдағы уақытта «некеден тыс ана болу», «жалғызбасты ана», «жалғызбасты ананың отбасы» сияқты ұғымдарының мағынасын айқындау қажет. Себебі, заңдылық жағынан баланы некесіз дүниеге әкелген аналардың құқықтық-әлеуметтік статусы айқын емес. Қоғамдағы жалғызбасты аналар санының арту себептері де күрделі. Ең алдымен, қыз бала мен ер бала тәрбиесіне жеткілікті назар аударылмауы, шетелден таратылатын жыныстық бағыттағы ақпарат көздеріне қызығушылықтың артуы, отбасылық байланыстың әлсіреуі, отбасы институты құндылықтарының төмендеуі, ұлттық дәстүрдегі дәстүрлі отбасылық қарым-қатынастардың дәріптелмеуі, нәпсіге бой алдыру, некеден тыс жыныстық қатынасқа ерте түсу, тіркелмеген некенің белең алуы, ажырасу

фактілері, міне осы жағдайлардың барлығы да баланы жалғыз өзі асырайтын жас аналар санының көбеюінің бірден-бір себептеріне жатады.

«Ерте жүктілік», «жас ана болу» мәселесін зерттеп зерделеу мына бағыттарға басты назар аударудың өзектілігін айқындап отыр:

- Балалар мен жастар, олардың ата-аналары арасында салауатты өмір салтын насихаттау, денсаулықты сақтаудың формалары, жоспарланбаған жүктіліктің алдын алу мен тәсілдері туралы ақпараттарды нәтижелі түрде, дер уақытында жеткізіп отыру;
- Қоғамдағы отбасы құндылықтары мен отбасының беделін арттыру, неке, ата-аналар дәстүрін насихаттау, нарықтық қатынастар жағдайында отбасы құруға дайындау;
- Отбасыға көрсетілетін әлеуметтік көмек тетіктерін жетілдіру;
- Көп балалы болуға талпынатын отбасыларды қолдау;
- Жас аналарды әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз ету, еңбек нарқында олардың құқын шектеуге жол бермеу;
- Жастар үшін сапалы денсаулық қорғау жүйесін қол жетімді ету [67].

Бұл көрсетілген шараларды жүйелі түрде жүзеге асыру жас қазақстандықтардың өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауына, түрлі аурулардың алдын-алуға ықпал етеді [68].

Бірақ кәмелетке толмай ерте жүктілік себебінен жас ана атанғандардың проблемалары құқықтық-әлеуметтік тұрғыдан өз алдына зерттеуді талап етеді.

Біздің зерттеуіміздің нысаны - кәмелетке толған, 18-35 жас аралығындағы жалғызбасты аналалар. Жаңа заңға сәйкес 35 жасқа дейінгі жастар мемлекеттік қолдаудың барлық қолданыстағы шараларын (мысалы, жас отбасыларға жәрдемақы алу, жеңілдетілген несие алу, жас отбасылардың, азаматтардың мемлекеттік саясатқа қатысуы және т.б.) кеңінен пайдалана алуға толық мүмкіндігі бар. Сондықтан жастар ұғымына енетін шектік жасты ескеріп, біз 18-35 жас аралығындағы жалғызбасты аналарды әлеуметтік реадаптациялау жұмысын қарастыруды мақсат еттік.

Жалғызбасты аналар проблемасы қашанда әлеуметтік мәселе болып қала бермек, себебі, қоғамда отбасының орны басқа әлеуметтік институттарға қарағанда ерекше. Адамның өмірінде алғашқы әлеуметтік институт ретінде отбасының орны аса маңызды. Отбасында бала тәрбиеленеді, алғашқы тәлім-тәрбиені отбасынан алады, осында әлеуметтік бейімдеу үдерісі жүреді, тұлғаның қалыптасуы отбасынан басталады, отбасында тұлғаның ішкі әлемі мен жеке сапалық қасиеттері қалыптасады.

Отбасы институт ретінде жеке тұлғаның барлық жағдайын жасауды, денсаулығын сақтауды, әлеуметтік бейімделуін, оның тәрбиесін және тағы басқа міндеттерді қамтамасыз етеді (сурет 7).



Сурет 7 - Отбасы функциялары [автор тарапынан құрастырылған]

Отбасының тәрбие беру функциясы алғашқы әлеуметтік бақылау функциясымен жалғасып жатыр. Бұл отбасы мүшелерінің мінез-құлқын моральдық реттеуді, өмірдің әртүрлі салаларында, сондай-ақ отбасы мүшелері арасындағы қатынастардағы жауапкершілік пен міндеттемелерді қамтиды.

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексіне» сәйкес бала тәрбиесінде «Ата-аналардың өз балаларына қатысты тең құқықтары және тең міндеттері (ата-ана құқықтары) болады» [30]. Отбасы бұзылған жағдайда, көп жағдайда тәрбиелеу функциясы тек аналарда болатыны, ал әкелердің бала тәрбиесіне араласпай кететіні рас. Жалғызбасты аналардың әкесіз өсіріп отырған баласын тым еркелетуі немесе аса қатал ұстау жағдайлары кездесіп отырады. Бұндай отбасында әке рөлін сезінбегендіктен отбасылық қарым-қатынастың аясы тар болып, бала бір жақты тәрбие алады, яғни әлеуметтік және дәстүрлі отбасылық тәжірибе қалыптастыруда баланың көзқарасы шектеулі болады.

Рекреациялық функция және өзін-өзі сақтау функциясы, бұл отбасындағы қауіпсіздік пен психологиялық жайлылықты қамтамасыз етуді қамтиды, отбасы мүшелерінің қауіпсіз және толыққанды өмір сүруі мен дамуының шарты болып табылатын денсаулықты қорғау және өзара қамқорлық жасаудан тұрады. Жалғызбасты ана баласының толыққанды дамуы үшін бар күшін салады, бірақ сыртқы түрлі жағдайларға байланысты оған денсаулықты және әлеуметтік-психологиялық тұрақтылықты сақтау қиынға түсіп жатады. Жалғызбасты

ананың баласын мейірімін төге отырып тәрбиелеуі әйелдің өзінің әлеуметтік көңіл-күйінің деңгейіне, сондай-ақ отбасының материалдық-экономикалық жағдайына тікелей байланысты екенін ұмытпағанымыз жөн. Қолдау көрсететін жұбайының болмауы салдарынан жас анада эмоциялық күйзелістер жиі болып тұратынын да ескеру керек.

Экономикалық функция. Ол отбасын материалдық қамтамасыз етуге, кәмелетке толмағандар мен мүгедектерді экономикалық қолдауға, жеке қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін материалдық құралдарды пайдалануға негізделген. Біз толық отбасында экономикалық қиындық жоқ демейміз, бірақ жалғызбасты анаға бір мезгілде отбасының асыраушысы да, тәрбиешісі де болу оңайға соқпайды. Нәрестесі бар жас жалғызбасты аналардың табыс көзі тек баланың жәрдемақысы болуы мүмкін, оның көлемі барлық қажеттілікті өтеуге жетпейді.

Шаруашылық-тұрмыстық функция. Бұл функция жас ананың қайда, қандай жағдайда өмір сүруіне байланысты. Қалаға қарағанда ауылда шаруашылық жұмыстары (мал бағу, егін, үй шаруасындағы жұмыстар және т.б.) өте көп. Ал қалада ауыр жұмыс жоқтың қасы. Жалғызбасты болғандықтан ана баласын тұрмыста өзіне-өзі қызмет көрсетуге ертерек үйретеді, бала барынша дербестікке ыңғайланады.

Әлеуметтік статустық функциясы отбасы мүшелеріне белгілі бір әлеуметтік мәртебе берумен байланысты. Қоғамның жалғызбасты аналарға көзқарасы әркелкі, көп жағдайда жағымсыз. Жалғызбасты ананың немесе ажырасқан әйелдің статусы әлеуметтік тұрғыдан мақұлданбайды, әрі құқықтық тұрғыдан нақтыланбаған.

Бейімделу функциясы. Бейімделу жалғызбасты ана мен баланың нормативтік мінез-құлық үлгілерін меңгеру арқылы, отбасы мүшелерінің құндылық бағдарларын өзгерту арқылы да жүзеге асырылады.

Бос уақытты ұйымдастыру функциясы отбасылық демалыс мүмкіндігінің аздығымен (жалғызбасты болғандықтан уақыты пен мүмкіндігі үйлеспеуі мүмкін) түсіндіріледі.

Толық емес отбасы болғандықтан *репродукциялық функция*, яғни ұрпақ көбейту жағы да кемшін түсіп жататыны ұмытпауымыз керек.

Отбасының функцияларын зерделеу қазіргі қоғамда жалғызбасты аналардың әлеуметтік бейімделуін объективті және субъективті факторлар айқындайтынын көрсетіп отыр. Сондықтан дәстүрлі отбасылық қарым-қатынастармен салыстырғанда жалғызбасты аналардың отбасында кездесетін қиындықтарды ескере отырып жүргізілгенде ғана әлеуметтік жұмыстар өз нәтижесін береді.

Отбасының тұтастығын сақтау және жоғарыда біз атап өткен функцияларын жүзеге асыру жалғызбасты аналардан үлкен күш-жігерді және айналасындағы адамдардың: туыстары, достары, әріптестері және тағы басқалардың қолдауын талап етеді. Толық емес отбасында болу әйелдің құндылық бағдарларын қайта қарастыруға, өзінің жағдайына, жағдайына, сондай-ақ мүмкіндіктері мен

ресурстарына деген көзқарасты қайта қарауға және оны басқаратын әйелдің өмірлік ұстанымын жандандыруға әкелуі мүмкін.

Жас жалғызбасты аналар, әдетте, баланы бағып, өсіру үшін тиісті тәжірибе мен материалдық мүмкіндіктері өте шектеулі болғандықтан әлеуметтік бейімделуін кері әсерін тигізеді. Оларға мемлекеттік көмек, әлеуметтік және психологиялық қолдау қажет. Әлеуметтік бейімделу процесі кезінде жұмыс істеуді ата-ана болу рөлімен, баланың ауруымен, босану кезіндегі асқынулармен және босанғаннан кейінгі депрессиямен үйлестіре алмауымен қиындай түседі.

Сапалы медициналық және психологиялық көмек алуға қол жеткізудің қиындығы – жалғызбасты аналар үшін қиындық тудыратын фактілердің бірі. Әсіресе күйзелістегі аналарға психологиялық қызмет көрсететін орталықтардың болмауы немесе олардың санының аздығы жалғызбасты аналардың адекватты емес жағдайларға баруына әкеп соғып жатады.

Жалғыз аналарды әлеуметтік бейімдеу процесінде олардың онлайн форматтағы жұмыс түрлерін меңгеруіне мүмкіндік беру бір жағынан қосымша табыс алуға қол жеткізсе, екіншіден, өмірге дұрыс көзқарасын қалыптастырып, күйзелістен жеңіл шығуына ықпал етіп жатады.

Әкесіз бала тапқан жас аналарды әлеуметтік-қоғамдық тұрғыдан қабылдамау, оларды замандастары, ата-аналары, туыстары тарапынан тәлкек ету жағдаяттары жиі кездеседі. Көптеген елдерде олардың білімін жалғастыруына, мамандық игеруіне, содан кейін жұмысқа орналасуына ықпал ету жұмыстары жүргізіліп келеді [69].

Жалғызбасты аналарды қолдау, әлеуметтік мәдени ортаға бейімдеу, оны өмірге әкелген баласын тәрбиелеуге үйрету, жауапкершілік сезімін арттыру, білімін жалғастыруға көмектесу, қоғамнан өз орнын табуына ықпал ету, материалдық қолдау факторлары аса маңызды. Қалай болғанда да осы тақырыптағы зерттеулердің барлығының мақсаты бір - жас жалғызбасты аналарды қолдау жүйесінің теориялық негізін жүйелеу.

Социореадаптациялау процесінің күрделі сипаты осы құбылысты зерттеуге бірыңғай дүниетанымдық және ғылыми-әдіснамалық көзқарастың болмауымен түсіндіріледі. Бұл ұғымды нақты түсінуге қатысты бірыңғай тәсіл қалыптасқан жоқ, өйткені әр ғылыми бағыт оны өз жолымен түсінетіні анық. Биологиялық, физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік аспектілерді ерекше байланыстыратын бейімделу ұғымы ғылыми-теориялық бағыттар мен терминнің мәні мен семантикалық реңктерін нақтылау үшін жаратылыстану, философиялық, гуманитарлық және әлеуметтанулық әдебиеттерде қолдану тәжірибесін жан-жақты талдау қажеттілігі туындайды.

Әлеуметтік бейімделу мәселесі алғаш рет XVIII ғасырдың екінші жартысында әлеуметтік ғылымдар жүйесінде қарастырыла бастады. Тұжырымдаманы зерттеу әртүрлі ғылыми тәсілдер мен бағыттар аясында жүзеге асырылды, бұл осы құбылыстың көптеген семантикалық реңктері туралы айтуға мүмкіндік береді.

Психологиялық бағыттағы авторлардың едәуір бөлігі әлеуметтік бейімделуді субъект пен қоршаған ортаның қақтығыстарын шешудің тәсілі ретінде ұсынады.

Э.Фромм өзі жасаған гуманистік жоспарлау тұжырымдамасында бейімделу механизмін қолдана отырып, жеке адам мен қоғамның қақтығысын жеңуге болады деп болжады, ол үшін адам қоғамның талаптарына бейімделуі керек. Адамның іс-әрекеті қоршаған ортаға бейімделу ретінде ұсынылады, дегенмен ол қоғам белгілеген нормалар мен ережелерді игеру процесінде өзінің ішкі табиғатына сәйкес стихиялық белсенділікті жоққа шығармайды. Бейімделудің нәтижесі - қақтығыс тәжірибесінің болмауы және субъективті (жеке) қажеттіліктерді қанағаттандыру.

Осылайша, әлеуметтік бейімделу әлеуеті әлеуметтік субъектінің өзгерістерге реакциясына байланысты, бұл, ең алдымен, адамның сана-сезімін және мінез-құлқын анықтайды. Бұл жағдайда бейімделудің сәттілігі адамның айналасында үстемдік ететін ұйымға бейімделу тұрғысынан бағаланады. Әлеуметтік рөлдер мен әлеуметтік нормалардың тұрақты және нақты жүйесін қабылдау және игеру және мінез-құлықтың нормативтік үлгісін жүзеге асыру бейімделу әлеуетін арттырады және субъектіге қоршаған ортаның талаптарын қанағаттандыруға және өз мақсаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік бейімделуді жалпы әлеуметтік тепе-теңдікке қол жеткізуге бағытталған процесс ретінде қарастыра отырып, адамның әлеуметтік нормаларды қалыптастырудағы маңыздылығын ескеру қажет. Жаңа жағдайларда әрекет ете отырып, адам өзінің жеке қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыру үшін өз қызметін ұтымды етеді, бұл өз кезегінде жаңа әлеуметтік өзгерістерге әкеледі (Э.Дюркгейм, М.Вебер, Ч.Томас, Ф.Знанецкий және т. б.).

Біздің зерттеуіміздің контекстінде субъективті, жеке-белсенді және проблемалық-жеке сияқты тәсілдерді қарастыру қызығушылық тудырады, өйткені біз жеке тұлғаны, яғни жалғызбасты ананы әлеуметтік бейімделудің нақты субъектісі ретінде қарастырамыз. Бұл жағдайда социологиялық және психологиялық ғылымдардың символдық интерактивизм, феноменологиялық, әлеум-еттану және жеке теориялар сияқты теорияларды біріктіретін даралық центризм сияқты бағыты қызығушылық тудырады (Г.Гарфинкель, А.Шюц, Ч.Кули, Т.Лукман және т. б.).

К.Роджерс теориясына сәйкес, адамның өзін сақтауға және актуализациялауға деген туа біткен ұмтылысы адамдарды сыртқы құндылық жағдайларына емес, ішкі бағалау процесіне сәйкес үлкен күрделілік пен әлеуетті ашуға итермелейді. Осылайша, әлеуметтік бейімделу, адамның даму көзі бола отырып, жеке тұлғалардың әлеуметтік фактілер мен әлеуметтік ортадағы өзгерістерді түсіну тәсілдерімен анықталады. Бұл процесс барысында, ең алдымен, жеке тұлғаның бейімделу әлеуетін ашу және әлеуметтік-мәдени өзгерістердің тұрақсыз жағдайында өзін-өзі жүзеге асырудың жолдарын іздеу қарастырылады [70]. Бейімделу әдістерін таңдаудағы шешуші рөл белгілі бір адамның проблемаларына, оның әлеуметтік-экономикалық және жеке ерекшеліктеріне байланысты.

Әлеуметтік бейімделу әртүрлі деңгейдегі өзгерістерге және жаңадан дамып келе жатқан әлеуметтік қатынастар жүйесіне бейімделуін қамтамасыз ететін әмбебап механизм бола отырып, жеке адамның өміріндегі шешуші кезеңдерде де ерекше өзектілікке ие болады.

И.А.Милославова әлеуметтік бейімделуді әлеуметтену тетіктерінің бірі ретінде қарастырады, бұл адамға (топқа) қайталанатын жағдайларды стандарттау арқылы әлеуметтік құрылымға белсенді қосылуға және әлеуметтік ортада сәтті жұмыс істеуге мүмкіндік береді [71]. Т.Шибутани бейімделуді өмір бойы жалғасатын, үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік-мәдени жағдайларға бейімделу процесі деп санайды, бұл әлеуметтік өмірдің мәнін құрайды [72].

Адамның бейімделу табиғатын әртүрлі ғылыми-зерттеу позициялар тарапынан қарастыру, көзқарастардың ерекшелігі мен ғылыми көзқарастардың динамикасын ескере отырып, зерттелетін құбылыстың терең мағынасын анықтауға, сонымен қатар оның мәні мен мазмұнын анықтауда көп бағытты атап өтуге мүмкіндік берді. Жеке тұлға деңгейінде әлеуметтік бейімделу субъективті қажеттіліктер мен талаптарды нақты мүмкіндіктермен, әлеуметтік ортаның күтулерімен үйлестіруді қамтамасыз етеді және субъектінің берілген кеңістікте әлеуметтік және мәдени ресурстарды ұтымды бөлу қабілетіне байланысты.

Зерттеудің қалыптасқан дәстүрлері шеңберіндегі анықтамалар мен көзқарастарды теориялық талдау негізінде біз үшін әртүрлі түсіндірмелердің жалпы санынан әлеуметтік бейімделуді түсінудің келесі негіздерін бөліп көрсету маңызды:

- әлеуметтік-қоғамдық шындық контексінде өзгермелі, өтпелі жағдайларда тұлғаның қызметі мен даму тәсілі ретінде;

- субъектінің белгілі бір өмір сүру жағдайларына және жалпы әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу механизмі ретінде;

- әлеуметтік нормалар жүйесін (ережелерді, ұйғарымдар мен тыйымдарды) және олардың маңыздылық дәрежесін үздіксіз трансформациялау жағдайында субъектінің және ортаның өзара талаптары мен үміттерін, қажеттіліктері мен мүдделерін келісу және қанағаттандыру, субъектінің әлеуметтік мәртебесінің өзгеруімен және өмір салтының өзгеруімен байланысты проблемаларды шешудің оңтайлы жолдарын іздеу бағытындағы қызмет ретінде;

- әлеуметтік және жеке нормалар мен құндылықтарды үйлестіру және қарым-қатынас, мінез-құлық және қызмет арқылы әлеуметтік өзара әрекеттесу нысандарын белсенді іске асыру арқылы субъект пен ортаны бейімдеу процесі мен нәтижесі ретінде.

Жаңа жағдайларға бейімделу процесінде белгілі бір адамның психологиялық танымын өзгерту, оның ішінде өмірлік жағдайды қайта бағалау және оң өмірлік перспективаны қалыптастыру бейімделудің әлеуметтік-психологиялық компонентін білдіреді. Өмірдің өзгеретін жағдайларында экономикалық қатынастардың жаңа әлеуметтік-экономикалық нормалары мен принциптерін игеру әлеуметтік - экономикалық компонентті қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, әлеуметтік бейімделудің сапасы адамның қай жерде және қандай тұрмыстық жағдайда болатынына байланысты болады, ал тұрмыстық бейімделу

үй еңбегінің белгілі бір түрлерін жүзеге асыруға, тұрмыстық функцияларды орындауға, субъектінің тікелей тіршілік ету ортасында тұрмыстық қызметтерді көрсетуге және алуға бейімделуді білдіреді. Коммуникациялық қажеттіліктерді іске асыру және жаңа (өзгерген) әлеуметтік жағдай жағдайында әлеуметтік ортамен қарым-қатынас арқылы тиімді өзара іс-қимылға қол жеткізу ақпараттық мүмкіндіктерді іздеу және әлеуметтік-коммуникациялық бейімделу (әлеуметтік ортамен қарым-қатынас саласындағы бейімделу) барысы нәтижесінде мүмкін болады. Қазіргі әлеуметтік жағдайдың резервтік мүмкіндіктерін тиімді пайдалану адамның өзін-өзі бағалауын, шығармашылық өзін-өзі көрсетуге, өзін-өзі анықтауға және өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын арттырады.

Әлеуметтік-мәдени компонент адамның бейімделуінің жалпы бағытын, белгілі бір жағдайдағы әлеуметтік субъект пен әлеуметтік-мәдени орта арасындағы қатынастардың сипатын анықтауға негіз болып табылады. Қалған процестер, өз кезегінде, процестің соңғы сатысына субъектінің жетуін тездету немесе баяулату арқылы тұтас нәтижеге әсер етеді.

Өзгеретін қоршаған орта оның құрылымдық элементтері мен аспектілерінің барлық түрлерінде жеке тұлғаның мінез-құлқын анықтайды: біріншіден, макроәлеуметтік (әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-мәдени және басқа) жағдайлардың жиынтығы, объективті құндылықтар мен үлгілер жүйесі; екіншіден, тұрақты және субъект игерген психологиялық кеңістікке қатысты нақты жағдайлардың жиынтығы. Әлеуметтік бейімделу объектісі өмір сүру жағдайларын қамтиды; әлеуметтік-мәдени нормалар жүйесі, белгілі бір саладағы әлеуметтік қатынастардың құндылықтары мен стереотиптері; белгілі бір әлеуметтік институт аясында біріктірілген гендерлік, отбасылық және кәсіби мәртебелер мен рөлдер жүйесі; осы институттың қазіргі әлеуметтік құрылым мен қоғамдық пікірдегі орны мен рөлі.

Әлеуметтік бейімделу шарттары - әлеуметтік-мәдени бейімделу процесін анықтайтын және өмір салтын тұрақтандыруға және болжауға қол жеткізуге болатын орта мен жеке тұлғаның сипаттамаларының жиынтығы, өйткені олар бейімделу ресурстарының әлеуетті тасымалдаушысы ретінде әрекет етеді. Әлеуметтік экологиялық жағдайлар - әлеуметтік, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және басқа да әлеуметтік субъектілердің өмір сүру жағдайларының жиынтығы. Бұл жағдайлар сыртқы ортаның жағдайын сипаттайды және белгілі бір әлеуметтік-мәдени жүйеге сәйкес қызметтің функционалды және мақсатты шектеулері ретінде әрекет ететін әлеуметтік өмірдің жалпы ұйымдастырылуына шешуші мән береді. Сыртқы (экологиялық) жағдайлардың болуы мен сапасы жеке адамға байланысты емес, бірақ қоршаған орта жағдайларын қамтитын бейімделу әлеуеті мен ресурстарын субъект әлеуметтік-мәдени бейімделу процесінде пайдалана алады.

Сонымен қатар, нақты және объективті бағаланатын сипаттамалардың - білім, білік, дағдылар, жеке қасиеттер және т.б. жиынтығын ескеру қажет, олар әлеуметтік-қоғамдық бейімделудің жеке жағдайлары ретінде анықталуы мүмкін тікелей өмірлік ортадағы адамның әлеуетті мүмкіндіктерін анықтайды.

Ақпараттық-әлеуметтік-мәдени бейімделу кезеңінде өзекті болып табылатын және өзіне қабылданған жаңа рөлдер мен функцияларды орындауға мүмкіндік беретін әлеуметтік және субъективті маңызды ақпаратты алу, бұл өз кезегінде таңдалған өмірлік стратегияны іске асыру барысында бейімделу мінез-құлқы мен іс-әрекетінің стилін анықтайды.

Реттеу және кеңес беру - субъектінің әлеуметтік-мәдени ортаға және тікелей ортаға ұсынатын әлеуметтік бағалауы негізінде бейімделу мінез-құлқының өзіндік шешімдерін, әдістері мен нысандарын түзету.

Дамытушылық-әлеуметтік-мәдени бейімделу процесінде әлеуметтік қасиеттерді (қабілеттер, қасиеттер және сипаттамалар) қалыптастыру және субъектінің жеке басын дамыту. Бұл функцияларды іске асыру әлеуметтік қарым-қатынастың тиімділігін қамтамасыз етеді, бұл субъектінің әлеуметтік-мәдени бейімделу процесін оның барлық кезеңдерінде оңтайландырады.

Зерттеушілер субъектінің әртүрлі белсенділік дәрежесін ескере отырып, бейімделу процесінің келесі формаларын ажыратады, субъект пен қоршаған ортаның мақсаттары мен құндылық бағдарларының жақындасуын және субъектінің қажеттіліктері мен мотивтерінің құрылымымен анықталады: белсенді бейімделу және пассивті бейімделу [73].

Белсенді бейімделу субъектінің белсенді және әлеуметтік мақұлданған іс-әрекетке қажетті және мотивациялық дайындығын, адамның осы дайындығын белгілі бір іс-әрекетте жүзеге асыруды білдіреді; субъект оны өзгерту мақсатында әлеуметтік ортаға әсер етуге тырысады. Белсенді бейімделу әлеуметтік ортаға белсенді әсердің басым болуымен, өзара әрекеттесудің жаңа тәсілдерін құрумен және әлеуметтік және жеке маңызды мақсаттарға қол жеткізумен сипатталады.

Пассивті бейімделу субъектінің өтпелі жағдайдағы балама таңдауды қиындататын әлеуметтік шындықтың өзгеруіне пассивті қатынасы арқылы анықталады. Пассивті бейімделу жағдайында субъект шындықты сол қалпында қабылдайды және ештеңені өзгертуге тырыспайды [74].

Әлеуметтік-мәдени бейімделудің сәттілігін келесі көрсеткіштер бойынша бағалауға болады:

Субъектінің мәртебесін сақтау немесе арттыру. Бұл жағдайда әлеуметтік-мәдени бейімделудің объективті нәтижесі ретінде объективті әлеуметтік-мәдени, материалдық-экономикалық, кәсіби және жеке сипаттамаларды қамтитын интегралды эмпирикалық көрсеткіш ұсынылады. Яғни, субъектінің әртүрлі өмір сүру жағдайларының қалпы бағаланады: материалдық қауіпсіздік, әлеуметтік-мәдени қауіпсіздік, қалаған мамандықты меңгеру мүмкіндігі, демалыс және бос уақытын өткізу жағдайлары, әлеуметтік-мәдени еркіндік дәрежесі және т. б.

Субъектіде мінез-құлықтың бейімделгіш формаларының болуы. Субъектінің өзгермелі әлеуметтік-мәдени жағдайларға бейімделу дәрежесі жаңа әлеуметтік-мәдени шындыққа және әлеуметтік-мәдени үміттерге сәйкес келетін, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі өз қажеттіліктерін қанағаттандыратын өмірлік стратегияларына байланысты.

Субъектінің әлеуметтік әл-ауқатының сипаты. Бейімділіктің субъективті көрсеткіштері ретінде біз субъектінің өзін-өзі жүзеге асыруы мен әлеуметтік әл-ауқатын ажыратамыз. Әлеуметтік әл-ауқат - бұл әлеуметтік-мәдени бейімделудің нәтижесі, ол субъектінің қоршаған шындыққа қатынасын көрсетеді және тұтастай алғанда өмірге қанағаттануынан көрінеді [75].

Өзін-өзі жүзеге асыру дегеніміз - субъектінің өз құндылығын түсінуі, жағдайларды басқару, нақты жағдай мен ұзақ мерзімді салдарларды ескере отырып, іс-шаралар жоспарлары мен мақсаттарының болуы.

Осылайша, әлеуметтік жұмыстың мақсаттары тұрғысынан әлеуметтік-қоғамдық бейімделу мәселелерін зерттеу кейбір тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Субъект пен қоршаған ортаның құндылықтары мен мақсаттарының белгілі бір арақатынасына қол жеткізуге мүмкіндік беретін мінез-құлық үлгілерін жасау адамның әлеуметтік бейімделуінің нәтижесі ретінде қарастырылады. Осы зерттеу аясында субъектінің-жеке тұлғаның әлеуметтік-мәдени бейімделу факторларының кешені айқындалады. Объективті және субъективті факторлардың арақатынасы субъектінің бейімделудің белсенді немесе пассивті формасын және оның әрі қарайғы мінез-құлық стратегиясын таңдауын анықтайды. Субъектінің құндылық бағдарлары өмірлік маңызды шешімдер қабылдау критерийлері және өмірлік мақсаттардың негізі болып табылады, инновациялық жағдайларда субъектінің мінез-құлқы мен қызметін реттейді.

Қазіргі қоғамдағы жалғызбасты аналардың әлеуметтік бейімделу процесі мен нәтижесі объективті және субъективті әлеуметтік-мәдени факторлар кешенімен анықталады. Жалғызбасты ананың әлеуметтік жағдайына жанама әсер ететін мәдени, әлеуметтік және экономикалық факторлар объективті болып табылады. Ал оның бейімделу санасы (құндылық бағдарлары, өмірлік мұраттары), бейімделу қарым-қатынасы, бейімделу мінез-құлқы және қызметі субъективті факторларды құрайды.

Сондықтан әлеуметтік бейімдеу психологиялық, экономикалық, әлеуметтік-мәдени, гендерлік және басқа аспектілердің бірлігінде көрінетін көпжақты процесс екенін атап өтуіміз керек.

Енді әлеуметтік қайта бейімделу (әлеуметтік реадаптация) ұғымына тоқталайық. Бұл сөздің шығу тегі латынның adapto – «бейімдеу», re – «қайта» дегенді білдіретін сөз алды қосымшасы және socialis – «қоғамдық» сөздерінен тұрады. Психологиялық сөздіктердің бірінде: «әлеуметтік бейімделу - жеке адамды әлеуметтік контекстке қайта қосу және бұрынғы әлеуметтік байланыстар бұзылған ауыр аурудан кейін оның компенсаторлық әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру процесі» [76] деген анықтама берсе, тағы бір сөздіктерде «Еңбекке бейімделуді де, әлеуметтік бейімделуді де қамтитын процесс» [77] деп түсіндіріледі. Жекелеген термин сөздіктерде «Реадаптация - адамның еңбек және тұрмыс жағдайларына бейімделуіне ықпал ететін жоғалған немесе әлсіреген реакцияларын қалпына келтіруге бағытталған іс-шаралар кешені. Медициналық реадаптация - адамның белгілі бір еңбек және тұрмыс жағдайларына бейімделуін қамтамасыз ететін физиологиялық және психофизиологиялық реакцияларын

қалпына келтіруге бағытталған емдеу-алдын алу шараларының кешенін қамтитын реадаптация. Әлеуметтік реадаптация – адамның нақты жағдайларға, оның ішінде әлеуметтік: еңбек пен тұрмысқа бейімделуін қалпына келтіруге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық іс-шаралар кешені» [78] деп нақтылайды. Яғни әлеуметтік реадаптация - бұл адамның қоғамға, әлеуметтік ортаға қайта бейімделу процесі. Бұл ұғым ұзақ жылдар бойы көбінесе өмірдің қиын жағдайларынан кейін (мысалы, түрмеден босату, есірткі немесе алкоголь тәуелділігінен емделу, психикалық аурудан айығу, соғыс немесе табиғи апаттан кейінгі жағдайлар, т.б.) қоғамға қайта оралуға және толыққанды өмір сүруге ұмтылған тұлғаларға қатысты қолданылып келді. Бірақ жаһандану заманының өзіндік сын-қатерлері бұл ұғымның қолданылу аясын кеңейтіп отыр. Оны кейінгі жылдарғы ғылыми еңбектер, атап айтқанда, бала күту демалысынан шыққан әйелдерді реадаптациялау [79], қарт адамдарды әлеуметтік реадаптациялау [80] және тағы басқа тақырыптардағы зерттеулер дәлелдейді.

Енді әлеуметтік жұмыстағы реадаптацияның негізгі мазмұнына тоқталайық. Ол ең бірінші, тұлғаның ішкі күйін, эмоцияларын, мінез-құлқын қалыпқа келтіру; өзін-өзі бағалауды орнықты ету; қиындықтармен күресу қабілетін дамыту процестерін қамтитын *психологиялық бейімделуді* қарастырады**.** Екіншіден, *қоғамдық қарым-қатынасты қайта қалыптастыру* процесі. Бұл отбасымен, достарымен, әріптестерімен байланыстарды жаңарту немесе жаңадан орнату; әлеуметтік рөлдерді (мысалы, ата-ана, қызметкер немесе жұмыскер, көрші ретінде қарым-қатынас жасау т.б.) қайта қабылдау және оларды атқару міндеттерін қалпына келтірумен тығыз байланысты. Әлеуметтік реадаптацияның тағы бірі маңызды бағыты - *құқықтық және кәсіби икемделу,* ол - құқықтық мәртебені қалпына келтіру (қажет болған жағдайда құжаттарды алу, тіркеу, т.б.); жұмысқа орналасу немесе білім алу арқылы қоғамда өз орнын табу сияқты әрбір адам үшін аса маңызды өмір белестерін бағындыруымен түсіндіріледі. Ал *мәдени және рухани бейімделу адамның қ*оғамдық құндылықтар мен нормаларды қайта қабылдауы мен өмірлік мағына мен мақсатты іздеуіне көмектеседі. Байқап отырсақ, әлеуметтік жұмыс барысында жүргізілетін реадаптацияның мақсаты - адамның әлеуметтік ортада толыққанды өмір сүру қабілетін қалпына келтіру, қоғамға сәтті қайта қосылуын қамтамасыз ету және қайталанатын девианттық мінез-құлықтың алдын алу.

Жас жалғызбасты ананы әлеуметтік реадаптациялау бір-бірімен өзара байланысты және өзара кіріктірілген құндылық компоненттерінен тұрады. Басқаша айтқанда, қоғамда қабылданған жалпыға ортақ мәдени құндылықтар, нормалар мен дәстүрлер, екінші жағынан, жас ананың өзінің құндылық бағдарлары, өмірлік идеялары мен көзқарастары түйіскен жағдайда ғана әлеуметтік бейімдеу жұмыстарының нәтижелі болатыны сөзсіз. Бұл жалғызбасты ананың бейімдеу процесін оңтайлы қабылдауы, бейімделу қажеттілігін түсінуі, өзінің құндылық бағдарларын, идеяларын және мінез-құлқын белгілі бір бейімделу сәтінде әлеуметтік-мәдени ортаның өзгерген жағдайларына сәйкес келтіруге деген ұмтылысынан байқалады.

Қазіргі заманғы жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеу кезінде олардың отбасындағы гендерлік рөлдердің деформациясы қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайдағы толық емес отбасы субъектілерінің өмір сүру, жұмыс істеу және қарым-қатынас ерекшеліктерін, эмоционалды-психологиялық, тәрбиелік, әлеуметтік-экономикалық және басқа ресурстарды және олардың өмір салтының ерекшеліктерін анықтайтындығын ескеру қажет.

Толық отбасында орындалатын бірқатар функцияларды, атап айтқанда, репродуктивтік, тәрбиелік, шаруашылықтық-экономикалық, қоршаған ортамен қарым-қатынас орнату және т.б. ерлі-зайыптылар кезектесіп атқаратын болса, жалғызбасты аналар осының бәрін өз мойнына алады. Аталған функцияларға жас жалғызбасты аналардың әдетте дайын бола бермеуі заңды құбылыс. Әсіресе бала дүниеге келген алғашқы айларда жалғызбасты аналардың психологиялық, материалдық дағдарысы өте жиі кездеседі. Сондықтан жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау мен әлеуметтік қорғаудың түйткіл мәселелерін шешуді ұсыну ғылыми негіздеуді талап етеді.

Жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеудің мақсаты – жалғызбасты ананың тұлғалық дамуында белгілі бір сандық және сапалық өзгерістерге қол жеткізу: қызметтің барлық салаларында әлеуметтік рөлдерді оңтайлы біріктіру; оның отбасының әл-ауқатын арттыруға мүмкіндігін жоғарылату және өзін-өзі толық жүзеге асыруын қамтамасыз ету. Бұл олардың әлеуметтік ортаға қайта бейімделуіне, отбасылық және қоғамдық рөлдерін тиімді атқаруына бағытталған жүйелі, кешенді үдеріс. Аталған үдеріс мемлекеттің отбасылық саясатының негізгі құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс. Себебі толық емес отбасында тәрбиеленіп жатқан балалардың құқығы мен әл-ауқаты көбіне ананың әлеуметтік жағдайына байланысты қалыптасады. Жас аналар өзінің ішкі ресурстары жеткіліксіз болған жағдайда қоғам мен мемлекеттің нақты қолдауын сезінуі тиіс. Бұл – әлеуметтік әділеттілік пен тең мүмкіндік қағидасына негізделген, гендерлік теңдікке қол жеткізуді көздейтін саясаттың бір көрінісі. Егер мұндай қолдау жүйелі түрде жүзеге асырылса, жалғызбасты аналар маргиналдық жағдайдан арылып, белсенді әлеуметтік рөлге ие болады, ал бұл өз кезегінде баланың да үйлесімді дамуына ықпал етеді. Сондықтан, әлеуметтік реадаптация – бұл тек жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның маңызды әлеуметтік міндеті, себебі бейімделген азамат – тұрақты, қауіпсіз және өркендеген қоғам кепілі.

2 ЖАЛҒЫЗБАСТЫ АНАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ШЕШІМДЕР МЕН ТӘЖІРИБЕЛЕР

2.1 Қазақстандағы жалғызбасты аналарды қолдаудағы нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау

«Жалғызбасты ана» ұғымына кімдер жатады, «некеден тыс бала туған жас аналар», «жасы келіп, өзі үшін туып алғандар», «жесір қалғандар», «ажырасу нәтижесінде өз бетінше балаларын тәрбиелеп жатқан аналар», «тіркелмеген некедегі аналар», «жалғыз өзі бала асырап алғандар» және тағы басқа түрлі жағдайлармен жалғызбасты аналар атанғандар ма, осы жағы нақты талдауды қажет етеді. Қалай болғанда да некеден тыс бала туып, өзі асырап отырған жалғызбасты жас аналардың категориясы барлық жағынан оқшау тұрады, себебі олар әу бастан толық емес отбасы саналады. Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңына сәйкес, жалғызбасты әйел санатына некеде тұрмаған, жалғыз бала тәрбиелеп отырған әйел жатады. Осы тұрғыдан алғанда, Еңбек кодексінің нормаларына сәйкес, жалғызбасты анаға некеде тұрмаған, бірақ жалғыз бала асырап отырған әйелді жатқызуға болады. Сондай-ақ, 14 жасқа дейінгі бала (он сегіз жасқа дейінгі мүгедек бала) тәрбиелеп отырған және қайтадан ресми некеге тұрмаған «ажырасқан әйел» де жалғызбасты ана санатына жатады.

Қоғам дамуының қазіргі кезеңі әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен, рухани құндылықтардың ауысуымен сипатталады, ол өз кезегінде неке-отбасылық қатынастарға әсерін тигізіп отырады. Жалғызбасты жас аналар санының күрт артуы осындай өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жалпы әлем бойынша жалғызбасты аналарға деген көзқарас әртүрлі.

Біз зерттеу жұмысымызда жеке тұлғалық қарым-қатынастағы дағдарыстық жағдайдың кесірінен, яғни некесіз жүкті болып қалған аналар мәселесіне көбірек тоқталатын боламыз, себебі жасы келген, қоршаған ортада өзіндік орны, тұрақты жұмысы бар, саналы түрде «өзі үшін» дүниеге бала әкелетін аналардың мәселесі басқаша көзқарасты талап етеді. Біз әрине, мұндай жалғызбасты аналардың проблемасы жоқ деуден аулақпыз, бірақ 18-19 жасында жалғызбасты ана атанғандар мен жасы келген шақта отбасын құруды ойланып, өзінің барлық талаптарына сай келетін жар таппаған жағдайда бала туып алуды мақсат еткен жалғызбасты аналардың әлеуметтік жағдайы тең емес.

Жас жалғызбасты аналар проблемасын талдауда ең алдымен республикадағы жастар санының өзгеру динамикасына назар аударған жөн. Себебі жастардың әлеуметтік жағдайы, мінез-құлық ерекшеліктері мен өмірлік таңдауы осы мәселенің қалыптасуына тікелей әсер етеді.

Қазақстанда тәуелсіздік алған жылдан бері жастар саны бірқатар өзгерістерге ұшырады. Мәселен, 2010 жылы елдегі жастар саны 4 500 772 адамды құрап, бұл жалпы халықтың 27,6%-ын иеленді. Алайда, 2022 жылға қарай бұл көрсеткіш 3 741 083 адамға дейін азайып, жалпы халықтың 19,6%-ын ғана құрады [60]. Яғни, он екі жыл ішінде жастар саны шамамен 8%-ға қысқарған.

Дегенмен, 2023 жылдан бастап жастардың жасы 35 жасқа дейін ұлғайтылуына байланысты жастар санында елеулі өсім байқалды. Осы өзгерістің нәтижесінде, 2025 жылы жастар саны 5 817 339 адамға жетті [81]. Бұл көрсеткіш жастар үлесінің тек демографиялық емес, саяси-әлеуметтік маңызы артқанын да айғақтайды (кесте 2). Аталған жастардың ішінде қалалық жастар – 63%**,** ал ауылдық жастар – 36,9%-ды құрап отыр.

Кесте 2 – Жастардың тұратын жер типіне байланысты саны

Жылдар	**2020**	**2021**	**2022**	**2023**	**2024**	**2025**
Жалпы жастар саны	5 684 737	5 660 361	5 694 358	5 726 559	5 759 695	5 817 339
Оның ішінде: қалалықтар	3 379 991	3 374 865	3 544 859	3 576 656	3 607 812	3 666 998
Ауылдықтар	2 304 746	2 285 496	2 149 499	2 149 903	2 151 883	2 150 341


[Дереккөз: ҚР СЖжРА Ұлттық статистика бюросы]

Жастар санының өсуі мен олардың қоғамдағы үлесінің артуы бұл топтың әлеуметтік-психологиялық мінез-құлқына назар аударуды қажет етеді. Өйткені, жастардың жас ерекшелігіне тән өтпелі кезеңдегі психологиялық тұрақсыздық пен құндылықтар жүйесіндегі өзгерістер олардың ерте жыныстық қатынасқа бару ықтималдығын арттырып, бұл жағдай жас жалғызбасты аналар қатарының көбеюіне тікелей әсер етуде.

Ғалымдар жасөспірімдерде өтпелі жас кезеңінде гормондардың белсенділігі артып, жүйке жүйесінің тұрақсыздығы салдарынан импульсивті іс-әрекеттерге баруы жиілейтіндігі туралы жазып жүр. Олар тезірек ересек болуға ұмтылып, қоғамда қалыптасқан мінез-құлық нормаларына қарсы шығып, жыныстық қарым-қатынасқа барады, оның арты ерте жүктілікке алып келуі мүмкін [82, 32-38].

Енді жастар арасында жыныстық өмірді бастағандардың орта жасы 16,5 жасты құрайтынын ескерсек, бұның салдары жасөспірім жас аналар санының артуына алып келетіні анық. 15-19 жастағы жастардың 29,4%-і жыныстық қатынасты бастағандар, олардың 44%-тен астамының бірнеше жыныстық серіктесі болуы тіпті алаңдатады.

Белсенді жыныстық өмір сүретін жас қыздар арасында жүргізілген сауалнама бойынша олардың 16,7%-і бір кезде жүкті болғандығын, олардың ішінде 62% -і дүниеге бала әкелгендігін, 22%-і жасанды түсік жасатқанын, 16%-і өздігінен түсік тастағанын айтқан (сурет 8).



Сурет 8 - Жас қыздар арасында жүргізілген сауалнама жауаптары [82]

Бұл зерттеу 15-19 жас аралығындағы жастардың жыныстық және репродукциялық саулық мәселелері жөнінде хабарларының мардымсыз екендігін көрсетті, әсіресе жасөспірімдердің 66%-і бала көтеріп қалу туралы, 47% түсік жасатудың салдарлары туралы мүлде білмейді. Бұл дегеніміз, жасөспірімдердің үштен бірінің ерте жүкті болып қалу, некесіз баланы дүниеге әкелу, жасанды түсік жасату, жыныстық жолмен түрлі ауруларды жұқтыру қаупі тым жоғары.

Жасөспірімдердің жүктілігі көптеген елдерде денсаулық сақтаудың маңызды проблемасына айналды. Жыл сайын әлемде 15-19 жас аралығындағы 16 миллионға жуық қыз туады. Жасөспірім кезіндегі балалардың дүниеге келуі қыз бен оның сәбиінің денсаулығына ауыр зардаптар әкелуі мүмкін [83]. Сондықтан ерте жүктіліктің алдын алу және жас аналарға және балаларға тигізетін жағымсыз салдарларды азайту үшін әлеуметтік қолдауды қамтамасыз ету зерттеушілер мен практиктердің жұмысының қажетті бағыттарының бірі болып табылады [84, 30-33].

Ғалымдар ерте жүктілікті көпаспектілі және көпфакторлы феномен деп атап, оны бағалауды, оған деген қалыптасқан көзқарасты, стереотипті қайта қараудың қажеттілігін айтып келеді [85]. Бұл мәселе туралы көзқараста тарихи және мәдени контекстерді, яғни ерте жүктілікті зерттеуде әрбір елдің тарихи даму дәуірлері, мәдениеті, жасөспірімнің әлеуметтік шығу тегі, жынысы, қала және ауылдық жерлерде тұруы да ескерілуі тиіс. Осылайша ерте жүктілік проблемасын терең зерттеп, бірқатар әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, психологиялық және тағы басқа факторларды зерделеу керек [86]. Шынында да ерте жүкті болу мәселесіне этникалық факторлардың қарым-қатынасын анықтау да аса маңызды. Әр елдегі ерте ана болу фактісіне көзқарастың түрлілігі тарихи дәстүрлермен, әдет-ғұрыптармен, сол ел халқының басым көпшілігі ұстанатын діннің нормаларымен айқындалады.

Жоғарыда келтірілген деректердің барлығы ерте жүктілік пен ерте ана атанудың алдын алу бойынша іс-шаралардың тиімділігін арттырудың аса қажеттілігін дәлелдеп отыр. Тағы бір өзекті мәселе, жалғызбасты аналар қатарын кәмелетке толмай некеге отырып (көбіне қыз баланың жүкті болып қалу

себебінен), кейін отбасын құруға, оны сақтап қалуға деген дайындығы болмағандығынан ажырасып кеткендер де толтыруда.

Жас қыздардың бала тууы көптеген қиындықтармен қатар жүреді, бұл физиологиялық, медициналық, психологиялық кедергілермен бірге қоғамдық-әлеуметтік, материалдық жағдайларға және сол баланы дүниеге әкелген жас ананың жеке мінез-құлқына да байланысты. Жалғызбасты қыздар үшін ерте ана болу мәртебесі көп жағдайда қуаныш әкелмейтіні анық нәрсе. Жас жалғызбасты аналар білімдерін жалғастыруда, жұмысқа тұруда, кәсіп игеруде қиналады, өздерінің және балаларының денсаулығын оңалтуда, отбасылық қарым-қатынастарды меңгеруде, тұрғылықты жер мен табыс көзін табуда әлеуметтік көмекке мұқтаж [87].

Сонымен бірге бұндай жас ананың нәрестені бағып-қағуда ешқандай тәжірибесі жоқ екендігін ұмытпағанымыз жөн. Қоршаған ортадан қолдау көрмеген кейбір жас аналар баладан бас тартады немесе жаңа туған баласын перзентханаға, қоқыс жәшігіне, подъезге т.б. тастап кетуіне дейін барады.

Жалғызбасты жас аналарға біздің елде қандай көмек көрсетіледі, оларды әлеуметтік тұрғыда қалай қолдайды?

Жас ана мәселесі қоғамда девианттық мінез-құлық ретінде, төтенше жағдай секілді жағымсыз қабылданады. Айы-күні жақындап, перзентханаға түскен кезде кәмелетке толмаған ана әлеуметтік жағынан да, құқықтық жағынан да қорғалмаған күйде болады. Мемлекеттік деңгейде осы әлеуметтік топқа көмек көрсету мәселелерін заңнамалық реттеу жоқ. Кәмелетке толмаған ананы әлеуметтік қайта бейімдеу үдерісі заңмен айқындалмағандықтан, мәселелер сұрақ күйінде қалып келеді.

Жас аналарды әлеуметтік бейімдеу, ең алдымен, олардың толыққанды білім алуын көздеуі тиіс, себебі білім адамның қоғамға интеграциялануына бірден-бір себепші болады, басқаша айтқанда білім арқылы адамның әлеуметтік ілгерілеуі жүзеге асады. Білім алу, мамандық, кәсіп игеру ертеңгі күнге сеніммен қарауға, психологиялық стресті жеңуге, қарым-қатынасты жақсартуға, алға жоспарлар қоюға, әлеуметтік оқшаулану процесінен шығуға көмектеседі.

Отбасы саясатын жүзеге асырудың бірден-бір тетігі әлеуметтік қолдау көрсету болып табылады, ол дегеніміз - өмірлік қиын материалдық жағдайға немесе психологиялық жағдайға ұшыраған азаматтарға қаржылық көмек, ақпараттар және әлеуметтік жеңілдіктер, атап айтқанда білім алуға, медициналық көмек алуға, қоғамдық көлікпен жүргізуге, тамақтануға, тұрмыс жағдайын жақсартуға және т.б. жеңілдіктер ұсыну [88]. Жалғызбасты аналардың жағдайы тек материалдық қолдаумен шектелмейді. Олар бастарына түскен тауқыметтің кесірінен психологиялық жағынан өте әлсіз келеді, сондықтан терең күйзелісте болып, психоактивті заттарды қолдануға көбірек әуес болады [89]. Өмірге құштарлықпен араласып келе жатқан шақта өз ортасынан айырылып, жүкті немесе балалы болып қалған қыз бала моральдық-психологиялық ауытқуларға, депрессияға ұшырауы жиі кездесіп отырады.

Эмпирикалық зерттеудің мақсаты ретінде біз «жалғызбасты ана» феноменологиясын және жалғызбасты аналардың өз өмірін сәтті құруына ықпал

ететін ресурстар туралы ойларын зерттедік. Бұл анкетаға Алматы қаласындағы дағдарыс орталықтарын уақытша паналап жатқан аналар өз еркімен қатыстырылды. Жас босанғаннан кейінгі болатын депрессия және тағы басқа себептермен 6 ана зерттеуден бас тартты. Барлық қатысқан ана саны - 126, олардың дағдарыс орталықтары бойынша бөлінісі 3 кестеде көрсетілді [90].

Кесте 3 - Сауалнамаға қатысқан аналар саны туралы мәлімет

Дағдарыс орталықтарының атаулары	**№1 «Ана үйі»**	**№2 «Ана үйі»**	**№3 «Ана үйі»**	**«Реванш» дағдарыс орталығы**	**«Убежище» дағдарыс үйі**	**Жас аналар**	**барлығы**
Қатысқан ана саны	29	31	33	5	18	10	**126**


[Ескерту: кесте автор тарапынан құрастырылған].

Нәтижесінде (Қосымша Ә) зерттеуге қатысқан 126 ананың мәліметі берілді. Сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі (59 қыз), (47%) 11 сыныпты бітірді, оның ішінде (2 қыз, 1%) 9 сыныпты ғана аяқтаған, барлық сұралғандардың тек (38), 30 % - орта арнаулы білімін, колледж аяқтаған болып шықты, (16 қыз) 13% – жоғары оқу орнын бітірген, (11 қыз), 9% жүктілік жағдайына байланысты жоғары оқу орнын тастап кеткен. Қыздардың барлығында дерлік, яғни 95%-інде жүктілік туралы хабарды ата-аналары, туыстары, баланың болжамды әкелері жағымсыз қабылдаған болып шықты. Осылайша баланың дүниеге келуі дағдарыстық жағдай, девиантты құбылыс саналған. Өкініштісі, 83% қыздар үшін - жүктілік күтпеген жағдай болып шықты. Олардың көбісі жыныстық сауатсыздық, қорғану құралдары туралы білімдерінің саяздығы, жігітіне сеніп қалу, одан айрылып қалмау және отбасын құрғысы келіп, осы әрекетке барғанымен түсіндіреді. Тағы бір айта кететін жайт, оқып жүрген қыздардың ішінен тек 1 қыз ғана академдік демалысқа шыққан, қалғандары жүктілігін жасырып, оқуды тастап кеткен. Жасөспірім қыздардың бойында өздерінің өмірлік және кәсіби бағдарлана алмауы, үлкендерге тәуелділік, серігін таңдауда қателесу сияқты ортақ проблемалармен бірге материалдық мәселе басты орында тұр. Олардың көбісі қаржылық мәселелерге баса назар аударып, өздерінің тым жас болуы себепті психологиялық, моральдық жағдайларға мән бермейтіні байқалды (сурет 9).



Сурет 9 - Жалғызбасты аналар үшін проблемалардың басымдығын айқындау [автор тарапынан құрастырылған]


Сауалнамадағы «Өміріңіз дұрыс болуы үшін не маңызды деп ойлайсыз?» деген сұраққа басым көпшілігі «материалдық жағдай», «білім», «тұрақты табыс» пен «тұратын жердің болуы» деп жауап берді (сурет 10).



Сурет 10 - Жалғызбасты аналар үшін құндылықтардың басымдығын айқындау [автор тарапынан құрастырылған]

Жалғызбасты аналардың алғысы келетін нақты көмек түрлері туралы жауаптары былай бөлінді: «Ана үйінен» немесе дағдарыс орталығынан кеткеннен кейін тұратын жерге зәру - 91%; балаларын апаратын ясли-бақшаға немесе бала бағатын күтушіге мұқтаж, бұны жұмыс істеп, табыс тапқысы келетінімен түсіндіреді - 73%; тезірек жұмысқа орналасқысы келетіндер - 68%; құқықтық көмекке мұқтаж - 44%.

Сауалнамаға (Қосымша Б) қатысқандардың ішінде «Отбасылық өмірде Сіз кімнің көмегіне сүйенесіз?» деген сұраққа «өзіме ғана сенемін» деп жауап бергендер үлесі - 93%, «ата-анама сенемін» - 3%, «жұмыстағылардың қолдауына сенемін», «достарым көмектеседі» деген жауапты таңдағандар 4%-ті құрады, ал «мемлекетке сенетіндер» мүлде жоқ (сурет 11).



Сурет 11 - Жалғызбасты аналардан алынған сауалнама сұрағына жауаптар бөлінісі [автор тарапынан құрастырылған]

Зерттеу нәтижелері бойынша бірқатар қорытынды жасауға болады:

– көптеген жас аналар үшін жүктілік күтпеген жағдай деп саналады, бұл жағдайды қоршаған ортаның жағымсыз қарым-қатынасы күрделендіре түседі;

– респонденттердің басым көпшілігі проблеманы шешу барысында өздеріне ғана сенеді, себебі достары, ата-аналары, туыстары, жігіті тарапынан қолдау жоқтың қасы. Олардың тарапынан моральдық қолдау болғанымен, негізгі ауыртпашылық өздеріне ғана түсетінін сезінеді, ал мемлекет тарапынан қолдаудың аздығы себепті оған тіпті сенім артпайды;

– жалғызбасты аналар үшін басым проблемалар - материалдық және тұрғын үй проблемалары;

– оқып жүрген кезде жүкті және жалғыз басты студент аналармен жұмысты қадағалайтын маман жоқтығы байқалды.

Міне, осындай нәтижелер жалғызбасты жас аналарды әлеуметтік қолдау жұмысын кешенді жүргізудің өзектілігін дәлелдейді [90].

Біздің мемлекетте жалғызбасты жас аналардың құқықтық статусы айқындалмаған. Жалғызбасты аналар түсінігінің құқықтық реттелмеуінің өзіндік себептері бар деп ойлаймыз. Оның арғы жағында дәстүрлі отбасылық құндылықтарды дәріптеу, жалғызбасты аналар санының, ажырасу санының көбеюінің алдын алумен байланысты сақтық шаралары жатыр. Басқалай айтқанда, некеден тыс бала тууды, ажырасуды ынталандырмау.

Біздің қоғамда алимент алмайтын, заңды некеге тұрмаған аналарды жалғызбасты ана деп атау қалыптасқан. Олар бала дүниеге келген кезде басқа аналармен бірдей бір жолғы төлем түріндегі көмек ала алады. Сонымен бірге Еңбек кодексінде «бала тәрбиелеп отырған жалғыз ана» ұғымы бар. Кодексе сәйкес, мұндай әйелдер штат қысқарған кезде жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан босатылмайды [91].

Бірақ жаһандану заманында өмір сүру салты, құндылықтар өзгергенде жалғызбасты аналар проблемасы өткір екенін жоққа шығара алмаймыз. Қоғамда өз орнын нақтыламаған, айнала қоршаған ортаға көзқарасы толыққанды қалыптаспаған жасөспірім ананың жалғыз бала бағуы, оны оқытып, жеткізу орасан зор материалдық, моральдық күшті талап ететінін екенін ескерсек, жас ананы қолдаудың өзектілігі арта түседі.

«Қазіргі отандық ғылымда «жалғызбасты ана» ұғымының нақты анықтамасы жоқ. Термин тар және кең мағынада қолданылады. Тар мағынада ол некесіз туған балалары бар, заңды некеде тұрмайтын әйелдерді қамтиды. Бұл терминнің толық коннатациясы балаларды жалғыз тәрбиелейтін аналардың кең санатын білдіреді, оның ішінде жесір қалған және ажырасқан балалары бар әйелдерді қарастырады» [92].

Интернетте жалғызбасты аналарға қатысты материалдарға шолу жасау барысында мынадай ақпараттарды кезіктірдік. «Baribar/Бізде бәрі бар!» консультативтік сайтында қойылған «Жалғызбасты ана деген кім?» сұрағына «Көп адам жалғызбасты ана мен толық емес отбасы екеуін шатастырады. Жалғызбасты ана - заңды некеге тұрмай, дүниеге сәби әкелген әйел. Оларға алимент төленбейді. Күйеуімен ажырасқан, яки жолдасы қайтыс болған, балалары бар аналар толық емес отбасы санатына кіргізіледі» деген жауап берілген.

Жалғызбасты аналардың құқықтары туралы осындай мәліметтердің анық-қанығына көз жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсына кірдік. Бұл ресурста жалғызбасты аналарға қатысты келіп түсіп жататын көп сұрақтардың біріне (мысалы: «...Жалғыз басты анамын. Жалғыз басты ана дегенге кім жатады, мен жәрдемақы ала аламын ба? Оған қандай құжат тапсырамын?») былай ресми жауап қайтарылған екен: «Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жалғызбасты аналарға әлеуметтік кепілдемелер жалпы негізде қаралған. Жәрдемақы жөніндегі сұраққа келсек, отбасының орта есеппен жан басына шаққандағы табысы азық-түлік себетінің құнынан төмен болған жағдайда, 18 жасқа дейінгі

балаларға арналған жәрдемақы алуға құқығы бар» [93]. Байқағанымыздай, мемлекет тарапынан да жалғызбасты аналардың құқықтық мәртебесі реттелмеген. Сондықтан да жалғызбасты аналарға арнайы төленетін жәрдемақы түрі тағайындалмаған.

Қазақстанда жалғызбасты ана кім болып саналады? Мемлекеттік органдардың сайтында жалғызбасты анаға мынадай анықтама берілген: бұл - баланы дүниеге әкелген, бірақ заңды некеге тұрмаған және алимент алмайтын әйелдер. Олардың ажырасқан әйелдер мен «толық емес отбасы» санатына жататын жесірлерден айырмашылығы осыдан көрінеді. ҚР-да жалғызбасты ананың заңды мәртебесі жоқ. Мұндай шешімнің ұлттық отбасылық құндылықтарға, отбасының маңыздылығына байланысты екені белгілі, сондықтан ел заңнамасы некеден тыс балалардың туылуын ынталандырмайды. «Жалғызбасты ана» заңды мәртебесінің жоқтығына қарамастан, бірқатар нормативтік құқықтық актілерде «жалғызбасты ана» ұғымы және оның құқықтарын қорғау қарастырылған.

Біріншіден, Еңбек кодексінде (54-бап, 2-тармақ) штаттарды қысқарту кезінде жұмыс берушінің бастамасы бойынша баланы тәрбиелеп отырған жалғызбасты ананы жұмыстан шығаруға тыйым салынады. Екіншіден, ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңында (118-бап, 1-т., пп. 12) баланы әкесіз тәрбиелеп отырған жалғызбасты ана «толық емес отбасы» санаты бойынша халықтың әлеуметтік осал тобының мүшесі ретінде мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге кезекке тұра алатыны анықталды. Қазақстанда жалғызбасты ана мәртебесін қалай алуға болады? Заңды түрде мұндай мәртебе болмағанымен, қажет болған жағдайда жалғызбасты ананың жағдайын құжаттауға мүмкіндік бар. Ол үшін баланың туу туралы куәлігін ұсына отырып, отбасылық жағдайы туралы қағаз тасығыштан анықтама алуға болады. Мұндай анықтаманы беру «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексінің негізінде жасалған азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру қағидаларында көзделген (181-бап, 2-т.). Заңды мәртебенің болмауы жалғызбасты аналар мемлекеттің қолдауынан айырылады дегенді білдірмейді. Олар балалары бар барлық отбасылармен бірге қажет болған жағдайда заңнамалық нормаларда көзделген төмендегідей жәрдемақыларды алады:

- баланың тууына байланысты бір реттік мемлекеттік төлем;
- бала 1,5 жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты төленетін ай сайынғы жәрдемақы;
- көп балалы аналарға арналған жәрдемақы;
- табыстардың мөлшеріне байланысты берілетін атаулы әлеуметтік көмек (АӘК);
- мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қамқоршыға төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны алуға құқығы бар [94].

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында сөйлеген сөзінде мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі ана мен баланы қолдау екенін жеткізді.

Әйел адамдар бала күтімімен ұзақ уақыт отырғанда кәсіби қабілетін төмендетіп алатыны, тіпті жалғызбасты ата-аналарға мұндайда тіпті қиынға соғатынын айтып, оларға ерекше еңбек жағдайы жасалуы керек екенін атап өтті [95]. Жалғызбасты ата-аналар үшін ерекше еңбек жағдайларын жасау, қашықтан жұмыс істеу құқығын заңнамалық деңгейде көздеу, жұмыспен қамту режимін қысқарту, компаниялардың кеңселерінде балалар бөлмелерін ұйымдастыру ұсынылды.

Енді 2025 жылы Қазақстанда жалғызбасты аналар алатын жәрдемақы мөлшері қандай деген мәселеге тоқтала кетейік.

«Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» ҚР Заңының 10-бабына сәйкес жәрдемақылардың мөлшері айлық есептік көрсеткіштерде (АЕК) көзделген, ал олардың ақшалай мәні ағымдағы жылға арналған елдің бюджетімен айқындалады [96].

«Бала тууына және бала күтіміне арналған мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына бекітілген айлық есептік көрсеткішке (бұдан әрі – АЕК) байланысты белгіленеді.

2025 жылдың басынан бастап мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері 6,5%-ға индекстелген. Бала тууына арналған жәрдемақы мөлшері:

- бірінші, екінші, үшінші балаға – 38 АЕК немесе 149 416 теңге;
- төртінші және одан кейінгі балаларға – 63 АЕК немесе 247 716 теңге.

Бала 1,5 жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты төленетін жәрдемақы ай сайын келесідей мөлшерде төленеді:

- бірінші балаға – 5,76 АЕК немесе 22 648 теңге;
- екінші балаға – 6,81 АЕК немесе 26 777 теңге;
- үшінші балаға – 7,85 АЕК немесе 30 866 теңге;
- төртінші және одан кейінгі балаларға – 8,90 АЕК немесе 34 995 теңге.

Бұдан басқа жұмыс істейтін азаматтарға жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылған жағдайда МӘСҚ-тан төленетін әлеуметтік төлем жүктілігі және босануы бойынша берілген демалыстың барлық күндеріне тағайындалады. Төлем мөлшері жүктілігі және босануы бойынша уақытша еңбекке жарамсыздық парағы берілгенге дейінгі соңғы 12 ай ішінде МӘСҚ-ға әлеуметтік аударымдар жүргізілген орташа айлық кіріске және еңбекке жарамсыздық күндерінің санына байланысты болады.

Аталған біржолғы төлемді 2025 жылдың басынан бері жалпы сомасы 33,3 млрд теңгеге 23,6 мың адам алды, бұл 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4%-ға артық. Тағайындалған төлемнің орташа мөлшері 1 714 618 теңгені құрады.

Сондай-ақ МӘСҚ-дан бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша ай сайынғы әлеуметтік төлем әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға баланың туған күнінен бастап тағайындалады. Төлемнің мөлшері соңғы 2 жылда МӘСҚ-ға әлеуметтік аударымдар жүргізілген орташа айлық кірістің 40%-н құрайды. Екі және одан да көп бала туған жағдайда төлем әр балаға жеке тағайындалады. 2025 жылы бұл

төлем 24,2 мың адамға тағайындалды, ай сайынғы төлемнің орташа мөлшері 93 740 теңгені құрады. Төлем 37,2 млрд теңге сомасында берілді, бұл 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 21%-ға артық [97].

Сонымен бірге табысына байланысты жалғызбасты аналар атаулы әлеуметтік көмекке (АӘК) өтініш бере алады. Егер отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы айына кедейлік шегінен төмен болса (2025 жылы ең төменгі күнкөріс деңгейі 46 228 теңгеге тең, осының 70%-ы) АӘК алуға болады. Бұл ретте 3 жасқа дейінгі балаға немесе мүгедек балаға күтім жасайтын жалғызбасты аналар шартсыз АӘК ала алады. Егер кіші бала 3 жастан асқан болса, шартты АӘК алуға болады, бірақ ол кезде жалғызбасты ана жұмыспен қамту орталығымен әлеуметтік келісімшарт жасасып, жұмысқа орналасу жағын қарастыруы тиіс. Егер ол өзіне ұсынылған жұмыспен қамту шараларынан бас тартса, атаулы әлеуметтік көмек тоқтатылады [97].

Жалғызбасты ана көп баласы бар болса, балабақша кезегін ертерек алуына болады. Бірінші кезекті орынды алу құқығына ие бола алатындар: мүгедек балалар; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар; жетім балалар; көпбалалы отбасылардың балалары.

Байқап отырғанымыздай, елімізде «жалғызбасты ана» ресми мәртебесі болмаса да, іс жүзінде мемлекет бала тәрбиелеп отырған аналардың құқықтарын қорғап, қолдайтыны анықталды.

Бірақ еліміздегі бағасы шарықтаған нарықтық қатынастар жағдайында өмір сүру, күн көру, бала асырау, баланы оқыту, тәрбиелеу, жетілдіру мәселесінің бүгінгі күндегі құны аталған күн көріс деңгейінен әжептеуір қымбат екенін ескерсек, мәселенің өзектілігі артып, зерттеу аясы кеңейетіні анық.

Ерте ана болуға мәдени құбылыс ретінде қарау тарихы өмірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайымен тікелей байланысты. Ерте заманда өмір сүру ұзақтығы қысқа болды, сондықтан тұқым қалдырудың, оны көбейтудің биологиялық қажеттілігін ерте қанағаттандыра бастады. Қазіргі дамыған елдерде неке жасын мемлекет реттейді, ерте ана болу, негізінен, некеге дейінгі жыныстық қатынастардың салдары болып табылады.

Кеннет Берктің риторикалық сыни теориясын талдау кәмелетке толмаған жас аналарға тән сипатты белгілерді айқындайды. Ол жас аналардың сөздік қорын зерттей келе, олардың көбісінің білімі төмен, толық емес немесе қолайсыз отбасынан шыққанын атап көрсетті. Ерте ана болу отбасы құндылығы мен бала туу құндылығы арасындағы қарама-қайшылықтың тереңдеуінен туындайды.

Социумде жас аналар туралы жағымсыз стереотип қалыптасқандықтан жас аналар өздерінің проблемасы туралы айтпайды, мемлекеттік ұйымдардан көмек сұраудан қашады. Көмек сұраған жағдайдың өзінде кінәлау, сөгу сияқты жағдаяттарға тап болады. Сондықтан да олардың проблемасы көбінесе дәрігерлік кеңес алу аясында қалып, қоғамдық-әлеуметтік нысан тарапынан назардан тыс қалып келеді.

Енді қазіргі Қазақстанда жас ана атану мәселесіне көзқарасты талдасақ. Біздің елімізде «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде кәмелетке толғаннан кейін, яғни 18 жастан

(ерекше жағдайларда 16 жастан) некеге тұруға рұқсат берілген [47]. Бұл Заңға қарамастан ерте ана атанғандар саны жылдан жылға дейін көбеюде. Жас ананың әлеуметтік-мәдени портреті қазіргі қазақстандық қоғамда жағымсыз сипатқа ие. Бұл жас аналарға көрсетілетін бірыңғай әлеуметтік қолдаудың, жасөспірімдер жүктілігінің алдын алу шараларының барынша жария болмауы және бұл тақырыптың әлі де бола ашық түрде көтерілмеуінде. Ерте жүкті болуға этникалық факторлардың қарым-қатынасын анықтау да аса маңызды. Сексуалды мінез-құлықтың этникалық паттерндері бала туудың жас коэффициентіне этносты сақтаудың экономикалық, әлеуметтік, мәдени факторлары арқылы әсер ететінін көрсетеді. Сондықтан әр елдегі ерте ана болу фактісіне көзқарастың түрлілігі тарихи дәстүрлермен, этносты сақтау қажеттілігімен, үстем діннің нормаларымен айқындалады.

Жасөспірім жастағы жүктілік пен ана болу әлеуметтік-мәдени проблемалар аясында қарастырып, осы саладағы мәліметтерді зерттеу барысында осы проблемадан туатын зардаптарды үш бағытта қарастырудың қажеттілігін көрсетеді:

- кәмелетке толмаған аналардың өздері үшін зардаптары;
- олардың балалары үшін зардаптары;
- қоғам үшін зардаптары.

Жас кезде босанудың ана үшін залалды тұстары, біріншіден, кенеттен өзінің әлеуметтік ортасынан алшақтауымен түсіндіріледі. Өмірге енді толыққанды араласып келе жатқан, алдында асқақ армандары мен мақсаттары бар жас қыз бірден социумнен ажырап қалады. Оқуынан (мектеп, колледж және т.б.) қол үзіп, оны бітірмей тастап кетуі кейіннен басқа да проблемалардың туындауына себеп болады. Яғни білімі жоқ адам белгілі бір кәсіпті, мамандықты игере алмай қалады, бұл өз кезегінде жұмысқа орналасуын шектейді немесе жұмысқа тұрғанның өзінде жалақысы аз, қызмет көрсететін салаларда (даяшы, ыдыс жуушы, тазалаушы және т.б.) істеуі мүмкін. Мұның өзі материалдық жағынан құлдырауға алып келеді. Өмірге құштарлықпен араласып келе жатқан шақта өз ортасынан айырылып, тұйықталудың өзінің моральдық-психологиялық ауытқуларға, депрессияға әкеп соғатыны тағы бар.

Ал дүниеге келген нәресте үшін зардаптары қандай? Өзі толыққанды жетілмеген, физиологиялық, моралдық, психологиялық, материалдық тұрғыдан ана болуға дайын емес жас аналардың балалары кішкентай кезінен көбіне аурушаң болып келеді, жүктілік кезінде қажетті дәрумендерді уақытылы қабылдамауы, күтінбеуі себепті іштегі баланың дамуында да кемшіліктер орын алады, баладан бас тарту кесірінен көбісі жетімдер үйінде тәрбиеленеді. Ата-ананың жылуын көрмегендіктен, әлеуметтік қолдауды нақты сезінбеген балалар жағымсыз әдеттерге үйір болып, бұның аяғы кедейшілікке апарып соқтыруы мүмкін.

Ал қоғам үшін зардаптарының ең бастысы - жас ананы қолдау әлеуметтік шығындарды көбейтуге алып келеді. Бұл дегеніміз, заңға бағынатын, тұрақты салық төлеп тұрушы азаматтардың наразылығын туғызады. Себебі жас ананың моральдық келбеті қоғамның ортақ қалыптасқан қағидаттарына қайшы келетіні

рас. Яғни, қоғам мұндай жағдайларға бейтарап қарай алмайды, себебі бұл құбылыс отбасы институтына, моральдық-этикалық нормаларға тікелей әсер етеді. Міне, зардаптардың осындай шоғырын туғызатын жас аналардың мәселесі күннен күнге өте өзекті бола түсуде. Себебі мұндай аналарға қатысты екіұдай пікір қалыптасқан: бір жағынан, олар көмекке мұқтаж, екінші жағынан — қоғамдық сынның нысанына айналған. Нәрестелік жастың психологиясын зерттеуге арналған еңбектерде (Р. Спиц, М. Эйнсворт, Р. Ж. Мұхамедрахимов, С. Ю. Мещерякова және т.б.) баланың толыққанды дамуы мен қалыптасуы үшін оның ана мейірімін сезінуі, анасымен эмоциялық және физикалық байланыста болуы аса маңызды екені нақты атап көрсетіледі.

Сондықтан дүниеге енді келген сәбиді аналық жылулықпен қамтамасыз ету - әлем елдері үшін әлеуметтік басымдық берілген бағыттардың бірі. Бұл жерде басты мақсат: бала мен ананың бірге болуын қамтамасыз ету, ананы қоғамнан шеттетпеу, керісінше, оны әлеуметтендіру, білім беру, тәрбиелеу арқылы оның жауапкершілігін арттыру. Алайда бүгінгі күні көптеген жағдайда жас аналарға қарата айтылатын қоғам пікірі үстірт және эмоцияға толы. Баласын жетімдер үйіне өткізген аналарды «өзі де бала ғой, енді қалай бағады» деп ақтап алуға тырысып, одан туатын терең әлеуметтік-психологиялық мәселелерге үңілмей жататынымыз, өкінішке қарай, шындық. Осындай аналарды қамқорлыққа алып, ана болуға дайындау бағытында педагогикалық-психологиялық көмек көрсету, оларды қоғамдық өмірге қайтару, психоэмоционалдық қолдау көрсету арқылы ана мен баланың байланысты үзбеуін қамтамасыз ету — бүгінде Қазақстанда да қолға алынып жатқан маңызды социореадаптациялық бағыттардың бірі. Мұндай жұмыстар: ана болуға психологиялық дайындау, әлеуметтік жауапкершілікке тәрбиелеу, кәсіби бағдар мен білім беру, ана мен балаға арналған уақытша үйлерде қолдау көрсету сияқты шараларды қамтиды.

Соңғы жылдары ғана жүйеленіп қолға алына бастаған бұл жұмыстардың тиімділігі артып келеді. Алайда оның жаппай әрі алдын алу сипатында болуы үшін қоғам мен мемлекет арасында тиімді серіктестік қажет. Бұл жерде тек ананы емес, ерте жүктіліктің, отбасы құндылықтарының, жыныстық ағарту жұмыстарының жеткіліксіздігінен туындаған себептерді де жүйелі зерттеу маңызды.

Жас аналар мәселесін тек салдар емес, себептер тұрғысынан қарастыру қажет. Оларды кінәлаудан бұрын қоғамдық қолдау, әлеуметтік бейімдеу, құқықтық сауаттылықты арттыру және ең бастысы, баланы отбасында өсіруге жағдай жасау әлеуметтік мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі болуы тиіс. Себебі әрбір бала - мемлекеттің болашағы, ал сол болашаққа жауап беретін анаға уақытылы қолдау көрсету - бүкіл қоғамның ұстанымы мен әлеуетінің көрсеткіші.

2.2 Әлеуметтік көмек жүйесін ұйымдастырудағы халықаралық тәжірибелерді салыстырмалы талдау

Біз зерттеу жұмысымыздың барысында Ресейдегі Тыва Республикасындағы толық емес отбасылардың қалыптасуына салыстыра отырып талдау жасадық, себебі Тыва - шығыстағы шекарамызға жақын орналасқан және түбі бір түркі халықтарының бірі. Бұл екі халықтың тарихи тамыры, мәдени мұрасы және өмір салты арасында терең байланыстар бар. Екеуі де ертеден бері Ұлы дала кеңістігінде қалыптасқан көшпелі өркениеттің мұрагері болып табылады. Тыва тілі мен қазақ тілі – екеуі де түркі тілдер тобына жатады. Нақтырақ айтқанда, қазақ тілі- қыпшақ тобына, ал тыва тілі сібір (оғыз-хақас) тармағына енеді. Дегенмен, екеуінде де грамматикалық құрылым, фонетикалық ерекшеліктер және синтаксистік жүйе жағынан ұқсастықтар көп.

Тыва мен қазақ халқының шығу тегі ежелгі түркі тайпаларымен тығыз байланысты. Екеуі де Көк Түрік қағанаты**,** Ұйғыр қағанаты**,** Моңғол империясы және Алтын Орда кезеңдерінде тарихи аренада қатар өмір сүрген этностардың ұрпағы болып саналады. Көшпелі өмір салты, тайпалық құрылым, рулық жүйе екі халықтың да тарихи-әлеуметтік моделіне тән. Сонымен қатар, жылқы қазақтар мен тывалар үшін тек көлік емес, мәдени код**,** рухани символ болып табылады. Жылқыға байланысты наным-сенімдер мен тұрмыстық тәжірибелер де ұқсас сипатқа ие.

Мәдениет тұрғысынан қарағанда, тывалар мен қазақтарда ортақ элементтер көп. Киіз үй екі халықтың да дәстүрлі баспанасы болып табылады. Қазақ домбырасы мен тыва игилінің (екі ішекті музыкалық аспап) құрылымы өте ұқсас, сонымен бірге көмеймен ән салу тываларда да, қазақтарда да кең таралғаны белгілі. Ал ауыз әдебиеті мұралары жағынан, қазақтың «Қобыланды», «Алпамыс» жырлары мен тыванның «Алып-Маадыр», «Бөк-Бөк» эпостары да құрылымы жағынан жақын. Тывалар да, қазақтар да ет тағамдары, сүт өнімдерін, оның ішінде қымызды көп ішеді. Діни танымға келсек, Тыва халқы қазіргі таңда лама буддизмін және шаманизмді**,** ал қазақтар ислам дінін ұстанғанымен, екі халықтың да рухани дүниетанымында тәңіршілдік, ата-баба рухына сену, табиғатқа табыну (ата-бабаны, аруақты құрметтеу; ағашты, суды, тауды киелі санау; жаратылысқа табыну философиясы және т.б.) элементтері сақталған. Тыва мен Қазақстан халықтарының арасындағы осындай тілдік, мәдени, тарихи және рухани ұқсастықтардың терең негізіне сәйкес екі халықтың отбас институтына қатысты ерекшеліктерін зерттеуге назар аударды**қ**.


Ең әуелі Тыва мен біздің еліміз туудың жалпы коэффициентінің жоғарылығымен (ТЖК) ерекшеленеді, атап айтқанда Тывада - 2,5103, ал Қазақстанда - 3,054 құрады.

Тывада толық емес отбасылардың қалыптасуын талдау барысы некеден тыс туу басым екенін көрсетті. 2021 жылғы мәліметтер бойынша, Тывадағы некесіз туғандар барлық туған балалардың жалпы санының 59,2%- ын құрады. Қазақстанды алсақ, Тыва және жалпы Ресеймен салыстырғанда некесіз туылғандардың үлесі қазіргі уақытта ең аз, екіншіден, 2005 жылдан бастап

олардың санының айтарлықтай төмендеуі және туудың жалпы статистикасындағы үлесінің төмендеуі байқалады. Біздің елімізде 2005 жылы балалардың 75,6% - ы тіркелген некеде дүниеге келді, демек, 14,4% некесіз, ал 2022 жылы тірі туылған балалардың 93,5% - ының аналары некеде болған [98]. Біздің ойымызша, елдегі дүниеге келген балалардың жалпы санындағы некесіз туылғандар үлесінің азаюы кейбір демографиялық процестердің нәтижесі болып табылады, оларға соңғы жылдардағы жалпы туудың өсуі және республикадағы халықтың этникалық құрамының өзгеруі жатады. Әлеуметтік-мәдени себептер отбасы мен неке мәселелерінде дәстүрлі көзқарастар мен құндылықтардың таралуына байланысты, олар күшейген сайын туыстар арасында және жалпы қоғамда некеден тыс туылғандарды айыптау мен сынау арта түсетіні анық.

Ал Тывада некеден тыс туу көрсеткіштерінің ауытқуы жалпы туу мен реттіліктің өзгеруімен де байланысты, 2015 жылдан бастап үшінші және одан да көп баланы дүниеге әкелу саны артты [99]. Дегенмен де, некеге тұрмаған аналардың туу көрсеткіші Қазақстанға қарағанда Тывада 8 есеге көп.

Ерте жаста туу көп жағдайда некесіз болатыны белгілі. Бала туудың жас құрылымын талдау Қазақстанда жасөспірімдердің фертильді коэффициенті Ресейге қарағанда жоғары, тиісінше 21,9 және 15,0 екенін көрсетті [98]. Егер 15-19 жас аралығындағы қыздар арасындағы бала тууды осы жас тобындағы 1000 қызбен салыстыратын болсақ, онда Тывадағы көрсеткіш Қазақстан бойынша көрсеткіштің мәнінен асып түседі (сурет 12).



Сурет 12 - 2005-2020 жылдарда Қазақстан мен Тывадағы жасөспірімдер арасындағы туу динамикасы (15-19 жастағы 1000 қызға шаққандағы туу саны) [99]

Қазақстандағы 2021 жылғы Ұлттық халық санағы барысында 1826062 әйел өздерін «ешқашан тұрмыста болмағанмын» деп көрсеткен, ал 1180834 әйел (64,6%) балалары бар екенін жазған [100]. Әйелдердің барлық жалпы санының (7096604 адам) 16,6%-ы балаларын некеден тыс дүниеге әкелген. Туған балалардың саны бойынша «ешқашан тұрмыста болмаған» санатындағы

әйелдердің некеде тұрған әйелдерден еш айырмасыз 1-ден 10-ға дейін балалары бар, ал олардың ең көп балалары кезектілігі бойынша үшінші болып табылады.

Халықтың жыныстық құрылымы, өмір сүру ұзақтығы сияқты демографиялық көрсеткіштер бойынша Тывада халықтың неке құрылымының нашарлауына, толық емес отбасылардың қалыптасуына ықпал ететін жағдайлар басым екенін атап өтеміз, дегенмен тенденциялардың сипаты Тыва үшін де, Қазақстан үшін де бірдей. Тывадағы некеден тыс туу, жасөспірімдердің фертильдік көрсеткіштері ортаресейлік мән аясында және Қазақстанмен салыстырғанда жоғары. Қазіргі уақытта Қазақстанда некеден тыс туудың айтарлықтай төмендеуі және осы көрсеткіштің ең төменгі мәні байқалады. Дегенмен де толық емес отбасы, әсіресе жалғыз анасы бар отбасылардың мәселесі екі ел үшін де өзекті. Себебі толық емес отбасылар әртүрлі дәрежеде кедейлікке ұшырайды. Жалғызбасты аналары бар отбасылар балалардың санына, ананың ата-ана функциясы мен еңбек қызметін біріктіру қабілетіне, қолдаудың болуына немесе болмауына байланысты өте алуан түрлі болып келеді. Әлеуметтік жағдайдың маңызды индикаторлары ретінде білім деңгейі мен қаржылық жағдайы шешуші мәнге ие — олар жалғызбасты анада неғұрлым жоғары болса, отбасы үшін соғұрлым жақсы болады. Алайда, балалары бар көптеген толық емес отбасылар тұтынуда өздерін шектеуге мәжбүр, олар депривациямен, үнемдеу режимімен сипатталады.

Жалпы алғанда, кедейлікке көбірек ұшырайтын толық емес отбасылар:

- бірнеше бала тәрбиелеп отырған және отбасын материалдық қамтамасыз ету функцияларын жалғыз атқаратын ана;

- Бір баласы бар ана, оның әлеуметтік бейімделуіне кәсіптік білімнің болмауы, табыс көзінің жоқтығы мен жақындары тарапынан қолдаудың болмауы кедергі келтіреді;

- мүгедек балалардың аналары. Көбінесе мүмкіндігі шектеулі балалардың аналары баласына күтім жасайтындықтан жұмыс істей алмайды.

Тыва мен Қазақстан халқының құндылықтар жүйесіндегі қазіргі әлеуметтік-мәдени айырмашылықтарды атап өту қажет, олар баланың некесіз туылуы нәтижесінде пайда болған толық емес ана отбасының экономикалық жағдайына тікелей әсер етеді. Қазақстанда көбінесе ата-аналары мен туыстары жалғызбасты жас аналарды айыптайды, әсіресе ауылдық жерлерде некеден тыс жүктілік өте ұят саналады. Тывада респонденттердің некеден тыс туу, жалғызбасты аналар мен олардың балаларына көзқарасын зерттеген социологиялық талдау қоғамдық және туыстық айыптаудың, некеден тыс тууды кінәлаудың жоқтығын көрсетті [99]. Қазіргі Тыва қоғамы өкінішке қарай, толық емес отбасылардың таралуына, некеден тыс тууға, әкесіз тәрбиеленетін балаларға және оны тұрақты қаржылық қолдауға «үйреніп» барады. Мұндай отбасылардың өмір сүруіне туыстық көмек, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар, төлемдер ықпал етеді. Алайда, кедейліктің барлық туындайтын экономикалық, мәдени-білім беру, әлеуметтік-психологиялық салдары бар қазіргі толық емес отбасылардағы балалардың жағдайы болашақта халықтың адами әлеуетінің сапасын анықтайды, әлеуметтік теңсіздіктің негізін қалайды, өйткені әлеуметтік теңсіздік бірінші кезекте кедей

толық емес отбасылардан шыққан балалар үшін тең емес жағдай туғызатыны анық [101].

Әрине, Қазақстанда қиын өмір жағдайында қалған аналарды қолдау, оның ішінде жас кезде ана атанып, тағдыр тауқыметін бастан кешіп жатқан қыздарды баласынан айырмау, олардың бірге болуын қамтамасыз ету бағытындағы іс-шаралар жүзеге асырылып келеді. Сондай үлкен қадамдардың бірі - жас анаға уақытша тұратын орын ұсыну. Бірақ ондай орталықтардың саны әлі де болса жеткіліксіз, көбісі ірі қалаларда, облыс орталықтарында орналасқан. Шалғай жергілікті жерлерде, аудан орталықтарында осындай проблемаға ұшыраған жас ананы қолдау орталықтары жоқтың қасы. Жалпы алғанда баладан бас тартудың алдын алу бағытында мемлекет тарапынан жасалып жатқан жұмыстардың жеткіліксіздігін де мынадан аңғаруға болады:

- мемлекет тарапынан қаржыландырылатын жас аналарға арналған орталықтар жоқтың қасы;
- осы орталықтарда жұмыс істейтін кадрларды дайындаудың ғылыми негіздемесі жасалмаған;
- жүкті қыз балалар мен жас аналарды қолдауға бағытталған орталықтар мен қоғамдық ұйымдардың өзара әрекеттесу тетіктері ойластырылмаған.

Осы ретте Францияның оң тәжірибесіне тоқталуға болады. 1939 жылдың 29 шілдесіндегі Франция үкіметінің Декреті бойынша әрбір өңірлерде «баладан бас тарту мен баланың өлімінің алдын алу» мақсатын көздейтін Аналар үйі ұйымдастырылған екен. 1945 жылы ана мен баланы қорғау туралы Қаулыға сәйкес аналарға арналған қонақүйлер ашылды. Бұл қонақүйлер ақылы; жұмыс істейтін аналарға арналған. Франциядағы ана орталықтарының қызметін, оның ішінде «Шармиран» орталығын зерттеген Мәскеу қалалық психологиялық-педагогикалық университетінің доценті М.Е.Ланцбург осы орталықтың миссиясын былай деп ашып көрсетеді:

– «қиын өмірлік жағдайға тап болған жас аналар мен жүкті әйелдердің изоляциясының алдын алу;

– жүктілігін сақтау мен үзуге қатысты таңдау құқығын өзіне қалдырып отырып, аналардың оң жауабынан кейін оларды ана болуға баулу, босануға дайындау немесе баланы асырауға басқа адамға беру. Кез келген жағдайда да ананы күштемеу, өз пікірін тәуелсіз түрде жеткізуіне ықпал ету;

– мейлінше қажетті материалдық көмек көрсету, себебі аналардың көбісінің басындағы басты проблема - тұратын жердің жоқтығы және баланы сақтап қалу мәселесі;

– социореадаптациялау барысында оларға психологиялық және педагогикалық көмек көрсету (ана болу, ерлі-зайыптылық, жыныстық қарым-қатынас және т.б. туралы ақпарат алуға мүмкіндік беру, баланың болашақтағы тағдырына қатысты жоспарын айқындау, әлеуметтік және кәсіби бейімдеу жоспарын қалыптастыру және жүзеге асыру және т.б.)».

Франциядағы бұндай Аналар үйі мемлекеттік немесе коммерциялық мекеме базасында орналасуы мүмкін. Қаржыландыру көзі: осы бағытқа бөлінген бюджеттік қаржы, қайырымдылық қорлары [102, 132-133]. Бұл зерттеуден

байқағанымыз, Францияда бұл мәселе сонау XX ғасырдың 40 жылдарынан бастап мемлекет тарапынан үйлестіріліп келеді.

Жас аналар әртүрлі әлеуметтік проблемаларға тап болады, өмірдің қарапайым әдеттегі жағдаяттары жалғызбасты аналардан үлкен психологиялық, моралдық, қаржылық ресурстарды талап етуі мүмкін. Сондықтан жас жалғызбасты аналар ең қорғалмаған санатқа жатады. Бұндай аналарды әлеуметтік қолдау тек оларды қаржылық немесе уақытша тұрғын үймен қамтамасыз ету ғана емес, сонымен бірге оның ішкі дүниесіндегі өзгерістер, психологиялық, педагогикалық проблемаларын шешуді талап етеді.

Шетелде жалғызбасты аналарға әлеуметтік көмек саясатында төрт негізгі стратегия басымдыққа ие. Оның алғашқысын «аз қамтылған аналарға көмек» деп атауға болады. Бұл Ұлыбританияда кеңінен таралған. Жалғызбасты аналар «табысты қолдау» бағдарламасы аясында материалдық көмек ала алады. Бұл ретте жалғызбасты ана баласы 16 жасқа толғанша мемлекеттен қажетті көмек алып, үйде отыра алады. Олар сонымен бірге балаларға жәрдемақы алады, мемлекеттік денсаулық сақтау қызметін тегін пайдаланады [103, 121].

Екінші стратегия жалғызбасты аналарға берілетін әлеуметтік көмекпен анықталады. Норвегияда жалғызбасты аналарға арнайы материалдық көмек көрсетіледі, бұл көмек анаға баласы 10 жасқа толғанша үйде отыруына мүмкіндік береді. Осы уақытта олар жалғызбасты аналарға арналған арнайы жәрдемақы алады («өтпелі кезең жәрдемақысы» деп аталады). Толық емес отбасылар жалпыға арналған бала жәрдемақысын (жалпыға ортақ жәрдемақы), егер әкесі алимент төлемесе, балаға арналған арнайы жәрдемақы, тұрғын үй жәрдемақысын, тегін медициналық көмек те алады.

Үшінші стратегия - баласы бар барлық отбасыларға, оның ішінде толық емес отбасыларға арналған қолдау шаралары. Бұл стратегия ауқымында толық емес отбасыға қосымша мемлекеттік қолдау көрсетіледі, бірақ негізгі көмекті олар жалпы отбасын белсенді әлеуметтік қолдау есебінен алады. Франция - осы стратегияны ұстанушылардың бірі. Францияда барлық отбасы отбасылық жәрдемақы (жалпы және табысқа байланысты, оның ішінде негізгі жәрдемақы, тұрын үйге арналған қосымша жәрдемақы, бір жасқа дейін баласы бар аналарға арналған арнайы жәрдемақы, бала күту демалысына шыққан аналарға төленетін жәрдемақы) алады.

Келесі стратегия жалғызбасты аналардың ата-аналық және кәсіби рөлдерін үйлестіруге бағытталған. Швецияда отбасына арналған арнайы саясатпен бірге, оларға арналған жұмыс орындарын құру, білім алуға ынталандыру, қайта оқыту мәселелері де қамтылған [103, 122].

Ресейде де «жалғызбасты ана» мәртебесі нақты айшықталмаған, сондықтан оларға берілетін арнайы жәрдемақы жоқ.

Ресей Федерациясы Жоғары соты пленумының 2014 жылғы 28 қаңтардағы №1 Қаулысында «жалғызбасты ана» түсінігі берілген [104]. Қаулы бойынша баланы тәрбиелеу мен асырау бойынша барлық міндетті мойнына жалғыз өзі алған адам жалғызбасты ана болып саналады. Жалғыз болып саналуы үшін баланың әкесі қайтыс болды, ата-ана құқығынан айырылды,

хабар-ошарсыз кетті немесе қабілетсіз, түрмеде отыр болмаса бала тәрбиесіне мүлде араласпаған деп танылуы тиіс. Яғни құжат бойынша ол тірі болуы да мүмкін. Түрлі ресми құжаттарда «бір ғана ата-ана», «жалғыз ата-ана», «жалғыз басты ана», «толық емес отбасы» деген ұғымдар қолданылады және бұл ұғымдардың қолдану аясына байланысты мағынасы да өзгеріп отырады.

Федералды Заңға сәйкес жалғызбасты аналарға басқа отбасылармен бірдей жәрдемақының түрлері төленеді. Олардың қатарына бала туылған кезде берілетін бір реттік төлем 18 890 рубль кіреді және жүктілік бойынша жәрдемақы кіреді. Оның көлемі 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап өсті және қазір 6 350 рубльді құрайды. Сонымен қатар, бала бір жарым жасқа толғанға дейін анасы ай сайын орташа табысының 40%- ін алады.

Егер әйелдің тұрақты табысы болмаса, ол 6 750 рубль мөлшерінде белгіленген соманы алады. Мемлекет үш жасқа дейінгі балалары бар аналарға «Путин төлемін» тағайындайды, ол кемінде 10 380 рубльді құрайды. Үш жастан жеті жасқа дейінгі балалары бар аналар 5 190 рубль алады. Отбасында 8 жастан 16 жасқа дейінгі балалары бар аналарға берілетін жәрдемақы 5 650 рубльді құрайды.

Балалары бар толық емес отбасылар үшін ата-аналардың кірістерінің мөлшеріне («кедей отбасы» мәртебесін қоспағанда) және сапалы ұрпақ көбейтуді қолдауға байланысты материалдық қолдаудың болмауымен сипатталады; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін мемлекеттік алимент қорын құру мәселесі заңнамалық деңгейде шешілмеген [105].

РФ Еңбек кодексі бойынша жалғызбасты аналарға біраз жеңілдіктер берілген. Бірақ жалғызбасты анаға ажырасқан немесе жесір қалған аналар жата ма, ол жағы ашып көрсетілмеген. Еңбек кодексіне сәйкес жалғызбасты ананың түнгі ауысымдардан, іссапарлардан және қосымша жұмыстардан бас тарту құқығы бар. Еңбек келісімшартында жазылса, өз есебінен қосымша 14 күн демалысқа шығуға мүмкіндігі бар. Сонымен бірге баласы 14 жастан аспаған жағдайда толық емес жұмыс аптасына немесе қысқартылған жұмыс күніне өтініш бере алады. Жалғызбасты ана еңбек тәртібін бұзбаса, жұмыс берушінің бастамасы бойынша бір жақты жұмыстан босатылмайды. Бірақ осы жеңілдіктердің барлығына ие болу үшін жалғызбасты ананың мәртебесін растайтын құжаты, яғни баланың әкесінің аты толтырылмаған туу туралы куәлік немесе күйеуінің қайтыс болғаны туралы куәлік ұсынуы тиіс [106]. Сонымен бірге некесіз әйел бала асырап алса немесе ажырасқаннан кейін 300 күннен кейін некесіз баланы дүниеге әкелсе де жалғызбасты ана санатында болады.

Ресейдегі ерекшелік, ана капиталы беріледі, оның мөлшері күні бүгін бірінші балаға 586 946,72 мың рубльді, ал екінші балаға 775 628,25 мың рубльді құрайды.

Бұл әрине, жәрдемақы төлеу жағы, ал тұрғылықты жері жоқ аналарды уақытша баспанамен қолдау мәселесіне келетін болсақ, Ресейдің түрлі өңірлерінде кәмелетке толмаған аналарға арналған мамандандырылған мемлекеттік орталықтар жұмыс жасайды. Мұндай орталықтар Мәскеуде,

Камчатка өлкесінде, Новосибирскіде, Барнауылда және Ресейдің басқа аймақтарында бар.

Осы орталықтарда қызмет жүргізілетін барлық жобаларды шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

- жас аналарға көмек көрсету бойынша қысқа мерзімді жобалар;
- кәмелетке толмаған қыздарға жыныстық сауаттылықты арттыру бағдарламалары жүзеге асырылатын облыстық отбасы мен балаларға әлеуметтік көмек көрсету орталықтары;
- жас аналармен тікелей стационарлық тұрғыда жұмыс істейтін орталықтар.

Барлық орталықтарда қаржыландырудың негізгі көзі – мемлекет болып табылады. Орталықтар кәсіпкерлерді демеуші ретінде тарта алады. Демеушілердің көмегімен жас аналар өмірге қажетті барлық заттармен (азық-түлік, киім, балаларға арналған ойыншықтар, балалар) қамтамасыз етіледі. Бұл орталықтар жұмысының негізгі бағыттары:

1. жас аналарға материалдық және әлеуметтік көмек көрсету;
2. ана болумен бірге туындайтын жаңа жағдайларға бейімдеу, олардың бойында ана болудың жауапкершілігін қалыптастыру;
3. әлеуметтік патронаж;
4. жүктілік және босану мәселелері бойынша кеңес беру, түсіктен кейін оңалту шараларын жүргізу;
5. жыныстық тәрбие бағдарламалары бойынша жұмыстар жүргізу.

Орталықтарда жас аналарға материалдық, құқықты, психологиялық мәселелерді шешуге, жұмысқа орналасуына ықпал етеді [107].

Францияда әкесіз бала өсіріп отырған әйелдер үшін арнайы жәрдемақы қарастырылған. Бұл жерде оның баланың әкесінен алимент алатыны не алмайтыны ескерілмейді. Егер әйел жұмыс жасамаса, жүктіліктің соңғы айларында 400-800 евро, ал бала дүниеге келген соң үш жасқа дейін дейін 600 - 800 евро аралығында көмек алады. Жүктіліктің жетінші айында бір жолғы 890 евро көлемінде көмек беріледі. Егер баланың әкесі болмаса немесе ол алимент төлемесе, айына 87 евро қосымша жәрдемақы тағайындалады. Бала мектепке барғанда бір жолғы көмек көрсетіледі, ол 280 евроны құрайды. Жалғызбасты аналарға бірінші кезекте сәбилерді асырау шығындарын өтеу үшін мемлекеттік субсидиялар беріледі. Оның табысы мен баланың жасына байланысты, ол баласын күтуге 300-400 евро көлемінде көмек күте алады. Сондай-ақ, жалғызбасты әйелдердің арзан әлеуметтік баспана алу кезінде қарапайым отбасылардан артықшылығы бар екенін атап өткен жөн. Сонымен бірге оларға салық салуда жеңілдіктер қарастырылған [108].

Жапонияда жалғыз аналарға өмір сүру өте қиын, себебі жапон қоғамында некесіз баланы дүниеге әкелу - сан ғасырлық тарихы бар отбасылық дәстүрге жат құбылыс. Әйел баланы некеден тыс туса немесе әкесінің кім екенін білмесе, оған өте жағымсыз қарайды. Ажырасу жағдайында алимент міндетті түрде тағайындалады. Сондықтан Жапонияда жалғызбасты аналарға мемлекет тарапынан қолдау жоқ. Әйел тек өз табысына сенеді, әрине бұл оңай болмайды, өйткені жұмыс берушілердің көпшілігі жалғызбасты аналарды жұмысқа алғысы

келмейді. Жаңа туған нәрестені күту бойынша декреттік демалыс бір жылға созылады. Осы кезеңде төленген жәрдемақы әдеттегі табыстың тек 30%-ын құрайды. Баланы күтуге арналған жәрдемақы мөлшері күтімді қажет ететін балалардың санына байланысты өзгереді. Төлемдердің бірнеше түрі бар. Ана мен балаға берілетін жәрдемақы (баланы күтіп-бағуға берілетін жәрдемақы) ай сайын 52 330 иен мөлшерінде төленеді. Баланы дамытуға арналған жәрдемақы – айына 27 000 иен. Айына 15 000 иен мөлшерінде тұрғын үй жәрдемақысы түрінде жеке көмек бар. Мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған әйелдер айына 14 580 иен мөлшерінде қосымша материалдық қолдауға иа бола алады.

Данияда аналарға өте аз материалдық қолдау көрсетіледі. Ақша ай сайын емес, тоқсанына бір рет беріледі. Жәрдемақылардың мөлшері немесе оларды «бала чегі» деп те атайды, баланың жасына байланысты. Екі жасқа дейін балалардың аналары тоқсанына 4 596 дат кроны мөлшерінде төлем алады. Үш жастан алты жасқа дейін тоқсанына 3 639 крона, жетіден он төрт жасқа дейін бір балаға тоқсанына 2 862 крона, 15 жастан 17 жасқа дейінгі жасөспірімдерге 954 крона төленеді. Бұдан басқа, 14 жасқа дейінгі балалардың жалғыз басты ата-аналары әр балаға ай сайын 650 крона мөлшерінде қосымша жәрдемақы алады.

Бала туылғанда берілетін қосымша біржолғы төлем 861 дат кронын құрайды. Сонымен бірге мемлекет жүктіліктің соңғы үш айында («ана болу жарнасы») ай сайын 1 499 крона көлемінде ақша төлейді.

Сондай-ақ, бұл елде жалғыз басты ата-аналар өтініш бере алатын «отбасылық жәрдемақы» деп аталатын жоба бар. Қосымша жәрдемақы сомасы 1 498 кронаны құрайды.

Данияда материалдық қолдау мөлшері ата-ананың табысына байланысты, жалақы неғұрлым көп болса, мемлекет тарапынан қолдау аз және керісінше, егер ата-ана қаржылық қиын жағдайда болса, мемлекет оған барлық жағынан көмек көрсетеді.

Қытайда жалғызбасты аналар түсінігі заңмен қарастырылмаған. «Халықтың қоныстануы және тууды жоспарлау туралы» 2002 жылғы Заңға сәйкес қытай әйелдері екі жағдайда ғана дүниеге бала әкелуге құқы бар: заңда некеде тұруы және тууды жоспарлау жөніндегі жергілікті органнан балалы болуға рұқсат алуы қажет. «Ал жалғызбасты аналар заң бұзушылар болып есептеледі және олардың балалары ресми еш жерде тіркелмейді. Рұқсатсыз бала туған әйелдер демографиялық саясатты бұзғаны үшін жергілікті бюджетке әлеуметтік өтемақы төлеуге міндетті» [109]. Сондықтан елде жалғызбасты аналар жеке әлеуметтік топ ретінде танылмайды. Тек соңғы жылдары аздап жеңілдіктер пайда болды, мысалы, баланың әкесі болмаса, құжатында оның атын жазбауға болады. Тұрмысқа шықпай бала тәрбиелеп отырған әйелдер аз қамтылған отбасылар санатына еніп, кейбір мемлекеттік төлемдерге ие бола алады. Егер жылдық жиынтық табыс 10 мың юаньға жетпесе, мемлекет ай сайын 70 тен 450 юаньға дейін жәрдемақы төлейді. Бұл сома тұрғылықты жеріне байланысты. Сондай-ақ, ай сайын отбасына азық-түлік және қажетті тауарлар жиынтығы түрінде әлеуметтік көмек көрсетеді.

Польшада жалғызбасты аналарға мемелекет тарапынан қолдау көрсетіледі. Бірақ ол жеткіліксіз деңгейде. Бала дүнеге келгеннен жалғызбасты аналарға PLN 2000 (шамамен 500 евро) беріледі. Болашақта ол өзінің әлеуметтік мәртебесіне сәйкес айына бір балаға тағы 170 PLN (шамамен 40 евро) алады, бірақ барлық балаларға PLN 340-тан аспайды. Бірақ бұл төлемдер оған әкесі алимент төлемеген жағдайда ғана есептеледі. Сонымен қатар, жалғызбасты аналар барлық балаларға берілетін жәрдемақы баланың жасына байланысты 12-ден 17 евроға дейін алады. Бала неғұрлым үлкен болса, жәрдемақы соғұрлым жоғары болады. Бала ана мектебіне түскен кезде 25 евродан бір реттік жәрдемақы төленеді. Егер жалғызбасты ана жұмыс істемесе, бірақ балалармен айналысса, оған жұмыссыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақының жартысы ғана беріледі - шамамен 70 евро, ол тек коммуналдық төлемдерге ғана жетеді.

Аналарды қолдаудағы әлеуметтік саясаттың либералды моделі Ұлыбританияға, Ирландияға, Швейцарияға, Жаңа Зеландияға, Канадаға, Аустралияға және АҚШ-қа тән. Аталған елдерде отбасыларды әлеуметтік қамсыздандыруда мемлекеттің үлесі аз, әлеуметтік көмек дамыған сақтандыру жүйелері есебінен жүзеге асырылады. Көмек атаулы түрде беріледі және жан-жақты тексеру қорытындысы нәтижесінде мұқтаждығы дәлелденсе ғана көрсетіледі.

Ұлыбританияда жалғызбасты ата-аналарға материалдық көмек бала 16 жасқа толғанға дейін көрсетіледі. Олар балаларға арналған жәрдемақы, денсаулық сақтаудың тегін қызметтері, тұрғын үй алуға басым құқықтарына ие. Аустралияда жалғызбасты ата-аналар, оның ішінде әкелер де мемлекеттік көмек алады, бұл ретте жәрдемақының мөлшері олардың жалақысына байланысты болады. Ерекше санаттағы зейнетақыларды кәмелеттік жасқа толмаған балалары бар жесірлер және 50 жасқа толған адамдар алады [38].

Ғалым Т.Каменева шетелдегі жалғызбасты аналарға әлеуметтік көмек саясатында төрт негізгі стратегия басымдыққа ие екенін атап көрсетеді. Оның біріншісі «аз қамтылған аналарға көмек» деп аталады, ол әсіресе Ұлыбританияда кеңінен таралған. Жалғызбасты аналар «табысты қолдау» бағдарламасы аясында баласы 16 жасқа толғанша мемлекеттен қажетті көмек ала отырып, үйде отыруға мүмкіндігі бар [103].

АҚШ-та жалғызбасты аналарға көмек толық емес отбасыларына арналған «Балалы отбасына көмек» федералды бағдарламасы аясында көрсетіледі. Алты жасқа дейін баланы үйде тәрбиелеп отырған аналарға ғана жәрдемақы төленеді. Балалары ересек аналар бұндай көмек алу үшін өздерін «жұмыс іздеуші» ретінде тіркелгенін немесе мамандық алу үшін курстарда оқып жүргенін дәлелдеуі керек. Бұл негізінен азаматтардың жұмыс істеуге деген ұмтылысын дамытуға бағытталған мемлекеттік саясатпен түсіндіріледі. Яғни жалғызбасты аналардың тек мемлекет көмегіне жүгініп, жұмыс істемей отыруының, яғни масыл болуының алдын-алу мақсатын көздейді. Америкада жалғызбасты аналарға көрсетілген көмек жекелеген штаттардың өзінің заңнамалық құжаттарына сәйкес іске асырылады. Кейбір штаттарда жалғызбасты аналарға пәтер ақысына, азық-

түлікке, балалар бақшасы мен мектептің төлемақысына, коммуналды қызметтер ақысына немесе жеңілдікпен медициналық қызмет алуға арналған маркалар немесе шағын ақшалай төлемдері бар карталар түріндегі көмек түрлері ұсынылады. Көмек гранттар түрінде беріледі [103, 123].

Олардың негізгілері:

1. TANF табысы өте төмен аналарға арналған әлеуметтік қорғау жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл қысқа мерзімді қаржылық көмек. Бір балаға күніне шамамен 8 доллар (айына шамамен 210 доллар) түрінде берілетін «Балалар» гранты бар.

2. Гранттың екінші түрі — «отбасылық». Бұл азық-түлік, киім-кешек және басқа да қажетті заттарды сатып алуға арналған шағын ақша сомасы.

3. Төтенше ақшалай көмек (DCA) күтпеген қаржылық қиындықтар кезінде жалғызбасты аналарға беріледі. Әдетте, бұл мың долларға дейінгі біржолғы төлем.

4. Медициналық сақтандыруды субсидиялайтын салық жеңілдіктері түріндегі гранттар бар. Көптеген табысы жоқ жалғызбасты аналар үшін бұл күн көрістің жалғыз көзі болуы мүмкін.

5. WIC-жүкті әйелдерге, жаңа туған аналарға және бес жасқа дейінгі балаларға тегін дұрыс тамақтануды қамтамасыз ететін федералды қаржыландырылатын тамақтану бағдарламасы. Бұл қысқа мерзімді (бір жылға дейін) бағдарлама. Ол бойынша әйелдер жаңа піскен жемістер мен көкөністерге айына 11 доллар, ал балалар айына тоғыз доллардан алады.

Бұдан басқа, жалғызбасты аналарға арналған тұрғын үйді ішінара субсидиялау бағдарламалары бар.

Норвегияда жалғызбасты аналарға берілетін әлеуметтік көмекпен анықталатын екінші стратегия басым, яғни, аналарға арнайы материалдық көмек көрсетіліп, ана баласы 10 жасқа толғанша үйде отыра алады. Бұл көмек «өтпелі кезең жәрдемақысы» делінеді. Бұл елде жалғызбасты аналар толық емес отбасыларға арналған «жалпыға ортақ жәрдемақысын», егер әкесі алимент төлемесе, балаға арналған арнайы жәрдемақы, тұрғын үй жәрдемақысын, тегін медициналық көмек те алады. Ал Францияда үшінші стратегия үстем, баласы бар барлық отбасыларға, оның ішінде толық емес отбасыларға арналған қолдау шаралары бар. Толық емес отбасыға қосымша мемлекеттік қолдау көрсетіледі. Бұндай отбасыларға негізгі көмекті толық отбасы ретінде емес, жалпы отбасын белсенді әлеуметтік қолдау стратегиясы ауқымында алады. Елде барлық отбасы «отбасылық жәрдемақы» алады, ол жалпы және табысқа байланысты деп бөлінеді. Оның ішінде негізгі жәрдемақы, тұрғын үйге арналған қосымша жәрдемақы, бір жасқа дейін баласы бар аналарға арналған арнайы жәрдемақы, бала күту демалысына шыққан аналарға төленетін жәрдемақы бар. Жалғызбасты аналарға көмектің тағы бір түрі - жалғызбасты аналардың ата-аналық міндетін дұрыс атқаруына мен кәсіп игеруіне ықпал ететін қызмет түрі бар. Швеция - осы төртінші стратегияны қолдайтын елдердің бірі. Жас аналарға арналған жұмыс орындарын құру, білім алуын қамтамасыз ету, қайта оқыту мәселелеріне назар аударады [103].

Келтірілген бұл халықаралық тәжірибелер жалғызбасты ана болудың ана үшін де, бала үшін де, қоғам үшін де зардаптарының көптігімен түсіндіріледі. Жас жалғызбасты ана болудың физиологиялық, моральдық, қаржылық, әлеуметтік қиындықтарын айтпағанда, осындай жағдайда дүниеге келген балалардың тағдыры көп жағдайда әлеуметтік жетімдікке ұласып жатады. Сондықтан біздің елде және шетелдерде жүргізілетін осы бағыттағы жұмыстар жасөспірім жалғызбасты аналарды қамқорлыққа алып, жан-жақты көмекпен қамтамасыз етумен шектемей, осы мәселенің алдын алу шараларымен ұштасуда.

Біз жоғарыда әртүрлі елдердегі мемлекет тарапынан берілетін қаржылық көмек түрлерін талдадық. Енді жалғызбасты аналарды әлеуметтік қолдау жұмыстары қандай деңгейде деген мәселені зерделесек.

Біздің елімізде тұрақты тұратын орны жоқ, әке-шешесі, туыстарынан қолдау таппаған аналарға ұсынылатын уақытша орталықтар бар болғанымен, саны жағынан жеткіліксіз. Болғанымен олардың көбісі ірі қалаларда орналасқан. Ауылдық жерлерде өмірлік қиын жағдайға тап болған жас аналар баратын жер таппай қиындыққа ұшырап, түрлі күйзелістерді бастан кешеді. Мемлекеттік деңгейде қаржыландырылатын орталықтардың болмауы, жасөспірім аналарға арнайы көмек көрсететін әлеуметтік мамандардың жеткіліксіздігі, түрлі қоғамдық ұйымдар мен орталықтардың ерте жүктіліктің алдын алу бойынша өзара ынтымақтастықта жұмыс істеуінің жеткіліксіздігі кесірінен осы бағыттағы жұмыстар нәтижелі болмауда. Сонымен қатар жасөспірім аналарға көмек қолын созу тек қаржылық және тұрғын үй мәселесімен шектелмейді, жас ананың ішкі жан дүниесіне қатысты проблемалар (мысалы, бала туғаннан кейінгі депрессия) кешенді тұрғыдан қарауды талап етеді.

Шет елдердің тәжірибесін зерделеу әлемде жалғызбасты аналарға көмек көрсетуде әртүрлі әлеуметтік жүйенің бар екенін дәлелдейді (Сурет 13). Әрбір ел өзінің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін, тарихи қалыптасқан салт-дәстүрлерін, экономикалық жағдайларын ескере отырып, әлеуметтік қолдау жүйесін қолданады. Бір ортақ нәрсе - барлық елдерде жас аналарды қайта әлеуметтік бейімдеу шараларының маңыздылығына мән береді. Себебі уақытша баспана да, берілетін жәрдемақы да, көрсетілетін әлеуметтік көмектің түрлері де жас ананың өмірлк қиындықтарын еңсере алмайтыны сөзсіз. Жас аналардың кәсіп меңгеруі, жұмысқа орналасуы, қоғамға белсене араласуын қамтамасыз ететін шаралар олардың өздерінің және балаларының кейінгі өмірінің дұрыс болуына ықпал етеді. Әрине, қай проблеманы қарастырсақ та, оның зардаптарын жойғаннан көрі алдын алудың қажеттілігін мемлекеттік тұрғыдан ескеріп, белсенді сауықтыру жұмыстарын жүргізген тиімді болатыны сөзсіз.

Осы мәселені зерттеп жүрген ғалымдар профилактикалық жұмыстардың нысандарын былай ажыратады: орта мектептерде репродуктивті денсаулық саласында жыныстық тәрбие мен сауаттандыру жөніндегі жұмыстарды қамтитын тақырыптық іс-шаралар өткізу; түсік жасатуға деген теріс көзқарасты қалыптастыру; ана мен әке болудың құндылығын дәріптеу, толыққанды отбасы құру жөнінде педагогтар мен жасөспірімдер, олардың ата-аналарының қатысуымен ерте жүктілік мәселесін талқылауын ұйымдастыру, кәмелетке

толмаған жас аналарды психоәлеуметтік бейімдеу мақсатында оларға әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсету [110].

Елдер	Мемлекеттік қолдау деңгейі	Негізгі көмек түрлері	Ерекшілігі
АҚШ	Жоғары	Тұрғын үй қолдауы, кәсіби оқыту, медициналық және психологиялық көмек	Қаржылық және кәсіби қолдауға басымдығы
Франция	Жоғары	Аналар үйлері, құқықтық және психологиялық көмек, кешенді әлеуметтік қолдау	Әлеуметтік қызметкерлер белсенді, психологиялық қолдау маңызды
Германия	Жоғары	Әйелдер үйлері, құқықтық қорғаныс, жұмысқа орналастыру	Қауіпсіздік пен құқықтық қорғаныс басты назарда
Ұлыбритания	Жоғары	Қауіпсіз баспана, құқықтық және қаржылық кеңес, психологиялық қолдау	Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күреске ерекше көңіл бөлінеді
Канада	Жоғары	Уақытша баспана, тіл үйрену, мәдени бейімдеу, тәуелсіздікті қолдау	Мультикультурализмге және интеграцияға баса назар аударады
Норвегия	Өте жоғары	Толық әлеуметтік қамсыздандыру, кең көлемді тұрғын үй және денсаулық сақтау, кәсіби оқыту	Жоғары әлеуметтік теңдік, гендерлік теңдікмәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді
Швеция	Өте жоғары	Әлеуметтік жәрдемақылар, уақытша баспана, бала күтімі, кәсіби даярлық	Гендерлік теңдік пен әлеуметтік қамсыздандырудың жоғары үлгісі саналады
Польша	Орташа	Балаларға арналған жәрдемақы (500+ бағдарламасы), тұрғын үй көмегі	Католиктік дәстүрлер әсер етеді, бірақ әлеуметтік қолдау бағдарламалары кеңеюде
Ресей	Орташа	Әлеуметтік төлемдер, уақытша баспана (шектеулі), кейбір жергілікті қолдау бағдарламалары	Дәстүрлі отбасылық құндылықтар басым, стигма жоғары
Қытай	Орташа, шектеулі	Тұрмыстық көмек, психологиялық кеңес, кәсіби оқыту (қайырымдылық арқылы)	Дәстүрлі отбасы құндылықтары күшті, жалғызбасты анаға көзқарас сыншыл
Жапония	Жақсы дамыған	Әлеуметтік жәрдемақы, уақытша баспана, кәсіби оқыту, құқықтық кеңес	Экономикалық өзін-өзі қамтамасыз ету басым, жалғызбасты анаға қолдау жақсы
Оңтүстік Корея	Артқанымен әлі шектеулі	Кеңес беру, тұрғын үй, психологиялық көмек, уақытша баспана	Қоғамда консервативті көзқарас сақталған, стигма бар

Сурет 13 - Шет елдердегі жалғызбасты аналарды әлеуметтік қолдау түрлері [автор тарапынан құрастырылған]

Жас аналарға әлеуметтік қолдаудағы халықаралық тәжірибені талдау нәтижелері шет елдерде кәмелетке толмаған жалғызбасты аналар түсінігі болғанымен, оларға құқықтық мәртебе берілмегенін байқатты. Бұл қай қоғамда да толық отбасы беделінің жоғары екендігіне дәлел. Әрине, зайырлы қоғам жалғызбасты аналарға көмек қолын созуды қажет деп санайды, оларды тым ерекше қолдау некесіз бала әкелудің, ерте жүктіліктің, ажырасу санының артуына алып келетіні анық. Сондықтан әлемде бұл проблеманың алдын алу

шараларына көп мән беруде. Жалғызбасты жас аналарды әлеуметтік қолдауда мына жайларға басымдық берілуі тиіс:

– психологиялық көмек көрсету қызметінің санын арттыру (босанғаннан кейінгі депрессияның салдарын жеңу, баланы тастап кетуге, өзіне-өзі қол жұмсауға бейім, зиянды әдеттерге құмар аналармен психологиялық жұмыс);

– балалы әйелдерге арналған инфрақұрылымдар санын көбейту (балалар арбаларымен қоғамдық көлікке кіру мүмкіндігі, қоғамдық орындардағы құндақтау үстелдері, заманауи жабдықталған ана мен бала бөлмелері);

– ақпараттық қызметтер көрсету;

– жас аналардың мамандық игергеннен кейін жұмысқа орналасуына көмектесетін ресурстық орталықтар қызметі;

– мектептерде жыныстық сауаттылықты арттыру шараларын кешенді жүргізу;

– ерте жүктіліктің алдын алу туралы медициналық қызметтердің қол жетімділігін қамтамасыз ету;

– аналар мектебі, әкелер мектебі дәстүрлерін дәріптеу жұмыстары арқылы отбасы құндылықтарын насихаттау.

Тағы бір мәселе, елдегі жасөспірім жалғызбасты аналар мен жасы келген жалғызбасты аналар санын анықтау да күн тәртібінде тұр. Бұл олардың проблемаларын тиімді шешуге, әлеуметтік қайта оңалту жұмыстарын дұрыс жүргізуге мүмкіндік береді [90].

Ал біздің елде жағдай қалай, жас аналарға арналған дағдарыс орталықтары қалай жұмыс істейді деген сауалдарға жауап алу мақсатында зерттеу жұмысын жүргіздік. Қазақстанда қиын өмірлік жағдайда қалған аналарды қолдау шараларына қоғамдық ұйымдар, жеке қорлар үлес қосуда. Бірақ бұлар жеткіліксіз, себебі олардағы орындар шектеулі, үлкен қалалардан шалғай жерлерде бұндай орталықтар жоқтың қасы.

Біздегі осындай орталықтардың алғашы қарлығашы атанған «Ана үйі» 2013 жылы ашылды. «Ана үйі» Қоғамдық Қоры қайырымдылық жобасының ең басты мақсаты – жас аналардың социореадаптациялауды жүзеге асыру, ананың баладан бас тартуының алдын алып, балалар үйлеріндегі әлеуметтік жетімдікке жол бермеу болып табылады. Басында танымал кәсіпкер Айдын Рахымбаев пен оның зайыбының идеясы ретінде бастау алған бұл жобаға кейіннен азаматтық ұстанымы жоғары басқа да кәсіпкерлер де тартыла бастады. Соның нәтижесінде «Ана үйі» орталықтары қанатын кеңге жайып, еліміздің басқа қалаларында ашыла басталды.

Басына түскен қиындыққа шыдамай, баладан бас тартуды ойлаған жас аналардың өз баласымен бірге қолайлы жағдайда өмір сүруі осы дағдарыс орталығында қол жетімді болуда. Орталықта қажетті барлық керек-жарақпен қамтамасыз етілген аналардың баласына аналық мейірім төгуіне, депрессиядан шығуына мамандандырылған көмек көрсетіледі.

«Ана үйі» Қоғамдық Қоры қайырымдылық жобасы тек уақытша баспанамен ғана қамтамасыз етіп қоймай, сонымен бірге осында тұрған уақыт ішінде мамандық игеруіне, жұмысқа тұруына, тұрғын үй алу үшін кезекке

тұруға, баланың әкесін тану процестерін іске асыруға, ана болуды үйренуге қадам жасауына, осылайша жас аналарды қоршаған ортаға социореадаптациялау жұмысын жүйелі жүргізіп келеді.

«Ана үйінің» ресми сайтындағы есепте «Ана үйі» жобасы құрылғаннан бергі 7 жыл ішінде баланың анасымен бірге болуға мүмкіндік беріп келеді. «Ана үйі» жобасы өзінің өзектілігі мен тиімділігін көрсетті. Бүгінгі таңда «Ана Үйі» аналардың 68%-нің жаңа туған балаларынан бас тартуына жол бермеуде» деп көрсетілген [111].

Жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау үдерісін осылайша оңтайлы жүргізіп отырған «Аналар үйі» қоры бала асырап алғысы келетін отбасыларын қолдау мақсатында 2016 жылы бала асырап алу жөніндегі Ұлттық агенттіктің құрылуына себепкер болды. Ал Агенттікпен қатар құрылған Түлектер орталығы да үлкен міндетті атқаруда. Орталық балалар үйінде тәрбиеленген 15-23 жас аралығындағы қыз балалар арасында кәсіп игеруіне және олардың әлеуметтік азаматтық ұстанымын қалыптастыруына арналған жұмыстар жүргізеді. Себебі «Аналар үйінің» қызметіне жүгініп, баспана сұрайтындардың 17%-ы балалар үйлерінің түлектері болып табылады екен.

2019 жылдың ақпан айынан бастап «Ана үйі» баладан бас тарту алдында тұрған қиын өмірлік жағдайдағы отбасыларға қосымша көмек көрсете бастады. «Балалар үйлері мен жергілікті атқарушы органдардың денсаулық сақтау басқармаларының деректері бойынша жоба жұмыс істеген бес жыл ішінде денсаулық сақтау мекемелеріне (балалар үйіне) жыл сайын түсетін 1,5 жасқа дейінгі балалар саны 46,3%-ға (710-нан 381-ге дейін) қысқарды. Осы уақыт ішінде 4280 бала отбасында қалды» [112].

Жоба аймақтарды барынша қамту және көмек көрсетілетін жас әйелдердің санын көбейту, сондай-ақ көмек көрсету тәсілдері мен құралдарын ұдайы жетілдіру үстінде. Қазақстандық кәсіпкерлер белсенді қолдаған бұл жоба әлеуметтік жетімдік мәселесі кең мағынада өте өзекті екенін ұғынатын кәсіби қоғамдастықтың қалыптасуына қол жеткізді. Сондай-ақ, жобада жас аналармен жұмыс барысында әріптестікті, мультидисциплинарлық өзара іс-қимылға бағдарланған кейс-менеджмент форматында баладан бас тартудың алдын алу технологиясы пайдаланылуда.

«Ана үйі» жобасының тиімділігі - қоғамдағы жас аналардың реадаптациясы мәселесін шешуге ықпал етуі және сонымен бірге әлеуметтік жетімдікпен қатар туындайтын әлеуметтік-экономикалық, психологиялық және басқа факторлар туралы ақпараттардың қоғамда ашық түрде көтерілуіне негіз болуы. Ал бұл ақпараттар өз кезегінде әлеуметтік жетімдікті жоюға бағытталған оңтайлы шешімдер қабылдауға және басымдықтар мен нысандарды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл жоба мемлекет пен азаматтық қоғам серіктестігінің тамаша үлгісі болып саналады**.**

Түйіндей келгенде, «Ана үйі» жобасы - Қазақстандағы жалғызбасты аналар мәселесін шешуге бағытталған қоғамдық-серіктестік негізіндегі сәтті әлеуметтік модель**.** Ол аналарды қорғалған ортада ұстау арқылы олардың өз өмірін қайта

құруына мүмкіндік береді. Социореадаптация, кәсіби даму, ана мен баланың бірлігін сақтау - бұл жобаның басты нәтижелері болып табылады.

3 ЖАС ЖАЛҒЫЗБАСТЫ АНАЛАРДЫ СОЦИОРЕАДАПТАЦИЯЛАУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ: ӘДІСНАМАСЫ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

3.1 Алматыдағы жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қолдау қызметтері, қоғамдық ұйымдардың жұмысына талдау

Қазақстанда әлеуметтік жетімдер санын азайтудың маңызды шарттарының бірі - жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау, олардың баладан бас тартпауына қол жеткізу. Бұл елдегі әлеуметтік саясаттың басымдықтары арқылы жүзеге асырылады. Жас аналарды қоғамға қайта бейімдеудің оңтайлы жүргізілуі баланың анасымен қалып, өз отбасында тәрбиеленуіне ғана ықпал етіп қоймайды, сонымен бірге ананың білім алып, мамандық игеруіне, қоғамнан болашақта өз орнын табуына мүмкіндік жасайды. Бұл міндеттерді атқаруда дағдарыс орталықтарының орны ерекше.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясатының басым бағыттарының бірі - ана мен баланы қорғау, олардың лайықты өмір сүруін қамтамасыз ету. Сонымен қатар балалар үйінде тәрбиеленушілер санын азайту, балалардың отбасында ата-анасымен өмір сүру құқығының сақталуына ықпал ету, оларға жан-жақты тәрбие беру да маңызды мемлекеттік саясат болып табылады. Бірақ өкінішке қарай, балаларды тастап кету, ата-аналардың балаға қатысты өз міндеттерін орындамауы, балаға толыққанды жағдайдың жасалмауы немесе биологиялық ата-анасынан күштеп айырылуы сияқты келеңсіз жағдайлар біздің қоғамның өзекті проблемасына айналып отыр.

Соңғы жылдардағы жас жалғызбасты аналардың көбеюі, олардың балалардан бас тартуы жоғарыда проблеманың тереңдеуіне себепші болуда. Қоғамдағы экономикалық және әлеуметтік-мәдени өзгерістерге сәйкес ересек жаста ана болу бақытына ие болған әйелдердің саны артқанымен, қыздардың 10 пайызы жыныстық өмірді 14 жасына дейін бастайды екен, бұл дегеніміз кәмелетке толмаған жас аналар санының күрт артуына алып келіп, қоғам мен жұртшылық тарапынан алаңдаушылық туғызуда. Отбасы формаларының трансформациялануы, адамгершілік құндылықтардың төмендеуі, жыныстық тәрбиенің толыққанды жүргізілмеуінің нәтижесінде жыныстық қарым-қатынасқа ерте түсу, жоспарланбаған жүктілік, жүктілікті ерте үзу, баладан бас тарту, әлеуметтік жетімдік мәселелері шиеленісе түседі. Жас аналардың өмірлік тәжірибесінің аздығын ескерсек, олардың жұбайлық қарым-қатынасты орнықтыруға, нығайтуға шамалары жетпейтініне де көз жеткізуге болады. Бұл өз кезегінде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырау, жаман әдетке (маскүнемдік, нашақорлық, қаңғыбастық, жезөкшелік және т.б.) үйір болудың бірден-бір себебі болып жататыны рас. Сондықтан тағдыр теперішімен жастайынан бала туып, барар жері, басар тауы қалмаған жас аналарға көмек қолын созу - өркениетті қоғамның бірден-бір міндеті.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Жастар жылының жабылуы және Волонтер жылының басталуы рәсіміне арналған шарада сөйлеген сөзінде:

«Жастар саясаты туралы айтқанда, отбасы институтын ұмытпауымыз керек. Бұл дәстүрімізді, ұлттық құндылықтарды және ұрпақтар сабақтастығын сақтау үшін өте маңызды. Өкінішке қарай, қазіргі таңда ажырасу фактілері осы саладағы түйткілді мәселенің біріне айналды. Бұған әлі күнге дейін баса мән берілмей отыр. Халқымызда «Отан отбасынан басталады» деген қанатты сөз бар. Әрбір отбасын сақтау – Отанымыздың берік болуының кепілі» деген болатын [113].

Сонымен бірге «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасында» отбасы институтын нығайту туралы атап өтілген: «Ерте жастан некеге тұру, кәмелеттік жасқа толмағандардың жүкті болуы, ерте жастан аборт жасату проблемалары орын алуда, бұл, әсіресе, ауылдық жерлерде кеңінен таралып отыр. Отбасы институтын нығайту мақсатында отбасылық қарым-қатынастар, ана мен бала құқықтарын қорғау, балаларды тәрбиелеуде ата-аналардың жауапкершілігін арттыру саласындағы ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының заңнамасы жетілдірілетін болады» [38]. Байқағанымыздай, 2030 жылға дейінгі отбасы және гендерлік саясат тұжырымдамасында кәмелетке толмаған жас аналардың мәселесі көтеріліп, оның алдын алу шаралары көрсетілген.

Қазақстанда отбасын әлеуметтік қолдау шаралары мына бағыттарды қамтиды:

- әлеуметтік-тұрмыстық:
- әлеуметтік-медициналық;
- әлеуметтік-психологиялық;
- әлеуметтік-педагогикалық
- әлеуметтік-еңбек;
- әлеуметтік-мәдени;
- әлеуметтік-құқықтық;
- арнайы әлеуметтік қызметтер [114].

Қазақстанда отбасылардың келесі тобы: көп балалы отбасылар, бір жасқа дейін баласы бар аналар мен отбасылар, аз қамтылған отбасылар, мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасылар, асыраушысынан айырылған отбасылар, жас отбасылар мемлекет тарапынан қолдау алады.

Дегенмен бүгінде Қазақстанда жалғызбасты жас аналармен әлеуметтік жұмыс қалыптасу кезеңінде тұр. Жас аналар әлеуметтік жұмыс клиенттерінің тобында арнайы қарастырылмаған, сондықтан әлеуметтік қызмет мамандары бұған ерекше мән беруді қажет деп таппайды. Кәмелетке толмаған аналардың білімін жалғастыруы, мамандық игеруі, баланы тәрбиелеуі, баспаналы болуы, материалдық тұрғыдан қамтамасыз етілуі, қоғам тарапынан стигматизациядан арылту мәселелерін шешу нақты жүйеленбеген. Қазіргі таңда осындай аналарға әлеуметтік көмек көрсету, социореадаптациялау жұмысы бойынша әдістемелік нұсқаулықтар, қажетті нормативті құжаттар жоқтың қасы. Бірақ соңғы жылдары осы олқылықтың орнын толтыру бағытында біршама жұмыстар атқарылуда.

Әлеуметтік жетімдіктің алдын алу шараларының нәтижесінде 2017-2021 жылдары Қазақстанда балалар үйлері мен интернаттарда тұратын балалар

санының үштен бірі азайды деп жазады ranking.kz сайты. Яғни бұл сәбилерден бас тарту және ата-ана құқығынан айыру жағдайларының азайып бара жатқанын көрсетеді. Бірақ өкініштісі, бала асырап алу және патронат жүйесі осы жылдар ішінде жағымды өзгерістерге қол жеткізе алмады. Пандемия жылдарында асырап алуға немесе қамқоршы болғысы келетіндердің саны айтарлықтай азайды. Сонымен қатар, отбасыларды консультациялық қолдауы шараларының жүргізілуіне қарамастан, елде екінші қайтара жетімдік статистикасы артып, 2017-2021 жылдары бала асырап алушылар мен қамқоршылар балалар үйіне қайтарылған балалар саны 64% - ға өсті.

Ата-анасыз қалған балалар саны бойынша статистика бес жыл ішінде жыл сайын тұрақты төмендеуді көрсетті. Егер 2017 жылы ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 27,3 мың кәмелетке толмағандар жетім болып саналса, 2021 жылдың қорытындысы бойынша көрсеткіш 4 мыңнан астамға, 22,7 мың адамға дейін қысқарды [115].

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, соңғы жылдары республикада анасы тастап кету қаупі бар балалар мен сәбилерді барынша ертерек анықтау, аналарға жүктілік кезінде, босану кезінде және босанғаннан кейін білікті қолдау көмегін беру жолға қойылып келеді. Соның нәтижесінде жыл сайын балалар үйіне түсетін бір жасқа дейін балалардың саны 2013 жылы 373 болса, 2017 жылы 237-ге дейін азайды. Ал 2021 жылы бұндай балалар саны 119 болды. Балалардан бас тарту жағдайларының алдын алуға бағытталған шараларға перзентханада болған кезде баладан бас тарту туралы шешім қабылдаған аналармен жұмыс кіреді, бұл баланы балалар үйіне уақытша орналастыруға немесе күндізгі уақытта балалар үйін пайдалануға мүмкіндік береді. Жалпы 2017-2021 жылдар аралығында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, интернаттық мекемелерде тәрбиеленіп жатқан балалардың үлесі 6 223-тен 4 076-ке дейін қысқарған (кесте 4, 5). Сәйкесінше, ата аналары тастап кеткен балалар саны 2017 жылы 283 болса 2021 жылы 101-ге дейін азайған [116, 54-55]. Бұған дағдарыс орталықтарының тигізген оң ықпалын ерекше айтып өткен жөн.

Кесте 4 - Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар саны.

Санаты	2019	2020	2021	2022	2023
Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар мен жетім балалардың жалпы саны, бірлік	24 239	23 410	22 692	22 081	21 387

[Дереккөз: Қазақстан балалары 2018-2023. Статистикалық талдау ҚР ҰСБ, [117]

Бүгінде республикада 21 387 жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған бала бар.

Кесте 5 – Ата-анасының қамқорынсыз қалған балалар мен жетім балалар үшін интернат мекемелері желісі туралы мәлімет.


Жылдар	**2019**	**2020**	**2021**	**2022**	**2023**
Сәбилер үйлерінің саны	21	20	19	19	20
ондағы балалар, адам	875	747	710	701	711
оның ішінде жасына байланысты:					
0-12 ай	162	129	119	137	128
1-3 жыл	481	407	386	374	433
3 жас және одан жоғары	232	211	205	190	150
балалар мен отбасыларды қолдау орталықтары	16	18	18	23	35

[Дереккөз: Қазақстан балалары 2018-2023. Статистикалық талдау ҚР ҰСБ, [117]

Әйелдерге көмек көрсетудің дағдарыс орталығы физикалық немесе психикалық зорлық-зомбылыққа ұшыраған, баспанасынан немесе жұмысынан айрылған, төтенше психологиялық және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларға тап болған әйелдерге көмек көрсетуге және әлеуметтік оңалтуға арналған әлеуметтік қызмет көрсету мекемесі ретінде анықталады.

Дағдарыс орталықтарының жұмысын ұйымдастыруға мемлекет те, жеке кәсіпкерлер, меценаттар да үлесін қосуда. Мысалы, жаңа туған балалары бар жалғызбасты жас аналар үшін «Ана үйі», уақытша болу және тұру орталықтары ашылған. Сонымен бірге патронаттың жаңа түрі - бала асырап алу және қамқоршылық жүйесі жолға қойылған, өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларды қолдау орталықтары, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың республикалық банкі жұмыс істейді. Білім және ғылым министрлігінің мәліметі бойынша бүгінгі күні елде 5 миллион бала тұрады, олардың 22 мыңнан астамы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар [118].

Республикадағы дағдарыс орталықтары туралы ақпарат білгіміз кеп Интернетке жүгіндік. Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін қорғау, кеңейту және гендерлік теңдік жолындағы күрес жүргізу бағытындағы 2022 жылы тұрмыстық зорлық-зомбылық көрген әйелдерге арналған 41 дағдарыс орталығы жұмыс істеді деп көрсетілген (Сурет 14). Олардың ішіндегі 14 мемлекет тарапынан қаржыландырылады, зомбылықтан жапа шеккені туралы полицияға шағым түсірген әйелдерді ғана қабылдайды. Арыз-шағым жазбаған әйелдер мемлекеттік орталықтардың қызметіне жүгіне алмайды, олар мемлекеттік емес дағдарыс орталығының біріне бара алады [119]. Әрине, бұл орталықтар тегін қызмет көрсетеді, бірақ қаржыландырудың тапшылығы және сұраныстың артуына байланысты барлық мұқтаж әйелдерге көмек қолын соза алмай жатады.



Сурет 14 - Қазақстандағы дағдарыс орталықтарының саны туралы мәлімет [119]

Дағдарыс орталықтарының жұмысын жүйелеу, олардың қызметін қолдау мақсатында 2000 жылы Қазақстанның дағдарыс орталықтарының Одағы құрылды. Еліміздің 12 өңірінен 19 ұйымды біріктіретін Одақ құрылғаннан бері 500-ден аса жобаны жүзеге асырған екен. Одақтың ең басты мақсаты - қиын өмірлік жағдайда қалған, баласы бар отбасының жай-күйін жақсарту, қоғамдық санада отбасы құндылықтарын нығайту, ата-ана жауапкершілігін дамыту, баланы зорлықтан және қатыгездіктен қорғау болып табылады. Одақ өз қызметін ҚР Ішкі істер министрлігі, ҚР мәдениет және спорт министрлігі, ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Президенті жанындағы әйелдер істері мен отбасылық-демографиялық саясаты жөніндегі Ұлттық комиссия, халықаралық және республикалық қорлар, бұқаралық ақпарат құралдары, үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастықта іске асыруда. Одақтың төрайымы Зульфия Байзақованың айтуынша, дағдарыс орталықтарының жеткілікті дәрежеде қаржыландырылмайтыны себепті бұл мәселе әлі күнге дейін өзекті. Дағдарыс орталықтарының 23-інде арнаулы 8 түрлі әлеуметтік қызмет көрсететін баспана бар екен [120].

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша Қазақстанда 2016 жылы 24 дағдарыс орталығы, 2019 жылы 33 болса, 2024 жылы оның саны 36-ны құрады [121]. Бұлардың бәрі тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жапа шеккендерге арналған. Олардың өңірлер бойынша бөлінісі мынадай (кесте 6):

Кесте 6 - Өңірлер бойынша дағдарыс орталықтарының саны.

Аймақтар	2019	2024
Қазақстан Республикасы	33	36
Ақмола облысы	3	4
Ақтөбе облысы	3	2
Алматы облысы	1	1
Атырау облысы	1	1
Батыс Қазақстан облысы	1	2
Жамбыл облысы	1	2
Қарағанды облысы	9	8
Қостанай облысы	-	2
Қызылорда облысы	2	2
Маңғыстау облысы	1	1
Оңтүстік Қазақстан облысы	-	-
Павлодар облысы	1	1
Солтүстік Қазақстан облысы	1	1
Түркістан облысы	1	1
Шығыс Қазақстан облысы	3	1
Астана қаласы	1	1
Алматы қаласы	3	5
Шымкент қаласы	1	1

[Дереккөз: ҚР СЖжРА Ұлттық статистика бюросы]

Орталықтардың жұмысына 500-ден астам маман қатысады, олардың ішінде: заңгерлер, психологтар, әлеуметтік қызметкерлер, әлеуметтік педагогтар, медицина қызметкерлері және басқалар. Жыл сайын дағдарыс орталықтарының сенім телефондарына 14 мыңнан астам қоңырау түседі, 5 мыңға жуық баласы бар әйелдер баспана қызметін алады, 25 мыңы мемлекеттік органдарда құқықтық және психологиялық көмек, әлеуметтік сүйемелдеу алады [122]. Дағдарыс орталықтарында 2024 жылы көмек алғандар саны – 4 981 адамды құрады.



Сурет 15 - Дағдарыс орталықтарында көрсетілген көмек түрлері
[Дереккөз: ҚР СЖжРА Ұлттық статистика бюросы]

Енді біздің зерттеуіміздің нысаны болып отырған Алматы қаласында орналасқан дағдарыс орталықтарына тоқталайық. Бұл орталықтардың көбісі отбасылық зорлық-зомбылық жапа шеккендерді қабылдайды. Әрине, олар тәжірибесіздігі салдарынан от басып, бала тапқан кәмелетке толмаған жас аналарға да әлеуметтік көмек көрсетеді. Төмендегі кестеде Алматы қаласында орналасқан дағдарыс орталықтары туралы мәлімет берілген (кесте 7).

Кесте 7 - Алматы қаласындағы дағдарыс орталықтары мен «Ана үйі» туралы мәлімет.

№	Дағдарыс орталығының атауы	Қызмет бағыты, міндеттері	Қоныстану мерзімі
1	Алматы қаласы Әлеуметтік әл-ауқат Басқармасының "Жан - Сая дағдарыс орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырағандарды қорғау, оларға әлеуметтік көмек көрсету және әлеуметтендіру, уақытша тұру үшін қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз ету, құқықтық және психологиялық көмек беру	2 сағаттан 6 айға дейін
2	«Родник» Қоғамдық қорының әйелдер мен балаларға арналған әлеуметтік-психологиялық оңалту және бейімделу орталығы	Гендерлік теңдікті насихаттау, ажырасу мен жанжалдардың алдын алу, некеге дайындау, адам саудасының құрбандары, сексуалдық немесе басқа жолмен пайдаланылған әйелдерге көмек көрсету	баспанасы жоқ
3	«Қазақстанның тең құқықтары және тең мүмкіндіктер Институты» Қоғамдық қорының ARASHA баспанасы	Алматы қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қолдауымен әлеуметтік осал топтағыларға, тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жапа шеккендерге құқықтық және психологиялық көмек көрсету	6 айға дейін, ерекше жағдайда 9 айға дейін
4	«Ана үйі» қоғамдық қоры	Өмірлік қиын жағдайға тап болған және жаңа туған нәрестесінен немесе 18 айға дейінгі баласынан бас тартқысы келген 30 жасқа дейінгі әйелдерге көмек көрсету	6 айға дейін
5	Жалғызбасты аналарға арналған «Убежище» баспанасы	Өмірлік қиын жағдайға тап болған және жаңа туған нәрестесінен немесе 18 айға дейінгі баласынан бас тартқысы келген 30 жасқа дейінгі әйелдерге көмек көрсету	6 айға дейін
6	«Реванш» әлеуметтік көмек қоры» қоғамдық бірлестігі	ВИЧ ауруын жұқтырған әйелдерге көмек көрсету	12 айға дейін
7	«SOS балалар ауылдары» жанындағы «Асар» жобасы	Әлеуметтік осал топтағы әйелдерге көмек көрсету	6 айға дейін

7 - кестенің жалғасы

8	«Дом для мам» дағдарыс орталығы	Жүктілікті үзудің алдын алу бағытында жас аналарға психологиялық көмек беру, отбасын, бала өмірін сақтап қалуға ықпал ету	12 айға дейін
9	«Teen Challenge Kazakhstan-әйелдерді оңалту бағдарламасы» Қайырымдылық қоры, «Убежище» дағдарыс орталығы	Қиын өмірлік жағдайларға тап болған әйелдерді, белгілі бір тұрғылықты жері жоқ, зорлық-зомбылыққа ұшыраған жалғызбасты аналарды, балалар үйінің жетім түлектерін әлеуметтік оңалту және бейімдеу	12 айға дейін

[Дереккөз: ҚР СЖжРА Ұлттық статистика бюросы]

Осы көрсетілген дағдарыс орталықтары ішінде жалғызбасты аналарға арналған «Убежище» баспанасы 1995 жылдан жұмыс істейді. Құрылғаннан бері дағдарыс орталығы үш мыңнан баланың отбасында қалуына себепші болған екен. Орталық мемлекеттік бюджет есебінен емес, демеушілер көмегімен жұмыс істеуде. Орталықтың атқарушы директоры Тамара Ришенің айтуынша, баспана қиын жағдайда қалған жаңа босанған аналарға баласын өзі тәрбиелеп өсіруіне барынша ықпал етіп келеді. Бірақ мемлекет тарапынан қолдау болмағандықтан қаржы тапшылығы ауадай сезілуде [123].

Никольск шіркеуі жанындағы «Милосердие» тобының белсенді көмегімен 7 жылдан бері «Аналарға арналған үй» («Дом для мам») баспанасы жұмыс істеуде. Тұратын жері, қолдауы жоқ жалғызбасты аналарға, жүкті жас аналарға әлеуметтік көмек көрсетеді. Баспананың негізгі мақсаты - жүктілікті үзудің алдын алу бағытында аналарға психологиялық көмек беру, отбасын, бала өмірін сақтап қалуға ықпал ету. Орталық кәсіпкерлердің, меценаттардың қаржысына күн көреді. Орталықты уақытша мекендейтін аналар туралы мәліметтер толық анонимді түрде сақталады. Орталықта аналар балалары бір жасқа толғанға дейін тұра алады. Осы уақыт ішінде олардың белгілі бір кәсіп игеруіне, жұмыс табуына, пәтер жалдауына немесе туыстарымен, баланың әкесімен табысуына мүмкіндігі болады. Орталықтың шектеулері: ВИЧ жұқтырғандарды, психикалық ауытқуы бар аналарды қабылдамайды, себебі бұндай тұлғаларға толыққанды медициналық көмек көрсетуге мүмкіндігі жоқ. Жоба «Милосердие» тобының белсенді көмегі арқасында қаржылық қолдауға ие болып келеді. Орталық Қазақстандағы белгілі «Ана үйі» әлеуметтік жобасымен тығыз байланыста [124].

«Аналарға арналған үй» орталығының ерекшелігі - жас аналармен бірге, екінші, үшінші рет ана болғалы отырған әйелдерді де қабылдайды [125].

Дағдарыс орталықтарының жұмысы әйелдердің бейәлеуметтік мінез-құлық көрінісін төмендету, олардың қоғамға әлеуметтенуі деңгейін арттыру, қиын жағдайға тап болған әйелдердің болашағын дамытуға және өмірлік сценарийін өзгертуге бағытталады. Ал бұл аталған мақсат - міндеттер дағдарыс

орталықтарында арнайы әлеуметтік қызметтер жүзеге асырылғанда ғана орындалады. Арнайы әлеуметтік жұмыс мамандары әрбір жас ананың өзіне және қоршаған ортаға деген сенімін қалыпқа келтіру, денсаулығын нығайту, білімін жетілдіру, болашаққа жағымды көзқарасын қалыптастыру бағытында үлкен ауқымды жұмыстар атқаруда. Бірақ қоғамның мақсаты тек жас аналарды социореадаптациялау ғана емес, сонымен бірге осы мәселенің алдын-алу шараларын жүзеге асыру болып табылады. Ондай шаралар аясына білім беру ұйымдарындағы жыныстық сауаттылық, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмыстарын жүргізу, отбасы институты құндылықтарын дәріптеу, әлеуметтік желі әлеуетін осы мақсатта тиімді пайдалану, ер азаматтардың отбасындағы міндетіне қатысты жауапкершілігін арттыру жұмыстары және т.б кіреді.

Алматы – Қазақстанның ең ірі мегаполисі болғандықтан, мұнда көмекке мұқтаж адамдар саны да көп. Сондықтан дағдарыс орталықтарының жұмыс тиімділігі тек жеке адамдардың емес, қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің кепілі ретінде қарастырылады. Дағдарыс орталықтарының тиімділігі: тұрмыстық зорлықтың алдын алу (әйелдер мен балаларға қауіп төнген жағдайда жедел көмек көрсету; қауіпсіз ортаға көшіріп, ары қарай құқықтық және психологиялық қолдау беру); суицидтің алдын алу; балалар тағдырын сақтау (балалардың жетімдер үйіне түсуіне жол бермей, аналарымен бірге қалуын қамтамасыз ету); әлеуметтік бейімдеу және қоғамға қайта оралу (жалғызбасты аналардың өз-өзіне сенімін арттыру; жұмысқа орналасу, кәсіпке үйрену арқылы өмірге қайта қадам басуын қолдау). Дағдарыс орталықтарының, оның ішінде Ана үйі жобасының қоғам үшіг маңызы зор. Жоба жалғызбасты аналардың құқықтарын қорғауға бағытталған нақты механизмдердің қалыптасуына әсер етеді, **ә**леуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге, осал топтарды қорғауға негіз болады, **м**емлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың серіктестігінің нығаюына ықпал етеді.

Алматы қаласындағы дағдарыс орталықтары – бүгінгі қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтірудің, осал топтарды, оның ішінде жалғызбасты аналарды қорғаудың нақты құралы. Олар жәбір көрген әйелдер мен балалар үшін өмірді қайта бастау мүмкіндігін береді. Бұл орталықтардың тиімділігін арттыру үшін: мемлекеттік қолдауды күшейтудің, заңнамалық тетіктерді жетілдірудің, қоғамдық пікірді өзгертудің және жұртшылықты ақпараттандырудың маңызы зор. Бұл дағдарыс орталықтары – тек көмек мекемелері ғана емес, олар өмірлік дағдарысқа түскен жалғызбасты аналарға үміт пен тірек болатын әлеуметтік институттар**.**

3.2 Өмірлік қиын жағдайға тап болған жас жалғызбасты аналардың социореадаптациялану процесі

Жасөспірім жалғызбасты аналарды ересек өмірге, яғни бала бағуға, ана болуға тәрбиелеу, қайта оңалту процестері кейде сәтсіздікке ұшырап жатады, басқасын айтпағанда, олардың жаңа туған нәрестесін бауырына басып, баратын тұрғылықты жері жоқ. Баспана мәселесінің шешілмеуі жас ана басындағы

қиындықтарды тереңдетіп жіберетіні белгілі. Оның ар жағында қаржылық, медициналық, құқықтық, психологиялық, әлеуметтік көмекке мұқтаждық тұрады.

Жалғызбасты жас аналарды социореадаптациялау мәселесінде дағдарыс орталықтарының алар орны ерекше. Қазақстанда қиын өмірлік жағдайда қалған аналарды қолдау шараларына қоғамдық ұйымдар, жеке қорлар үлкен үлес қосуда. Себебі жалғызбасты аналар, оның ішінде әсіресе жасөспірім аналарды қоғамға бейімдеу, оларға моральдық көмек көрсету, уақытша тұратын жермен, жұмыс орнымен қамтамасыз ету мәселесі әрқашан өзекті. Осы мәселеде дағдарыс орталықтарының орны ерекше. Олар жас аналардың қоршаған ортаға қайта бейімделуін, балаға деген аналық махаббатының оянып, ата-аналық жауапкершілігін сезіндіру, білім алып, жаңадан мамандық немесе кәсіп игеруіне жағдай жасау, жұмысқа орналасу мәселесін шешуге ықпал етеді. Бүгінде Қазақстан бойынша 19 қалада 24 «Ана үйі» ашылған және әр үйдің қаржыландыратын меценаттары бар. Алғашқы «Ана үйі» Астана қаласында ашылды. Бұл орталықтардың пайда болуы қоғамдағы жетімдер үйінің азаюына себеп болды десек, артық айтқандық емес.

Дағдарыс орталықтары, оның ішінде «Ана үйі» орталықтарының жұмысына талдау нәтижесінде қазіргі қоғамда жалғызбасты аналар мәселесін әлеуметтік жұмыс жүйесінде өз алдына қарастырудың қажеттілігі, дағдарыс орталықтарының жұмысына үкімет тарапынан қолдау көрсетудің маңыздылығы айқындалды. Жас аналардың қаржылық, медициналық, құқықтық, психологиялық, әлеуметтік көмекке мұқтаждығы, білімін жалғастыруы, мамандық игеруі, баланы тәрбиелеуі, баспаналы болуы, материалдық тұрғыдан қамтамасыз етілуі, қоғам тарапынан стигматизациядан арылту мәселелерінің өзектілігі байқалды.

Қоғамдағы экономикалық және әлеуметтік-мәдени өзгерістерге сәйкес ересек жаста ана болу бақытына ие болған әйелдердің саны артқанымен, қыздардың 10 пайызы жыныстық өмірді 14 жасына дейін бастайды екен, бұл дегеніміз кәмелетке толмаған жас аналар санының күрт артуына алып келіп, қоғам мен жұртшылық тарапынан алаңдаушылық туғызуда. Бұл тек біздің елде ғана емес, әлемдегі елдердің барлығына дерлік ортақ проблема десек, артық айтқандық емес, оны батыстық ғалымдар «teenage pregnancy» теориясы арқылы түсіндіреді [126]. Бұл бүкіл адамзат қоғамын алаңдататын проблемаға айналып отыр.

Сондықтан қазақстандық қоғамда жасөспірім жалғызбасты аналар мәселесін өз алдына көтеріп, оны әлеуметтік жұмыс жүйесінде бөлек қарастырудың қажеттілігі өзекті бола түсуде.

«Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасында» аталған проблеманың өзектілігі атап көрсетілген: «Ерте жастан некеге тұру, кәмелеттік жасқа толмағандардың жүкті болуы, ерте жастан аборт жасату проблемалары орын алуда, бұл, әсіресе, ауылдық жерлерде кеңінен таралып отыр. Қазақстанда екі миллионнан астам 18 жасқа дейінгі жасөспірім қыздар мен бойжеткен қыздар тұрады, бұл

республикадағы барлық әйел тұрғындардың бесінші бөлігі. Соңғы бес жылда жасөспірімдер жүктілігі бойынша 33 051 жағдай тіркелген, оның ішінде 15 пен 18 жас аралығындағы қыздар арасында 9 906 аборт жасалған» [38].

Екінші мәселе, жас аналарға қолдау көрсететін дағдарыс орталықтарының жұмысына үкімет тарапынан қолдау көрсетудің маңыздылығы, үшінші назар аударатын дүние, жас жалғызбасты аналарды қолдау туралы ақпараттық кеңістікте жеткілікті дәрежеде айтылмауы осы мәселенің күн тәртібінен тыс қалуына әкеп соғатындығы. Соның кесірінен дағдарыс орталығынан шыққан жас ана тағы да өз проблемасымен жалғыз қалады, қайта қиындыққа ұшырайды, осылайша социореадаптациялау кей жағдайда өз жемісін бермей жатады. Білім беру мекемелері мен әлеуметтік қорғау орындары кәмелетке толмаған жалғызбасты ананы көбіне әлеуметтік патология тұрғысынан қарастырады да, оны көмекке мұқтаж адамдар санатына қоспайды. Осының бәрі жоғарыда айтылған мәселелерді тереңдетіп жібереді. Кәмелетке толмаған аналардың білімін жалғастыруы, мамандық игеруі, баланы тәрбиелеуі, баспаналы болуы, материалдық тұрғыдан қамтамасыз етілуі, қоғам тарапынан стигматизациядан арылту мәселелерін шешу нақты жүйеленбеген. Қазіргі таңда осындай аналарға әлеуметтік көмек көрсету, социореадаптациялау жұмысы бойынша әдістемелік нұсқаулықтар, қажетті нормативті құжаттар жоқтың қасы. Міне, осы айтылғандардың бәрі біздің жұмысымыздың өзектілігін байқатады.

Әлеуметтанушылар, психологтар кәмелетке толмаған аналар проблемасына көп назар аудармады, себебі кеңестік дәуірде бұл кең таралмаған болатын және көбіне құқықтық салада реттеліп отырды. Аталған проблеманы зерделейтін бағыттарға тоқталу барысында біз ең бірінші медициналық салаға назар аударамыз. Физиологиялық тұрғыдан бұл ең әуелі медицинаның нысаны болғандықтан, жас аналарға медициналық көмек көрсету, кеңес беру, денсаулығын нығайту, балаға күтім жасау және тағы басқа бойынша шараларды жүзеге асыру және т.б. мәселелер алдыңғы орында тұрады. Соңғы жылдары ғана медициналық бағдар әлеуметтік негізбен ұштастырыла бастады, осылайша аталған проблеманың медико-психологиялық, медико-әлеуметтік аспектілерін қарастыру маңызды бола бастады. Ал кәмелетке толмаған аналардың отбасындағы келіспеушіліктер мен кикілжіңдер, ата-анасымен, баланың әкесімен қарым-қатынасын талдау, жаңа жағдайға жас ананы бейімдеу, дағдарыспен күресу және т.б. психологиялық бағыттың дамуына әкелді.

Жалғызбасты аналар проблемасын талдау барысында қарастырылатын бағыттың бірі - құқықтық. Осы тұрғыдан талдаушылар көбіне жеке тұлға құқығы, жалғызбасты ананың жағдайын жасаудағы қоғамның міндеттері, ана мен баланың құқықтарын сақтау жағдайын көбірек сөз етіп, әлеуметтік-құқықтық жақтарына терең бара қоймады. Жалғызбасты аналардың, оның ішінде ірі қалаларда тұратындардың әлеуметтік-экономикалық мәртебесін анықтау да ғалымдардың нысанына айналуда. Бұл салаларға арнайы тоқталып отырған себебіміз, жас аналарды қоршаған ортаға бейімдеу, оларды әлеуметтік оңалту процесін жоғарыда аталған бағыттармен ұштастыра жүргізу аса маңызды.

Қазақстанда соңғы жылдары жалғызбасты аналарды әлеуметтік қолдау мақсатында оларды уақытша баспанамен қамтамасыз ететін дағдарыс орталықтары ашылды. Сондай орталықтардың алғашқысы – «Ана үйі». Атынан байқалып тұрғандай, балалар үйі емес, «Ана үйі» деп аталған бұл орталықтың басты миссиясы - өмірлік қиын жағдайға тап болған 30 жасқа дейінгі аналарға уақытша баспана беру, бауырындағы баласынан ажыратпау, сол арқылы балалардың жетім қалуына жол бермеу. Құрсағына шарана біткеннен туыстары, ата-анасы теріс айналғандар, қысастық пен қорлыққа шыдамағандар «Аналар үйі» дағдарыс орталығынан пана тауып отыр.

«Аналар үйіндегі» ең басты қызмет - жас жалғызбасты аналарды қоршаған ортаға әлеуметтік қайта бейімдеу.

Бейімдеу - ғылымда әртүрлі түсіндірілетін ұғым. Жалпы алғанда «бейімделу - тірі организмдер мен қоршаған ортаның өзара әрекеттесуінің нәтижесі (процесі), бұл олардың өмірге және іс-әрекетке оңтайлы бейімделуіне әкеледі...» [127].

«Орысша-қазақша сөздік. Педагогика» жинағында әлеуметтік бейімдеуге былай деп анықтама береді: «Әлеуметтік адаптация - индивидтің әлеуметтік ортаның шарттарына бейімделуі. Әлеуметтік адаптация типтері: ортаға белсенді ықпал ету, әлеуметтік топтың құнды бағдарлары мен мақсатын енжар, көніп қабыл алу. Әлеуметтік адаптация индивидтің әр түрлі әлеуметтік рольдерді қабыл алуымен, өзін және өзінің әлеуметтік байланыстарын барабар бейнелеуімен байланысты» [128].

Бейімделу екі түрге бөлінеді: биофизиологиялық және әлеуметтік-психологиялық. Біздің кейінірек талдауымызға негіз болатын әлеуметтік-психологиялық бейімделуді толығырақ қарастырайық. Тағдыр тезімен, әртүрлі жағдайлар ықпалымен отбасын құрмай жатып, нәрестелі болып, жалғызбасты анаға айналған кәмелетке толмаған жас аналарды қайта қоғамның толыққанды мүшесі етіп, өмірге араластыру жұмысы әлеуметтік және психологиялық тұрғыдан бейімдеу процесі арқылы іске асырылады. Ғалымдар бейімделудің үш түрін атап көрсетеді:

- ішкі бейімделу. Бұл жеке тұлғаның толық бейімделуі, толығымен қайта ішкі жан дүниесімен жаңаруы десек те болады. Сыртқы бейімделу барысында жеке тұлға өзінің ішкі ерекшелігін сақтай отырып, сырттай бейімделеді. Ал аралас бейімделу барысында қоршаған ортаға, қоғамның құндылықтарына, нормаларына ішінара бейімделе отырып, өзіндік ерекшелігін, «менін» сақтап қалады [129].

Әлеуметтік-психологиялық бейімделудің объективті көрсеткіштері, әдетте, белгілі бір дәрежеде іс-әрекетке немесе әлеуметтік шеңбердің тарылуына байланысты барлық нәрсені қамтиды. Бейімделудің субъективті аспектісіне келетін болсақ, ол көп жағдайда адамның объективті жоспарда болып жатқан өзгерістерді қабылдауына және оларды бағалауына тіреледі [130]. Әлеуметтік-психологиялық бейімделген тұлға дегеніміз - ішкі және сыртқы қарама-қайшылықсыз қоғамдағы өзінің басты міндеттерін орындау, мысалы, жас ана

баласын тастамай, өзі бағып өсіреді, қоғамға араласып, білім алып, жұмыс жасайды.

Әлеуметтік-психологиялық бейімделу жеке тұлғаны қорғаудың тәсілі болып табылады, оның көмегімен ішкі шиеленіс, тұрақсыздық жағдайы, қорқыныш, қоғаммен өзара әрекеттесу кезінде туындайтын алаңдаушылық жойылады. Психиканың қорғаныс механизмдері адамның психологиялық бейімделу тәсілі ретінде қызмет етеді. Адам психологиялық қорғаныс тетіктерін игерген кезде, бұл оның бейімделу әлеуетін арттырады, әлеуметтік-психологиялық бейімделудің сәттілігіне ықпал етеді. Әлеуметтік-психологиялық бейімделу функцияларына мыналар жатады:

1) «жеке тұлға-әлеуметтік орта» жүйесінде барынша тепе-теңдікке қол жеткізу;

2) жеке тұлғаның қабілетін ашу және дамыту;

3) тұлғаның эмоционалды-комформды ұстанымдарын қалыптастыру;

4) жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруы;

5) өзін-өзі тану және өзін-өзі түзету;

6) бейімделетін тұлғаның, сондай-ақ ұжымның әлеуметтік ортасының қызметі тиімділігінің өсуі;

7) психикалық денсаулықты сақтау [40].

Әрине, дүниеге бала әкелген жасөспірім қыздың өзі де әлі бала, кешегі ойын баласының бүгін кенеттен ана міндетін орындауға дайын болмайтыны анық. Олардың қоғамда өз орнын тауып, әлеуметтік бейімделуінде, оңалту жұмысын оңтайлы жүргізуде «Ана үйі» сияқты орталықтардың атқаратын қызметі, жүгі салмақты. Өмірлік қиын жағдайға душар болған жас аналарды әлеуметтік оңалтуға арналған дағдарыс орталықтарына жасалған зерттеулеріміз дағдарыс орталықтарының жұмысы әйелдердің қоғамға жат мінез-құлық көрінісін төмендету, олардың қоғамға әлеуметтенуі деңгейін арттыру, қиын жағдайға тап болған әйелдердің болашағын дамытуға және өмірлік сценарийін өзгертуге бағытталатынын айқындап берді. Осылайша дағдарыс орталықтары бар мүмкіндігінше күйзелісте жүрген жас ананы әлеуметтік, медициналық, писхологиялық, құқықтық тұрғыдан қолдау, көмек беру, олардың білімін жалғастырып, мүмкіндік болса жаңа мамандық игеруіне де себепкер болып отырады.

Саясаткерлер, әлеуметтанушылар кәмелетке толмағандардың ана атануының алдын алу үшін демографиялық саясаттың мына бағыттарына басымдық берілуін алға тартып келеді:

- жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, мемлекет тарапынан қоғамдағы ата-ананың орнын, отбасы құндылықтарын насихаттау;

- жастардың отбасы құруға ұмтылысы мен қазіргі әлеуметтік-экономикалық және қаржылық тұрақсыздық жағдайында оны жүзеге асыру мүмкіндігі арасындағы алшақтықты азайту;

- отбасыны әлеуметтік қолдау тетіктерін жетілдіру, мемлекет тарапынан оны жан- жақты қолдауды жүйелеу;

- жас жалғызбасты аналарды қолдау, олардың еңбек нарығында дискриминацияға ұшырауына жол бермеу;

- жастар үшін сапалы денсаулық сақтау мекемелерін қол жетімді ету және т.б.

Кәмелетке толмаған қыздардың ана болу проблемасы кейбір бұқаралық ақпарат құралдарындағы азғындық, ар-ұяттан безген дүниелердің барынша ашық насихатталуымен, соның нәтижесінде жастардың рухани жұтаңдыққа ұшырауымен түсіндіруге болады [131].

Басына түскен қиындыққа шыдамай, баладан бас тартуды ойлаған жас аналардың өз баласымен бірге қолайлы жағдайда өмір сүруі «Ана үйі» орталығында қол жетімді болуда. Орталықта қажетті барлық керек-жарақпен қамтамасыз етілген аналардың баласына аналық мейірім төгуіне, депрессиядан шығуына мамандандырылған көмек көрсетіледі.

«Ана үйі» Қоғамдық Қоры қайырымдылық жобасы тек уақытша баспанамен ғана қамтамасыз етіп қоймай, сонымен бірге осында тұрған уақыт ішінде мамандық игеруіне, жұмысқа тұруына, тұрғын үй алу үшін кезекке тұруға, баланың әкесін тану процестерін іске асыруға, ана болуды үйренуге қадам жасауына, осылайша жас аналарды қоршаған ортаға социореадаптациялау жұмысын жүйелі жүргізіп келеді.

«Ана үйінің» ресми сайтындағы есепте «Ана үйі» жобасы құрылғаннан бергі 7 жыл ішінде баланың анасымен бірге болуға мүмкіндік беріп келеді. «Ана үйі» жобасы өзінің өзектілігі мен тиімділігін көрсетті. Бүгінгі таңда «Ана Үйі» аналардың 68%-ның жаңа туған балаларынан бас тартуына жол бермеуде» деп көрсетілген [112]. Жас жалғызбасты аналарды, олардың ішінде кәмелетке толмаған аналарды социореадаптациялау үдерісін осылайша оңтайлы жүргізіп отырған «Аналар үйі» қоры тағы бір үлкен жобаға мұрындық болды. Осы орталықтың бастамасымен 2019 жылы бала асырап алғысы келетін отбасыларын қолдау мақсатында бала асырап алу жөніндегі Ұлттық агенттік құрылды. Ұлттық агенттіктің ұсынысымен Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» кодексіне жеке бала асырап алу агенттіктері заңдастыру; бала асырап алғысы келетін тұлғалардың арнайы ата-ана мектебінде оқып, сертификат алуы; бала асырап алу агенттіктерінің тіркеуден өтуі сияқты өзгертулер енгізілді.

Ал Агенттікпен қатар құрылған Түлектер орталығы да үлкен міндетті атқаруда. Орталық балалар үйінде тәрбиеленген 15-23 жас аралығындағы қыз балалар арасында кәсіп игеру және әлеуметтік азаматтық ұстанымды қалыптастыруға арналған жұмыстар жүргізіп келеді.

Жоба жұмыс істеген жылдар ішінде денсаулық сақтау мекемелеріне (балалар үйіне) жыл сайын түсетін 1,5 жасқа дейінгі балалар саны 46,3% - ға (710-нан 381-ге дейін) қысқарған. Қоғамда белең алған әлеуметтік жетімдікті мейлінше азайту, жалғызбасты жас аналарды әлеуметтік бейімдеудегі табысты жұмысы үшін «Ана үйі» жобасы Қазақстан Республикасының тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу бойынша алғашқы ерікті Ұлттық шолуында бірегей жоба ретінде атап өтілді [132].

«Аналар үйі» жобасы тек жалғызбасты аналардың әлеуметтік мәселесіне тікелей әсер етіп қана қоймай, әлеуметтік жетімдікпен байланысты туындайтын әлеуметтік-экономикалық, психологиялық және тағы басқа факторлар туралы қалың жұртшылыққа жеткізу, сол арқылы әлеуметтік жетімдікті жоюға бағытталған жұмысты одан әрі жалғастыру жұмысымен айналысады.

«Ана үйі» орталығының барлық жұмысы, әр үйінің ағымдағы қызметі бірыңғай электрондық порталда тіркеледі, онда жобада көмек алған әйелдер мен балалар туралы толық ақпарат бар. Бұл портал әкімшілік басқару функциясынан басқа статистикалық мәліметтерді жасауға мүмкіндік береді. Осы жинақталған мәліметтер базасы негізінде «Ана үйі» қоғамдық қоры 2017-2019 жылдар аралығында жоба аясында «Ана үйінде» тұрған 1092 ананың жеке профилін зерттеп, жас аналарды әлеуметтік-психологиялық қолдау тәжірибесіне толық аналитикалық шолу жасады [112].

Ұсынылған жұмыста «Ана үйі» жобасы командасының жұмыс істеу қағидаттары мен тәсілдері айтылып, жылдар бойы жиналған мәліметтерге талдау жасалған. Жас аналардың әлеуметтік портреті сомдалып, олардың қиын өмірлік жағдайларға ұшырау факторлары қарастырылған. Бұл жоба шеңберінде орындалған жұмыстың барлық ауқымын бағалауға, сондай-ақ осындай әлеуметтік проблемаларды одан әрі шешу үшін жинақталған тәжірибені зерделеуге мүмкіндік беретіні қуантады.

Жоба тәжірибесі көрсеткендей, келіп түскен ана туралы порталда сақталған барлық мәліметтер (жасы, отбасы жағдайы, туған күні мен жері, білімі, мамандығы, жұмыс орны, құжаттардың болуы, жобаға жүгіну себебі, денсаулық жағдайы, әйелдің туыстары, оның отбасының сипаттамалары, жақындарының жүктілікке/бала тууға қатынасы, басқа әлеуметтік қолдаудың болуы туралы мәлімет, әлеуметтік бейімдеудің жеке жоспары, оны орындалу барысы, оған көрсетілген көмек түрлері және т.б.) жүргізілген жұмыстың тиімділігін айқындау үшін негіз болып табылады және болашақта осындай аналарға көрсетілетін қолдау түрлерін жетілдіруге ықпал етеді.

«Ана үйінің» қызметін талдау барысында көп салалы команда жүзеге асыратын жұмыс алгоритмі және жас ананың осы орталықта уақытша тұрған кезеңінде оны әлеуметтік оңалту мақсатында жүргізілетін жұмыстардың кезеңдерімен таныстық.

«Ана үйі» қызметкерлерінің жас жалғызбасты аналармен жұмыс істеу қағидаттары мен кезеңдері 8 кестеде көрсетілді.

Кесте 8 - «Ана үйі» қызметкерлерінің жас жалғызбасты аналармен жұмыс істеу қағидаттары мен кезеңдері.

кезеңдер	Жүргізілетін жұмыс түрі
Бірінші кезең. Бейімдеу	- Өзімен әңгімелесу, байқау, психодиагностика әдістері арқылы орталыққа қабылданған ана туралы ақпараттар жинау. Жаңадан келген ананы психологиялық бейімдеу, осы тұрғыда қолдауға бағытталған жеке жұмыс жүргізу. - Диагностика нәтижесінде жас анаға қажетті психологиялық көмекті анықтау және жас ананы бейімдеу жөніндегі координаторға ұсыныстар беру. - Жалғызбасты ана мен баланы Ана үйімен таныстыру. - Ұжымда бейімделуге бағытталған топтық жұмыс жүргізу, бірге өмір сүру ережелерімен таныстыру.
Екінші кезең. Постадаптациялық кезең	- Жас ананы әлеуметтік бейімдеудің, писхологиялық оңалтудың, баладан бас тартудың алдын алуға бағытталған жеке жоспарын құру, қажетті ресурстарды анықтау. Оған координатор, медик, психолог және ананың өзі атсалысады. - Жалғызбасты ананың психоэмоционалды жағдайы және оның баламен қарым-қатынасына бақылау жасау. Психологиялық көмек жоспарына сәйкес оңалту жұмыстары жүргізіледі, онда бала мен ананың арасында сүйіспеншілікті қалыптастыруға ерекше назар аудару. - Сыртқы ортамен байланысын қалпына келтіру жұмыстары: туыстарымен, жақын адамдарымен, серіктестерімен қарым-қатынасын реттеу, жанжалды жағдайларға жол бермеу жұмыстарын жүргізу. - Болашақта табыс табу пен жұмысқа орналасуы үшін жағдайға және икеміне байланысты қосымша кәсіп түрін игерту, оқуын жалғастырту.
Үшінші кезең. Шығаруға дайындық	- Қызметкерлер командасы жас анамен бірлесіп, жеке жоспардың іске асырылуын талқылау, жетістіктерді атап көрсету, қажет жағдайда түзетулер енгізу. Орталықтан шыққаннан кейін жас ананың болашақ өмірге ары қарай жоспарын, мүмкіндіктерін айқындау. - Жеке жоспардың міндеттеріне сәйкес жоба мамандары құжаттарды ресімдеу, жұмысқа орналастыру, оқыту, тұатын үй іздеу сияқты жобадан шыққаннан кейін әлеуметтік бейімделуге қажетті басқа да іс-әрекеттерде көмек көрсету. - Қорытынды психодиагностика жүргізу, бала мен ананың эмоционалды жағдайының динамикасын талдау, жағдайға байланысты ұсыныстар беру.
Төртінші кезең. Шығару	- «Ана үйімен» қоштасу рәсімін өткізу, тілектер мен фотосуреттері бар альбом сыйлау, өмірге қажетті ұсыныстар жазылған арнайы хат беру, жас ана өзінің «Ана үйінде» тұру тәжірибесі туралы пікірін жазып қалдыруы - Жас анамен одан әрі байланысты үзбеу, қажет жағдайда көмек сұрай алуға мүмкіндік беру. Координатор оны «Ана үйінің» іс-шараларына қатысуға шақыру және қоңырау шалу арқылы әйелдің өмірлік жағдайына мониторинг жүргізеді

[Дереккөз: [112].

«Ана үйі» орталықтарында зерттеу жұмысын жүргізу барысында байқағанымыз, жоба қызметкерлері бірлесе жұмыс істейді, оларды өз ісін терең түсінетін, нағыз мамандардың бірегей командасының мүшелері деп атауға әбден болады. Түрлі қиыншылықты бастан өткерген, тағдыры бір-біріне мүлде ұқсамайтын қыздар мен әйелдердің әрқайсысының жан дүниесіне үңілу, оларға кәсіби тұрғыда кеңестер беру, келіссөздер жүргізу, жанжалды жағдайларға жол бермеу, әсіресе психикалық және дене жарақатын алған, тұрмыстық зорлық-зомбылық көрген, жыныстық зорлық құрбаны болған немесе алданып қалған, суицидтік мінез-құлық байқалатын әйелдердің проблемалары мен жағдайының ерекшеліктерін түсіне отырып жеке әлеуметтік жұмыс жасау оңайға соқпасы анық. Жас аналармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыстың да ерекшелігі сол, олардың ішкі ресурстарын ояту, құпиялылық сақтау, оларды өмірге ынталандыру жұмыстары мамандардан ерекше күш – қуатты, төзімділікті талап етеді. Сондықтан бір қуантарлығы, жоба өз қызметкерлерінің де эмоционалдық писхологиялық жағдайларына да ерекше мән беріп, олардың өз жұмыстарына деген қызығушылығын арттыру мақсатында кәсіби сүйемелдеу жүйесін (кәсіби мүмкіндіктер шекарасын анықтау, әлеуметтік жұмыс саласының тәжірибелі мамандарынан кеңестер алу, біліктілік арттыру, әлеуметтік жұмыстың жаңа технологияларын меңгерту, эмоционалды тұрғыдан өзін-өзі реттеуге үйрету және т.б.) іске асырады екен [133].

Қазақстандық кәсіпкерлер белсенді қолдаған бұл жоба әлеуметтік жетімдік мәселесі кең мағынада өте өзекті екенін қоғамдастыққа жеткізуде үлкен жетістіктерге қол жеткізді.

Біз 2022 жылдың ақпан-наурыз айларында жас жалғызбасты аналар санының артуы себептерін және олардың қазіргі жағдайына талдау жасау, әлеуметтік қайта бейімделу деңгейін анықтау мақсатында Алматы қаласында орналасқан дағдарыс орталықтарында анонимді сауалнама жүргіздік. Зерттеудің нысаны дағдарыс орталықтарын уақытша паналап жатқан аналар болды. Әрине, уақытша тұрып жатқан аналардың бәрі бірдей қарым-қатынас жасап, сұрақтарымызға жауап беруге құлықты болды деп айта алмаймыз. Олардың ішінде жас босанып, әлі де болса терең күйзелісте жүргендіктен сауалнамаға қатысудан бас тартқаны да болды, барлық сауалнама еркін түрде, жасырын жүргізілді.

Зерттеу нысаны - жалғызбасты аналар, зерттеу пәні - жалғызбасты жас аналардың әлеуметтік қайта бейімделуі, зерттеу мақсаты - әлеуметтік бейімделу деңгейін анықтау.

Сонымен №1 «Ана үйінен» - 29 ана, №2 «Ана үйінен» - 31 ана, №3 «Ана үйінен» - 33 ана, «Реванш» дағдарыс орталығынан - 5 ана, «Убежище» дағдарыс орталығынан – 18 ана және жалғызбасты жас аналар сауалнамаға қатысуға ерік білдірді. Барлығы 126 ана қатысты.

Зерттеу жүргізу үшін сұрақтар дайындалды, ол жалпы демографиялық бөлімнен, негізгі бөлімнен және түрлі тақырыптағы сауалнамалардан тұрды.

Деректерге сәйкес, респонденттердің басым бөлігі (47%) 11 сыныпты бітірді, барлық сұралғандардың тек 1% - 9 сыныпты аяқтаған болып шықты, 30%

– колледжде немесе 13% жоғары оқу орнында оқыған екен, осы жағдайға байланысты 9 % оқуларын тастап кеткен. Қыздардың басым көпшілігі (95,7%) жүктіліктерін жоспарламаған, тек қыздардың 4,3% -ы ғана баланы өз қалауымен бала дүниеге әкелген.

Зерттеу нәтижесінде респонденттердің жас санаттары былай бөлінді: 18-20 жастағы қыздар саны 53 (42%) , 21-23 жастағы қыздар саны 38 (30%), 24-26 жастағы қыздар саны 28 (22%), 27-29 жастағы қыздар саны 7 (6%) ды құрады.

Сауалнама нәтижелері бойынша қыздардың 67% - ы өздерінің жүктілігі туралы бірден біліп, бұл нәрсені қоршаған ортадан жасырып, жасанды түсік жасату ойына келген, қыздардың барлығы дерлік бойына бала біткеннен бастап қорқу, ұялу, уайымдау сезімін бастан кешірген.

Аналардың күйзеліс деңгейін анықтау үшін В.В.Бойко тесті («Жеке тұлғаның фрустрация деңгейін экспресс-диагностикалау») 9 кестеде қолданылды (Қосымша В) [134].

Берілген 12 сұрақтың әрқайсысына «келісемін» деген жауап үшін 1 балл, «келіспеймін» деген жауап үшін 0 балл қойылды.

Кесте 9 - Аналардың күйзеліс деңгейін анықтау.

Тест нәтижесін өңдеу	**сипаттамасы**	**Тестке қатысушы жауаптарының бөлінісі, және %**
10-12 балл	Фрустрацияның жоғары деңгейі	10 (8)
5-9 балл	Фрустрацияға жақын	53 (42)
4 балл және одан аз	Фрустрацияның төмен деңгейі	63 (50)

[Ескерту: кесте автор тарапынан құрастырылған].

Біздің зерттеуімізде аналардың көпшілігінде 50% ашуланшақтық деңгейі төмен екендігі анықталды, алайда респонденттердің 42%-ында ашуланудың тұрақты тенденциясы немесе ашуланудың өте жоғары деңгейі басым, 8%-ында күйзеліс пен агресссия өте жоғары деңгейде екені байқалды.

Ауызша сұқбаттасуымызға 18 ана өз еркімен қатысуға тілек білдірді. Олардың ішінде болған жағдайға өздерін кінәлайтындар басым (14-78%), ендігі бір тобы жігітінің жауапкершіліктен қашуын алға тартады (4-22%). Жігіттің баладан бас тартуына себеп ретінде бірнеше жауаптарды естідік: «жауапкершілігі жоқ» - 50%, «сенімсіздік білдіру» - 17%, «жақсы көрмеуі» - 11%, «отбасының қарсы болуы» - 17%, «материалдық жағдайдың төмендігі, жұмыссыздық» - 5%.

Алынған мәліметтер негізінде жас аналар мен кәмелетке толмаған жүкті қыздарда кездесетін негізгі мәселелерді бөліп көрсетуге болады:

1. Материалдық қиындықтар: қыздардың көпшілігі жыныстық қатынасты ерте бастаған, тұрмыс құрмаған, көбісі әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан.

2. Психологиялық мәселелер: кейбір жас аналар баланы бағуға

психологиялық тұрғыдан дайын емес, күйзелістен арылмаған, сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі туыстарынан, жақындарынан көргені болмаса, балаға қалай күтім жасалатынан толыққанды хабардар емес.

3. Медициналық ерекшеліктері: жас ананың өзінің физиологиялық тұрғыдан дамуы толық жетілмеген, сондықтан әлі де болса денсаулығы мықты еместігі байқалды [133].

«Ана үйі» жобасына 30 жастан аспаған аналар ғана қабылданатын ескерсек, зерттеуіміз көрсеткендей, уақытша паналғандардың орта жасты 24 жасты құрайды екен. Бірақ өмірдің қиыншылықтарына байланысты бұл жас шектеулерін сақтай алмайтын кездері де болып қалады. Орталық мамандары 14 пен 17 жас аралығында жасөспірім жас аналармен жұмыс істеу ерекше күш-жігерді талап ететінін атап көрсетті. Себебі олар екі бірдей кәмелетке толмаған балаға: жас ана мен баланың құқықтарын қорғау үшін қамқоршылық санатында жұмыс істейді. Орталық жасөспірім ана түскен жағдайда оған кәмелетке толғанға дейін тұруға рұқсат беріледі.

«Ана үйінде» уақытша паналаған жас аналардың үй шаруасын жүргізуді, белгілі бір кәсіпті игергені байқалды. Олар осы орталықта үйрерген істері ретінде: киім тігу, тамақ пісіру, шаш қию, маникюр және визажист курстарын оқып алғандарын айтты. Бұның өзі олардың бойында болашаққа деген сенім ұялатып, жігерлендіргені сезілді. Сонымен қатар барлығы да «Ана үйі» қоғамдық қорының жұмысын жоғары бағалап, қызметкерлердің қамқорлығына ризашылығын білдірді.

«Ана үйі» жобасының тиімділігі де сонда, қоғамдағы жас аналардың реадаптациясы мәселесін шешуге ықпал етуі және сонымен бірге әлеуметтік жетімдікпен қатар туындайтын әлеуметтік-экономикалық, психологиялық, құқықтық және басқа факторлар туралы ақпараттардың қоғамда ашық түрде айтылып, соның негізінде мемлекеттің әлеуметтік жетімдікті жоюға бағытталған оңтайлы шешімдер қабылдауына және басымдықтар мен нысандарды анықтауға мүмкіндік беруде.

«Ана үйі» орталықтарындағы аналарды социореадаптациялау жұмысына жасалған осы талдау жас аналармен жүргізілетін жұмыстың күрделілігін көрсетті. Бір жағынан, 3-6 ай аралығында «Ана үйі» қабырғасында жүргізілген әлеуметтік оңалту шаралары үнемі тиімді бола бермейді, бұл белгілі бір уақыт жұмсауды қажет ететін күрделі үдеріс. Әрине, «Ана үйі» орталығының әлеуметтік жетімдіктің алдын алуда еңбегінің ұшан-теңіз екенін баса айтқан жөн. Бірақ осындай бірегей орталықтардың тек ірі қалаларда ғана жұмыс істейді, алалыс өңірлердегі өмірлік қиын жағдайға душар болған аналар өз проблемасын өзі шешуге тура келетінін ұмытпаған жөн. Сонлықтан мемлекет тарапынан жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік жұмыстың бір нысаны ретінде қарап, олардың қоршаған ортаға, қоғамға бейімдеу шараларын жүзеге асырып, қажет болса, қолдап отыру қажет. Алыс және жақын шет елдердің әлеуметтік мекемелерінің жағымды тәжірибелерін алдағы уақытта зерделеп, оңтайлы тұстарын енгізудің уақыты келген сияқты.

Екіншіден, дағдарыс орталықтары мен «Аналар үйі» орталықтарында жұмыс істейтін қызметкерлердің әлеуметтік жұмыс, педагогика, психология, гендерлік тәрбие тұрғысынан біліктіліктерін арттырып отыру еш артықтық етпейді. Үшіншіден, жас жалғызбасты аналар мәселесіне БАҚ, интернет, ғылыми қауымдастық, үкіметтік және қоғамдық ұйымдардың назарын аудару үшін мемлекет тарапынан талдау жұмысы жасалу керек. Сонда ғана бұл өзекті мәселе мемлекет деңгейінде қарастырылып, кең көлемде талқыланатын болады.

Сәтімен жүргізілген әлеуметтік-психологиялық бейімделудің көрсеткіштері - белгілі бір ортадағы адамның әлеуметтік мәртебесі, сондай-ақ оның тұтастай алғанда осы ортаға және оның маңызды элементтеріне психологиялық қанағаттануы. Төмен әлеуметтік-психологиялық бейімделудің көрсеткіштері-адамның басқа әлеуметтік ортаға ауысуы, аномия және девиантты мінез-құлық. Біз зерттеу жүргізген «Ана үйі» орталықтарында әлеуметтік психологиялық бейімделудің төменгі көрсеткішін көрсеткен аналар жоқтың қасы. Осы мекемелердің кәсіби білікті мамандарының жүйелі жұмысы арқасында олар қоршаған өмірге қайта бейімделіп, жас баласын өзі бағуға ниетті болуда. Тек бір ойландыратын жағдай, «Ана үйінен» шыққаннан кейінгі өмірлері алаңдатады. Әрине, жоба мамандары мейлінше олармен байланыс жасап, жағдайын біліп тұруға тырысады, бірақ ауыртпалықты көтере алмай, балаларын туыстарына беріп жібергендер немесе балалар үйіне өткізгендер де кездесіп қалады.

«Ана үйі» қоғамдық қорының жасаған талдауларына сүйене отырып, баладан бас тартуға итермелейтін бірқатар көрсеткіштерді атай аламыз. Орталыққа қабылданған аналарды зерттеу барысында мына жағдайларға ерекше мән беріледі:

- ауылдық жерлерде тұратын аналар;
- материалдық қиындықтары бар көп балалы отбасында тәрбиеленгендер;
- оқымайды, тұрақты жұмысы мен кірісі жоқ, басқалардың көмегіне сүйенеді;
- кейбір жағдайларда, керісінше, тұрақты жұмыс пен табыс өте құнды болып, баладан бас тартуы да мүмкін;
- аяқталған орта білімі жоқ;
- туыстарымен қарым-қатынас дұрыс емес, олардың тарапынан зорлық - зомбылыққа ұшыраған;
- жақындарынан жүктілігін жасырған және олардан ешқандай қолдау алмағандар;
- серіктеспен қарым-қатынас тұрақты емес, ресми тіркелмеген және жүктіліктен кейін байланыс үзілген;
- баланың әкесі жүктілік туралы білмейді немесе баланың туылуына мүлде қарсы;
-кездейсоқ байланыс нәтижесінде жүкті болды немесе жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырады;
- медициналық есепке тұрмады және жүктілікті тоқтатуға әрекет жасады;
- өзі тәрбиелемейтін, басқа біреулерге берген үлкен балалары бар [88]. Бұл мәліметтер баладан бас тарту қаупі көптеген факторларға байланысты деген

болжамдарды растайды. Тағы бір ескерер жайт, материалдық жоқшылық өзекті болса да, ол бірінші орында тұрмайды, ең бастысы отбасының құндылық бағдарлары ерекше рөл атқарады. Сондықтан әлеуметтік жетімдіктің алдын алу әлеуметтік, психологиялық, медициналық көмек шараларын, сондай-ақ отбасылық қатынастардың құндылық аспектілеріне ерекше назар аударылатын білім беру бағдарламаларын қамтитын кешенді тәсілді қажет етеді. Білім мекемелерінде отбасы құндылықтарын насихаттау мәселесіне аса маңыз беру керек.

Қиын өмірлік жағдайға тап болған және әлеуметтік қызметтерге мұқтаж кәмелетке толмаған аналарға көмек көрсету үшін жас аналармен әлеуметтік жұмыстың экологиялық моделін қолдануға болады [135]. Бұл модельге: әлеуметтік отбасылық саясат, отбасын жоспарлау орталықтарының жұмысы, ерте жүктіліктің алдын алу (гендерлік тәрбие), туыстар тарапынан, жақын орта тарапынан көмек және т. б. кіреді.

Жалғызбасты ана болудың және әлеуметтік жетімдіктің алдын алу шаралары - кешенді жұмыс, сондықтан оның тиімділігін арттыру мақсатында болашақта ауқымды шаралардың жүзеге асырылғаны жөн:

- біліктілігін арттыру институттарында кәмелетке толмаған аналармен әлеуметтік жұмыс ұйымдастыру мен жүргізу әдіснамасы бойынша арнайы курстар ашу қажеттілігі байқалды;
- білім беру және әлеуметтік қорғау саласындағы мамандардың кәмелетке толмаған аналарға деген көзқарасын өзгерту;
- интернет желісін осы бағытта сауатты пайдалану, кәмелетке толмаған аналармен жұмыс істейтін мамандар үшін онлайн қауымдастықтарда тәжірибе алмасу алаңын құру;
- өмірде қиын жағдайға тап болған кәмелетке толмаған аналарға түрлі бағыттарда on-line, off-line консультация беру сайттарын қол жетімді ету [136];
- қиын өмірлік жағдайға тап болған жалғызбасты аналарға көмек көрсететін әртүрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелердің өзара тығыз байланыста жұмыс істеуіне қол жеткізу;
- «Ана үйі» сияқты белсенді азаматтық бастамамен ашылған дағдарыс орталықтарын мемлекет тарапынан қолдау шараларын қарастыру.

Бұл шаралардың барлығы кәмелетке толмаған жас аналармен әлеуметтік жұмыс моделінің нақтыланбауы және жас анаға және оның баласына әлеуметтік көмек көрсету үшін қажетті нормативтік базаның негізделмеуі және арнайы кәсіби мамандар дайындалмауынан туындап отыр.

Сарапшылардың бағалауы бойынша, Қазақстандағы әрбір бесінші отбасы моно ата-ана болып табылады [137]. Көп жағдайда бұл жалғызбасты балалы аналар болды, жалғызбасты әкелері бар отбасылар аз кездеседі. Осылайша, көбінесе әйелдер бірнеше баланы жалғыз өзі тәрбиелеуге мәжбүр болады.

Қазіргі уақытта мемлекет ата-ана әлеуетін нығайту және отбасы институтын қолдау бойынша кешенді шаралар қабылдауда. Материалдық көмектен басқа, жалғызбасты аналарға қажетті психологиялық, консультациялық, әлеуметтік, құқықтық және ақпараттық қолдау алуға мүмкіндік беру маңызды. Елде отбасын

қолдау орталықтары бар. Өңірлерде білім беру бөлімдері, балалар үйлері және кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары жанында отбасын қолдау қызметтері жұмыс істейді.

Сараптамалық сұхбат негізінде жас жалғызбасты аналарды әлеуметтендіру жолындағы кедергілердің 8 тобы анықталды:

1) экономикалық сипаттағы (экономикалық қиындықтар, жұмысқа орналасудағы және тұрғын үй сатып алудағы қиындықтар, отбасын лайықты асыраудағы қаражаттың жетіспеуі, жұмыс пен бала күтімін үйлестірудің мүмкін еместігі).

2) институционалдық сипаттағы (денсаулық сақтау, мектепке дейінгі тәрбие, негізгі және қосымша білім беру сапасы мен қолжетімділігі, инфрақұрылымды дамыту (балабақшалардың, медициналық қызметтер мен диагностиканың қолжетімділігі).

3) ақпараттық сипаттағы (бала күтімі мәселелері және әлеуметтік қолдаудың қолжетімді түрлері бойынша хабардарлықтың болмауы)

4) психологиялық сипатта (босанғаннан кейінгі депрессия және психологиялық бағыттағы өзге де проблемалар).


5) әкімшілік сипатта (мысалы, балабақшаға кезекке қою, АӘК және балаға мүгедектік ресімдеудегі сыбайлас жемқорлық және бюрократия).

6) құндылық-нормативтік сипаттағы (кейбір отбасыларда нақты құндылық бағдарларының болмауы, отбасылық құндылықтарды айқындау, құндылықтардың ұрпақтар арасындағы айырмашылығы).

7) Әлеуметтік-рөлдік сипатта (ана рөлі мен жұмысты қоса атқарудың күрделілігі) қамтылуға тиіс.

8) ментальді сипаттағы – жалғыз басты аналардың қоғамдық стигматизациясы, айналадағылар мен туыстардың жиі кінәлауы.

Репродуктивті қысым психикалық сипаттағы кедергілерге де жатады, яғни қоғамдық пікірде ата-ана болу-бұл әлеуметтік міндет деген көзқарастың басым болуы. Қазақстанда бұл көзқарас балаларды тәрбиелеуде үздік елдердің халықаралық рейтингтерін бастап тұратын көптеген елдерге қарағанда басым болады. Мұндай елдерге Дания, Канада, Финляндия, Германия, Сингапур кіреді. Жас жалғызбасты аналар қоғамның оларға жүктейтін жауапкершілігінің ауыртпалығын түсінеді, бұл олардың мазасыздығы мен психологиялық шиеленісін күшейтеді (сурет 16, кесте 10).



Сурет 16 - Ата – ана болуды қоғам алдындағы міндет деп санайтын респонденттердің саны, %

[Дереккөз: ҚР СЖжРА Ұлттық статистика бюросы]

Кесте 10 - Ата – ана болуды қоғам алдындағы міндет деп санайтын респонденттердің саны, %

Жауаптар нұсқалары	**Қазақстан**	**Сингапур**	**Германия**	**Дания**	**Канада**	**Финлян-дия**
Толығымен келісемін	27,1	7,8	6,3	3,1	2,6	1,7
Келісемін	21,9	40,1	16,8	11,0	8,4	11,8
Келісуім мүмкін	23,0	30,1	13,1	23,9	24,5	18,7
келіспеймін	18,7	17,7	42,3	33,9	30,8	41,0
Мүлде келіспеймін	6,3	4,0	20,1	27,7	33,7	24,4
Білмеймін	2,1	-	1,1	0,4	-	2,0
Жауап жоқ	0,9	0,3	0,4	0,0	-	0,4

[Дереккөз: Құндылықтарға Дүниежүзілік шолу, 7 толқын (2020) [138]

Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығының (РПДҒПО) статистикасы сапалы психологиялық және психиатриялық көмек алу проблемасының өзектілігін көрсетеді. Жалпы қолжетімділіктегі РПДҒПО соңғы деректері бойынша 10 000 тұрғынға шаққанда халықтың психиатрлар қызметіне,

оның ішінде балалар мен жасөспірімдердің қол жетімділігі 0,4, психотерапевтермен (0,02) және медициналық психологтармен (0,01) құрады [139].

Психологиялық көмектің сапасын жақсарту үшін келесі шараларды қабылдау қажет:

- Психолог мамандарын даярлау бағдарламаларын, әсіресе психологиялық кеңес беру және психодиагностика саласында жүйелі оқыту және қайта қарау, бағдарламалар мазмұнын, оның ішінде студенттер үшін сапалы практика базаларын қамтамасыз ете отырып қайта даярлау курстарын өзгерту. Бұл ретте психологтарды сертификаттау және аттестаттау мәселелерін пысықтау қажет.

- Қадағалау қажеттілігі (тәжірибелі әріптес психологтың жұмысын бақылау, күшті және әлсіз жақтарды талқылау, қателерді түзету).

- Білікті психологиялық көмекке ашық және оңай қол жеткізуді қамтамасыз ету. Жастар денсаулық орталықтары базасында психологиялық көмек орталықтарын құру.

Бақылау жұмыстарын жүргізу маңызды. Қадағалау тәжірибелі әріптес психологтың жұмысын бақылауды, күшті және әлсіз жақтарды талқылауды, қателерді түзетуді қамтиды. Қадағалау кәсіби деңгейді кеңейту және маманның жеке өсуі үшін қажет.

Жалғызбасты аналардың әлеуметтік реадаптациясындағы кедергілерді азайту үшін жалғызбасты отбасылар мен жалғызбасты ана мен репродуктивті қысымның әлеуметтік стигматизациясы сияқты құбылыстарды болдырмау керек.

Ананың әлеуметтік бейімделуі жүзеге асырылмаған жағдайларда девиантты мінез-құлық қаупі болуы мүмкін, мысалы, ата-ана міндеттерін орындамауы және балаға зиян келтіруі. Кейбір әйелдер өздері балалық шағында ата-ана қамқорлығын сезінбесе, онда босанғаннан кейін баладан бас тартуы мүмкін.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінің (СДТБТ) бес жылдық кезеңдегі деректерін талдау инфантицид, балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау, балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау проблемасының өзектілігін көрсетеді. ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректері бойынша 2020 жылы СДТБТ-да жаңа туған баланы анасының өлтіруінің 6 фактісі, балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамаудың 13 фактісі және кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамаудың 35 жағдайы тіркелген [140].

Тәуекел топтарымен жұмыс істеу, ананың девиантты мінез-құлқының пайда болу қаупін тану, балаға зиян келтіру жағдайларын болдырмау үшін психология және психиатрия саласындағы мамандарды тарту маңызды.

Сарапшылар балаларды әкесіз отбасыларда тәрбиелеу мен әлеуметтендірудегі айырмашылықты атап өтеді, олардың пікірінше, мұндай отбасылардағы балалар әлемге басқаша қарайды және ертерек өседі, мұндай отбасыларда өмірде ішкі тұрақтылық сезімі аз болады. Бірақ бәрі ананың мінез-

құлқына байланысты, баланың эмоционалды жағдайы олардың көрсеткен даналығы мен бейімделу қабілетіне байланысты болады.

Мемлекеттік саясат әйелдерге үй шаруашылығын жүргізуге, бала тәрбиелеуге, сонымен бірге жұмыс істеуге немесе оқуға мүмкіндік беретін жағдай жасауға бағытталуы керек. Бүгінгі күні өзекті мәселелер: кедейлік деңгейін төмендету, әсіресе отбасылар, әйел-аналардың жұмыспен қамтылу деңгейін арттыру, осал отбасыларды әлеуметтік қолдаудың өзекті шаралары және оларды алу тәсілдері бойынша халықпен ақпараттық жұмыс жүргізу, бюрократиялық кедергілерді жою болып табылады.

Қазіргі уақытта жас жалғызбасты аналар, әдетте, баланы бағып, өсіру үшін тиісті тәжірибе мен материалдық мүмкіндіктерге ие емес, бұл олардың әлеуметтік бейімделуін қиындатады. Оларға мемлекеттік көмек, әлеуметтік және психологиялық қолдау қажет. Әлеуметтік бейімделу процесі еңбек қызметін ата-ана рөлімен, баланың ауруымен, босану кезіндегі асқынулармен, ананың денсаулығына әсер ететін асқынулармен және босанғаннан кейінгі депрессиямен үйлестіре алмауымен қиындауы мүмкін.

Жалғыз аналарды әлеуметтік бейімдеу процесін жеңілдету үшін ұсынылады:

1) инфрақұрылым құру (балалар арбалары үшін, оның ішінде қоғамдық көлікке қолайлы пандустар мен кіру жолдары, қоғамдық дәретханалардағы құндақтау үстелдері, балаларды балабақшаларға орналастыру рәсімдерін жеңілдету).

2) босанғаннан кейінгі депрессияның салдарын жеңуге арналған психологиялық қолдау жүйесі, қауіп тобындағы аналармен психологиялық жұмыс.

3) әлеуметтік-экономикалық қолдау (жалғызбасты аналарға жәрдемақылар, мүгедек балалардың аналарына жәрдемақылар жүйесі, жәрдемақы алу және мүгедектікті ресімдеу кезінде бюрократиялық рәсімдерді барынша оңайлату кезінде, «ана капиталы» аналогын енгізу мүмкіндігін қарастыру).

4) икемді кесте немесе қашықтан жұмыс істеу мүмкіндігін беру.

5) ата-ана болу процесінде қиындықтарға тап болған жалғыз басты аналар үшін отбасылық клубтар немесе қолдау топтарын құру. Рөлдік модель ретінде балаларды жалғыз өсірген табысты әйелдерді тарту.

6) жас аналарды білікті мамандар ұйымдастырған курстар арқылы нәрестені күту негіздеріне оқыту.

7) мемлекеттік қолдаудың қолжетімді шаралары және оларды алу тәсілдері туралы аналардың хабардарлығын арттыру болып табылады.

8) жастарда ата-анаға саналы көзқарасты қалыптастыру үшін жасөспірімдерді жыныстық ағарту жүйесін енгізу және ұрпақты болу денсаулығы мен отбасын жоспарлау туралы хабардар ету мүмкіндігін қарастыру.

9) жалғыз басты аналар арасында «тәуекел топтарын» бөлу (психологиялық тұрақсыздық, әлеуметтік-экономикалық осалдық, денсаулық проблемалары) және осы топтармен жұмыс істеу жөніндегі бағдарламаны әзірлеу.

Өмірлік қиын жағдайға тап болған жас жалғызбасты аналардың социореадаптациялану процесіне сарапшылардың (дағдарыс орталықтарының үйлестірушілері, психологтар, гинеколог дәрігерлер) көзқарастарын айқындау зерделенді.

Зерттеу түрі: сапалық зерттеу

Зерттеу нысаны – жас жалғызбасты аналарды әлеуметтің реадаптациялау барысында дағдарыс орталықтарының маңызы

Зерттеу тақырыбы – жалғызбасты аналарды әлеуметтік реадаптациялау процесіндегі аналар үйінің, дағдарыс орталықтарының рөлін анықтау.

Зерттеудің мақсаты – жалғызбасты аналарды әлеуметтік реадаптациялауда дағдарыс орталықтарының жұмысын жетілдіру бойынша ұсыныстар беру.

Алға қойылған мақсатқа жету үшін мынадай негізгі **зерттеу міндеттерін** шешу көзделеді:

1. Дағдарыс орталықтарының жұмысын талдау, жалғызбасты аналарға психологиялық, медициналық, құқықтық және т.б бағытында қолдау көрсету ресурстарын бағалау;
2. Жалғызбасты аналардың проблемалары мен қажеттіліктерін анықтау;
3. Жас жалғызбасты аналарды сәтті социореадаптациялау тәжірибелерін саралау, жаңа технологияларын іздестіру

Зерттеу болжамы

1. Жалғызбасты аналар әлеуметтік реадаптациялауда дағдарыс орталықтарының ықпалы зор.
2. Жалғызбасты аналарға мемлекет және қоғам тарапынан қолдау міндетті түрде қажет.
3. Жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік реадаптациялауда заман талабына сай технологиялар ойластыру қажеттігі бар.

Зерттеу әдіснамасы: тереңдетілген сұхбат, яғни 25 сұрақтан тұратын сауалнамаға жауап беру арқылы.

Сұқбат уақыты: 40-60 минут.

Өткізу формасы: көзбе көз (оффлайн) және онлайн (телефон арқылы)

Этика:

- Барлық респонденттерге этикалық келісім парағы ұсынылды;
- Анонимдік пен құпиялылық қамтамасыз етілді;
- Қатысушылардың кез келген уақытта сұқбаттан бас тарту құқығы бар екені түсіндірілді.

Іріктеу көлемін анықтау

- Отбасы саясаты саласындағы 13 сарапшымен (Дағдарыс орталығы, Отбасын қолдау орталықтары, Аналар үйі, емханалардың медициналық қызметкерлері, психологтар) терең сұхбат жүргізілді.

Сұхбат құрылымы (Қосымша Ғ) бес блоктан құрылды:

- Дағдарыс орталығы туралы жалпы мәліметтер: тарихы, мақсаты, қызмет көрсету аясы, тұру ережелері, өзіндік дәстүрлері
- Жас жалғызбасты аналардың пайда болуы, себептері (тәжірибе негізінде)

• Дағдарыс орталығының жас жалғызбасты аналарды қоғамға социореадаптациялау жұмысындағы басты бағыттары, жалғызбасты ана атанудың алдын алу бойынша атқарылатын жұмыстар бойынша ұсыныстары

• Жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік реадаптациялау барысындағы қиындықтар мен өзекті мәселелер

• Жас жалғызбасты аналарды сәтті әлеуметтік реадаптациялау бойынша ұсыныстар

Зерттеу жұмысымызға Алматы қаласындағы «Ана Үйі», дағдарыс орталықтарының үйлестірушілері, жетекшілері, психологтар, дәрігер гинекологтар, балалар дәрігерлері, барлығы 13 сарапшы (кесте 11) тартылды. Олардың жылдар бойы жас жалғызбасты әлеуметтік реадаптациялау жұмысына тікелей қатысып жүрген практик мамандар болып табылады. Осы мәселені жан-жақты зерделеу мақсатында олармен тереңдетілген эксперттік сұқбаттар (25 сұрақ) алынды. Тереңдетілген сұқбаттарға жасалған талдау жас жалғызбасты аналардың әлеуметтік реадаптациясында дағдарыс орталықтарының маңызын атап көрсетіп, осы мәселенің алдын алудың шараларын ұсынды.

Кесте 11 - Сарапшылар туралы ақпарат

№	Қызметі	Қызмет орны	Код
1	координатор	Алматы қаласындағы «Ана үйі» ҚҚ	А1
2	психолог	Алматы қаласындағы «Ана үйі» ҚҚ	А2
3	медбике	№18 қалалық емхананың «Балаларды дамыту кабинеті»	А3
4	әлеуметтік қызметкер	№18 қалалық емхананың «Балаларды дамыту кабинеті»	А4
5	директордың орынбасары	SOS Алматы Балалар қалашығы	А5
6	әлеуметтік қызметкер	SOS Алматы Балалар қалашығы жанынан құрылған «Асар» дағдарыс орталығы	А6
7	координатор	SOS Алматы Балалар қалашығы жанынан құрылған «Асар» дағдарыс орталығы	А7
8	директор	«Анаға арналған үй» дағдарыс орталығы	А8
9	жетекші	«Реванш» дағдарыс орталығы	А9
10	гинеколог дәрігер	№36 қалалық емхана	А10
11	жетекші	№36 қалалық емхананың «Салауатты жастар» Жастар Денсаулық Орталығы	А11
12	жетекші	«Биік белеске бағыт» ҚҚ	А12
13	жетекші	«Ана тілегі» ҚҚ	А13

[Ескерту: кесте автор тарапынан құрастырылған].

Дағдарыс орталықтарының қызметі туралы. Сарапшылардың барлығы жас жалғызбасты аналарды қоғамға қайта бейімдеуде дағдарыс орталықтарының орнын ерекше көрсетеді. А1 («Ана үйі», үйлестіруші) «*Біздің орталық 2013 жылдың мамырында ең әуелі дағдарыс орталығы болып ашылды. Жобаның мақсаты - жетімдер, аналары бас тартқан және тастанды балалар болмас үшін әлеуметтік жетімдіктің алдын алу. Бір ананың мәселесі бір айда және*

үш-төрт күнде шешілуі мүмкін, біреуге алты ай мерзім де жетпей жатады. Біз өмірдің қиын жағдайына ұшыраған әйелдерге, жолда қалған қыздарға көмектесеміз. Қалай болғанда да қыздарға баладан бас тартуының алдын алуға, оған жол бермеуге тырысамыз» десе, А2 («Ана үйі» ҚҚ психологы), А3 («Балаларды дамыту кабинетінің» медбикесі), А4 («Балаларды дамыту кабинетінің» әлеуметтік қызметкері), А5 (Балалар қалашығы директорының орынбасары), А6 (ДО әлеуметтік қызметкері), А7 («Асар» дағдарыс орталығының координаторы), А8 («Анаға арналған үй» дағдарыс орталығының директоры), А9 (ДО жетекшісі) А10 (қалалық емхананың акушер гинеколог дәрігері), А11 («Салауатты жастар» Жастар денсаулық орталығының жетекшісі), А12 («Биік белеске бағыт» ҚҚ жетекшісі), А13 («Ана тілегі» ҚҚ жетекшісі) дағдарыс орталықтарының қызмет көрсету аясы *«жалғызбасты аналармен қатар өмірдің қиын жағдайына ұшыраған әйелдерге, қауіпті мінез-құлық тобындағы, АИТВ-мен өмір сүретін, нашақорлыққа, ішімдікке салынған әйелдерге, бас бостандығынан айыру орындарынан шыққан, тұрмыстық зорлық-зомбылық көрген әйелдерге, көп балалы аналарға, жалғызбасты аналарға, мүгедектерге көмек көрсету»* бойынша бөлінетін атап көрсетеді.

Сарапшы А9 *«Реванш ДО» 2017 жылы құрылды. Негізгі контингент қауіпті мінез-құлық тобының әйелдері, АИТВ диагнгозы бар әйелдер, нашақорлықпен ауыратын әйелдер және т.б. Ананың басындағы ісінің күрделілігіне байланысты 3 айдан 6 айға дейін тұра алады. 14 жасқа дейін балаларымен де қабылдаймыз. Біздегі ең басты мақсат - құжаттарын тіркеу, психолог, заңгер жағынан кеңестерді ұйымдастыру, әлеуметтік сүйемелдеу, емханаға тіркелу, осылайша өмірлік қажетті емдеу қызметін, дәрі-дәрмектерді және әлеуметтік сүйемелдеуді алады. Мүгедектікті ресімдеуге жәрдемдесеміз. Оларды жұмысқа орналастыру да қиындыққа толы процесс*» дейді. Яғни түрлі жағдайға ұшырауына байланысты аналарға көрсетілетін қолдау түрлері, олармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыс аясы да өзгеріп отырады. Сарапшылардың барлығы да орталыққа келіп түскен ана мен баланы керек-жарақтармен, азық-түлікпен толық қамтамасыз ете отырып, оларға психологиялық, құқықтық, медициналық қолдау көрсетіп, олардың білімін жалғастыруға немесе кәсіп меңгеруіне жағдай жасайтынын айтты. Сарапшы А5 «*аналарды тамақпен, баспанамен қамтамасыз етіп, еңбек терапиясы арқылы әлеуметтенуін»* жолға қойғанын алға тартады. Түрлі біліктілік арттыру курстарын ұйымдастырып, қайта даярлаудан өткізеді, кейін өз бетінше өмір сүріп кетуі үшін қаржылық қор жинауға да үйретеді, яғни өмірдің барлық сынақтарына дайын болуға баулиды. Демек, дағдарыс орталықтарының өмірдің қиын сәттеріне тап болған аналарды күйзелістен шығарып, ана болуға, өмірге қайта бейімделуінде маңызы зор екенін атап өтеді.

Сарапшылар өзі тәжірибелері негізінде жас жалғызбасты аналардың пайда болуы себептері туралы. Сұқбат жауаптарын талдау барысында сарапшылардың басым бөлігі жас жалғызбасты ана атанудың кең тараған себептерінің бірі жыныстық сауаттылықтың төмендігі дейді. Сарапшы А1 «*Көбісі некеден тыс жүктілік кесірінен ана атанып жатады. Бұл жерде*

жігіттердің жауапкершілікті өз мойындарына алғысы келмейтіні де бар. Жас қыздардың көбісінің жыныстық сауаттылығы төмен, аңғал, сенгіш. Қанша ғасыр өтсе, де ұят деген менталитет аясынан шыға алмай жатады. Әлеуметтік қолдау жоқ туыстар, серіктесі жағынан»; А6 «*Бізге түскен әйелдердің 80-90%-ы некесіз бала туғандар, себебін сұрағанда, азаматтық некеде тұруы немесе жігітінің әйелі бар екенін білмеуі, «үйленеміз» деп, уәде беріп, алдап кеткендерін айтады. Ең басты себеп - жыныстық сауаттылықтың жоқтығы. Екі жақтан да жауапкершіліктің аздығы, жастардың жыныстық қатынасқа нәпсілік қызығушылығы. Ерлердің жауапкершіліктен қашуы да - басты мәселе. Экономикалық тұрақсыздық, психологиялық ауытқу, жастар санасының жетілмеуі, отбасыны асырауға дайын болмауы, жауапкершіліктен қашуы. Аяғы ауыр қызды тастап кету оңай, себебі стеореотип қалыптасқан «қыз кінәлі» деген. Чайлдфри көп. Некені жауапкершілікпен қабылдамайтын жастар көп. Бірге тұру белең алып кетті»* деп жастардың жауапкершіліктен қашуына да назар аударады. Сарапшы А7 «жалғызбасты аналардың пайда болу себептерінің бірі - білімнің жеткіліксіздігі, төсек қатынасына қызығушылық, бәріне қол жетімділік, тәрбиенің төмендігі, тым еркіндік, жыныстық қатынастың салдарларына мән бермеушілік»; А11 «Қазір жастардың, жасөспірімдердің жауапкершілігі өте төмен. Олар үлкен өмірге дайын емес. Ерте жыныстық қатынасқа түсу, көп аурулардың да бірінші салдары болып саналады».

Сарапшылардың пікірлерін қорытындылай келсек, жас жалғызбасты аналардың пайда болуындағы басты себеп – жастардың жыныстық сауаттылығының төмендігі, тіркелмеген некенің таралуы және отбасы, неке, толық отбасы болу құндылықтарының жеткілікті дәрежеде насихатталмауы, жастайынан жыныстық қатынасқа деген құмарлықтың артуы.

Дағдарыс орталығының жас жалғызбасты аналарды қоғамға социореадаптациялау жұмысындағы басты бағыттары. Жалғызбасты ана болудың алдын-алу жолдары бойынша ұсыныстар. Сарапшылар жас жалғызбасты аналарға дағдарыс орталықтарында материалдық және моральдық тұрғыда барынша жан-жақты қолдау көрсететін атап көрсетуде. Дағдарыс орталықтарының өзіндік ерекшелігіне байланысты басымдыққа ие қолдау түрлері де бір-бірінен ажыратылады. Мәселен, «Ана үйі» сияқты жас жалғызбасты аналарға арналған орталықтардағы басты әлеуметтік жұмыс туралы пікір төмендегідей: сарапшы А1 *«Біз біріншіден, балаға күтім жасауды үйретеміз. Алғаш жүктіліктің күйзелісінен шығуына ықпал жасаймыз. Психологиялық, құқықтық, медициналық көмек көрсетіледі. Қаржылық сауаттылық туралы танымдық кеңестер береміз. Жалғызбасты ана болудың алдын алу жолдарыны бірі - отбасы тәрбиесі, жыныстық сауаттылық мәселесін мектептен бастау керек. Біздің жастар бұған әлі де болса мән бермей келеді. Олар сүйіспеншілікті төсек қатынасымен, пәк болумен бағалап жатады. Жыныстық жолмен жұғатын аурулар, қорғаныш құралдары туралы хабарлары жоқ Сонымен бірге ер адамдардың жауапкершілігін арттыру бағытында жұмыстар жүйелі жүргізілу керек»* деп, мектеп қабырғасынан

бастап отбасы тәрбиесіне байланысты жүйелі жұмыстар жүргізу қажеттігін айтады. Сарапшы А3 *«Мектептен, университеттерден бастап жыныстық даму, жыныстық қатынас салдары туралы дәрістер өткізу керек. Тәрбие бала кезінен болуы тиіс, жауапкершілікті ояту керек. Толық отбасы болуы керектігін түсіндіру қажет. Ата-ананың қысымына, қорқынышқа бәрі бірдей қарсы тұра алмайды, сондықтан олар түсік жасатуға барады. Біз өз тарапымыздан қолымыздан келген көмекті көрсетеміз. Сәтті мынадай процесс болды, басында жігіт қызды тастап кетті, ол түсік жасатқысы келді, босанғаннан кейінгі депрессияға ұшырады, психологтар, әлеуметтік қызметкерлер онымен жұмыс істеді, кеңес берді. Кейін босанды. Нәтижесінде жігітпен татуласады. Қазір олар бірге тұрады». Сарапшы* А6 *«Жастардың құқықтық, жыныстық сауаттылығын көтеру керек. Өз құқығын білмейді. Бір кейс болған: ер адам алимент туралы қағазды көргенде, түн ішінде әйелін келіп, ұрып кеткен, ана амалсыздан өтінішін қайтып алды. Жастар арасында қорғану шараларын, отбасылық құндылықтарды насихаттау керек».*

Сарапшы А7 «*Мектептерде құндылықтар, отбасы, жыныстық тәрбие, денсаулыққа салдары туралы сабақтар өткізу керек. Ата-ананың жауапкершілігі, дағдылары, баланың жыныстық тәрбиесі, осы тақырыпта сөйлеуден қорықпауымыз керек. Психологтар жұмысы, мақсатты бағдарламалар, отбасы құндылықтарын дәріптеу, әлеуметтік қызметті жетілдіру, әкенің рөлін түсіндіру»;* А8 «*бала кезден отбасы тәрбиесіне мән беру керек. Елден ұят деген стеротиптен шығу керек, себебі ол кішкентай сәбидің тағдырын шешеді».* Ал сарапшылар А10, А11 *«Мектеп қабырғаларында "Салауатты-өмір салты" курсын жүргізген дұрыс шығар, себебі, некесіз бала ол біздің қазақтың менталинтетіне жат құбылыс, бала жеті атасын білу керек деген бізде ұғым бар бұрынан келе жатқан»* дейді.

Бұдан шығатын қорытынды: мектеп жасынан бастып жыныстық сауаттылықты арттыру, жыныстық жолмен жұғатын аурулар туралы толық ақпарат беру және отбасы құндылықтарды насихаттау, дәріптеу басты орында болуы тиіс. Бұл өз кезегінде жастай жалғызбасты ана атанушылардың санының азаюына ықпал ете алатыны сөзсіз.

Жас жалғызбасты аналарды дағдарыс орталықтарында әлеуметтік реадаптациялау барысындағы қиындықтар мен өзекті мәселелер

Сарапшы А1 пікірінше, «*Біздең шыққанан кейін де аналар қиналып жатады. Себебі бала әлі де кішкентай, оны бағатын яслилер саны аз. Бала күтушіні жалдау қымбат. Сондықтан кейбіреулері қайтадан күйзеліске түседі. Ана үйінде олардың жағдайы дұрыс, жұмыстары бар. Өздеріне ұнаған іспен айналысады. Мүмкіндігінше қыздардың отбасымен байланысын жолға қоюға ықпал етуге тырысамыз».* Еңбек етіп, баласын асырағысы келгенімен, аналардың кішкеай баласын орналастыратын яслилердің жеткіліксіздігі де сәтті реадаптацияға кері әсерін тигізіп жатады. А9 *«Біздегі аналардың көбісі өздерінің бұрынғы өмірлерін жасырғысы келеді. Себебі түрмеден шыққан немесе АИТВ ауруы бар әйелдермен ешкім байланысқысы келмейді Яғни олар қоғамнан қатты шеттетілген, соцуим оларды қолдамайды, қабылдамайды. Сондықтан*

біздің бірінші жұмысымыз олардың құжаттарын дайындау, тіркеу жұмыстарын жүргізу, емханадан қызмет алуын қамтамасыз ету және т.б. Бұндай аналардың ішкі күйзелісі өте терең келеді. Олар көп нәрсені көрген, жас аналар сияқты емес, оларды тез көне қоймайды, қоршаған ортаға сенімі аз. Бұндай аналардың ішкі дағдарысы балаларымен қарым-қатынасқа да өз ізін қалдырып отырады. Сондықтан психологиялық қолдауға көп мән береміз. Көп жағдайда орталықтан шыққан соң қайтадан теріс жолға түсіп кететіндері де бар. Олардың кейбірі әбден бір орталықтан орталыққа көшіп жүруді үйреніп алған. Мысалы бір ананың жауапкершілігі жоқтығы сондай, бес минутқа сыртқа шығып, сол кеткеннен мол кетіп, 26 күн жоғалды. Балаларын біздің қызметкерлеріміз бағып қарады. Бізден кеткеннен кейін де наша қолданғаны үшін, балаларын қамқоршылық органы тартып алды. Бір баласы наша қолданады, 4 жастағы кішкентайы өте ызақор, күшікті 2 қабаттан лақтырып жіберді, сондай аяушылығы жоқ дөрекі балалар. Бізге анасымен бірге балаларын да әлеуметтендіру жауапкершілігі жүктеледі». Сарапшы А8 *«Ішімдіккке салынып, ана құқығынан айрылған әйел де болды. Балаларын балалар үйіне жібердік. Амал жоқтықтан».* Жоғарыдағы пікірлерде дағдарыс орталығындағы әлеуметтік жұмыстың нәтижелігін атап көрсетіле келе, реадаптациялау барысында көп кездесетін мәселелерді де алға тартылады. Бір жастан енді асқан сәбилерді орналастыратын мекемелердің, яслилердің аздығы, соның кесірінен аналарлың толыққанды жұмыс істей алмауы, кейбір аналардың жағымсыз әдеттерден арыла алмауы реадаптация процесіне кедергі келтіреді.

Жас жалғызбасты аналарды сәтті әлеуметтік реадаптациялау бойынша ұсыныстар

Сарапшы А1 «*Әр ананың тағдыры бір бөлек. Сондықтан әрқайсысымен жекелей жұмыс жасаймыз. Қатып қалған технология жоқ. Әрине, әлеуметтік бейімдеу бойынша жалпы бағдарламамыз бар, бірақ кейде оның да шеңберінен шығуға тура келетін жағдаяттар болып тұрады»;* А4 *«Кей орталықтардың іші ескі, өзі депрессияда жүрген адамға жан-жағы нашар болса, ол әсер етеді. Сондай күйзелісте жүрген адамдарға бір жақсы эмоция керек, жақсы жерге, жақсы өмірді көру керек. Олар келген кезде көңіл-күйлері көтеріліп, «иә мен жақсы өмір сүре аламын, менің қолымнан келеді» деп сену керек. Сосын айта кететін жайт, дағдарыс орталықтарының атын өзгерту керек»;* А6 «*депрессиядан шығару үшін практик психологтар санын көбейту керек. Жұмыс істейін десе, жас баланы бағатын адамы жоқ. Курстар оқытамыз, өздері таңдайды, біз төлейміз. Кейбір әйелдерге бизнес-план жасауға көмектесіп, грант алуына себепші боламыз. Өткен жолы клининг компания сияқты ашу үшін жоспар жасадық, грант мемлекеттен субсидия бөлінді, керек аппараттарды сатып алды, адам жалдады. Қолжетімді ресурстардың жеткіліксіздігі, психологиялық қолдаудың аздығы, бизнес идеяны қолдайтын орталықтар көбейсе дейміз*»; сарапшылар А5, А7 «*Қаржылық қиындықтар, тұрғын үйді жалға алу, шаршау, стресс, қол жетімсіз жұмыс, туыстарымен байланыстың жоқтығы. Ер адамның жауапкершілігінің болмауы, әлеуметтік стигматизация, қорқыту, отбасы жағдайы. Сондықтан махаббат пен*

қамқорлық, үміт, қауіпсіздік басым болу керек, қоғамға әлеуметтендіру қажет. Қолданылатын әдістер: психотерапия, топтық, жеке жұмыс, заңгерлік кеңес, ата-аналық құзыреттер, баламен қарым-қатынас, қайта біліктілік, жұмысқа орналасу, бағыт беру, мотивациялық кеңес беру, перспективалық бағыт. Психологиялық оңалту, терапия, топтық көмек, ұзақ мерзімді терапия, білім беру, стигматизациядан аулақ болу, позитивті ойлауға, күш табуға, баланы қиындықтар мен сәтсіздіктерге кінәламауға, шешім жолдарын іздеуге ұмтылу. Кейс менеджмент, жеке жұмыс, отбасын дамыту бағдарламаларын әзірлеу, халықаралық және мемлекеттік деңгейге сәйкестік, арт-терапия, отбасылық терапия, балалар мен ата-аналардың қарым-қатынасы, мәліметтер базасы, балаларды дамыту жоспары». Сарапшы А8 «*Бала бақша мәселесі де өзекті*»; А9 «*өмірдің қиын сәтін бастан кешіп жатқан аналардың балаларын әлеуметтендірудің бағдарламасын дайындау керек*»; А11 «*Негізгі қолдайтын орталықтар болуы керек, "Дом мамы" деген орталықтар бар ғой, бірақ олар өте аз. Мен мысалы, өзім бірнеше рет солай жетекшілеріне шыққан кезде, орын жоқ деді. Орын болмағасын, кейбір жас аналар балаларын қайда апарарын білмей тастап кетіп жатады*».

Сарапшылардың ұсыныстарын жүйелесек, біріншіден, «*дағдарыс*» сөзін қолданудан қашу, яғни олар дағдарыс орталықтары деген атауды қолданудың жағымды әсері аздығын көлденең тартады. Екіншіден, мемлекет тарапынан яслилердің санан көбейту мәселесін шешуді қарастыру қажет. Себебі, бір жастан енді асқан сәбилерді орналастыратын мекемелердің аздығы, соның кесірінен аналарлың толыққанды жұмыс істей алмауы, кейбір аналардың жағымсыз әдеттерден арыла алмауы - реадаптация процесіне кедергі келтіретін проблемалар.

Үшіншіден, тек жас жалғызбасты аналарды ғана емес, олардың балаларын әлеуметтендіру жұмысын жүргізу қажеттілігі алға қойылып отыр.

Зерттеу барысында анықталған проблемалардың негізінде жалғызбасты отбасыларды қолдаудың келесі шараларын қарастыру ұсынылады:

- Жас жалғызбасты аналарға бала тәрбиесі туралы семинар-тренингтер өткізу;
- Отбасын қолдау орталықтарының қызметі туралы, атап айтқанда отбасындағы дағдарыс, қиыншылық туындаған жағдайда жалғызбасты аналардың психологиялық көмек алу мүмкіндігі туралы тұрғындарды хабардар ету (әлеуметтік желілердің мүмкіндігін пайдалану арқылы);
- балалар-ата-аналар қарым-қатынасын жолға қою, жастарға гендерлік және жыныстық тәрбие беру;
- заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, жалғызбасты ана болу проблемаларына жұртшылықтың назарын аудару мәселелері аса маңызды;
- жас жалғызбасты аналардың балалары буллингке ұшырамауы үшін мұғалімдерге, мектеп психологтарына, әсіресе сынып жетекшілеріне отбасында әкесінің болмауына байланысты балалар арасында бойынша тренингтер өткізу.

- ата-аналарға баламен, әсіресе жасөспірімдердің ата-аналары үшін сенімді қарым-қатынасты қалыптастыру бойынша тренингтер өткізу.

Кейс тарихтарға негізделген зерттеу

Зерттеу түрі: сапалық зерттеу

Кейстер саны: 8

Зерттеу нысаны және тақырыбы

Зерттеу нысаны – Қазақстан Республикасының азаматтары, Алматы қаласында тұратын, баланы жалғыз тәрбиелеп отырған жасы 18-35 аралығындағы жалғызбасты әйелдер.

Зерттеу тақырыбы – жалғызбасты аналардың әлеуметтік реадаптациялану дәрежесін анықтау, олармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыстағы аналар үйінің, дағдарыс орталықтарының орнын анықтау.

Зерттеудің мақсаты – жалғызбасты аналарды әлеуметтік реадаптациялаудың негізгі мәселелерін зерттеу және оларды шешу бойынша ұсыныстар беру.

Алға қойылған мақсатқа жету үшін мынадай негізгі зерттеу міндеттерін шешу көзделеді:

1. Жалғызбасты аналардың қалыптасу себептерін зерделеу;
2. Жалғызбасты аналардың проблемалары мен қажеттіліктерін анықтау;
3.Жалғызбасты аналарды қолдау шаралары бойынша практикалық ұсыныстар немесе бағдарлама әзірлеу

Зерттеу болжамы:

1. Жалғызбасты аналар әлеуметтік реадаптациялаудың қажеттілігін сезінеді.
2. Жалғызбасты аналар мемлекет және қоғам тарапынан қолдауға зәру.
3. Жалғызбасты аналарды әлеуметтік реадаптациялау бойынша бағдарлама әзірлеу

Зерттеу әдіснамасы: тереңдетілген сұқбат

Сұхбат уақыты: 40-60 минут

Өткізу формасы: көзбе көз (оффлайн) және онлайн (телефон арқылы)

Этика:

- Барлық респонденттерге этикалық келісім парағы ұсынылды
- Анонимдік пен құпиялылық қамтамасыз етілді
- Қатысушылардың кез келген уақытта сұқбаттан бас тарту құқығы бар екені түсіндірілді.

Іріктеу көлемін анықтау

- Баланы жалғыз тәрбиелеп отырған, жасы 18-ден асқан әйелдерден терең сұқбат алынды.

Ақпаратты жинау әдісі жалғызбасты аналардан терең сұхбат алу болып табылады. Терең сұхбаттың көмегімен зерттеуші үшін респондентпен неғұрлым сенімді қарым-қатынас орнатылды, соның арқасында басқа әдістердің көмегімен алуға мүмкін болмайтын бірегей ақпарат алу мүмкіндігі пайда болды. Сұқбат аудиожазбаға жазылды.

Инструментарий құрылымы

Деректерді жинау әдісі белгілі бір ережелерге сәйкес тұжырымдалған және өзара байланысты бірқатар мәселелерді қамтитын логикалық құрылымдалған гайд. Гайдтың ерекшелігі мен сипаты, оның құрылымы, сұрақтарды құрастыру ерекшелігі бір-бірімен тығыз байланысты және зерттеу нысанының ерекшелігі болып табылатын терең сұхбат түрімен анықталады.

Гайд құрылымы (Қосымша Г) 3 блоктан тұрады:

1. Кіріспе бөлім: Жалғызбасты ана атанудың себептері;

2. Негізгі бөлім: Жалғызбасты аналардың әлеуметтену ерекшеліктері;

3.Қорытынды бөлім: Жалғызбасты отбасылардың проблемалары мен қажеттіліктері.

Сұхбат құрылымы:

- Жалғызбасты ана атану, дағдарыс орталығында болу себебі
- Қоршаған ортаның, ата-ананың, туыстардың, құрбыларының және т.б. осы жағдайға қарым-қатынасы
- Баланы дүниеге әкелгеннен кейін кездескен қиындықтар
- Қиындықтарды жеңуге көмектескен ресурстар мен адамдар
- Аналар үйі/дағдарыс орталықтарының жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеу барысындағы рөлі
- Қазіргі жағдайы, алдағы арман-мақсаттары, болашаққа бағдары.

Гайд сұрақтары респонденттерге түсінікті, грамматикалық және лексикалық қатынастарда қарапайым, респонденттің орташа статистикалық түсінігі үшін қол жетімді.

Ақпаратты өңдеу әдісі

Зерттеудің қорытындысы бойынша жалғызбасты аналардан алынған терең сұхбат аудиожазбасына транскрипция жасалды.

Зерттеу кезеңі: 2024 жылдың желтоқсан және 2025 жылдың мамыр айлары.

Зерттеу нәтижелері бойынша жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік реадаптациялау жұмысының бағдарламасы дайындалды.

1 Кейс Л

Жасым 22-де, арнайы орта білімім бар, колледж оқып бітірдім, бастауышты сынып мұғалімімін, қызымды өзім тәрбиелеп отырған жалғызбасты анамын. Алматыда тұрамын. Қазір табысым жақсы, қызымды бағып-қағуда жеткілікті.

Қызымды туғанымда 17-де едім. Мен не істеу керектігін білмедім, баладан бас тарту туралы ой жиі мазалайтын, сол кезде мен колледжде оқыдым, менің табысым болмады, тек стипендия алдым, бұл баланы қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз деп қорықтым. Маған осы кезде біреулер «Ана үйі» туралы айтты. Ол жерге келгенде үйлестіруші Аминат Сейпуллаховнаның тарапынан үлкен материалдық және моральдық қолдау болды. Қиын болған кезде ол маған өте жақсы көмектесті, қыздармен ортақ тіл табысуды, тамақ дайындауды үйретті, мені де тәрбиеледі. Мен өзімнің жүктілігім туралы ешкімге айтпадым, тек жасырдым. Қолдау ешкімнен болмады, балалар үйінде өскендіктен, тек өзіме ғана сендім. Әкесі жауапкершіліктен қашпады, әлі күнге дейін қызымен

сөйлеседі, көмектеседі, бірақ біз бірге бола алмадық, өйткені оның анасы маған қарсы болды.

Дағдарыс орталығында мен кондитерлік курстарға бардым, торт пісіруді үйрендім, бұл менің көптен бергі арманым еді.

Мен алимент өндіруге арыз бермедім. Баламның әкесімен қарым-қатынас жақсы, біз дос ретінде қызым үшін байланыстамыз. Қызын қолдайды.

Баланы тастап кету туралы ойлар болды, бірақ мен бас тартпадым, өйткені өзім балалар үйінде өстім, қазір қызым үшін қатты уайымдаймын. Кейінірек оның церебральды сал ауруы (ДЦП) диагнозы туралы біліп, есеңгіреп, депрессияға ұшырадым. Бірақ маған Аминат Сейпуллаховна көп көмектесті, мен оны жақсы көремін, құрметтеймін, ол сол сәтте менің анамдай болды, маған қолдау берді, ол маған «мықты болу керек және бәрі жақсы болатынына сену керек» деп, өмірге құлшындырды.

Мен қазір ең бақытты анамын. Балам 5 жаста. Біз оңалту орталығына барамыз, бірге өсеміз, мен қызыма өзім көрмеген, бірақ бала кезімде армандаған махаббат пен қамқорлықты беремін. Бала-менің өмірімнің мәні, ол үшін және болашақ үшін мен бәріне ең жақсысын жасауға тырысамын. Психологтарға барудың арқасында, ата-аналармен қарым-қатынас қайта басталды, олар мені және қызымды қабылдады, біз оларға жиі қонаққа келеміз. Қазіргі уақытта мен ресепшнде жұмыс істеймін, пәтер жалдаймын, жақсы ақша табамын, пәтерде кезекте тұрамын. Болашаққа арналған жоспарлар - баланы емдеу, пәтер алу, жақсы адамды кездестіру.

2 Кейс А

Мен 34 жастамын, баламды 30 жасымда дүниеге әкелдім, ұлым қазір 4 жаста. Заңгер ретінде орта арнайы білімім бар. Біз күйеуімізбен бірге тұрмаймыз, өзін-өзі жұмыспен қамтимын, қосымша ақша табамын, тазалау компаниясында жұмыс істеймін. Біз анаммен бірге тұрдық, содан кейін «Реванш» дағдарыс орталығында тұрдым, содан кейін пәтер жалдадым, қазір қайтадан осында келдім, 1 ай болып қалды.

Бірінші жігітпен өмір сүрген кезде жүкті болдым, 5-6 аптада түсік түсіру қаупі болды, «Жедел жәрдем» ауруханасына түстім. Онда мен жүктілік кезінде АИТВ-ға тест тапсырдым, менің осы ауруды жұқтырғаным туралы ЖИТС орталығы хабарлады. Осыдан кейін жігітім ашуланды, қол көтерді, пышақпен қорқытты, тұншықтырды, психикалық тепе-теңдікке ие болмады. Анам маған қысым жасай бастады, үнемі ұрыса беретінбіз. Нәтижесінде мен бұл жігітпен қарым-қатынасты үздім, түсік тастадым.

Кейінірек СПИД орталығы өзінің чатына қосты, онда мен қазіргі жігітпен таныстым. Менің алдымда ол үйленген болатын және баласы бар. Мен жүкті болған кезде, қол көтеруді, қорлықты осы жігіттен де көре бастадым. Мен ұл тудым, баламда бәрі жақсы, АИТВ анықталмады, сондықтан есепке алынбады. Мен оның өзгеретініне үміттендім, бірақ ол жұмыс істемеді, мен үйде баламен, бауырларыммен, карт адаммен бірге тұрамын, үйіміз тар болды, анам менің күн сайын миымды жей бастады. Күйеуім кетіп қалды. Чатта мен баласы бар

әйелдерге және біздің осындай жағдайымызға көмектесетін «Реванш» дағдарыс орталығы туралы білдім. Орталықтан материалдық көмек, жұмысқа тұруға, балаға заттар, киім алып берді, клинингке шыққанда, баланы сол жерде тұратын әйелдерге қалдырып отырдым.

Әйелге туыстарынан, достарынан моральдық және психологиялық көмек қажет. Бұл болмаған кезде өте қиын, сіз өзіңізбен өзіңіз боласыз, сүйенетін ешкім жоқ, ал қолдау болған кезде қиындықтарды жеңу оңайырақ. Менің жағдайымда, мен тек өзіме үміттенемін, өзіме сенемін. Туыстарымнан көмек жоқ. Алимент алмаймын. Эмоционалды күйде, моральдық тұрғыдан шаршаған кезде, мен ұлыма «егер тыңдамасаң, мен сені тастап кетемін» деп ұрысамын, бірақ мен ешқашан ұлымның дүниеге келгеніне өкінбеймін. Баланы әкесіз тәрбиелеу өте қиын, ал мұндай абьюзер күйеумен әйелге өмір сүру тіпті ауыр.

Алға қойған көптеген жоспарларым бар, ең бастысы - баланы балабақшаға орналастыру, ақша табу, жұмыс істеу. Қазір табыс тұрақты емес, тазалауға шығуға байланысты, бір күнде шамамен 20 мың теңге, айына шамамен 100-150 мың теңге табамын, бірақ күнделікті тіршілігіме жеткізе алмай келемін.

3 Кейс А

Биыл 30-ға толамын. Бірінші баламды туғанда 19 жаста, 3 курс студенті едім. Білімім жоғары, экономика саласында оқуымды бітірдім. Қазір жұмысым бар, мамандық бойынша емес, бірақ өзіме ұнайды. Дүкенде сатушымын. Алматы тұрғынымын.

Менің жағдайым былай болды. Сстудент болып жүргенде, жігітіммен жүріп жүрдік. Ол еш жерде оқымады, жұмыс істеп, базарда сауда жасайтын. Кейін төбелес болып, сол үшін сотталып кетті. Мен аяғым ауыр болғанын білдім, ол изоляторда жатқандықтан, ештеңе айта алмадым. Үйдегілерге де айтпадым, өзім толық болғандықтан, бастапқыда ештеңе білінбеді. Тек жақын құрбым және бөле болып келетін әпкем білді. Осы әпкем жиі сұрайтын, кейін өзінің мамасына айтып, ол менің мамама айтып, түсік жасатуға кеш болды, жүктілігім 4-5 ай болып қалған. Бұл жағдайымды алғаш естігенде мамамның қолында шанышқы болатын, соны маған қарай лақтырғаны әлі есімде. Мамам кешке папама айтқанда, үйде үлкен айқай-шу болды. Папамның бар үмітін ақтамадым. Папам бұндай жағдайға тап болатынымды күтпеді, «не істейміз, туыстарға не айтамыз, елге қалай қараймыз» деп басын ұстап, шайқай беретін. Үлкен ағам бір столда отырмай, менімен сөйлеспей, ашулы болып жүрді.

Құрбым бәрі жақсы болады деп қолдайтын. Сабақта бәріне күйеуге шықтым деп, бірақ той болмайды деп өтірік айтатынмын, қолыма неке жүзігін тағып баратынмын. Үйге қонақтар келсе, мен жоқ, қыдырып кетті деп айтатын. Сөйтіп жүріп, ұл тудым. Үйде отырып, туған соң, папамның көзінше, балама қарауға ұялатынмын, папам жұмыстан келсе, бөлмемнен шықпай, артық көзіне көрінбей жүретінмін, папам баламды қолына да алмайтын.

Көңілім босап, бір нәрсе болса, біреу бірдеңе айтса, жылай беретінмін. Мамам басында ашулы болды, әрине түсінемін, сосын туғаннан кейін «кім не айтса да, бұл сенің тағдырың, шыда, қабылда» деп қолдады. Бірге отырып,

жылайтынбыз. Мен үшін бүкіл ұрысты мамам папамнан естіп жүрді, папам бетіме келіп, амалсыздан ештеңе айта алмай, ұрса алмай, ашуын мамамнан алатын. Балаға 5-6 ай болып, қылықтары шыққанда, папам сәл жібіді. «Сабағыңды тастама, ең болмаса дипломыңды ал, оқып бітіріп ал» деп айтты. Бүкіл күшімді, ойымды сабаққа аудардым. Мамам жұмыс істемейтін, баламды қарап, бағып қалатын.

Қиындықтар болды. Үйде отырып туған соң, туыстар келсе, не айтады деп қысылатынмын. Өз үйім жоқ, жұмысым жоқ, ата-анама салмақ салдым деп көп ойланатынмын. Бұған қоса, оқуым ақылы еді және көпбалалы отбасы едік.

Қазір балам 11-де. 3 жыл уақыт өткен соң, күйеуге шықтым, бірақ ажырасып кеттік. Басында жағдайымды, шындықты айттым, қабылдады. Осы некеде екі балалы болдым. Басында бәрі жақсы болды, пәтер жалдап, бөлек тұрдық. Екі жақтан да көмек жақсы болды. Бірақ кейін күйеуімнің мінезі шығып, баламды шеттетіп, бөліп қарап, қол көтере бастады, іше бастады, жұмыс істемеді, сөйтіп ажырастық. Қазір ата-анама қайтып келдім, бірге тұрамын.

Болашақтан үміт көп, балаларды оқытсам деймін, жұмыс істеп, бөлек үй алғым келеді. Арман көп, соның орындалуына жағдай жасау.

4 Кейс С

32 жасымда қызымды тудым. Университетке балым жетпей түсе алмадым, бірақ колледжге тапсырып, модельер-конструктор-дизайнер мамандығын бітірдім. Тараз қаласынанмын. Кейін Алматыға келдім, тігінші болып жұмыс істей бастадым.

Қызымның әкесімен некеде болмадым, бірге тұрдық, ол мені өз атымнан несие алдыртты, қарызға кіргізіп жіберді, құрбымнан қарыз алып, ол ақшаны төлеуге мәжбүр болдым, жұмыс істемеді, бәс тігіп, ойын ойнайтын, сөйтіп, мені қарызға батырып, маған ештеңе айтпай басқа қалаға кетіп қалды. Ол кетіп қалғанда, аяғым ауыр екенін білдім. Тұрақты жұмысым болмады, тууға 4 күн қалғанға дейін автожууда жұмыс істедім, ақшасыз қалдым, «пәтерге төлеу, қарызды қайтару» деген мәселелер шықты. Уақыты келіп туғанымда, баладан бас тартамын деп ойладым. Кредит, пәтер, баланың керек-жарағына ақша таппаймын деп ойладым. Босанғаннан кейін қызымнан перзентханада бас тарттым, ондағылар біраз ұрысып, шу болды, «жасың келген, баладан бас тартпа, мұндай жағдай болмаған» деп ақыл айтты. Бірінші күні балаға жақындамадым, екінші күні ойлана бастадым, «қыз бала, қалай тастап кетемін» деген ойлар болды. Түнде «қызымнан бас тартпаймын» деп айттым, мені қызыма апарды, оған мейірбикелер смесь беріп қарап жатыр екен, сол күні ғана қызымды көріп, еміздім. Үшінші күні құжаттарды дайындауға юрист, психолог, бас дәрігер келді. Түнімен ойланып, бас тартпаймын, «бірақ баратын жерім жоқ» дедім. Сол жерде «Ана үйіне» баруға ұсыныс айтты. Юрист Аминат апайға звондады, жарты сағат өтпей, ол кісі тез келді. Аминат апай бірден қолдау көрсетіп, «қызым, еш уайымдама, бәрі жақсы болады» деді. Үйдегілер туғанымды білмеді. «Ана үйіне» келген соң, психологиялық көмек көрсетілді. Сол үйде қандай тренинг, үйірме, курсы бар, бәріне қатыстым. Кейін Аминат апайдың ұсынысымен, хат

жолдауымен, белгілі актриса, блогер, кәсіпкер Гүлшарат Жұбаеваның «Шабыт» тігін шеберханасына тігінші болып жұмысқа тұруыма көмектесті. Қосымша осы «Ана үйіндегі» қыздарға тігіншілікті үйреттім.

Қазір екі бөлмелі пәтер жалдап, бір бөлмесін тігін цехы ретінде пайдаланып, тапсырыстар қабылдаймын. Жанымда сол «Ана үйіне»н шыққан қыз бар. Бірге жалдайтынбыз, жақында ол тұрмыс құрып, екінші баласын дүниеге әкелді. Табысымыз жақсы. Қосымша аптасына бір рет баратын үйім бар, үй жинап, қосымша табыс табамын. Ол жұмысты да Аминат апай тауып берген. Үй алуға әрекеттеніп, «Отбасы банкке» ақша жинап жатырмын.

«Ана үйінде» ата-анама осы жағдай айтылды, басында ата-анам ренжіп, бізді қабылдамады, сосын кешірді. Ағам жеңгемнен қолдау таптым, пәтер жалдап, ақша беріп, көмектесті. Автомойкада қосымша ақша тауып, жұмыс істеп жүрдім, қарыздардан құтылдым. Кейін жігітіме қызды болдым деп хабар бердік, бірақ ол үйленіп алған екен. Қазір қызыммен араласып тұрады, аз болса да көмек береді. Алимент алмаймын. Сонымен қатар, ата-анам да көмектесіп келеді.

Жоспарымда болашақта алдына қойған мақсатқа жету, соған талпыну, жұмыс қандай болса да істеу, бұрынғы болған жағдайды ойлай бермеу керек, алға талпыну, тұрмыс құру, өмір болған соң, әртүрлі жағдайға мойымау.

Аминат апайға мереке кезінде барып тұрамыз, араласып тұрамыз, «Ана үйі» болмағанда мынандай қиындықтан өтпес едім, осындай жағдайға тап болған аналардың балалары жетімдер үйін паналайтын еді деп ойлаймын. Көп нәрсе үйрендім, қолдағы барым, аз болса да, жетістігім - осы үйдің қолдауы. Әкесіз бала өсіру қиын, дегенмен бар күшімді салып жатырмын.

5 Кейс Ж

Менің жасым 34-те. 29 жасымда ұлды болдым. Қазіргі кезде тұрмыс құрмадым. Білімім жоғары. Пәтер жалдаймын. Тұрақты жұмысым бар. Түркістан қаласынан боламын.

Жігітім деп айта алмаймын, ол маған ұнайтын, тек қана партнер ретінде қарайтынмын, себебі оның маған үйленбейтінін нақты білетінмін, ол менен 5-6 жас кіші болатын, «жасым келді» деп іштей бала тууды ойлайтынмын. Мен жүкті болған кезде ештеңе талап етпедім, сұрамадым, өйткені бұл менің шешімім болды және мен одан босанғым келді.

Мен үйдің үлкені, жалғыз қызбен, менен кейін 4 інім бар. Інілерім бастапқыда қатты ренжіді, «телефонын бер, адресін бер, сөйлесеміз, ең болмаса көмектесіп, баламен араласып тұрсын, балаға әке керек» деген ой айтып, қарсы да болды, біраз мені айыптады. Мамам ауылда тұратын, білгенде, «ауылға келме» деп ауыр сөз айтып, ренжіді. Мен оларға «сендерден қолдау күтемін, менімен араласпасаңдар да бәрібір, қолдамасаңдар да өздерің білесіңдер, бәрібір туамын, өзім тәрбиелеп, бағамын» деп айттым. «Сендерді оқытып, мамаға көмектесіп, қыдырмай, жүріп қалдым, енді өзім және балам үшін өмір сүріп, бала тууды шештім» деп жауап бердім.

Жұмысым тұрақты, қосымша оқытушы болып жұмыс істедім, одан басқа бөлімде қызметім болатын. Бірақ артық әңгіме-өсек болмасын деп, жұмыстан

шығып, Астана қаласына көшіп кеттім. Жұмыс табу қиындық тудырмады. Уақыты келіп, ұлды болдым. Үйде отырып, басында аудармамен айналыстым, кейін сағат алып, сабақ бердім, баланы іниме қалдыратынмын. Мамам арасында келіп, көмектесіп тұрды.

Қиыншылықтар болды, артымнан талай қаңқу әңгімелер ерді, туыстар «күйеуі қайда, той қашан» деп, мамамнан сұрап, мазасын алып, мамам «қарабет қылдың, ұят болды» деп келгенде миымды жеп, ұрсатын. Баламды туғанда, жуындыра алмай, көршімді көмектесуге сұрайтынмын. Бастапқыда пәтер ақысын төлеу жағынан, ақша жағынан, баланы қарауға кімге тастайтыныма адам таппай, қиналатынмын, бала күтушіні жалдау қымбат. Інілерімнен көмек сұрадым, жәрдемақының ақшасына өмір сүрдім, жеткізе алмайтынмын.

Босанғаннан кейін өзімді кінәладым, «уақытында, жас кезімде неге тұрмысқа шықпадым екен» деп. Мен әрқашан туыстарымды бірінші орынға қойдым, анама, бауырларыма көмектестім, өзім туралы ойламадым, достарыммен араласпадым, қыдыруға көп шыға бермейтінмін.

Табысты, өмір сүру үшін ресурстар, мінез, тұрақты жұмыс қажет. Босанғаннан кейін, қандай жағдай болса да ұлымның барына қуандым. 2 жылдан кейін Алматыға қайтып келдім. Айналадағыларға, таныстарға ажырастым деп айтамын.

Қазір тұрақты жұмыс бар, әлі де пәтер жалдаймын, бұл мәселе әлі шешілмеген, мен баламды өзім тәрбиелеп отырмын, баланың әкесімен байланыс үзілген.

Алға қойған мақсатым - баспана алу, ұлды тәрбиелеу, күйеуге шығу туралы да ойлаймын**.**

6 Кейс Н

Мен 34 жастамын, күйеуім бар, білімім жоғары, хоббиым: табиғатта серуендеу, йога сабағы, қызмет саласы: жеке кәсібім бар, тапсырыс бойынша тігемін, «Ақсайда» тұрамын, жағдайым жақсы. Табысым бар, мен өзім де ақша табамын, күйеуім де ақша береді.

Қазір мен 34 жастамын, мен алғаш рет 28 жаста босандым. Баратын жерім болмай, дағдарыс орталығына жүкті кезімде бардым. Менің қызымның әкесі үйленіп, басқа қалаға кетті. Әрине, моральдық тұрғыдан қиын болды, өйткені менің не істегенімді ешкім білмеді, мен оны бәрінен жасыруым керек еді, өйткені анамның айтуы бойынша ұят болды. Бірақ менің қызым бар екенін білгенде, барлық туыстарым жақсы қарым-қатынаста болды және қазір менің баламмен жақсы қарым-қатынас орнатты. Жігітімнің отбасы бар болып шықты, ондай адамның жауапкершілігін қалай арттыруға болады, менің ойымша, бұл тәрбиеге байланысты, бәрі балалық шақтан басталады.

Дағдарыс орталығында психологпен әңгімелер жүргізілді, заңгерлер мен құқық қорғау органдарынан да қолдау болып тұрды. Қажет болған жағдайда медициналық көмек те бар. Маған психологтармен әңгімелесу көп көмектесті. Дағдарыс орталығында мен нан пісіруді, тәттілерді дайындауды үйрендім, қазақ тілінде жақсы сөйлей бастадым. Бұл жерде мамандық меңгеруге де көмектеседі,

бірақ менің өз мамандығым болды. Мен ол жерде ақша табуыд үйрендім, осылайша қаржылылық қиындықтарды жеңе бстадым.

Үлкен қызыммен мен өте жақсы қарым-қатынаста болдым деп ойлаймын, мен ана болғаныма қуаныштымын. Мен өз өмірімді балаларымсыз елестете алмаймын, бас тарту туралы ешқашан ой болған емес. Менің анаммен қарым-қатынасым жақсы, балаларымды өзім қарап келемін.

Үлкен қызымның әкесі оны мойындады. Қазір біз ешқандай байланыс жасамаймыз, өйткені менің күйеуім, отбасым бар, балаларыма бұл қажет емес. Мен алимент өндірген жоқпын, өйткені менде қаржылық қиындық жоқ. Болашаққа жоспарларым бар, бірақ бір Алла бәрі қалай болатынын біледі, балалардың дүниеге келуі менің өміріме қатты әсер етті. Олар мені өмірге ынталандырды. Құдайға шүкір, қазір бізде бәрі жақсы. Дағдарыс орталығы қиын сәтте әйелдерге көп көмектеседі деп санаймын, оларға табыс тілеймін.

7 Кейс Ю

Жасым 28 - де. Мен аналар үшін үйінде бірнеше ай тұрдым, баратын жерім болмағандықтан сол жерге бардым. Түнде күн суық, баламен көшеде қалдым. Адамдар маған телефон берді, Анна Александровнаға хабарластым. Жағдайды түсіндіріп, сол орталыққа келдім. Бізді қабылдады.

Күйеуім нашақорлыққа салынды, арақ ішті, достарын әкелді, бірге отырып алып, ішімдік ішті, қол көтере бастады, жұмыс істемеді.

Өзім жұмыс істей алмадым, өйткені балалар кішкентай болды, кішкентай баламен жұмысқа қабылданбадым және оларды қалдыратын ешкім болмады.

Кейінірек карттарға қамқорлық жасайтын, үйді тазалайтын және сол жерде тұратын жұмыс таптым. Кейінірек иелері біз тұратын бөлмені жалға беруміз деп шешті, өйткені қаржылық мәселелерді шешу қажет болды. Бізден үйді босатуды сұрады. Осылай дағдарыс орталығында бардым. Орталықта маған қамқорлықпен қарады, көмектесті, сол жерде бір отбасы ретінде бірге өмір сүрдік. Моральдық, психологиялық көмек өте жақсы болды. Орталықтан кейін мен жұмысқа орналастым, олар маған жұмыспен көмектесті, балабақшада бала күтушімін, балабақшада балаларым менімен бірге.

8 Кейс П

Мен 32 жасымда қызымды дүниеге әкелдім. Медбикемін, колледжді бітірдім. Сәтсіз неке болды, бала 5 айлық болғанда, бізді күйеуім тастап кетті. Алимент алмаймын. Қарыздар, несие болды, өмір сүруге ешқандай жағдай болмады.

Мен кішкентай қызымды анама тастап, Германияға ақша табуға кеттім. Жұмыс істедім, анама, әпкеме ақша жіберіп отырдым, олар маған пәтерге ақша жинау керек болған. Бірақ ақшадан ештеңе қалмады, өйткені барлық ақшаны жұмсап жіберіпті. Осының негізінде отбасыммен, әпкеммен ұрысып, аяқ асты «Асар» дағдарыс орталығына келдім, екі айдай ғана тұрдым, сосын құрбымның үйіне орналастым.

Қазір мен қарт адамға қамқоршы болып жұмыс істеймін. Германиядан наурыз айында, қызымды алып кету үшін келдім. Визаны алуға құжаттарымды тапсырып қойдым, соны күтемін, жақын арада аламын, қызыммен Германияға жұмыс істеуге барамын, тілді үйрендім, дипломым нострификациядан өтті, мамандығым бойынша жұмыс іздеймін.

Дағдарыс орталығына тек алғыс айтамын, барлығы өте қатаң, ең алдымен тәртіп болу керек, күнделікті кезекшілік бар, психологиялық, медициналық, әлеуметтік көмек алдым. Сонда тұрып жатқан адамдармен біраз кикілжің болды, өйткені қызым көршілердің балаларымен тіл табыса алмады, қызымның бейімделуі қиын болды.

Осы кейстерді талдай отырып, жалғызбасты аналардың әлеуметтену деңгейін бес басты индикатор бойынша бағаладық (кесте 12):

Кесте 12 - Әлеуметтену деңгейінің индикаторлары

№	Индикаторлар	Мазмұны
1	**Психоэмоционалдық тұрақтылық**	Күйзеліспен күресу, өзін қабылдау, сенімділік
2	**Әлеуметтік байланыстар**	Туыстармен, қоғаммен, ортадағы адамдармен қатынас
3	**Экономикалық дербестік**	Тұрақты жұмыс, табыс көзі, кәсіпке бейімделу.
4	**Аналық рөлге бейімделу**	Баланы қабылдау, ана болуға ішкі дайындық.
5	**Болашаққа бағыттылық**	Мақсат қою, жоспар құру, даму жолын көру

[Ескерту: кесте автор тарапынан құрастырылған].

Кейс тарихтарға негізделген зерттеуде жалғызбасты аналарды *психоэмоционалдық тұрақтандыруда* дағдарыс орталықтарының маңызы зор екені аңғарылды. Көптеген аналар дағдарыс орталығына келген сәтте терең күйзеліске, жалғыздыққа, ұят сезіміне және болашаққа деген сенімсіздікке тап болған (мысалы, Кейс Л, С, Ю, П). Дағдарыс орталығындағы психологтармен тұрақты жұмыс, сенімді ортада болу – аналардың өзін қайта табуына, эмоциялық сауықтыруға үлкен әсер етті. Кейс Н-да ананың қоғамдық қысым мен ұят сезімінен өтіп, өзін қабылдай алуы – осы жұмыстың нәтижесі.

Сонымен қатар *әлеуметтік байланыстарды қалпына келтіруде* де дағдарыс орталықтары үлкен рөл атқарды. Дағдарыс орталығында аналар басқа тағдырлас әйелдермен байланыс орнатты (Кейс Л, С, Ю), бұл әлеуметтік қолдаудың бейформалды желісін қалыптастыруға ықпал етті. Сонымен қатар, кейбір аналар туыстарымен қарым-қатынасты қайта құра алды (мысалы, Кейс 3-А мен С). Бұл әлеуметтік оқшауланууды еңсеруге мүмкіндік берді.

Экономикалық әлеуметтену. Дағдарыс орталығы аналардың еңбекке араласуына тікелей ықпал еткен: курстар, жұмысқа орналасуға көмек, кәсіп ашуға мотивация (Кейс Л – кондитерлік курс, Кейс С – тігін цехы, Кейс П –

шетелге шығу). Экономикалық дербестік – аналардың өзіне деген сенімін күшейтіп, балаларына тұрақты өмір қалыптастыруға негіз болды.

Аналық рөлге бейімделу мәселесі. Көптеген әйелдер алғашқыда аналық жауапкершіліктен қорыққан, кейде баладан бас тартуды да ойлаған (Кейс С, Л). Бірақ орталықтағы қолдау мен жылы қарым-қатынас арқылы аналық сезім тереңдеп, балаға деген махаббат пен қамқорлық толық қалыптасқан. Бұл – аналардың өзін-өзі ана ретінде қабылдауына әсер еткен шешуші фактор.

Болашаққа бағыт беру. Дағдарыс орталығында жүрген аналар өмірге деген үмітін қайта жаңғырта алды. Көпшілігі өздері мен балалары үшін жақсы болашақ жоспарлап, білім алуға, үй алу мен кәсіби даму жолында нақты қадамдар жасауда (Кейс Ж, Кейс Н, Кейс П). Бұл олардың әлеуметтену деңгейінің өсуімен тікелей байланысты.

Дағдарыс орталықтары тек паналау орны емес. Олар - кешенді қолдау құрылымы ретінде институционалды қолдаудың орталығы, яғни, психологиялық көмек, заңгерлік кеңес, медициналық қызмет, кәсіптік бағдар, тұрғын үй мәселесін шешуде қолдау көрсететін орын. Кейс Ю мен П мысалында бұл көмек аналардың өміріндегі нақты бетбұрыс кезеңіне айналған.

Келесі кестеде (Кесте 13) кейстер бойынша жалғызбасты аналардың әлеуметтену деңгейі берілген. Бұл жерде *жоғары деңгей:* қалыптасқан, тұрақты, шешім қабылдауда белсенді; *орта деңгей:* қалыптасу үстінде, кейде қиындық бар; *төмен деңгей:* әлсіз байланыс, тұрақсыз психоэмоционалды күй, ресурстың жетіспеуін байқатады.

Кесте 13 - Жалғызбасты аналардың әлеуметтену деңгейі (кейстер бойынша).

Кейс №	Психоэмоц. тұрақтылық	Әлеум. Байланыс	Эконом. дербестік	Аналық рөл	Болашаққа бағыт	Жалпы деңгей
1. Л	Жоғары	Жақсы	Орта	Жоғары	Жоғары	Жоғары
2. А	Орта	Төмен	Төмен	Орта	Орта	Орташа төмен
3. А	Орта	Жақсы	Орта	Жоғары	Жоғары	Жоғары
4. С	Жоғары	Жақсы	Жоғары	Жоғары	Жоғары	Жоғары
5. Ж	Орта	Орта	Орта	Жоғары	Жоғары	Орташа-Жоғары
6. Н	Жоғары	Жақсы	Жоғары	Жоғары	Жоғары	Жоғары
7. Ю	Орта	Орта	Орта	Орта	Орта	Орташа
8. П	Орта	Орта	Жоғары	Жоғары	Жоғары	Жоғары

[Ескерту: кесте автор тарапынан құрастырылған].

Кейс бойынша талдау барысында жоғары әлеуметтену деңгейіне жеткен аналардың көбіне дағдарыс орталықтарында кешенді қолдау алғанын, еңбекке араласқанын және психологиялық тұрақтылыққа қол жеткізгенін аңғарамыз **(**Кейс Л, С, Н). Орта деңгейде қалыптасып келе жатқан аналар көбіне қоғаммен байланыс орнатуда, экономикалық дербестікке жетуде қиындықтар көруде (Кейс А, Ю). Төмен деңгейдегі қиындықтар Кейс А-да байқалады: отбасы қолдауының

болмауы, абьюзер серіктес, тұрақсыз табыс – әлеуметтену процесін тежеген (Кесте 14).

Кесте 14 - Жалғызбасты аналардың бейімделу деңгейінің кестесі

№	Кейс	Бейімделу деңгейі	Негізгі дәлел
1	Л	**Жоғары**	Тұрақты жұмыс (ресепшн), қызын тәрбиелеуде белсенді, оңалтумен айналысады, пәтер кезегінде тұр, отбасымен байланыс орнаған, өзін ана ретінде толық қабылдаған.
2	А	**Орташа-төмен**	Эмоциялық тұрғыда шаршаған, табыс тұрақсыз (тазалау), алимент жоқ, туыстарымен байланыс үзілген, қолдау аз, әлі нақты өмірлік тұрақтылық жоқ, ұзақ уақыттық зорлық, АИТВ, қолдаудың жоқтығы әлеуметтену процесін баяулатуда,
3	А	**Орташа**	Жұмыс бар, отбасымен байланыс қалпына келген, бірақ жеке баспанасы жоқ, ажырасқан, бірнеше баланы жалғыз тәрбиелеп отыр, моральдық жаралар болғанымен күресіп келеді.
4	С	**Жоғары**	Тігін бизнесі бар, пәтер жалдап, бір бөлмесін цех ретінде пайдалануда, жоспармен өмір сүріп жатыр, отбасымен қарым-қатынас қалпына келген.
5	Ж	**Орташа жоғары**	Жұмысы бар, баланы жалғыз тәрбиелеп отыр, үй жалдайды, отбасымен ішінара қарым-қатынас бар, әкесіз тәрбие беруде, бірақ эмоционалды түрде тұрақтанған. әлеуметтенудің тұрақты кезеңіне жеткен, бірақ кейбір әлеуметтік немесе эмоциялық бағыттарда қолдау әлі де қажет.
6	Н	**Жоғары**	Күйеуге шыққан, кәсібі бар, балаларымен жақсы қарым-қатынас, өміріне риза, эмоционалдық және экономикалық тұрғыдан тұрақты.
7	Ю	**Орташа-жоғары**	Балабақшада жұмыс істейді, балаларымен бірге, бұрын панасыз болған, қазір тұрақты жұмысқа орналасқан, орталықтан кейін оң өзгерістер бар. әлеуметтенудің тұрақты кезеңіне жеткен, бірақ кейбір әлеуметтік немесе эмоциялық бағыттарда қолдау әлі де қажет.
8	П	**Орташа**	Германияға жұмысқа кетуге дайын, нострификациядан өткен, жоспарлы әрекеттер жасап жатыр, қызын жалғыз тәрбиелеп отыр, әлеуметтік байланыс қиындау, эмоционалды және экономикалық бейімделу жақсы деңгейде.

[Ескерту: кесте автор тарапынан құрастырылған].

Кейстердегі негізгі кедергілер қаржылық қиындық, әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі, психологиялық жүктеме және қоғамдағы стигмаға байланысты. Осы мәселелерді кешенді шешуге бағытталған әлеуметтік, экономикалық және психологиялық қолдау шаралары жалғызбасты аналардың қоғамға толыққанды араласуына және өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Осы 8 кейс негізінде, дағдарыс орталықтарының уақытша ғана емес, өмірлік маңызы бар қолдау институты екені айқын көрінеді. Олар аналарды тек қиындықтан құтқармайды, олардың әлеуетін ашуға, қоғамға қайта кірігуіне мүмкіндік береді. Кейстерді талдау дағдарыс орталықтары аналар үшін: эмоционалды қалпына келу алаңы, әлеуметтік ортаға қайта қосылу мүмкіндігі, еңбекке қабілеттілікті дамыту мектебі, аналық жауапкершілікті қабылдау процесіндегі маңызды буын, және өмірге жаңа көзқараспен қарауға түрткі болатын бастама болып табылатынын дәлелдейді.

Ғылыми жұмыс барысындағы зерттеу көрсеткендей, дағдарыс орталықтары мен «Ана үйлерінде» жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеудің қалыптасқан тиімді бағдарламалары бар. Дегенмен дағдарыс орталықтарында сауалнамалар мен терең сұқбаттар жүргізу барысында кейбір жас жалғызбасты аналар дәстүрлі, яғни бетпе-бет (face-to-face) кездесуге дайын еместігін көрсетті. Көбісі ұялы телефон арқылы жауап беруге немесе ватсапқа, әлеуметтік желіге жазуға тырысты. Мұның негізгі себептері қатарында:

- басындағы өмірлік қиын жағдайға байланысты психоэмоционалдық күйдің тұрақсыздығы;
- депрессивтік белгілердің болуы;
- өзіне деген сенімділіктің аздығы;
- ата-ана, туыстар, достар және т.б. тарапынан қолдаудың болмауы;
- қоғамдық стигма;
- жас баламен жалғыз қалу салдарынан уақыттың жетіспеушілігі
- әлеуметтік интеракциядан бас тарту және т.б. факторлар бар.

Бұл өз кезегінде әлеуметтік бейімдеу қызметтерінің тиімділігін арттыру үшін жаңа тәсілдерді енгізуді талап етіп отыр. Қазіргі технологиялық даму кезеңінде цифрлық коммуникацияның рөлі артуда.

Сондықтан жалғызбасты аналарды әлеуметтік бейімдеудің инновациялық моделі арқылы әлеуметтік бейімдеу жұмыстарының нәтижелілігін арттыруға болады.

Жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеудің инновациялық моделі – цифрлық платформаның мазмұны

Ғылыми жұмысымыздың нәтижесінде жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеу жұмысының тиімділігін арттыру үшін инновациялық әдістердің бірі ретінде цифрлық платформа моделі ұсынылады. Зерттеу жұмысымыз көрсеткендей, жалғызбасты аналардың көпшілігі күйзелісте жүргендіктен, қоғамды жатсыну, өзінің қазіргі жағдайын қабылдау алмау күйін кешеді, олардың арнайы мамандарға баруға мүмкіндігі де болмай жатады немесе тікелей барып көмек сұрауға ұялады. Цифрлық платформаның басты артықшылығы да сонда, ол жалғызбасты аналар үшін эмоциялық қауіпсіз алаң болып табылады, олар өздері сияқты басқа жалғызбасты аналармен, арнайы мамандармен, әлеуметтік қызметкерлермен онлайн қарым-қатынас жасай алады. Бұл әсіресе сәбиі кішкентай, жас босанған аналар үшін аса маңызды. Олар

өздеріне ыңғайлы уақытта байланысқа шыға алады. Цифрлық платформаның тағы бір ерекшелігі, жалғызбасты аналарға қажетті ақпарат көздері бір жерге жинақталады. Бұл тиімді, себебі жалғызбасты аналар уақыттарын үнемдей отырып, өздері үшін өзекті материалдарды бір қосымшадан таба алады. Кейбір жалғызбасты аналар өздерінің тәжірибесіздігінен, сауаты төмендігінен құжат рәсімдеу, алимент өндіру, жұмыс іздеу, оқуын жалғастыру т.б.мәселелерді шешуде қиналады. Ал цифрлық платформада осындай мәселелер бойынша нақты кеңес алуға мүмкіндік болады.

Модельдің мақсаты: Қазіргі заманның талабына сай цифрлық платформаны пайдалана отырып, жас жалғызбасты аналардың әлеуметтік қайта бейімделуіне ықпал ету.

Миссиясы: Әлеуметтік қызметкерлер мен жалғызбасты аналар арасындағы байланыс пен коммуникацияны жеңілдету арқылы олардың өмір сапасын арттыру.

Инновациялық аспект: Цифрлық платформа әлеуметтік қызметкерлер мен жас жалғызбасты аналардың өзара әрекеттесуін жеңілдетеді, психологиялық қолдауды, құқықтық кеңес беруді, білім беру бағдарламаларын және әлеуметтік ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Авторлық бағдарлама ретінде ұсынылған бұл модельде интерактивті құралдар, онлайн тренингтер, виртуалды топтық кездесулер және жеке консультациялар қарастырылған.

Ғылыми негіздер. Цифрлық технологиялардың жас жалғызбасты аналарды әлеуметтендіру процесіндегі рөлі: Әлеуметтік ғылымдарда цифрлық платформалар адамдардың әлеуметтік байланыстарын күшейтуге, оқшауландыруды азайтуға бағытталған тиімді құрал ретінде қарастырылады (Bessière et al., 2010; Hampton et al., 2011) [141, 142].

Психологиялық қолдауда онлайн форматтың тиімділігі: Зерттеулер көрсеткендей, онлайн психологиялық кеңес беру мен қолдау жеке кездесуден кем емес нәтижелерге жетелейді (Andersson, 2016) [143].

Әлеуметтік қызметтің қолжетімді форматы: Цифрлық платформа арқылы қызметтерге қолжетімділік арттырылып, әлеуметтік қызметкерлер мен қолданушылар арасындағы коммуникация жеңілдейді (Iranna Ronad.,2025) [144].

Цифрлық платформа мына міндеттерді оңтайлы шешуге ықпал етеді:

- психологиялық, құқықтық, әлеуметтік қолдау көрсету;
- түрлі ақпаратқа қол жетімділікті ұлғайту, мысалы, мемлекеттік көмектер, жеңілдіктер, жәрдемақылар, балабақшалардағы кезек мәселесі және т.б. туралы;
- жұмысқа орналасуға жәрдемдесу, мысалы жалғызбасты аналарға ыңғайлы вакансиялар, курстар, өз кәсібін ашуға көмек көрсету және т.б. ақпараттар;
- басқа жалғызбасты аналармен онлайн байланысты күшейту: форумдар, чат құру.

Нысаналы қатысушылар: өмірлік қиын жағдайға ұшыраған 18-35 жас аралығындағы жас жалғызбасты аналар

Қатысушылар: әлеуметтік қызметкерлер, психологтар, заңгерлер, медициналық мекеме қызметкерлері

Әріптестер:

- Әйелдер консультациясы және перзентханалар
- Онлайн білім беру платформалары
- Бизнес-серіктестер
- Жұмыспен қамту орталықтары

Модельдің басты компоненті: цифрлық платформа (веб және мобилді қосымшалар)

Бұл қосымшада әдеттегі басқа қосымшадағы сияқты, **«Жеке кабинет»** болады, онда қолданушыға, яғни жас жалғызбасты анаға қол жетімді ақпараттар салынады:

- жалғызбасты ананы әлеуметтік қайта бейімдеудің жеке бағдарламасы, ол әлеуметтік қызметкермен бірлесе құрылады;
- жалғызбасты ана жетістіктерінің көрсеткіштері;
- түрлі құзырлы орган өкілдерінен (психологтар, заңгерлер, әлеуметтік қызметкерлер, медиктер т.б.) онлайн-консультациялар алу туралы ақпараттар;
- білім жетілдіру курстары, оқу бағдарламаларына арналған электронды кітапханалар (мысалы, қаржылық сауаттылық, бала күтімі, жеке кәсіпкерлік, ана денсаулығы және т.б.).

«Ананы қолдау» виртуалды қосымшасы. Бұл қосымша цифрлық платформада модуль түрінде орналастырылады. Қосымшада жалғызбасты аналардың қажеттілігіне байланысты психологтар мен әлеуметтік қызметкердің жетекшілігімен **жабық топтар** құрылады. Атынан байқалғандай, жалғызбасты аналармен терең күйзеліс, стресс, эмоционалды қажу, моральдық шаршау т.б. сияқты мәселелерді бірге еңсеруге бағытталған жұмыстар жабық түрде жүргізіледі. Өзіне сенімділікті арттыру, өмірге құштарлықты дамыту, сенімділік сезімін орнату мақсатында тренингтер, мотивациялық әңгімелесулер, сессиялар, жаттығулар ұйымдастырылуы мүмкін. Мысалы, сәтті түрде әлеуметтік қайта бейімдеуден өткен жалғызбасты ананың өзінің өмір жолымен, тәжірибесімен бөлісуін ұйымдастыруға болады. Жабық топтың жұмысын психолог немесе әлеуметтік қызметкер үйлестіреді, топтың қатысушыларын тіркейді, олардың жеке мәліметтерін құпия сақталуына жауапкершілік алады. Жабық топты қатысушылар санының (10 адамнан аспағаны жөн) аз болуы жалғызбасты аналарға еркіндік беріп, олардың өз ойын ашық айтуына, көтерілген мәселе бойынша пікірін білдіруіне, өз проблемасын ортаға салуына қол жеткізеді. Жабық топтар жалғызбасты аналардың бойындағы стрестік жағдайларды азайтып, олардың басқалармен еркін байланысқа түсуіне жағдай жасап, әлеуметтік оқшаланудан шығуына ықпал етуі тиіс.

Сонымен қатар «Ананы қолдау» қосымшасында жалғызбасты аналарға арналған түрлі тақырыптағы онлайн клубтар болуы мүмкін. Мысалы, «1 жасқа дейінгі бала дамуы» клубы; «Оқырмандар клубы», «Кулинария» клубы, т.б.

Цифлық платформада жалғызбасты аналардың барлық деректері құпия сақталуы тиіс және әрі ананың жеке ерекшелігі ескерілуі қажет (15 кесте).

Қиындықтар мен шешімдер

- Техникалық қиындықтар: интернетке қолжетімділік мәселелері, цифрлық құралдарды үйрену, цифрлық сауаттылық деңгейін көтеру;
- Аналардың мотивациясын сақтаудың қиындығы;
- Ақпараттық материалдардың жеткілікті деңгейде болмауы;
- Қауіпсіздік пен құпиялықты қамтамасыз ету.

15 кесте - Платформаның құрылымы мен модульдері**:**

Модуль атауы	**Көрсетілетін қызмет аясы**	**Әлеуметтік қызметкердің функциясы**
Ақпараттық көмек	**Құқықтық, әлеуметтік, психологиялық, медициналық және т.б. көмекті қалай алуға болатынын түсіндіру**	**Кеңес беру, ақпараттық-түсіндіру**
Кеңес беру	**Психолог, заңгер, медиатор, медицина қызметкерінің бастапқы онлайн кеңестері**	**Платформада құзыретті мамандармен онлайн-консультациялар ұйымдастыру**
Оқыту және кәсіби бағдарын анықтау	**Онлайн курстар, жұмысқа орналастыру, вакансиялар туралы ақпараттар ұсыну**	**Ынталандыру, сүйемелдеу**
Топтық форум	**Жалғызбасты аналар қауымдастығы, онлайн форумдар, чаттар**	**Топтық жұмыс жүргізу, қолдау, аналардың бір-біріне өзара қолдау көрсету қауымдастығын құруға ықпал ету**
Кері байланыс	**Әлеуметтену деңгейін мониторингтеу**	**Деректерді талдау, қадағалау**

[Ескерту: кесте автор тарапынан құрастырылған].

Цифрлық платформада:

- Әлеуметтік жәрдемақыларды автоматтандырылған түрде рәсімдеу платформасы (цифрлық жүйе арқылы);
- Эмоционалды қолдау топтары (support groups);
- Онлайн және офлайн мотивациялық тренингтер;
- Құжаттарды рәсімдеуге көмек (балаға алимент өндіру, тұрғын үй кезегіне тұру т.б.);
- Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курстары (аспаздық, тігін, IT, сұлулық салондарындағы жұмыс т.б.);
- Кәсіпкерлікті қолдау: гранттар, шағын несие, бизнес-жоспар жазуға көмек;
- Табысқа жеткен жалғызбасты аналармен танысу;
- Цифрлық сауаттылық пен қашықтан жұмыс істеуге үйрету т.б. көмектерін алуға болады.

Цифрлық форматтағы әлеуметтік қолдау платформасы – әлеуметтік қызметкерлер үшін жаңа, тиімді құрал болып саналады. Бұл әрине, жалғызбасты

анамен тікелей жүргізілетін жеке жұмыстардың орнын ауыстырмайды, оған қосымша ретінде қолданылады. Цифрлық платформа моделі - психоэмоционалды күйзелістегі және тікелей, көзбе-көз байланысқа дайын емес, әрі қазіргі заманға сәйкес онлайн қарым-қатынасқа икемделген жалғызбасты аналармен жұмыс істеудің заманауи ыңғайлы тәсілі болып табылады. Бұл модель олардың әлеуметтік ортаға бейімделу процесін жеңілдетіп, жүйелі қолдауға жол ашады. Платформа аналар мен мамандар арасындағы үздіксіз байланыс жасауға ықпал етеді.

Жалғызбасты аналарды әлеуметтік бейімдеудің цифрлық платформасын құру алгоритмі

1-кезең: Мақсатты аудиторияны талдау және қажеттіліктерді анықтау. Бұл жұмысты әлеуметтік қызметкер жүргізеді. Қажет жағдайда басқа саланың мамандарын тарта алады.

Ең әуелі сауалнамалар, фокус-топ арқылы арқылы жалғызбасты аналардың әлеуметтік, психологиялық, құқықтық, кәсіби қажеттіліктері зерттеледі, содан кейін онлайн-форматқа деген қызығушылық деңгейі анықталады. Алда жүргізілетін жұмыс жұмыс нәтижелі болуы үшін әлеуметтік қызметкерлер сарапшылармен кеңесіп, тәжірибе алмасу мүмкін.

Алғашқы кезең нәтижесінде жас жалғызбасты аналардың портреті және олардың қажеттіліктерінің картасы дайындалады.

2-кезең: Платформаның функционалдық құрылымын жобалау

Пайдаланушы интерфейсінің қарапайым әрі түсінікті болуын қамтамасыз ету.

Негізгі функционалдар:

Тіркелу және авторизация (жалғызбасты аналар мен қызметкерлер үшін бөлек).

«Ананы қолдау» виртуалды қосымшасы

Онлайн-консультациялар (чат, бейнеқоңырау).

Вебинарлар және тренингтер.

Құқықтық, психологиялық және әлеуметтік кеңестер бөлімі.

Жеке даму жоспарын құру құралы.

Кері байланыс және бағалау жүйесі.

2-*кезең нәтижесінде платформаның интерактивті карта-схемасы мен техникалық сипаттамасы дайындалады.*

3-кезең: Техникалық іске асыру (IT-маманмен бірлесіп)

Front-end және back-end бөліктерін әзірлеу.

Деректер базасын құру (пайдаланушы мәліметтерін сақтау).

Қауіпсіздік пен құпиялылықты қамтамасыз ету (отандық заң талаптарына сай).

Мобильді нұсқасын қарастыру (қосымша ретінде).

Платформаның алғашқы прототипі іске қосылады.

4-кезең: Контентпен қамтамасыз ету

Әлеуметтік және психологиялық бейімдеу бойынша материалдар дайындау:
Видеосабақтар; нұсқаулықтар; инфографика; мақалалар мен чек-парақтар.
Сарапшылардан кеңестер алу және бейнематериалдар түсіру.
Платформа мазмұны толықтырылып отырылады.

5-кезең: Пилоттық тестілеу

Шағын топпен сынақ режимінде қолдану (10-30 адам).
Қолданушылардан кері байланыс жинау (анкета, сұхбат).
Қателер мен техникалық ақауларды түзету.
Платформаның жетілдірілген нұсқасы дайындалады.

6-кезең: Жүйелі енгізу және мониторинг

Платформаны ресми түрде іске қосу.
Әлеуметтік қызметкерлерге арналған нұсқаулық және тренинг өткізу.
Қолдану статистикасын бақылау (талдау құралдары арқылы).
Тұрақты түрде мазмұнды жаңарту және қызмет сапасын арттыру.
Платформа тұрақты жұмыс істейді және әлеуметтік бейімдеу процесін тиімді жүргізеді.

7-кезең: Бағалау және масштабтау

Нәтиже мен тиімділікті бағалау (сауалнама, сапалық талдау).
Сұранысқа байланысты платформаға жаңа модульдер қосу (мысалы: жұмысқа орналасу, бала күтімі бойынша кеңестер).
Қала деңгейінде немесе кейін бүкіл ел бойынша енгізу мүмкіндігін қарастыру.

ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ

Цифрлық платформадағы әлеуметтік қызметкердің басты қызметтері әдеттегі міндеттерімен сәйкес келеді, ол диагностика жасау, кеңес беру және ақпараттық қолдау, психоәлеуметтік қолдау, ресурстық қызмет, мониторинг және бағалау, кері байланысты қамтиды.

Диагностикалық қызметтің негізгі мақсаты - жалғызбасты ананың жеке жағдайын түсініп, тиімді қолдау стратегиясын құру, жеке даму жоспарын жасауға ақпарат базасын жасау.

- Жалғызбасты ананың әлеуметтік жағдайын, қажеттілігін, дағдарыстық күйін бағалау.
- Онлайн-анкеталар, сауалнамалар және жеке онлайн әңгімелесу арқылы ақпарат жинау.
- «Әлеуметтік бейімделу деңгейі» немесе «Қиындық индексі» тәрізді скрининг құралдарын қолдану.

Кеңес беру және ақпараттық қолдау жұмысының мақсаты - ананың құқықтық және әлеуметтік сауаттылығын арттыру.

- Құзыретті мамандарды тарта отырып, онлайн/чат/бейне арқылы құқықтық, психологиялық, әлеуметтік кеңестер беру.
- Арнайы мамандармен бірлесе мемлекеттік көмектер, жәрдемақылар, тұрғын үй, жұмысқа орналасу, балабақшадан орынға кезекке тұру, білім алу туралы ақпаратпен бөлісу.
- Жалғызбасты аналарды толғандырып жүрген мәселелер бойынша «Сұрақ-жауап» аймағын жүргізу немесе тақырыптық вебинар өткізу.

Психоәлеуметтік қолдау жұмысының мақсаты - психологиялық тұрақтылық пен өзін-өзі бағалауды көтеру. Бұл жұмыс психологпен бірлесе жүргізіледі.

- Жеке және топтық онлайн-сессиялар ұйымдастыру (мысалы: «Ашық алаң», «Бізбен бірге!», «Қиындықпен жалғыз қалма!»).
- Стресс, күйзеліс, жалғыздықпен күресу бойынша онлайн психоәлеуметтік тренингтер жүргізу.
- Қолдау топтарын модерациялау (аналардың өзара қолдауын күшейту).

Жеке даму мен бейімделу жоспарын құрастырудың мақсаты - әрбір ананың жеке өзіне бағытталған нақты қолдау ұсыну.

Әр анаға бейімделген жеке бейімделу жоспарын (ЖБЖ) жасау: мысалы, жас жалғызбасты анаға қай салада көмек қажет? қандай мақсаттарға жету керек? Алға қойған жоспары қандай? Қандай ресурстар тартылуы мүмкін? Және т.б. сұрақтарды негізге ала отырып, жоспар құрылады.

Бұл жоспар платформаның ішкі жүйесінде қадағаланып, жаңартылып отырады.

Ресурстық қызмет

Аналарды мемлекеттік, үкіметтік емес ұйымдарға, жұмыс берушілерге, оқу орындарына бағыттау.

Онлайн-сервистерге (резюме жасау, бала күтім орталықтары, заңгерлік кеңес) жол сілтеу.

Онлайн білім беру платформаларын ұсыну.

Әлеуметтік әріптестік орнату (еңбек биржасы, әлеуметтік қорлар, кәсіптік орталықтар және т.б.).

Мониторинг және бағалау қызметі

Әрбір ананың прогресін бақылау (жеке бейімделу жоспарының орындалуы, қызмет сапасы, кері байланыс).

Платформа аналитикасын қарап, қызмет сапасын жақсарту жолдарын ұсыну.

Қызмет нәтижесін есепке алу және есеп беру (сандық және сапалық көрсеткіштер).

Платформаның тиімділігін арттыру және деректерге сүйенген шешімдер қабылдау.

Кері байланыс жинау әдістері

Қызметтің әр кезеңінен кейін онлайн сауалнамалар, консультациялар, тренинг, топтық кездесулер жүргізу.

Жалғызбасты аналар платформадағы арнайы бөлімде немесе чатта пікірлер мен ұсыныстарын қалдыра алады.

Кейде жалғызбасты аналар жеке сұқбаттарда да өз ойларын жеткізуі мүмкін.

Автоматтандырылған жүйелер: Чат-боттар арқылы қойылатын жылдам сұрақ-жауаптар негізінде де кері байланыс жасауға болады.

Мониторинг жүйесінің құрылымы

Клиенттердің қатысу деңгейін бақылау (тренингтерге, консультацияларға қатысу).

Қызмет нәтижелерін талдау (біліктіліктің артуы, психологиялық жағдайдың жақсаруы).

Жеке даму жоспарының орындалуын қадағалау.

Платформадағы ұсынылатын қызмет кемшіліктерін анықтау.

Жоспарды түзету немесе қосымша қолдау ұйымдастыру.

Қатысушыларға нәтижелер туралы хабарлау.

Әлеуметтік қызметкер қарапайым және түсінікті сұрақтардан тұратын тест/сауалнама әзірлейді (Google Forms, Typeform, SurveyMonkey көмегімен). Нәтижесін автоматты түрде шығарып, клиентке кері байланыс береді. Нәтижелер негізінде әрбір клиентке жеке жұмыс жоспарын құрады.

Жеке онлайн-консультацияны ұйымдастыру

Мақсаты: әрбір анамен жеке жұмыс жасап, оның нақты жағдайына көмектесу.

Әлеуметтік қызметке платформада **«Жеке кеңеске жазыл!»** жүйесін енгізеді. Кеңес беру үшін алдын ала мерзімі мен уақытты брондау жүйесін пайдаланады (Calendly, Google Calendar). Zoom, WhatsApp немесе платформаның ішкі бейнебайланысы арқылы байланысады. Әңгімелесу нәтижесінде жеке даму жоспарын құрып, келесі кездесуге дайындық жүргізеді.

Консультация түрлері

Психологиялық кеңес беру: стресс, депрессия, өзіне-өзі сену мәселелері бойынша.

Әлеуметтік кеңес беру: құқықтық, тұрмыстық, экономикалық мәселелерге қатысты.

Кәсіби бағыттау: жұмысқа орналасу, оқыту, дағдыларды дамыту.

Онлайн тренингтерді ұйымдастыру

Мақсаты: білім беру және дағды қалыптастыру (мысалы: ата-ана дағдылары, құқықтық сауаттылық, отбасылық бюджет жүргізу).

Әлеуметтік қызметкердің міндеті:

Онлайн-тренингтің тақырыбын белгілейді және мақсатты аудиторияны анықтайды.

ZOOM, Google Meet, Microsoft Teams сияқты платформалар арқылы арнайы мамандарды тарта отырып, вебинар өткізеді.

Тренинг материалы ретінде презентация, бейнематериал, чек-парақтар дайындайды.

Қатысушыларға алдын ала шақыру/тіркелу формасын таратады.

Тренинг соңында қатысушылардан кері байланыс жинайды. Онлайн тренингтер жалғызбасты аналардың білімін арттырып, өмірлік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Виртуалды топтық кездесулерді ұйымдастыру. Бұл «Ананы қолдау» қосымшасында жүзеге асырылады.

Мақсаты: аналардың өзара қолдауын күшейту, ортақ мәселелерді талқылау, мотивация беру.

Әлеуметтік қызметкердің міндеті: Белгілі бір тақырып бойынша (мысалы: «Күйзелісті жеңеміз!», «Жалғыздықпен қалай күресуге болады?») онлайн топтық кездесу ұйымдастырады. Қатысушылар санын 5-10 адамнан асырмай, интерактивтік форматта өткізеді (пікір алмасу, сұрақ-жауап, ойын элементтері). Қатысушылар арасындағы ашық, сенімді атмосфераны қалыптастырады.

Қолданылатын интерактивті құралдар

Онлайн тесттер мен сауалнамалар - клиенттің эмоционалдық және әлеуметтік күйін бағалау үшін.

Форумдар мен чаттар - клиенттер арасында тәжірибе алмасу және қолдау көрсету.

Қызығушылық пен қажеттілікке бағытталған викториналар.

Бейне және аудио материалдар - ақпаратты қабылдауды жеңілдету және түрлі оқу форматтарын ұсыну.

Мәтіндік, видео және инфографикалық материалдар дайындау, оларды платформаның арнайы бөлімінде орналастыру (мысалы, (Мемлекеттік жәрдемақылар туралы нұсқаулық» инфографикасын жасап, платформаға жүктеуге болады).

Өзін-өзі бағалау тестілері (стресс деңгейі, әлеуметтік бейімделу шкаласы).

Чат-боттар арқылы жиі қойылатын сұрақтарға жауап беру жүйесі (16 кесте).

16 кесте - Цифрлық платформадағы қызмет формалары

Қызмет түрі	**Сипаттамасы**
Жеке консультациялар	**Онлайн бейне/аудио байланыс арқылы кеңес беру**
Онлайн тренингтер	**Вебинар, презентация, практикалық жаттығулар**

16 - кестенің жалғасы

Топтық кездесулер	**Мотивациялық топтар, пікір алмасу алаңы**
Интерактивті құралдар	**Тест, анкеталар, автоматты жауаптар, чек-парақтар**
Ақпараттық материалдар	**Брошюра, видеолекция, инфографика**

[Ескерту: кесте автор тарапынан құрастырылған].

Ақпараттық материалдарды дайындау принциптері

Түсініктілік: Мәтін қарапайым және түсінікті болуы керек.

Қысқалық: Маңызды ақпарат қысқаша және нақты берілуі қажет.

Көрнекілік: Инфографика, суреттер, диаграммалар қолдану.

Қолжетімділік: Материалдар әртүрлі форматта (мәтін, видео, аудио) ұсынылуы керек.

Жаңартылу: Ақпарат мерзімді түрде жаңартылып отыруы тиіс.

Материал түрлері

Мәтіндік нұсқаулықтар: құқықтық, әлеуметтік, психологиялық көмек туралы.

Инфографика: Жәрдемақылар, мемлекеттік бағдарламалар, әлеуметтік қызметтердің схемалары.

Видео материалдар: Түсіндірме бейнелер, тренингтер, мотивациялық видеолар.

Білім беру платформалары, онлайн курстар

Аудио подкасттар: психологиялық кеңестер, жетістікке жеткен жалғызбасты аналардың өмір жолы

Материалдарды тарату әдістері

Платформаның арнайы бөлімінде орналастыру.

Хабарландырулар және электрондық пошта арқылы қатысушыларға жіберу.

Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде бөлісу.

Онлайн тренингтер мен топтық кездесулерде пайдалану.

Алдағы міндеттер:

Платформаны кеңейту, жаңа функциялар қосу (мысалы, чат-боттар, мобильді қосымша).

Әріптестік желілерді құру және дамыту.

Қаржыландыру көздерін арттыру.

Бағдарламаның басқа әлеуметтік топтарға бейімделуі.

Цифрлық платформада жүргізілетін онлайн шаралардың **ҮЛГІСІ**

«Өзім туралы» тренингі. Әр ана өз өмір тарихымен бөлісіп, басқа аналармен байланыс орнатады. Платформадағы әрбір ананың өзіне ұқсас тағдыр иелерімен арнайы «эмоциялық орта» құруына көмектесу.

«Менің жолым» тренингі (Психоәлеуметтік қайта қалыптастыру)

Өзін-өзі бағалау тренингтері (коучинг элементтерімен). Арт-терапия және драма-терапия: Ішкі қысымды азайтуға, эмоцияны шығармашылық арқылы білдіруге көмектеседі. Мамандықты анықтау (тесттер, профориентация)

«Қолымнан келеді!» (Кәсіби және қаржылық даму)
Кәсіби курстар: IT, тігін, пісіру, маникюр, SMM, т.б.
Микробизнес бастауға үйрету.
Бизнестегі алғашқы қадам.
Шағын гранттар мен микрокредиттерге жол.
«Әлеуметтік кәсіпкерлік аналар» жобасы. Жергілікті кәсіпкерлермен коллаборация
«Менің жарқын әлемім!» (Қоғаммен өзара байланыс)
Қоғамдық іс-шараларға қатысу: көрмелер, еріктілік, ашық сабақтар
Жетістікке жеткен жалғызбасты аналармен жүздесу
Менторлық жүйе: Жоба түлектері жаңа қатысушыларға қолдау көрсетеді.

Қорытындылай келгенде, цифрлық платформа жағдайында әлеуметтік қызметкер - тек кеңесші емес, модератор, координатор, коуч және ментор рөлін қатар атқарады. Ол аналарға нақты бағыт беріп қана қоймай, олардың цифрлық әлемде өз орнын табуына да көмектеседі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жас жалғызбасты аналар өздерінің жас ерекшеліктеріне, әлеуметтік мәртебесіне, проблемаларының ауырлығына (материалдық, психологиялық, тұрғын үй, жаңа өмірлік жағдайға бейімделу қиындығы және т.б.) және бала туып, оны асырау қажеттілігіне байланысты мемлекет, әлеуметтік қызметтер мен қоғамдық ұйымдар тарапынан қолдау мен қорғауды қажет ететін санат ретінде қарастырылады.

Бүгінгі таңда жас жалғызбасты аналар мемлекетте әлеуметтік қорғалмаған азаматтар санатында танылмағандықтан оларға қосымша әлеуметтік жеңілдіктер мен жәрдемақылар тағайындалмайтын біз жоғарыда атап өткенбіз.

Қазақстанда қазіргі таңда жалғызбасты аналармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыстар қалыптасу кезеңінде десек болады. Бұл жұмыстарды екі бағытта қарастыруға болады. Бірінші бағыт жас аналармен және олардың ата-аналарымен жүргізілетін әлеуметтік-педагогикалық бағыттағы сауықтыру жұмыстары: жасөспірімдер арасында жүктіліктен сақтану құралдары, түсік жасатудың салдарлары туралы түсіндіру, отбасын жоспарлау және жыныстық қатынастардың әртүрлі аспектілері бойынша туралы кеңес беру және т.б.

Екінші бағыт жас аналармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыстар: тікелей әлеуметтік көмек, оларды қолдау, психотүзету, медициналық және құқықтық көмек көрсету.

Жас ананың өзінің ынтасынсыз және келісімінсіз, отбасының, топтың қалауынсыз әлеуметтік қызметкердің көмегі де, қоршаған ортамен байланыс пен өзара әрекеттесуді қалпына келтіру де, өмірлік жағдайды өзгерту де мүмкін емес. Сондықтан қазіргі уақытта жас жалғызбасты аналармен және ата-аналармен әлеуметтік жұмыстағы маңызды бағыт - жас әйелдің әлеуметтік ортасының сипатын зерттеу маңызды.

Жас жалғызбасты аналармен жүргізілетін әлеуметтік бейімдеудің сәттілігіне бірқатар факторлар әсер етеді:

Жас әйелдің баланың әкесімен (серіктесімен), ата-анасымен, бауырларымен (жақын туыстары), айналасындағы тобымен (достары, сыныптастары), маңызды ересектермен (педагогтар, медицина қызметкерлері) қарым-қатынасы. Жас әйелдің референттік тобы мотивтермен, факторлармен, жеке сипаттамалармен қатар әлеуметтік қызмет клиенттерінің осы санатымен сауатты әлеуметтік жұмыс құруда маңызды рөл атқарады.

Әлеуметтік мекемелер маманының маңызды міндеттері – жас жалғызбасты анамен, оның жақын ортасымен танысу және байланыс орнату, оның өмірлік жағдайын анықтау, отбасының әлеуметтік қызметтерге деген қажеттілігін анықтау, қиын өмірлік жағдайды шешу үшін отбасының әлеуетін жандандыру шарттары мен мүмкіндіктерін бағалау. Осы кезеңде маман отбасына көмек көрсетудің жеке жоспарын әзірлейді және жағдайларға байланысты кәмелетке толмаған аналардың медициналық-әлеуметтік, психологиялық, мәртебелік ерекшеліктерін ескере отырып, сараланған тәсілдің мақсаттары мен принциптеріне сәйкес әлеуметтік қолдаудың қажетті түрлерін таңдайды.

Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманның, психологтың жұмысы жүкті болып қалған қыз баланың бойында ана болу сезімін, ата-ананың жауапкершілігін дамытуға және нығайтуға бағытталуы керек. Сонымен қатар, әлеуметтік жұмыс маманы жас анаға баланы күту, тәрбиелеу, отбасылық жағдайды жақсарту мәселелері бойынша кеңес бере алады. Стресстік жағдайды азайту және болашақ ананың жүктілікке саналы көзқарасын қалыптастыру мақсатында кәмелетке толмаған ананы босануға профилактикалық дайындауды жүзеге асыру маңызды.

Жас жалғызбасты аналарға қатысты әлеуметтік жұмыс мынадай кезеңдер шеңберінде жүзеге асырылады.

Бірінші кезең ерте және девиантты ана болудың алдын алу бойынша профилактикалық шараларды жүзеге асыруды қамтиды. Іс жүзінде бұл кезең гендерлік және жыныстық тәрбие арқылы жүзеге асырылады. Әлеуметтік жұмыстың екінші кезеңі - оларды кешенді қолдау, ол мынадай шараларды көздейді: жас аналар мен олардың отбасы мүшелерінің проблемалары туралы ақпарат жинау; уақытша баспана табуға, оқыту нысанын таңдауға, кәсіби білім алуына көмектесу; кәмелетке толмағандардың құқықтарының сақталуын қадағалау; құқықтық мәселелер бойынша кеңес беру, бала қамқорлығына байланысты дауларды шешу; ата-ана міндеттерінің орындалуын бақылау; медициналық патронаж, психологиялық көмек.

Жас жалғызбасты аналармен әлеуметтік жұмыстың үшінші кезеңі «бейімделу және оңалту кезеңі» деп аталады. Тәжірибеде осы кезеңді жүзеге асыру үшін жас анамен жиі байланыс орнатып, оны әлеуметтік-медициналық қолдауды талап етіледі, осыған байланысты әлеуметтік мекемелерде ұзақ мерзімді әлеуметтік патронаж жүзеге асырылуы мүмкін.

Жас жалғызбасты аналармен әлеуметтік жұмысты жетілдіру - бұл өте күрделі процесс, ол біздің ойымызша келесі бағыттарды қамтуы керек:

- қиын өмірлік жағдайға тап болған және әлеуметтік қызметтерге мұқтаж жас жалғызбасты аналарға көмек көрсететін әртүрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелердің ведомствоаралық өзара іс-қимылы мен әріптестігінің тиімді тетіктерін әзірлеу;

- жас жалғызбасты аналарға көмек көрсету бойынша отандық және шетелдік жобаларды практикаға жаппай енгізуді қамтамасыз ету;

- девиантты ана болуды төмендету бағытындағы алдын алу шараларын жүзеге асыру, балалар-ата-аналар қарым-қатынасын жолға қою, жастарға гендерлік және жыныстық тәрбие беру;

- заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, ерте ана болу проблемаларына жұртшылықтың назарын аудару

Жас ана болу мәселесі соңғы онжылдықтарда өзекті бола бастады. Бұл жасөспірімдердің жыныстық белсенділігінің артуына байланысты, бұл жасөспірім қыздарда жоспарланбаған жүктілік пен босану санының артуына әкеледі.

Осылайша, әртүрлі масштабтағы факторлар кешенінің әсерінен туындаған жас аналар проблемасы аса өзекті. Ең алдымен, жас ананың ата-ананың жаңа әлеуметтік рөліне бейімделуінде, ананың мінез-құлқы қалыптасатын баламен

эмоционалды байланысын дамытуда қиындықтар туындайтынын атап өту маңызды. Жас ананың жеке басының даму ерекшеліктеріне, сондай-ақ жастайынан басына түскен кезде жағдайға байланысты мәселелерді шешуге көмектесу үшін оларды ең алдымен әлеуметтік-психологиялық қолдауды ұйымдастыру қажеттілігі туындайды.

Бұл қолдау шаралары оларды әлеуметтік қайта бейімдеу жұмыстарының негізі болып табылады: психологиялық көмек көрсету, жеке дамудың оңтайлы жағдайларын жасауға бағытталған ұйымдастырушылық, диагностикалық, оқыту және дамыту іс-шаралары жүйесі және отбасына әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-құқықтық көмек технологияларын белгілеу.

Әлеуметтік-психологиялық қолдаудың мақсаты қалыптасқан дағдарыстық жағдайдан шығу үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Жас жалғызбасты аналармен әлеуметтік жұмыс контекстінде кешенді әлеуметтік-психологиялық қолдау олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды, психологиялық-педагогикалық көмекті, медициналық-әлеуметтік көмекті, жеңілдіктер алуға жәрдемдесуді және т. б. қамтиды.

Жалпы әлеуметтік бейімдеу құрылымында мына бағыттарды бөліп көрсеткен жөн:

Әлеуметтік-құқықтық;

Әлеуметтік-медициналық;

Әлеуметтік-психологиялық (психологиялық диагностика, психологиялық консультация, құндылықтар жүйесін психологиялық түзету, ана рөліне дайындау, тұлғалық дамуына көмектесу, әлеуметтік дағдыларын дамыту);

Әлеуметтік-педагогикалық (жас ананың табысты әлеуметтенуі, тұлғалық өсу перспективалары үшін жағдайларды жобалауға және іске асыруға бағытталған алдын алу, ағарту, диагностикалық және түзету іс-шараларының кешені; кәсіптік оқытуға, балаларды ерте дамыту жұмыстарына көмектесу, оларды білім мекемелеріне орналастыру және т.б.)

Дағдарыс орталықтарында жас аналарды бейімдеудегі негізгі міндеттер:

қыздың жүктілікке көзқарасын түзету;

жүктілік кезеңіндегі мінез-құлық нормаларын сақтауға үйрету;

қоршаған ортасымен, мүмкіндігінше баланың әкесімен, өзінің отбасымен жұмыс жасау, туындаған жанжалдарды реттеу;

дәрігерлермен тұрақты түрде байланыс жасауын қадағалау, баладан бас тартудың алдын алу үшін әлеуметтік психологиялық шаралар жүргізу.

Жас жалғызбасты аналардың әлеуметтену және әлеуметтік бейімделу процесін жеделдету кезінде оларың өздерінің әлеуметтік сүйемелдеу процесіне және өз әлеуетін дамытуға белсенді қатысуы. Дағдарыс орталықтарында жас ананы бірлескен іс-әрекетке тарту тәртіпті тәрбиелеуге, өмір салтын реттеуге, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға және өзін-өзі бағалауды арттыруға ықпал етеді.

Осыдан жас жалғызбасты аналар өздерінің әлеуметтік жағдайы мен психологиялық жағдайына байланысты әлеуметтік-психологиялық қолдауды

қажет етеді деген қорытынды жасауымызға болады. Нәтижесінде бейімделу, яғни қолайлы және экстремалды өмірлік жағдайларда өзімен және басқалармен қарым-қатынаста салыстырмалы тепе-теңдікке дербес қол жеткізу мүмкіндігі болады.

Жас жалғызбасты аналарды социореалаптациялау жұмыстарын екі бағытта қарастыруға болады. Бірінші бағыт жас аналармен және олардың ата-аналарымен, туыстарымен, жігітімен және т.б. жүргізілетін әлеуметтік, педагогикалық бағыттағы жұмыстары. Аналар арасында жүктіліктен сақтану құралдары, түсік жасатудың салдарлары туралы түсіндіру, отбасын жоспарлау және жыныстық қатынастардың әртүрлі аспектілері бойынша туралы кеңес беру және т.б.

Екінші бағыт жас аналармен жүргізілетін *әлеуметтік жұмыстар*: тікелей әлеуметтік көмек, оларды қолдау, психотүзету, медициналық және құқықтық көмек көрсету.

Халықаралық тәжірибе. Зерттеу көрсеткендей, әлемінің дамыған елдерінде жалғызбасты аналарды, әсіресе өмірдің қиын сәттеріне ұшырағандарды әлеуметтендіру жүйесі қалыптасқан. Қазақстанда мұндай модель әлі толық қалыптаспаған.

Дағдарыс орталықтары мен «Ана үйлерінде» жүргізілген зерттеулер нәтижесі:

Бұл орталықтарда болған жалғызбасты аналардың әлеуметтену дәрежесі жоғары, сарапшылардың пікірінше, 80-85% ды құрайды. Бірақ мына проблемалар әлі шешімін таппай отыр:

- тұрақты жұмыс табу қиындығы: көптеген жалғызбасты аналар баланы қараусыз қалдыра алмайтындықтан, толық жұмыс күнімен жұмыс істей алмайды.
- әлеуметтік көмектің жеткіліксіздігі: мемлекеттік жәрдемақылар мен көмек түрлері көбіне базалық қажеттіліктерді өтеуге жетпейді.
- тұрғын үй мәселесі: Көп аналар орталықтан шыққаннан кейін жалға алынған немесе туыстарымен бірге тұруға мәжбүр.
- психологиялық кеңес беру қызметтері тек ірі қалаларда ғана бар, ал ауылдық жерде мүлде жоқ немесе қолжетімсіз.
- әкелердің алимент төлемеу жағдайлары: заң бар болғанымен, оны орындау – өз алдына күрделі мәселе (мысалы, алимент өндіру қиындықтары).
- құқықтық сауаттылықтың төмендігі: көптеген әйелдер өз құқықтарын білмейді немесе заң көмегіне жете алмайды.
- кәсіптік оқыту бағдарламалары көбінесе олардың жеке жағдайларын ескермейді (мысалы, баламен бірге қатысу мүмкіндігі жоқ).

Ұсыныстар:

- Яслилер санын көбейту, балабақшалардағы орынға басымдық беру
- Алимент төлеуден жалтарған әкелерге қатысты заңды қатаңдату.
- Құқықтық сауаттылықты арттыру: тегін құқықтық кеңестер беру, арнайы оқыту бағдарламаларын әзірлеу.

- Психолог, психотерапевт және әлеуметтік қызметкерлермен тегін жұмыс істеу мүмкіндігін кеңейту.
- Қауымдастықтар мен клубтар құру: жалғызбасты аналарға арналған өзара қолдау топтарын ұйымдастыру.
- Онлайн психологиялық көмек қызметтерін дамыту (чаттар, форумдар, Zoom арқылы консультациялар).
- Кәсіптік қайта даярлау бағдарламаларын жалғызбасты аналардың мүмкіндіктеріне бейімдеу (икемді кесте, онлайн формат).
- Іскерлік бастамаларды қолдау: шағын кәсіп бастауға арналған арнайы гранттар мен микрокредиттер.
- Жартылай жұмыс күні, қашықтан жұмыс істеу мүмкіндіктерін заңмен кеңейту.
- Әлеуметтік жұмыс орындарын ашу: мемлекеттің қолдауымен жалғызбасты аналарға арналған жұмыс орындарын ұсыну.

Жалғызбасты аналарды социореадаптациялау – тек әлеуметтік мәселе емес, бұл ұлттың демографиясына, әлеуметтік әділеттілікке және әйелдердің құқықтарын қорғауға тікелей әсер ететін маңызды мемлекеттік міндет. Кешенді, көп деңгейлі тәсіл ғана шынайы әрі тиімді нәтижеге жеткізе алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Hirst J., Formby E., Owen J. Pathways into parenthood: reflections from three generations of teenage mothers and fathers // Project funded by sheffield health and social research consortium, 2006. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://shura.shu.ac.uk/142/1/fulltext.pdf

2. McDermott E., Graham H., Hamilton V. Experiences of being a teenage mother in the UK: a report of a systematic review of qualitative studies // Glasgow: university of Glasgow // Social and Public Health Services Unit, 2004. – 62 p. [Электронный ресурс]. Режим доступа: http://www.sphsu.mrc.ac.uk/Evidence/Research/Review%2010/SR%20Executive%20Summary.pdf

3. Andrews K.M., Moore K.A. Second chance home: a resource for teen mothers. 2011. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://cms.childtrends.org/wp-content/uploads/2011/04/child_trends-2011_04_15_rb_2ndchancehomes.pdf

4. Круглова (Путинцева) Е.Л. Малолетнее материнство *как* социальный феномен в современной России*:* Автореферат дис... кандидата наук*:* Москва, 2013.- 25 с.

5. Banerjee, P., Chacko, S., Piya, B. Paradoxes of Being and Becoming South Asian Single Mothers: The Enclave Economy, Patriarchy, and Migration // Women, Gender, and Families of Color. Vol. 8. №1. 2020. P. 5-39. Режим доступа: file:///C:/Users/User/Downloads/ParadoxesofBeingandBecomingSouthAsianSingleMothers-TheEnclaveEconomyPatriarchyandMigration1.pdf

6. Collins, W. 2012. Collins English Dictionary – Complete &Unabridged 2012 Digital Edition. Diunduh Dari Http://Dictionary. Reference. Com/Browse/Togetherness Pada Juli.

7. Golombok, S, Zadeh, S, Freeman, T, Lysons, J & Foley, S 2020, Single Mothers by Choice: Parenting and Child Adjustment in Middle Childhood, Journal of Family Psychology. https://psycnet.apa.org/fulltext/2020-69295-001.pdf

8. Ralte, Z., & Zehol, L. T. (2021). Single Mothers Challenges in Mizo Society. Mizoram University Journal of Humanities and Social Sciences VII (2). http://mzuhssjournal.in/images/resources/v7n2/ralte.pdf

9. Brand, J. E., & Simon Thomas, J. (2014). Job displacement among single mothers: Effects on children's outcomes in young adulthood. American Journal of Sociology, 119(4), 955-1001.

10. Abd Hamid, S. R., & Salleh, S. (2013). Exploring single parenting process in Malaysia: Issues and coping strategies. Procedia-Social and Behavioral Sciences, 84, 1154-1159. https://core.ac.uk/download/pdf/300411498.pdf

11. Karunanayake, D. D. K. S., Aysha, M. N., & Vimukthi, N. D. U. (2021). The psychological well-being of single mothers with school age children: An exploratory study. Int. J. Sci. Res. Sci. Technol, 8, 16-37. https://www.researchgate.net/publication/348456990_The_Psychological_Well-Being_of_Single_Mothers_with_School_age_Children_An_Exploratory_Study

12. Oren, D. (2020). Parenting Experiences of Single Parents by. https://www.researchgate.net/publication/355005330_Parenting_Experiences_of_Single_Parents_by_Choice_and_the_Challenges_Dilemmas_and_Practical_Implications_-An_Innovative_Study

13. Dharani, M. K., & Balamurugan, J. (2024). The financial hardships of single mothers: A review of two decades. *Multidisciplinary Reviews*, *7*(8), 2024179. https://malque.pub/ojs/index.php/mr/article/view/2649

14. Theodoritsi L, Daliana N, Antoniou AS. The mental health of single-parent families in relation to psychological, societal and f inancial parameters. APA Psyc Net 2018. Available from: https://psycnet.apa.org/record/2018-20860-003

15. Spierling T and Shreffler KM (2018) Tough Decisions: Exploring Women's Decisions Following Unintended Pregnancies. Front. Sociol. 3:11. doi: 10.3389/fsoc.2018.0001
https://www.frontiersin.org/journals/sociology/articles/10.3389/fsoc.2018.00011/full

16. Yob, F. S. C., Pek, L. S., & Ismail, M. R. (2022). Concept Modelling of Children's Socio-Emtional Regulation in the VUCA Environment. St Therea Journal of Humanities and Social Sciences, 8(1), 83-101. https://journal.stic.ac.th/index.php/sjhs/article/view/356

17. Washbrook, E., Gregg, P., & Propper, C. (2014). A decomposition analysis of the relationship between parental income and multiple child outcomes. Journal of the Royal Statistical Society Series A-Statistics in Society, 177(4), 757 782. https://academic.oup.com/jrsssa/article/177/4/757/7077918

18. Bradbury, B., Corak, M., Waldfogel, J., & Washbrook, E. (2015). Too Many Children Left Behind. Russell Sage Foundation.

19.Kollmeyer, C. Family structure, female employment, and national income inequality: A cross-national study of 16 Western countries / LIS Working Paper Series. No. 579. 2012. Luxembourg: Luxembourg Income Study (LIS). 23 p. https://www.lisdatacenter.org/wps/liswps/579.pdf

20. Ростовская, Т.К., Хасбулатова, О.А., Смирнова, И.Н. Одинокие матери в российском обществе: штрихи к социальному портрету//Женщина в российском обществе. № 1. С. 32–42. DOI: https://doi.org/10.21064/ WinRS.2023.1.3.

21. Ростовская Т.К., Хасбулатова О.А., Смирнова И.Н. Социальный портрет категории одиноких матерей в российском обществе: концептуальные подходы. Женщина в российском обществе. Социологические науки № 4. 2022. С. 15-21.

22. Смирнов, В. М., Селиванова, О. В. Неполные семьи в России: масштабы, проблемы и социальная помощь // Экономика труда. Т. 10. № 5. 2023. С. 695–714. file:///C:/Users/User/Downloads/nepolnye-semi-v-regionah-rossii-masshtaby-i-sotsialno-ekonomicheskie-harakteristiki.pdf

23. Андреева, Е. М., Бычков, Д. Г., Феоктистова О. А. Микроэкономика социальной поддержки государством семей при рождении ребенка// Экономика труда. Т. 5. № 4. Октябрь-декабрь. 2018. С. 1359-1374 https://1economic.ru/lib/39482

24. Гришина, Е. Е., Цацура, Е. А. Адресные выплаты на детей 3-7 и 8-17 лет: доступность, результативность и уроки для единого пособия// Народонаселение. Т. 26. № 3. 2023. С. 77-92.

25. Cleuzio, J., McBrien, J. (2020) Marriage quandaries in Central Asia // Oriente Modero. №100. 2020. P. 121–146. DOI: https://doi.org/10.1163/22138617-12340246).

26. Agadjanian, V, Dommaraju, P., Nedoluzhko, L. Economic fortunes, ethnic divides, and marriage and fertility in Central Asia: Kazakhstan and Kyrgyzstan compared // Journal of Population Research. № 30. 2013. P. 197–211. https://dr.ntu.edu.sg/server/api/core/bitstreams/2a5b61db-8ee4-4f3b-9e34-9b54625534b4/content

27. Турысбекова Г.Г. Теоретических проблемы правового регулирования института материнства в Республике Казахстан: дисс.доктора PhD: 6D030100.–Алматы, 2016.–152с.

28. Шаукенова З.К., Соловьева Г.Г., Бурова Е.Е. Отбасы – Қазақстан қоғамы тұрақтылығының факторы/З.К.Шәукенованың жалпы редакциясымен. Институт семьи как фактор стабильности казахстанского общества/Под общ. ред. З.К.Шаукеновой. – Алматы: ҚР БҒМ Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 222

29. Жаназарова З.Ж. Семья в современном Казахстане: состояние и перспективы развития // Сборник материалов VI Конгресса социологов Казахстана. – Астана. – 2018. - С.216-223.

30.Шабденова А.Б. Социально-экономический статус монородительских семей крупного города (на примере г.Алматы). Диссертация на соискание доктора философии (PhD). Алматы, 2020,- 139 стр.

31. Гусев М.А. Институт отцовства в Республике Казахстан: проблемы правового обеспечения. Диссертация на соискание степени доктор философии PhD. Алматы, 2020. - 146 с.

32. «Қазақстан отбасылары-2024» ұлттық баяндамасы / О.Т.Бейсенбаев, О.В.Николаева, А.Т.Дюсенова, О.Ж.Төремұрат, А.Б.Иманқұл, А.Б.Куанышбаева, Г.Т.Илеуова, А.З.Сагынбаева, А.Н.Родионов, С.А.Калиева, А.Д.Макатова, Б.К.Ермекбаева. – Астана қ.: Indesign studio, 2024. – 360 б

33. Мемлекет Басшысы Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2022 жылғы 1 қыркүйек. Электрондық ресурс. Қол жеткізу режимі: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416

34. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659

35. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі. 2024 жылғы 15 наурыз https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727

36. «Progress of the World's: Families in a Changing World», https://www.unwomen.org/sites/default/files/Headquarters/Attachments/Sections/Library/Publications/2019/Progress-of-the-worlds-women-2019-2020-ru.pdf

37. Дюсенгулова Р. Сколько в Казахстане одиноких матерей и отцов. 27 нобяря 2023г. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/skolko-v-kazahstane-odinokih-materey-i-ottsov-517902/

38. Қазақстан Республикасында 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №384 Жарлығы. Электрондық ресурс. Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000384

39. «Қазақстандық отбасылар-2019» Ұлттық баяндамасы. Авторлар: Өскембаева М.Ә., Бурова Е.Е., Резвушкина Т.А., Әлжанова А.К., Соловьева Г.Г., Сәлімбаев Е.Х. «Қазақстанның тең құқық пен тең мүмкіндік институты» Қоғамдық Қоры. – 252 б.

40. Еремеева А.И. Социальные представления современных женщин об одиноком материнстве. Диссертация на соискание ученой степени кандидата психологических наук. Москва – 2016. – 173 стр.

